

**ЖАНБОЛАТ
БАШАР**



АР МЕН ЗАР

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84 (5 Каз)

Б 30

Жанболат Башар.

Б 30 «АР МЕН ЗАР». Роман. – Алматы, 2024. – 296 б.

ISBN 978-601-7365-63-9

Жазушының оқырман назарына ұсынып отырған бұл кітабына автордың соңғы жылдары жазған «Ар мен Зар» атты жаңа туындысы еніп отыр. Мұнда кешегі кеңестік заманның көріністері, еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі өмір құбылыстары, ұлттық құндылықтар, адамдар арасындағы қилы-қилы шиеленіске толы тартыстар, адам мінезі шынайы суреттеледі.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ISBN 978-601-7365-63-9

© Башар Ж., 2024

«Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды».

Әлихан Бөкейханов.

Ар жазасы – бар жазадан ауыр жаза.

Мұхтар Әуезов.

КІРІСПЕ

Өткен жылдың басында бір қызық қолжазба қолыма түсті. Әуелі маржандай боп төгілген жазуларға қызыға қарап, дәптерлерді асықпай парақтап шықтым. Одан соң «Бұл не нәрсе екен?» деп әлгі жазбаларға тағы да үңілдім, үңілген сайын белгісіз қолжазба қызықтырып өзіне тарта берді. «Ар мен Зар» деген тақырыбы да әлдебір жұмбақ сырды жасырып тұрғандай-тын. Соны білгенше асығып, таңертеңнен қас қарайғанша бас алмай қолжазбаны оқып шығып, ойға қалдым. Көз алдымнан жөңкіліп тұтас өмір көші өткендей болды.

Бұл жазбалар туған тіліміздің жанашыры болған Әлібек Әлімұлы деген азаматтың жан сыры, керек десеңіз жанайқайы секілді көрінді маған. Туған тіліміз бен дәстүр салтымыздан ажырай бастағанымыз, өз қандастарымыздың қағынан жеріген құландай ана тілін мансұқ етуі, шенділерді жайлаған рухани жұтаңдық, әділетсіздік пен жемқорлық, қоршаған ортаға деген қатыгездік, соның бәрі жаныңды шабақтап маза бермейді. Әлібектің жазбаларында өмірдің өзі еш боямсыз сөйлеп тұрғандай әсер қалдырады. Бірде езуіңе ащы күлкі үйіреді, енді бірде

жаныңды мұңға бөлейді. Ол аз десең қолжазбаны оқып отырып «Осы біз тәуелсіздігімізді бағалай аламыз ба?» деген өзекті өртейтін сұрапыл сұраққа кезігесің. Соны сезген сайын, түйсінген сайын жаның шырқырап күйзеледі. Еңсенді мұң басады.

Сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамда «Баяғы қызыл империядан бері жалғасып, күні бүгінге дейін бізден қалмай келе жатқан әміршіл жүйенің етімізден өтіп, сүйегімізге сіңген теріс дағдысы бар ма?» деп қауіптенесің. Жалпы біз шенге табынудан, шенқұмарлықтан, жағымпаздықтан қалай арыламыз? Қолжазбаны оқып болған соң осындай сұрақтарға аласұрып жауап іздейсің.

Ақыры ойлана келе бұл жазбаны оқырман назарына ұсынып, сіздермен ой бөлісуді жөн көрдім.

Жанболат Башарұлы



БІРІНШІ БӨЛІМ

ТІЛДІҢ ЗАРЫ

I тарау

БҰЛҚЫНЫС

БҮГІНДЕ:

Құм қаланың тағы бір таңы атты. Алыс көкжиектен шашыраған таң шуағы биік үйлердің дидарын аймалап, тағы бір жаңа күннің келгенін әйгілеп тұрғандай.

* * *

Күн көтерілген сайын шілденің аптабы күшіне еніп, жер дүниені қуыра түскен. Далаға шығудың өзі мұң, ыстық жалын бет шарпып, қойны-қонышынды тіміскілеп күйдіре жөнеледі. Жарықтық, ала жаздай аспаннан тамшы тамбағаннан болар, кара жердің ерні кезеріп, кенезесі кеуіп, шөл қысып тұр.

Осынау күн күйдірген құмды өлкенің белінде сағым тербеген шағын шәрға бара қалсаңыз, көзіңіз, ең әуелі, төбесі көкке шаншылған телемұнараға түсер еді. Сол биік мұнараның дәл іргесіне қаланың медиа орталығы орын тепкен. Сыртынан томаға-тұйық көрінген, қызыл қыштан өрілген ең-

селі үй осы өлкенің «көзі, құлағы, һәм тілі» дерсің. Сол арадан өрбіген жер-жаһанның хабар-ошары құм қаланы кезіп, көшеден көшеге, үйден үйге тарап жатады.

Төңірегін биік-биік тал-теректер көмкерген осынау еңселі қызыл үйдің екінші қабатында терезесі теріскейге қараған шағын кабинет бар. Әйнегінен өмірі күн сәулесі түспейтін осы бір күңгірттеу бөлме Мақан Мақсатұлының жұмыс орнына айналғалы талай жылдардың белі болған.

Мақан дегеніміз аласа бойлы томашадай қағылез адам. Жұмысқа ол елпендеп елден бұрын келеді, өзінің жүрісі де қызық, кейде өкпелеген бала құсап, басы салбырап сүйретіліп бара жатады. Енді бірде қаздаң-қаздаң басып қасқая тартқанда «шапқан атқа» жеткізбейді. Жұмыстан елдің соңын ала қайтатын да осы Мақан, ертеден кешке дейін шұқшиып қағаз «кеміреді». Жазу-сызуы бітсе қолына іліккен газет-журналды жаңа көргендей жабысып, аударып-төңкеріп, қадала сүзіп шығатын қадеті.

Қазіргі сәтте де терезеге қиғаштай қойылған көнетоз үстел басында отырған Мақан қолындағы «Правда» газетінің туырлықтай бетін судырлата ашып, әлденеге сүзіле, тесіле қарайды. Бірдеңені жоғалтып, соны таппай отырған сыңайлы. Ара-тұра әжімді жүзін бұрып қолсағатына шұқшияды. Осы кезде кабинетіне кірген қараторы жігіт:

– Мақа, жұмыс аяғы болып қалды, бір-екі партия шахмат ойнауға қалайсыз?

– Ә, сенбісің, Әлібек! Кел, кел, – деді ол қалың көзәйнегінің үстінен сүзе қарап, артынша қолындағы дудыраған газетті бүктеп-бүктеп үстелдің шеті-

не ысырып, «ойнасақ ойнайық» дегендей ыңғай танытты. Сонсоң әдеттегідей:

– Бір-екі матты арқалатып жіберсем, жұмыстан соң көңіл күйің бабына келетін болар, ә?! – деп қарқылдап күліп алды.

– Әрине, сөз бар ма. «Ағадан тәбәрік болсын» деп бергеніңізді қанағат тұтып ала береміз, – деді Әлімұлы да сөзден қапсау қалмай әзілге әзілмен жауап қайырып.

– Әзілің жақсы екен, әлгі хабарды не істедің? Дайын ба? Бүрсігүні эфирге баратынын білемісің? – деді шахмат тастарын сарт-сұрт еткізіп шаршы тақтаға тігіп жатқан Мақан Мақсатұлы өзінің бастық екенін ескерткендей, жылдам-жылдам сөйлеп, Әлібекке көзәйнегінің үстінен сынай қарап.

– Мақа, ол машинкада жатыр, қыздар жұмыс соңына дейін теріп береді, үйге алып кетіп, үстінен көріп шыққан соң ертең қолыңызға тигізем.

– Ым...м, оның дұрыс екен. Оныңнан бірдеңе шықса... Әй, қайдам? Дегенмен байқа, хабарыңды директордың өзі көреді, ұнамай қалса не болатынын білесің ғой? – деді екі көзін шахмат тақтасынан алмаған қалпы, сөзін үзіп-созып Әлібекке жайсыз әңгіменің шетін шығарды. Әдейі айтып отыр деуге келмейді, өйткені бұл кісі ішіне қулық сақтайтын жан емес, ойындағысын бүкпесіз ақтара салатын адам. Қазір де солай, алғаусыз ішіндегісін айтып отыр. Соны сезген Әлібек:

– Білуін білем ғой. Менің түсінбей тұрғаным, сіз неден қауіптенесіз?

– Неден қауіптенбеймін, сөзге айналдырып жетіп кетейін деп тұрсың, сол ғой көздегенің, – деп қарқылдап күліп алды.

– Мақа, өтініш, бір минут антракт жасайықшы, шынымен, айтыңызшы қандай қауіп бар? – деп мазасызданған Әлібек Мақанға жалына қарады. Ол болса көзәйнегінің үстінен күреңіткен көзі жылтырап, айтайын ба, айтпайын ба дегендей:

– Сен көтергелі отырған «ұлттық балабақша» мәселесі, менің жадым жаңылмаса, бұрын айтылмаған тың тақырып, мен соған алаңдаймын. Бастығың бұл мәселені қалай қабылдар екен?

– Е, солай деңіз. Бірақ бұл көптің тілегі, елдің жанайқайы ғой, Мақан аға, оған неге алаңдаймыз?

– Енді ертең көресің оны, тек сабыр сақта, бірден арандап қалма. Түсіндің бе?

– Түсіндім, түсінгенде қандай.

– Ал, түсінсең, жүр енді. Немене, алғашқы жүрістен ақша тіккендей бүгежектеп... Қорықпа! Дұрыс. Оң қанаттан шабуылдамақсың ғой. Ым...м, көреміз қазір әуселенді, – деп «атпен» аттап өтіп алға шықты.

Мақан шахмат ойнаған кезде өстіп әудемге дейін қарсыласын сөзбен түйреп, тіпті мұқатып, ықтырып отыратын әдеті. Оның бұл мінезіне мұндағы әріптестері әуелден сыралғы. Мақан ойыннан жеңілген кезде ғана быж-тыж болып, тіпті ызаға булығыатынын қайтерсің. Егер ол қарсыласынан екі ойын, үш ойын қатар ұтылса, абай бол, төбеңнен тас жаууы мүмкін.

Өткенде сондай оқиға болды. Жұмыс күнінің соңы болатын, Әлібек Мақанның кабинетіне бас сұқты, ойы шалмен бір-екі партия шахмат ойнамақ, сөйтсе кабинетте ешкім жоқ.

«Ей, бұлар қайда кеткен?!» деп кабинеттің ішіне көз жүгірткені сол еді, үлкен қызыл үстелдің астынан біреудің бөксесі қылтындап көрінді.

– Не істеп жүрсіңдер? – деп Әлібек үстелдің астына үңілді, сөйтсе өзіміздің Тәңірберген Таукин.

– Не болды, Тәке? Үстелдің астына кіріп жазатын болғансың ба? – деп әзілдеген.

– Қызыл үстелдің астынан басын қылтитып шығарған Тәңірберген әуелі кабинеттің ішіне қарап бөтен ешкімнің жоғына көзі жеткен соң:

– Әлгі сенің жынды ағаң, шахмат ойнап менен екі рет ұтылды, соған тұлан тұтып, шахмат тастарын ту-талақай шашып жіберді. Енді көрдің бе, соны жинап әуремін.

– Сонсоң не болды?

– Не болушы еді, есікті бір теуіп ашып, гүрс еткізіп жапты да безіп кетті, қайда кеткенін?

– Ой, Тәке! Сіз де бала сияқтысыз, шалды жеңіп неңіз бар, мен де анда-санда екі партия ойнаймын; біреуін ол жеңеді, біреуін мен жеңемін, «құда да тыныш, құдағи да тыныш».

– Ей, соны жеңейін деген ойым жоқ. Өзі ғой, неше түрліні айтып, жыныңа тиеді.

– Ашуынды қоздыратындай не деді сонда? – деп Әлібек те тақымдап қоятын емес.

– Өй, қойшы соны: «Мені кім деп жүрсің, көкенді танытайын ба?» деп күшенеді, тағы не дейді, Құдай-ау, е: – «күйеубаламын деп, тіпті дандайсып кеттің ғой», – дейді.

– Ой, Тәкесі-ау! Сіз де болымсыз нәрсеге ашуланып, шалдың шамына тиіп, шахматтан бекер жеңгенсіз. Күйеубала екеніңіз өтірік емес, сіздің үйдегі

жеңгей біздің елдің қызы, Мақан соны ойнаған болып әдейі айтқан. «Шаңыраққа қара» дегені ғой. Шаңыраққа қарау керек еді.

– Қойшы-ей, сен де төндіре бермей, – деп Тәңірберген толыса бастаған денесімен үстелдің астынан эзер шығып, ысылдап-пысылдап орнына отырды. Мұрнының үсті тершіп, өңі қызара бөрткен ол сәлден соң, басын шайқап:

– Әй, өзі бар ғой, шынымен қиқар екен, – деді біреу естіп қоймасын дегендей сыбырлай сөйлеп. Соны айтып аузын жиып алғанша кабинетке Мақанның өзі сарт етіп кіріп келді. Өңі салқын, мына екеуін көзге ілетін емес. Әлібек ештеңе білмегенсіп Тәңірбергенге:

– Кел, Тәке, бір партия шахмат ойнайық, – деді. Ол болса:

– Жоқ! – деді жұлып алғандай. – «Есің барда елің тап!» деген, – деп асығыс-үсігіс кабинеттен шыға жөнелді. Шалдың ашуының басылмағанын сезген Әлібек те үн-түнсіз оның соңынан қалмай томпаңдап еріп бара жатты.

Соны білетін мұндағы азаматтар Мақанмен шахмат ойнағанда бір жеңіліп, бір жеңіп, шалдың шамына тимей, қабағын бағып отыратын. «Шал» дегенде Мақан аса кетеуі кетпеген, елуге енді іліккен қағылез адам. Жасынан жетімдік көріп өскеннен болар, бет-жүзін терең әжімдер айғыздап тастаған жүдеубас. Қазіргі сәтте де Әлімұлын тықсырып, сөзбен түйреп: «Ә, бәлем, көрсетейін саған!» деп күшейіп отырды. Шаршы тактадағы шарпысқан ойын ортадан ауғанда Мақанның жағдайы күрт

қиындап, фигураларының қатары селдіреп, бір сәт шабуылдан көз ашпай қалды.

Ойын Әлімұлының жеңісімен аяқталған кезде:

– Атың ереуілдеп өрге шауып тұр екен, кел тағы бір партия ойнайық! – деді де шахмат тастарын сартылдатып қайта тікті.

– Ойнасақ ойнайық, – деп Әлімұлы да қарсыласының ыңғайына көне берді. Бұл жолғы ойында Мақан Әлібекті бірден қырына алып, аттың көмегіне сүйеніп, ақ пілмен қиғаштай шабуылға шықты. Ақ пілдің артынан айбар шаша көрінген ферз ақ жақтың шабуылын тіпті күшейтіп жібергендей.

– Ә, бәлем, солай ма?! Кім деп жүрсің мені?! – деп кіжіне сөйлеген Мақан Мақсатұлы әдеттегідей жеңе бастаса, қарсыласының қытығына тиетін дағдысына көшкен. Ойын осылай ширығып, шиеленісіп, біразға дейін екеуі бір-біріне алдырмай, ақыр соңында Мақанның жеңісімен аяқталды.

– Осы тойғаныңмен қайқай енді! – деді ол шахмат тақтасын жинап жатып.

– Еште етпес, бірде-бір ғой, – деді Әлібек те тек тұрмай.

– Ә, бірінші ойында мен ойымды жинай алмай мүлт кеттім және сен сөзге алдандырып жібердің, қайдағы бір бақшаны айтып, болмаса есе берем бе?! – деп тең ойын дегенді мойындағысы жоқ.

Келесі күні Әлімұлы жаңа хабарын эфирге дайындап жатқан. Осыған дейін «Қос тіл – қос канатың» деген айдармен әлденеше рет тележурналдары жарық көрген-ді. Бұл жолғы хабар ұлттық балабақша туралы болды. «Жүз мыңнан аса тұрғыны бар қалада бірде-бір ұлттық балабақша жоқ,

тіпті болмаған. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін бүлдіршіндерге қазақ тілінде тәрбие беретін балабақша керек. Оған барлық мүмкіндік бар, тек құзырлы орындардың ықыласы қажет». Жиырма минуттық хабардың бар айтар тұмардай түйіні осы еді.

Әдетте эфир алдындағы дайындықтан соң хабардың жалпы барысын пысықтау үшін шығармашылық топ директордың кабинетіне жиналатын. Бұл жолы да солай болуға тиіс-тін, бірақ Әлімұлы суретшілердің шеберханасына кіріп, дайындық кезінде қолданылған фотосуреттердің реті мен ауысып кеткен мәтіндерді түзетіп, бөгеліп қалғаны. Осы кезде екінші қабатта отыратын үлкен бастықтың өзі мұны іздеп келіп:

– Әлібек, сен осы жасаған дүниені, айтқан сөзіңе өзің сенесің бе? – деді күміс жиекті көзәйнегін шешіп, бұған салқын қараған директор.

Әлібекте үн жоқ, кешегі Мақан Мақсатұлының «Сабыр сақта, арандап қалма» деп қадап-қадап ескерткені ойына түсіп, «бірдеме десем бастықтың қытығына тиіп, хабарды эфирден алып тастар ма?» деп үндемей құтылуды жөн көрген.

– Болмайтын, өнбейтін бірдеңені тауып аласың. Қазақша балабақша ашты дейік, сонда ол қалай болады? Тәрбиешілер немен жұмыс жасайды? Біле білсең, олар да белгілі бір әдістемелік құралға сүйенеді. Ал ондай құралдың қазақшасын емге таппайсың. Сонда олар қайтіп жұмыс жасамақ, а? Өнбейтін істі сөз қыласың! Жарайды, қазақша балабақша ашылды дейік, ертең олар қайда барады? Қалай өмір сүреді!? Оқудың бәрі орысша, аяқ

бассаң орысша. Нан тауып жей алмайды ғой. Өзің ойласаңшы, қарағым-ау, қазақшамен қай ұшпаққа шығасың?! – деп сөйлеп-сөйлеп кетіп қалды.

Әлібектің де айтары бар еді, тұралап қалған туған тілдің зарын жеткізер еді. Дәл қазір директор Өзтемір Темірболатовқа бірдеңені дәлелдеудің, сөз таластырудың тіпті де қажеті жоқ-тын. Бастығын ерегістіріп алса хабарды эфирден алып тастауы бек мүмкін. Десе де бұл кісінің ар жағы қазақшаға «кет әрі» болмады. Үзілді-кесілді қарсы болса кабинетіне шақырып алып «Мұның болмайды» деп хабарды сызып тастар еді. «Қалай дегенмен жолым болды» деді ол ішінен. Осы хабарды тосып отырған ата-аналар мен тәрбиешілер бар. «Егер хабар шықпай қалса, соларға өтірікші болам-ау» деп қипақтаған Әлібек іштен тынып, үндемей құтылды.

Сонымен Әлібек Әлімұлының ұлттық балабақша ашу жөніндегі хабары әуірімдеп эфирге жол тартты. Зәу қаланың зердесіне ұлттық балабақша деген сөз әуелі сіңбей, кілкіп тұрып қалғандай. Әйтсе де, хабар барысында шаһарға белгілі азаматтар мен қарапайым ата-аналар: «Ұлттық балабақша ашудың қажет екенін, бұлай жалғаса берсе бізден кейінгі ұрпақтың ана тілінен мүлде ажырап қалуы мүмкін, мүмкін емес-ау, бүгіннің өзінде қазақша білмейтін жастар өте көп, әсіресе қалалы жердің балалары. Сондықтан тілімізді сақтайық, тіл тағдыры – ел тағдыры» деген пайымдарын бүкпесіз алға тартып, көптің көңіліне үміт сыйлаған еді.

Содан бастап желпініп алған жұрт «ұлттық балабақша ашылады екен» десіп, өздерінше тон піш-

кен. Бірақ қалыптасып отырған жағдай мүлде бұлар ойлағандай емес-ті.

Қалалық партия комитеті мен қалалық атқару комитетінде отырған мүйізі қарағайдай ағалардың мұндай мәселеге бас қатырғысы жоқ. «Қайдағы бір «отбасы, ошақ қасының» тілі үшін жүрсе сол өнбейтін іспен алысып» артық-кемі жоқ олардың ойы осы» дейді Әлібек Әлімұлы. Онысы дұрыс та болуы ықтимал, себебі қазақ тілінің кетеуі кетіп тұрғаны адамға да, Құдайға да құпия емес-ті. Осы теле-радио орталығында қызмет істеген бес-алты жыл ішінде Әлібек үнемі қазақ тіліндегі хабарға қазақша сөйлейтін адам таппай қиналатын. Қайсыбіреулер, әсіресе қызметтің құлағында жүрген азаматтар мен өндірістегі басшылар қазақша хабарға шақырсаң үркіп, ат-тонын ала қашады. Өз тілінде сөйлеуден ұялатындар да, мұрын шүйіретіндер де бар. Мұндай кезде оның көкірегі сыздап, тіпті ызаға булығар еді. «Неге бұлай болды?» деген жауапсыз сұраққа ұрынатын.

Сол бір қарбалас күндері ол жұмыс бабымен Құм қаланың құрылыс басқармасына барды. «Бес жылдық белесі» деген құрылысшылар туралы жарты сағаттық хабары бар-тын, соған қазақша сөйлейтін адам іздеп, үлкен кәсіпорынның партия ұйымының хатшысына келді. Партком хатшысы Егор Иванович деген азамат журналистің өтініші бойынша бірден оқу өндірістік кешенінің директоры Әкімқожа Құндақбаевқа телефон соғып, оны өзіне шақырды.

Сәлден соң ұрты мен ерні салбыраған жалпақ бет, бадыраң көз, аласа бойлы төртбақ қара сұр кісі

кабинетке кіріп келе жатты. Әлібектің Әкімқожа туралы бұрын естігені болмаса бетпе-бет жүздеспеген адамы. Жүріс-тұрысында тәкаппарлық, менмендік байқалады. Осы кісінің бір жақын туысы жоғарғы жақта аса жауапты қызметте дейтін білетіндер. Бұл кісі, шамасы соны арқалана ма, әлде өзінің «Құдай атқан» мінезі осындай ма, әйтеуір анау-мынауға иліге бермейтін өр кеуде қыңыр адам.

Шілденің ыстығында салқын кабинеттен шыққан Әкімқожа:

– Иә, қандай мәселе қарағалы жатырмыз? – деп керги сөйлеп, тізе бүкпестен парткомның ұзын кабинетінде ерсілі-қарсылы жүріп:

– Күн де күйіп тұр, – деді.

– Әкімқожа Кундакбаевич, отырыңыз аяққа дамыл жоқ, отырып сөйлесейік, – деді Егор Иванович кішпейілдік танытып. Ол болса парткомның сөзін елейтін емес, «неге шақырдыңыз?» деді екі қолы қалтада, теңселген қалпы жүре сөйлеп. Егор Иванович оның тізе бүкпесін білген соң:

– Мына кісі жергілікті телестудиядан келіп отыр, – деп Әлібектің өтінішін айтып: – Сіз алдағы хабарға қатысыңыз, бізде жақсы жетістіктер бар, өзіңіз білесіз. Тұрғын үй салу жоспары артығымен орындалды, жалпы қай саланы алсақ та көрсеткіштер жоғары, сол туралы айтсаңыз.

Жауап беруге асықпаған Әкімқожа екі қолын қалтасынан алмаған қалпы:

– Неге мен сөйлеуім керек? – деді Егор Ивановичке бұрылып, сөйлегенде барқыраған даусы салбыраған еріндерінің арасынан эзер-эзер қиналып шығатындай.

– Қазақша сөйлейтін басқа ешкім жоқ, – деді хатшы.
– Онда өзіңіз сөйлеңіз, – деді даусы ысылдап, әрі-бері теңселіп жүрген Әкімқожа.

– Әкімқожа Қундакбаевич, қуана-қуана сөйлер едім, әттең қазақша білмеймін ғой, – деді Егор Иванович ағынан жарылғандай болып.

– А-а-а, білу керек еді! Білу керек еді! Сіз партком хатшысысыз. Сізге оны білу керек, – деп басын шайқап, даусын құбылта сөйлеген ол кабинеттен шығып бара жатты.

– Әкімқожа Қундакбаевич, кешіріңіз, қайда барасыз? Әкімқожа Қундакбаевич! – деп Егор Иванович оның соңынан қанша айғайласа да, арқардың құлжасы құсап қайыру бермей қайқандап кетіп бара жатты ол.

Егор Иванович басын шайқап, «өзіңнің қазағың, қазақша сөйлегісі келмейді, мен не істеймін» дегендей екі алақанын жайып, дәрменсіздік танытты. Әлібектің жігері құм болып партком хатшысының алдынан салы суға кетіп шықты. Бір жағынан ана Әкімқожаның қылығына қайран қалды: «Не деген қыңыр адам?!» деп. Әйтсе де ол сол мінезімен партком хатшысына: «Сізге қазақша білу керек еді, неге үйренбедіңіз?» деп қыр көрсетіп бара жатқандай. Осы кісі туралы ертеректе естіген бір әңгіме Әлібектің ойына орала берді:

...Бірде Әкімқожа мен Тыныс Мәлінулы Алматы әуежайында да кездесіп қалыпты. Біреуі самолеттен түсіп, екіншісі Қарағандыға ұшайын деп тұрса керек. Екеуден-екеу елден алыс қалада кездесіп, қол алысып амандасып тұрып Әкімқожа Тыныс Мәлінулына:

– Қазақша сөйлейтін басқа ешкім жоқ, – деді хатшы.
– Онда өзіңіз сөйлеңіз, – деді даусы ысылдап, әрі-бері теңселіп жүрген Әкімқожа.

– Әкімқожа Кундакбаевич, қуана-қуана сөйлер едім, әттең қазақша білмеймін ғой, – деді Егор Иванович ағынан жарылғандай болып.

– А-а-а, білу керек еді! Білу керек еді! Сіз партком хатшысысыз. Сізге оны білу керек, – деп басын шайқап, даусын құбылта сөйлеген ол кабинеттен шығып бара жатты.

– Әкімқожа Кундакбаевич, кешіріңіз, қайда барасыз? Әкімқожа Кундакбаевич! – деп Егор Иванович оның соңынан қанша айғайласа да, арқардың құлжасы құсап қайыру бермей қайқандап кетіп бара жатты ол.

Егор Иванович басын шайқап, «өзіңнің қазағың, қазақша сөйлегісі келмейді, мен не істеймін» дегендей екі алақанын жайып, дәрменсіздік танытты. Әлібектің жігері құм болып партком хатшысының алдынан салы суға кетіп шықты. Бір жағынан ана Әкімқожаның қылығына қайран қалды: «Не деген қыңыр адам?!» деп. Әйтсе де ол сол мінезімен партком хатшысына: «Сізге қазақша білу керек еді, неге үйренбедіңіз?» деп қыр көрсетіп бара жатқандай. Осы кісі туралы ертеректе естіген бір әңгіме Әлібектің ойына орала берді:

...Бірде Әкімқожа мен Тыныс Мәлінұлы Алматы әуежайында да кездесіп қалыпты. Біреуі самолеттен түсіп, екіншісі Қарағандыға ұшайын деп тұрса керек. Екеуден-екеу елден алыс қалада кездесіп, қол алысып амандасып тұрып Әкімқожа Тыныс Мәлінұлына:

«Министрдің артына кіремін деп жейденнің жағасын былғап алыпсың ғой» депті даусын әдеттегідей құбылтып, салбыраған ебдейсіз еріндерін жоғары-төмен қозғап, Тыныс Мәлінұлының қытығына тиіп, кекете сөйлеген ғой.

Мәлінұлының да бір басына «жыны» жететін адам еді, қолма-қол: «Менің жейдемнің жағасы сенің сиырдың сарпайындай болған аузыңнан таза» деп жүріп кетіпті. Көзден от шығаратын осындай сөзден кейін екі қошқардың басы қайдан біріксін, екеуі екі жаққа кетеді. «Ақыл айтатын, жол бастайтын ағаларымыздың сыйқы мынадай болғанда, біз қандай боламыз?» деп Әлібек соған іштей кеюде.

Сондай күндердің бірінде Республикалық газеттердің кезекті санын ақтарып отырған Әлібек «Ана тілі» қоғамдық ұйымының Жарғысының Жобасы» деген материалға көзі түсті. Көктен іздегені жерден табылғандай әлгі Жарғыны жатып-тұрып оқысын. Оқып-оқып: «Қазақ тілінің зары жаратқанның құлағына шалынған-ау, шамасы! Осындай қоғамдық ұйым құрсақ» деген ойға орала берді ол. Жақсылықтың нышанындай көрінген қоғамдық ұйымның Жарғысы оның ой-санасын баурап алған-тын.

Жылан жылы. Жаздың ыстығы қайта бастаған кез.

«Ана тілі» қоғамының Жарғысын оқығаннан бері ойы сан-саққа жүгірген Әлібек әуелі студияның бастығына жолығып, өзінің ой-пікірімен бөліспек болды. Бірақ ол кісі мұны қолдай ма? Әлібекті мазалаған да сол-тын.

Дегенмен Өзтемір Темірболатов турашыл, түсінігі мол, әділ адам болатын, әрі әдебиетке, оның

ішінде орыс әдебиетіне жетік еді. Олай дейтін себебі Өзтемір Темірболатовтың аузынан Әлібек еш уақытта: «Абай былай деген еді» немесе «Мұхтар Әуезов айтқан екен» деген сөзді тіпті естімеген. Керісінше, апталық лездемелерде, іргелі жиындарда ол кісі сөз арасында «Лермонтовта немесе Пушкинде бар еді ғой мынадай жолдар» деп акын өлеңдерінен біре-екі жолын жатқа айтып жіберетін. Көбінесе мына бір сөзді жиі айтатын: «Бірде Есенин оқырмандармен кездесіп өлең оқып тұрғанда топтың ішінен біреу: «Сережа, Ресей туралы өлең оқышы» депті. Сонда Есенин айтқан екен: «Осы оқып тұрған өлеңнің бәрі Ресей туралы» деп. Осы тақылеттес сөздерді ол ерекше жігермен, шабыттанып айтатын. Әрине, айтсын, оған талас жоқ, алайда сол Пушкин мен Лермонтовты алыста жатқан қазақ даласына алып келген қазақтың ұлы ақыны Абай еді ғой, ақыр айтқан соң соны неге айтпасқа, деп Әлібек оған да қарадай қапа.

Осы жайларды ойлаған ол «Қазақ тіліне Өзтемір ағаның бүйрегі бұрыла қояр ма?» деп алғашқы пікірінен тайқып жүрді. Уақыт болса өтіп жатыр, қалайда бір әрекетке бару керек деп ой түйген Әлібек аптаның басында не де болса нартәуекел деп, Өзтемір Темірболатовтың есігін қақты.

Мекеме басшысы мерзімдік басылымдарды қарап отыр екен, басын көтеріп «не мәселе» дегендей бұған сұраулы жүзін бұрған. Жұмсақ орындыққа жайғасқан Әлібек әуелі келген шаруасының жай-жапсарын асықпай баяндап, газетте жарық көрген қоғамдық ұйым Жарғысының жобасын директордың қолына ұстатты. Кабинеттің ішін біразға дейін

үнсiздiк басты. Жарғыны асықпай оқып шыққан Өзтемір Темірболатов: «Мұнда жап-жақсы жазылған екен, ә!» – деді өңі жылынып. «Енді не істемек ойың бар?» – деп мол денесін Әлібекке бұрған.

– Осындай қоғамдық ұйым кұрсақ деген ойға тоқталып отырмын. Егер сiздiң тарапыңыздан қолдау болса, рұқсат етсеңіз, осы студияға жиналсақ. Әуелі қалалық ұйым кұру жөнiндегi ынталы топтың кұрамын сайласақ, – деді Әлібек.

Өзтемір Темірболатов ақ бурыл тарта бастаған шашын саусақтарымен артына қарай тарақтап, сәл үнсiздiктен соң:

– Оған кiмдер қатысады? Шақыратын адамдарың бар ма?

– Ынталы топқа мына адамдар мүше болса, – деп қолындағы жұқа папкадан бір жапырақ қағазды бастығының алдына қойды.

Өзтемір тағы да қағазға үңiлдi. Ішiнен ойлап отыр «Осы жiгiттiң пайымы дұрыс, шынында да қазақ тiлi қолданыстан шығып қалды ғой. Енді осындай жастар тiлге жанашыр болмаса...» деп Әлібек берген тiзiмдi оқып шықты.

Тiзiмнiң шекесiне әуелi Өзтемір Темірболатов деп өзiн жазған екен, одан әрi: Тыныс Мәлiнұлы, Әкiмқожа Құндақбайұлы, Айнабек Жөкеұлы, Жақан Жоламанов, сонымен қоса Мақан Мақсатұлы бастаған бiрнеше әрiптестерiн тiзiптi.

– Мұның дұрыс екен. Мына Тыныс Мәлiнұлы дегенiң келе қояр ма? Мұндайға араласпайтын адам ғой, әрi жұмысбасты.

– Келсе келер, келмесе өкпе жоқ, бiздiкi айту парыз.

– Оның да дұрыс, – деді Өзтемір сәл ойланып отырып, «ынталы топты» құрғаннан соң әрі қарай не істейсіңдер?

– Мына азаматтардың бәрі бір-бір мекемені тізгіндеп отыр, осы кісілер құрылтайға қатысатын адамдарды ұйымдастырса. Құрылтайдың күн тәртібін бекітеміз, онда үш мәселе қаралады. Әуелі қазіргі қазақ тілінің ахуалы туралы баяндама; екінші, ұйымдық мәселе; үшіншісі, Алматыда өтетін Республикалық құрылтайға делегат сайлау. Осы сұрақтарды алдын ала пысықтауымыз қажет.

– Әлібек, бұл ойың дұрыс екен. Бірінші қабаттағы шағын залға алғашқы жиынды сонда өткізейік. Жаңағы айтқандарыңды сол күні талқылап, бәрін анықтап алған жөн. Құрылтайды қайда өткіземіз, оны да алдын ала белгілеген дұрыс.

– Оған құрылысшылар сарайы ыңғайлы, жеті жүз адам ол жерге молынан сыяды, – деп Әлібек еркін сөйлей бастаған.

– Дұрыс. Ал енді мұның төрағасы кім болады? Ол туралы не айтасың?

– Оны халық шешсін. Басқарма мүшелерінің құрамын бекіткен соң төрағаға дауыс береміз, көпшіліктің ұсынысымен сайлансын. Сол әділ болады.

– Иә, ол да жөн екен, – деп ыңылдай сөйлеген Өзтемір келіскен рай танытты.

Сол күннен бастап Әлібек ынталы топтың жиынын ұйымдастыруға қауырт кірісіп кетті. Шақыратын адамдарға көбіне телефон арқылы хабарлады, үлкендерге барып ауызба-ауыз айтып шықты.

Осыдан көп бұрын Әлібек қалатком төрағасының орынбасарына кіріп, ұлттық балабақша ашу жөнінде ұсыныс жасаған еді. Орынбасар Жанна Байчулаковна деген орыс тілді уыздай жас келіншек бұны жылы қабылдап, ұсынысын тыңдап болған соң:

– Ұлттық балабақша дейсіз ғой, білесіз бе, ол үшін ата-аналардың өтініші, яғни келісімі керек. Онсыз біреудің баласын қазақша бақшаға бере алмаймыз: «Менің баламда нелерің бар?» деген арылмас дауға қаламыз. Түсінесіз бе? Бұндай мәселеге өте мұқият болуымыз керек, – деп ақыл қосты Жанна Байчулаковна.

– Сонда ата-аналардың жазбаша өтініші болса, ашамыз дейсіз ғой, солай ма? – деді Әлібек орынбасардың көмейін білмек болып.

– Кешіріңіз, сіздің есіміңіз қалай еді? – деді орынбасар әйел.

– Әлібек Әлімұлы.

– Әлібек Әлімович, мәселе былай ғой, балабақша ашу үшін, нақтылап айтқанда, өтініштің саны жүзден асып жығылғаны жөн. Оншақты ата-ананың өтінішіне бола бақша ашылмайды, мұны білесіз ғой.

– Түсініп ортымын, Жанна Байчулаковна. Осымыздан бірдеңе шыға ма, яғни сіздерден қолдау бола ма? – деді Әлібек мәселенің басын ашып алғысы келіп.

– Әрине, қолдаймыз, алайда дәл қазір сізге кесіп-пішіп ештеңе айта алмаймын, бәрін уақыт көрсетеді, – деді ол.

Осы әңгімеден кейін үміт сәулесі жылт еткендей болған. Соған сенген Әлібек дереу ата-аналар

жазатын өтініштің үлгісін дайындап, оны бірнеше ақ қағазға бастырып алды.

Келесі күні өзінің балаларын бақшаға апарған бетте сол жердегі таныс тәрбиешілерге жолығып, бұрыннан айтып жүрген ұлттық балабақша туралы сөз қозғады.

– Табалдырығын аттағаннан бастап, қазақша сөйлейтін, қазақша тәрбие беретін ұлттық балабақша болса оның несі жаман?! Көп түкірсе көл деген. Сіздердің өтініш тілектеріңізбен мұны жүзеге асыруға болады. Ол үшін, ең әуелі, – деді ол өзі дайындап әкелген өтініштердің үлгісін тәрбиешілерге беріп: «Балаларын қазақша балабақшаға беремін» деген ата-аналардан тура осындай мәтіндегі өтініш жаздырып алу керек. Бұл қолымыздан келе ме?» – деді тәрбиешілерге көз тоқтатып.

Әлібектің бұл ұсынысын бақшада тәрбиеші болып еңбек етіп жүрген қазақтың қыз-келіншектері: «Әрине келеді» деп қуана қолдады. Арада екі аптаның жүзі болғанда өтініштердің де қарасы қалыңдап, жүзден астам ата-аналардың жазып берген өтініштері қолына тиді.

«Бұл енді көптің тілегі, қала басшылары бұған не дер екен?» деп іштей өз ісіне көңілі толған Әлібек сол күні әлгі өтініштердің тізімін жасады. Сыртқы бетіне: «Ұлттық балабақша ашу жөніндегі ата-ананың өтініштері» деген жазуы бар құжатты арнайы тіркеуден өткізіп, түнеукүнгі атқару комитеті төрағасының орынбасары Жанна Байчулаковнаға берді.

Құжаттарды қолына алып, парақтап көріп шыққан орынбасар әйел: «Дұрыс болды мұныңыз. Біз

бұның бәрін тексеріп көреміз, сонсоң төрағаның қолына тигіземіз», – деді.

– Оның несін тексересіз, бәрінің аты-жөні, мекен-тұрағы, телефондары көрсетілген, жұмыс орындарына дейін жазылған. Барлық керекті деректер бар, балалардың жасы, қай бақшаға барып жүргені.

– Оған сіз ренжімеңіз. Тексеру біздің міндет, бәрі ретімен қаралады, – деді орынбасар, Әлібектің сөзін аса жақтырмай.

Сол өтініштер су аяғы құрдымға кетіп, атқару комитетінде ұзақ жатты. Әлібек те жалықпай анда-санда әлгі орынбасарға ат басын бұруды ұмыттар емес. Ол да «жұмыс жасалып жатыр» деуден жаңылар емес. «Үмітсіз шайтан» демекші бір жақсылық болар деп Әлібек те күдер үзбеуде.

Әдеттегідей жұмыс күнінің бірі болатын. Кеңсеге келгені сол: «Түгел конференц-залға жиналындар, кездесу болады» деген хатшы қыздың хабарламасынан соң бірден жиын өтетін жерге келді Әлібек. Әріптестерімен амандасып, жиналыстарда үнемі өзі отыратын оң қапталдағы үшінші орындыққа жайғасты. Көзәйнегімен алысып Мақан Мақсатұлы келіп бұдан бір орындық жоғары отырды. Екеуінің ортасына партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Тәңірберген Тәукеұлы отыруы керек, көпшілік жиналып қалды. Күбір-күбір әңгіме. «Облыс басшыларының бірі келген екен, сонымен кездесу болады» десіп студия қызметкерлері гулеп отыр.

Сөйткенше Тәңірберген Тәукеұлы да келіп орнына жайғасты.

– Келген кім екен, білдің бе?
– Обкомның үшінші хатшысы.
– Е-е, бәсе, орыс редакциясындағы әріптестерінің күбір-сыбырының беталысы солай екен, – деді Мақан Мақсатұлы.

– Көрейік не ақыл айтар екен? – деп Мақан өзіне тән дағдымен көзәйнегін көтеріп, алақанын ысқылап, бірдеңе айтуға оқталып барып үнсіз қалған.

Студияның шағын залы. Гуілдеп отырған көпшіліктің үстіне қонақтарды бастап мекеме басшысы Өзтемір Темірболатов, оның өкшесін ала орта бойлы ақсары адам кіріп келе жатты. Облыстан келген үлкен бастықтың соңына ерген қалалық партия комитетінің үшінші хатшы Светлана Сидорова мен қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары Жанна Байчулаковна еріп келе жатты.

Қызметкерлермен амандасқан облыс басшысы конференц-залдың төріне жайғасқан соң:

– Сіздердің қалаларыңызға келген сайын, журналистермен үнемі кездесіп жүремін. Осы жолы да сіздерге әдейі бұрылдым, – деп облыс көлемінде жүріп жатқан жұмыстар туралы, әсіресе денсаулық, оқу-білім, мәдениет пен өнер, спорт салаларындағы жетістіктерге шолу жасап, біздің қаламыздың да қатардан қалмай, облыстың дамуына елеулі үлес қосып отырғанын тілге тиек етті.

Басшы сөзінің бастапқы бөлігін тыңдаған Әлібек өз ойымен өзі болып кетті. Оны мазалаған әлгі балабақша мәселесі. Соны осы арада облыс басшысының құлағына салса қалай болады?

«Дұрыс, айту керек. Көктен іздегені өзі келіп тұр. Мұндай мүмкіндікті жіберуге болмайды»

дейді кимелеген бір ой. «Қалай қабылдар екен?» дейді екінші ойы көңілге күмән үйіріп. Ақыры ұзақ сонар әңгіме түгесіліп хатшы:

– Маған қоятын сұрақтарыңыз бар ма?

– Бар, – деді Әлібек бірден қолын көтеріп.

– Айтыңыз.

– Әуелі өзін таныстырған Әлібек:

– Сізге қоятын сұрағым төмендегідей, – деп тақпақ оқығандай тықылдатып айта бастады.

– Біздің қаламызда қазақ тілінде жалғыз мектеп бар. Былтырдан бері қаланың шығыс ықшам ауданында жаңа мектептің құрылысы жүріп жатыр, болашақта сол ұлттық мектеп болып ашылса. Екінші сұрағым: шаһарымызда ұлттық балабақша деген атымен болған емес. Осыған орай сізден сұрайтыным, ұлттық балабақша ашуға ықпал етіп, келер ұрпақтың туған тілін біліп өсуіне қол ұшын берсеңіз екен, – деп көпшіліктің жанайқайын жеткізгендей болды.

– Мектеп жөніндегі бірінші сұрағыз бойынша айтарым: ол әлі салынып бітпеген құрылыс нысаны, іргетасы енді қаланып жатыр, сондақтан уақыты келгенде оны міндетті түрде қараймыз. Ал ұлттық балабақша ашу үшін ата-аналардың жазбаша өтініші болуы керек, онсыз біреудің баласын «қазақша бақшаға бер» деп айта алмайсыз. Ондай өтініштеріңіз бар ма? – деді асықпай майда сөйлейтін кісі екен.

– Бар.

– Түсінетін шығарсыз, толыққанды балабақша ашу үшін бала саны жүзден кем болмауы керек, сонған сәйкес ата-аналардың жазбаша өтініштері қа-

жет, – деді бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, жергілікті басшылардың сөзін қайталап.

– Жүз жиырма ата-ананың жазбаша өтініштері бар. Бәрінің аты-жөні, мекен-тұрағы, жұмыс орындары, баланың жас мөлшері көрсетілген.

– Ол өтініштеріңіз қайда, оған не кедергі болып тұр?

– Мына кісілер, – деді Әлібек Әлімұлы үлкен бастықтың қасында отырған екі әйелді нұсқап. Негізі ол «өтініштер мына кісілерде» деп айтқысы келген, бірақ қолымен нұсқаймын деп «мына кісілер кедергі болып тұр» дегендей сезіліп қалғаны.

Соны түсіне қойған қалалық партия комитетінің үшінші хатшысы, біз оны қазақша білмейді десек төбесі тесік екен, өңі түтігіп орнынан жұлқына ұшып тұрды. Бірақ оның сөйлеуіне облыстық партия комитетінің хатшысы рұқсат бермей, білегінен басып орнына отырғызып:

– Егер әлгі айтқандарыңыз шын болса, мен бұл мәселені шешуге көмектесемін, – деді. «Көрейік, өйтейік-бүйтейік» деген сырғытпасы жоқ, кесіп айтты.

Және сол мәселе ұзамай шешіліп, Құм қаланың тарихында бірінші рет ұлттық балабақша ашылды. Бір өкініші, жаңа балабақшаның ашылуына ақпарат құралдары шақырылмады. Мәселені көтеріп, арпалысып жүрген Әлібектің өзі ол туралы көлденең тәрбиешілердің бірінен естіп: «Құтты болсын! Қашан ашылды?! Бізге неге айтпаған?» деп қуанып та, таңырқап та тұрып қалған. Тіпті бұл туралы не ойларын білмеді ол.

II тарау

ТАЙТАЛАС

Қоңыр күздің басы болатын. Күндізгі қауырт жұмыстың сонын ала телеарнаның мәжіліс залына бірталай адамдар жинала бастады. Шағын шәрдің таныс-біліс тұрғындары кездескен бетте ортақ әңгіме өрбітіп, абыр-сабыр сөйлесіп отырғанда медиа орталықтың директоры Өзтемір Темірболатов, құрылыс монтаж басқармасының директоры Тыныс Мәлінович, оқу-өндірістік кешеннің директоры Әкімқожа Құндақбаев, үлкен оқу орнының басшысы Айнабек Жөкеұлы, тұрғын үй құрылысы комбинатының басшысы Жақан Жоламанов, телеарнаның бас редакторы Мақан Максатұлы, жорналшы Тәңірберген Таукин мен Әлібек Әлімұлы және басқа азаматтар келіп мәжіліс залының ортасында тұрған ұзын үстелге жайғасты. Солардың келуімен бір сәт тыныштық орнады. Мәжіліс залына кірген бетте бірден төрге озған Әлібек жиналғандар алдында сөз бастады:

– Қош көрдік, құрметті достар, ардақты ағалар! – деді ол сөзін ширата түсіп. – Бүгінгі кездесуіміздің күн тәртібін өздеріңіз білесіздер. Ол – туған тіліміз жайлы болмақ.

– Қазақ тілінің бүгінгі мүшкіл халі тек бізді ғана емес, мұқым қазақ жұртын алаңдатып отыр. Бұлай жалғаса берсе тіліміз күндердің күнінде күресінде қалып, қазақтың ұлт болып сақталып қалуының өзі екіталай күйге түспек. «Тіл – ұлттың жаны» деп түсінер болсақ, жанымызға ара түсетін кез келді.

Олай болса тілімізді қалай қорғаймыз, оған қалай ара түсеміз, ендігі әңгіме осы туралы, – деді ол. Бұдан әрі Әлібек отырысқа қатысып отырған қалаға белгілі тұлғалардың есім сойларын айтып, осы кісілермен ақылдаса отырып, қазақ тілінің мүддесіне қызмет ететін арнайы қоғамдық ұйым құрсақ деген ойын білдірді. Сонымен қатар ол астанамыз Алматыдан бастау алған Тіл жанашырларының күресі ел көлемінде қолдау тауып отырғанын, жақында ғана «Ана тілі» қоғамдық ұйымының Жарғысының жобасы республикалық беделді басылымның бірінде жарық көргенін айта келіп: – Біз соны басшылыққа аламыз. Ендігі мақсатымыз: әуелі ынталы топ құру, одан соң қалалық құрылтай конференциясын өткізу. Конференцияда қоғамдық ұйымның басқарма мүшелерін сайлаймыз, – деп құрылғалы отырған жаңа ұйымның алдағы атқаратын жұмыстарын қадап-қадап атап өтті.

Әлібектің сөзінен соң тамағын кенеп, мол денесін бұрған Тыныс Мәлінұлы:

– Шырағым, – деді Әлібектің жүзіне маңғаздана қарап. – Сен осы ойыңды жергілікті үкіметке айтып ескерттің бе?

– Жок, – деді Әлібек, – әзір ескертпедік. Құрылтайдың өтетін күнін белгілеген соң барып айтып шығамыз, қажет десе, Жарғымыздың бір данасын береміз. Жалпы олардан рұқсат сұрайық деген ойымыз жоқ, тек осындай қоғамдық ұйым ашатынымызды ескертіп, қалалық құрылтай конференциясына қатысуға өздерін шақырамыз. Келсін, тыңдасын, ештеңе де құпия емес.

Әлібектің манадан бергі шешенсіген сөзін жақтырмаған Тыныс Мәлінұлы болбыраған екі алақа-

нын жайып, «бұған енді не дейсің?» дегендей жан-жағына мысқылдай көз тастап:

— Мұның енді таза сепаратизм. Қалада осындай қоғамдық ұйым құрылайын деп жатыр екен, ол туралы шаһар басшылары білмейді екен. Сонда бұл не? Астыртын ұйым ба? — деп жоғарыдан төмен көз тастап, өз пікіріне қолдаушы күткендей болды. Отырғандар бір сәт үнсіз ойланып, тіпті екіұдай болып қалған.

— Тыныс Мәлінұлы, мен сіздің пікіріңізді қашанда құрметтеймін, бірақ бізді «сепаратизм» деп айыптауыңызбен келісе алмаймын. Тіл жанашырларының қозғалысы анау Алматыда мүйізі қарағайдай академиктердің бастауымен қолға алынып, жер-жерге тарауда, біз солардың қолдаушысымыз, — деп түсіндіре бастағаны сол еді оның сөзін Әкімқожа Құндақбайұлы бөліп:

— Әнеугүні, мына Әлібек бала айтқаннан соң, әлгі газетті тауып алып, ерінбей оқып шықтым. Жалпы бастама жақсы. Алайда соның басын таудай, аяғын қылдай қылмайық. Қазақ тілі — қазақтың тілі. Одан бой тартпаймыз. Қала басшылығына бұл туралы айтып, ескерткен жөн. Алайда олар мұны өздері де білуге тиіс деп ойлаймын. Елде не болып жатқанын зерделеп отыру биліктің міндетті, зиялы азаматтардың парызы. Бұл мұқым ел көлемінде қозғалған мәселе. Жасқанатын дәнеңе жоқ, — деді қарлыққан даусы қырылдап, әр сөзін нығыздап айтқан Әкімқожа.

«Елде не болып жатқанын зерделеп отыру биліктің міндеті, зиялы азаматтардың парызы» деп ебдейсіз еріндерін жоғары-төмен қозғап, өзін-

ше Тыныс Мәліновичті қағытқандай болған. Бұл екеуінің жұлдызы қарсы, бір-бірімен бақас адамдар еді, мұбада біреуінің аты оза қалса екіншісі соны елемегенсіп, көрмегенсіп, тіпті кемсітіп отыратын. Соны білетін Өзтемір Темірболатов дау тумасын деді ме орнынан тұрып, сөзді өзі жалғады:

– Жолдастар, бұл мәселені соншалықты қиындатудың қажеті жоқ. Бұл енді бірдеңе бүлдіретін, ел арасына жік салатын ұйым емес. Қолданыстан шығып қалған қазақ тіліне қамқорлық танытайық, қазақ тіліндегі мектептер мен балабақша ашайық деген ұмтылыс. Көптің тілегі. Болашақ қоғамдық ұйымның Жарғысында солай жазылған. Бұдан үркетіндей ешқандай теріс әрекетті көріп тұрғаным жоқ. Саясатты біз де жақсы білеміз. Сондықтан, жолдастар, бұл ұсынысты баршамыз қолдайық. Былтырдан бері біз «Қос тіл – қос қанатың» деген айдармен тележурналдар беріп жүрміз, биылдан бастап ұлттық балабақша мәселесін көтере бастадық. Соның басы-қасында мына жорналшы Әлібек Әлімұлы жүр. Бүгін міне «Қазақ тілі деген қоғамдық ұйым құрайық» деп бастама көтеріп отырған да осы Әлібек. Құрметті азаматтар, осы ұсынысты қолдайық, ынталы топ құрайық. Осы отырған бәріміз соған мүшесі болайық. Әрине, ешкімге зорлық жоқ, – деді Өзтемір Темірболатов. Талай жиындарда тіл безеп, сөзге төселген адам ғой көпшілікті бірден өзіне қаратып алған ол: – Әуелі құрылтайдың күн тәртібін белгілейік, жиынға халықты көптеп тартайық. Біздің бәріміздің мақсатымыз – тілімізге қамқорлық таныту, соның жыртысын жырту, жастарға

жол көрсету. Жолдастар, осыған орай менің айта-тын ұсынысым мынау:

– Ынталы топтың жетекшісі болып Әлібек Әлімұлы сайлансын. Оның айтып отырған ойы, мақсаты түсінікті. Қалғанымыз соған көмектесейік, – деді.

Өзтемір Темірболатов – қалалық партия комитетінің бюро мүшесі, осы аймаққа танымал беделді адам-тын. Содан да болар қатысушылар осы ұсынысқа тоқтады.

Жиналыс біткен соң келген азаматтар Әлібектің қолын қысып, іске сәт деді. Жақан Жоламанов болса:

– Мына ағаларымыз керемет екен, «сепаратизм» деді ғой, қайта Әлібек, сені Құдай сақтады, саясатқа кіріп кете жаздадың, – деп басын шайқады. Әлібек оның сөзіне «әй соны қойшы» дегендей қолын сілтеді.

– Рас айтамын, қайта ана Өзтемір Темірболатовың дұрыс адам екен. Сол тоқтатты ғой. Әйтпесе «сепаратизм, опартунизм» дегенді біз қайдан білеміз, социализм мен коммунизмнің арасында қамыттан қажыған аттай, болдырып жүргенде, – деп Жақан әзіл-шыны бар күліп алды.

Сол күннен бастап құрылтайға қызу дайындық жүрді. Қала тұрғындары бірінен-бірі естіп, аз күнде тіл жанашырларының қатары күрт көбейді.

Құрылтай өтерден екі күн бұрын қалалық партия комитетіне Әлібек пен телестудия директоры Өзтемір Темірболатов екеуі келді.

Қалкомның идеология жөніндегі хатшысы, ұшынған бидай сияқты Светлана Сидоровна деген

сидиған арық әйел-тін. Бұлар келісімен ол бірден үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Рақыш Құлтаевты шақырып алды.

Бірінші сөзді Әлібек Әлімұлы бастап, болашақ ұйымның міндеті мен мақсаты туралы қысқаша айтып, «алдағы күні өтетін қоғамдық ұйымның құрылтай жиналысына қатысуларыңызды өтінеміз» деді.

– Бізден рұқсат алмайынша қалай өткізесіздер, – деді үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Рақыш Құлтаев сөзге араласып. Бұл жігіт қалалық партия комитетіне жақында ғана келіп орналасқан, өзі орысшаға да жүйрік екен. Хатшы әйел «мыналармен өзің сөйлес» деп соны әдейі алға салған сыңайлы.

– Біз сіздерден рұқсат сұрап отырғанмыз жоқ. Сол жиынға келіп қатысыңыздар, айтатын ойларыңыз болса айтыңыздар, – деп Әлібек Әлімұлы Құлтаевпен пікір таластырып қалғаны.

Бұған көнгісі келмеген бөлімнің меңгерушісі:

– Біз сіздердің бұл идеяларыңызды қолдай алмаймыз, – деп тағы бірдеңелерді айтуға оқталғаны сол еді.

– Қарағым, сен тыңда, – деді Өзтемір Темірболатов жүзін Құлтаевқа бұрып. Біз сендерден рұқсат сұрадық па? Сөз тыңдасашы. Біз сіздерге осындай жиын өткізетінімізді ескерту үшін келдік. Ал сен, жігітім, мына бастығың алдында сүйрендеп қайта-қайта сөзді бөлесің. Сен кімсің? Өйтіп бастығыңа жағам деп тыраштанба, елге жағамын деп еңбек ет. Әлде қызметтің «потологына» жеттім деп отырмысың. Олай ойласаң қатты қателесесің. Сен алып

кел, шауып келде жүрген қолбаласың. Сондықтан сөзімізді бөлме, – деп әлгі сабазды сүмірейтіп тастады.

Содан соң сөзін манадан бері «не иэ, не жок» деуге тілі келмей отырған хатшы қатынға бұрылып, «Біз айтатынымызды айттық, келу-келмеу сіздердің еріктеріңіз», – деп сөзді доғарған болды.

Оқтау жұтқандай түйіліп отырған хатшы әйел, «келеміз, келеміз» деді.

Бұлар хатшының кабинетінен апыр-топыр жиналып сыртқа шықанда күн сәскеге жақындап қалған. Өзтемір машинасына бұрылған кезде Әлібектің артынан іле-шала шыққан әлгі үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі:

– Әлібек, – деді Өзтемірдің «жаяу сөгісінен» соң жүні жығылып қалса керек. – Сен екеуміздің жасымыз құралыптас. Ана Өзекеңнің маған шынтағы тиіп кетті. Маған сонша неге шүйлікті? – деді. Әлгі жағдайға қатты қапаланып.

– Артынан жүгіріп барып, өзіне айтпайсың ба?

– Жок. Сіздер ойламаңыздар, мен ешқайдан ауып келгенім жок. Осы өлкенің адамымын. Әкем Жолтай Құлтаев деген кісі, осы қаланың құрылысында қырық жыл еңбек еткен, есімі елге аян адам. Ана ағамыз маған неге сонша шүйлікті? – деп әжептәуір өзеуреп өкпесін білдірді.

Бір жағынан мұны да түсінуге болады, бастығының сөзін сөйлеп тұр ғой. Соны сезе қойған Өзкең «алып кел, шауып келде жүрген қолбаласың» деп тұқыртып тастағаны.

Құлтаевтың бетіне үнсіз қарағаны болмаса Әлібек те оған ләм демеді.

Сол күндері ел ерекше желпініп, тіліміз теңдік алып, күніміз туатындай көңіл шіркін тасып жүрді. Әлібек қосымша баяндама жасайтын болды. Негізгі баяндама Әкімқожа Құндақбайұлына тапсырылды.

Әлібек оған аса ренжи қоймады, үлкендердің мұны жас көргені болмаса басқаға өкпе жоқ-тын. Қосымша баяндама жасауға ол соншалықты көп дайындалған жоқ. Осыған дейін «Қос тіл – қос қанатың» деген айдармен талай телехабар ұйымдастырған журналшы үшін тіл мәселесінің ең өзекті деген тұстарын екшеп, соны ортаға салмақ.

Қазіргі күні балалардың қазақша сөйлеуге арланатыны; біздің ең асыл ұлттық құндылығымыздың бірі домбыра болса орыс ағайындар соның өзін «одна палка две струны» деп мазақ қылатыны; көпшілік жиналған жерде екі қазақ өз тілінде сөйлесе бастаса, орыс кемпірлерінің өзі ескерту жасап «орысша сөйлендер өздеріңше былдырламай» деп тыйып тастайтыны; екінші сортты ұлтқа айналғанымызды; қаламызда жиырма шақты мектеп бар, соның біреуі ғана қазақ тілінде, ал ұлттық балабақша деген атымен болмағаны; осы тектес ұзақ жылдардан бері қасаң қағидаға айналған әлілетсіздікті әшкерелеуге тас түйін бет бұрған. Біздің қаламызда қырыққа жуық ірілі-ұсақты көше барын білесіздер, соның бір-екеуі ғана ұлт зиялыларының есімімен аталады, қалғандары түгелге дерлік Маркс, Ленин, Киров, Мотросов, Морозов, Гайдар, Чапай, Чехов, Чайковский, Горький, Калинин, Мичурин, Фрунзе, Островский, Пушкин, Некрасов болып жалғаса береді. Бұл қалай? Осындай теңсіздікке неге жол берілгенін бауырша тіліп айтуға бекінді.

Ал негізгі баяндамашы Әкімқожа Құндақбайұлының не айтатынын, қандай бағытта сөйлейтінін Әлібек білген жоқ, «біліп те керек емес» деп ойлаған. Себебі ол кісі қазақ тілінің дәл бүгінгі жанайқайын айтады деп ойламаған.

Сол күндері Әлібектің телефонында тыным болмады. Қала мекемелері мен еңбек ұжымдарынан, оқу орындарынан құрылтайға қатысуға ниет білдірушілер тынымсыз хабарласып, тізімдер жасалып жатқан.

Әлібек үшін бұл бір ұмытылмас күндер-тін. Орыс тілінің тасасында қалған туған тілінің жанайқайын бар дауысымен айтқысы келді. Әміршіл жүйенің әбден орнығып алған тас қамалын бұзып шығатындай құлшынумен болды.

...Келесі күні жұмыс аяғында Әлібек Мақан Мақсатұлының кабинетіне бас сұқты. Әлдебір шаруаға ақылдаспақ еді. Мақанның оған зауқы жоқ сықылды. Ұртына қыстырған «Беломордың» бір талын тұтатайын десе шырпысы от алмай, бар ынтасы соған ауып, сонымен арпалысып отыр екен. Болымсыз нәрсеге қылтиып, болымсыз нәрсеге бұртиып отыратын өзінің әуелгі мінезі, қазіргі сәтте де от алмай қойған шырпыға өші кеткендей ысқылап, ысқылап, эзер дегенде темекісін тұтатып алды. Одан соң көк түтінді көмейлете сорып, аузы-мұрнынан будақтап шығарған ол Әлібекке қарап:

– Ә, жақсы болды келгенің, бір партия шахмат ойнайық, кел, кел, – деп тез-тез тартпасынан шахмат тақтасын алды. Ара-арасында шылымын құныға сорып, көк түтінді бұрқ-бұрқ еткізіп, шахматты құрып жатып:

– Айтқандай, алдыңғы күні бастық екеуің үлкен үйге (қалалық партия комитетін солай айтатын) бардыңдар ма?

– Бардық. Құрылтай өткізетінімізді айттық. Ана Рақыш Құлтаев деген қайта-қайта сөзге килігіп: «Бұл идеяларың дұрыс емес, біз қолдамаймыз» деп үзілді-кесілді қарсылық жасады.

– Сонсон, не болды? «Сен тимесең мен тиме, бадыраң көз» деп үндемей кеттіңдер ме? – деп шахмат тақтасына үніліп, «ортадан бастайын» деп, корльдің алдындағы пешканы алға бастырды.

– Не болушы еді, лыпылдаған адам екен, тіпті бізді тындағысы жоқ, сөзді бөліп, ақыры, біздің бастықтан оңдырмай сөз естіді, – деп Әлібек кешегі оқиғаны еске алды.

– Е-е, анау, анау, – деп тақтаға әндете үңілген Мақан, – үгіт-насихат бөліміне жаңадан келген «батыр» ғой.

– Иә, сол ғой, білетін бе едіңіз оны? – деп Әлібек те шахматтан көз алмауда.

– «Құлтаев» дегенді білемін. Білгенде қандай! Оның әкесі марқұм Жолтай Құлтаев деген адам-тын. Ал ана Құлтай дегенің, ол осылардың үлкен әкелері. Жарықтық, қаны сорғалаған белсенді болыпты, – деп Мақан бір сырдың тиегін ағытуға ыңғай берді.

– Баяғыда, Қарақой деген отгон орталығында жеті-сегіз үй отырады екен. Үлкендерден естіген әңгіме ғой, – деді ол шаршы тақтадағы тасқа қарап отырып. – Соғыстан соңғы жылдар болса керек. Бір күні ауылдағы жалғыз бағананың басында үнемі маңқиып тұратын ескі радиоға кенеттен тіл бітіп,

жағы сембей күніреніп сөйлей жөнеледі. Айтып жатқаны сұмдық суық, аспан құлап, күн сөнгендей сұрапыл хабар:

«Халықтардың әкесі» дейді, «алып жүрек тоқтады» дейді жер-дүниені күңіретіп. Оны естіген адам естіген жерінде, отырған адам отырған жерінде төбелерінен жай түскендей сілейіп қатып қалған. Азалы хабардан құлағдар болған ауылдың үлкендері естерін эзер жинап:

– Қой болмас, ана Құлтайға барып көңіл айтайық, – дейді.

Сол кезде күннің де өңі қабарып, жердің де жүзі сазарып, аспан жерге құлап кетердей түнеріп тұрған екен. Содан не керек, шағын ауылдың шал-шауқан, қатын-қалашы бірі қалмай шұбағаннан-шұбап, «Құлтайға көңіл айтамыз» деп соның үйін бетке алады.

Құлтай дегені сол ауылдағы ұлықшыл, қанды-балақ, қызыл көз белсенді. Өздері одан зәре-имандары қалмай қорқатын. Топырлаған адамдар «қызыл көздің» ауласына келіп кіргенде, қолында ақ таяғы бар Құлтайдың өзі бұларға қарсы жолығып: «Сендер неге жүрсіндер?» деп өздеріне дүрсе қоя береді. Сонда көптің ішіндегі, төрт кластық білімі бар, ауылдағы бастауыш мектептің мұғалімі Әшіртай деген азамат сөз бастап:

– «Сталин көсем қайтыс болды», – деп дүңк еткізіп қаралы хабарды жеткізеді.

Суық хабарды естіген Құлтай белсендінің қолындағы ақ таяқ жарқ етіп жоғары көтеріліп, қысық көзі адырайып: «Не танып тұрсың, көсем өлуші ме еді?!» – деп Әшіртайға тап береді. Ол байғұс

белсендіден қорқып топырлаған кісілердің арасына тығылады. Сонда үлкен әйелдердің бірі таяғын ала жүгірген Құлтайға:

– Айналайын-ау, таң атқалы радиодан айтып жатыр ғой, тыңдасаңшы. Көзіңді ақшырайтып бізге таяқ ала жүгіргенше, – депті.

Мына сөзден соң Құлтай сабасына түсіп, есін жинап, аспанға қарап, азалы музыкаға құлақ түреді. Күңіренген сөзді естіп көсемнің өлгеніне көзі жеткен ол: «Сталин – ол біздің әкеміз, панамыз!» деп өкіріп жылайды. Ауылдастары оны құшақтап «сабыр ет, айналайын» деп көңіл айтады. Сәлден кейін бәрі бір-бірімен жылап көрісіп: «Ендігі күніміз не болады?» деп көсемді жоқтап Құлтайдың үйінде қайғырып отырады.

Осы кезде алыс қыстақта тұратын сиыршы Аманқай ақсақал келеді. Аттан түсіп, жан-жағына қарап, көзіне ешкімді іліктіре алмаған ол есік алдында ойнап жүрген балаларға бұрылып:

– Әй, әкелерің қайда, шешелерің қайда? Жер жұтқандай бәрі қайда кеткен?! – депті, салдыр-күлдір сөйлейтін адам екен.

Балалардың ересектеуі:

– Олар Құлтай көкенең үйінде. Біреу өлген екен, бәрі соған жылап отыр, – дейді.

– Ойбай! Ол кім болды екен?! – деп сиыршы шал ойланбастан атты қазыққа іле сала, балалар айтқан Құлтайдың үйіне: «Баурым-ай, баурым-ай!» деп аңырап кіріп барады.

Қаралы үйде еркектер бір бөлек, әйелдер бір бөлек бастары салбырап, ауыр қайғыдан еңселері езіліп отырған. Аманқай шал бәрімен жағалай

көрісіп, шет жақта отырған ауыл мұғалімінің қасына тізе бүгеді. «Өлген кім? Құлтайдың жақын жұрағаттарының бірі ме?» деп соны сұрамақ. Жиналғандардың бәрі еңкілдеп, әсіресе әйелдер жағы:

«Қамқоршым-ай!» дейді, енді бірі «Данышпаным-ай!» дейді, олардан қалыспаған тағы бірі боздап: «Көсемім-ай, аш-арыққа пана болған, адалым-ай! Сабазым-ай!» дейді ғой. Мұрындарын тартқылап, сұңқылдап жылаған әйелдер.

Сонда Аманқай шал:

– Өлген кім өзі? – депті шыдай алмай қасында отырған Әшіртай мұғалімге қарап. Құлтайға көсемнің өлгенін естіртемін деп таяқ жей жаздаған Әшіртай мұғалім сиыршыға көзі жыпылықтап:

– Сіз, естімедіңіз бе? Сталин өлді ғой! – дейді естілер-естілмес сыбырлап.

Бәрібір мән-жайдың парқына бара алмаған сиыршы шал: «Сталин мына Құлтайдың туысканы ма? Е, е, руы, анау... Бәсе! Осылардың елі екен ғой!» – депті көзі шарасынан шыға таңырқап. Артынша төр жақта отырған Құлтайға көз қиығын тастайды. Сөйтсе ол іннен шыққан суырдың айғыры құсап, басы кекжиіп, сығырайған қысық көзі шыңыраудың түбіндегі сарқынды су секілді жылтырап, бәрінің төбесінен зәрлене қарап отыр екен.

Белсендінің кеспірін қапысыз аңғарған сиыршы: «Қой болмас, анаған дұрыстап көңіл айтайын» деп орнынан ширақ тұрып:

– Ардақтым-ай, ағатайым-ай, күн сөнгендей күн болды-ау! – деп Құлтайды қайтадан құшақтап, өзінше дұрыстап көріседі. Саскалақтап жүріп аузына қапияда жөндем сөз түспеді ме, әлде өзінің ниеті со-

лай ма: «Ағаңыздың арты той болсын» депті. Мұны естіген Құлтай белсендінің көзі ақшыраң ете қалып «куанып тұрмысың» дегендей, сығырайған көзі сорлы шалдың өңменін қарып түскендей болады.

Белсендінің суық тұрпатынан беті шайлығып қалған Аманқай сиыршы: «Бірдеңені дұрыс істемедім-ау!» деп көткеншектеп барып жым болған.

Иә, шырағым, одан бері не заман? Көсемнен кейін көп ұзамай Құлтай да о дүниелік болды. Бүгін сендермен жағаласып жүрген соның ұрпағы. Бұлар шетінен ұраншыл, көсемшіл, жандайшап. Мұның әкесі Жолтай осы біздің құрылыста бригадир болып, елді қырып кете жаздап жүретін», – деп Мақан Мақсатұлы Құлтайдың хикаясын тамамдады.

– Е-е, Рақыш Құлтаев деген белсендінің бөлтірігі екен ғой. Соны айтамыз деп жап-жақсы ойынды қожыратып алдық! – деп Әлібек ойынды аяқтаған болды. «Белсендінің бөлтірігі» деп Мақан кабинетті басына көтеріп, айбақ-сайбақ тістерін көрсете қарқылдап күліп алды.

* * *

Қалалық «Қазақ тілі» қоғамдық ұйымының алғашқы құрылтайына қисапсыз көп адам жиналды. Құрылысшылар сарайында ине шаншар жер жоқ. Иін тірескен ел. Мұның бәрі қазақ тіліне деген құрмет, қазақ тілінің жоқшысы халық екенін әйгілеп тұрғандай. Осының өзі Әлібектің бойына сенім ұялатып, көңілдегі күмән бұлтын сейілте түскендей. Құрылтайдың жұмысын Өзтемір Темірболатов басқарып отырды.

Мінбеге бірінші болып Әкімқожа Құндақбайұлы көтерілді. Ол әр сөзін мәнерлеп, салмақтап, қазақ тілі түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең көне тіл екенін айтып, тіліміз туралы көптеген тұшымды мысалдар келтірді. Тіпті Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясында он жеті мың сөз бар екенін, бір романда осыншалық сөздің жұмсалуды қазақ тілінің орасан зор байлығын дәлелдесе керек. Жазушыларымыз бен ақындарымыздың теңдесіз көркем туындылары соның дәлелі. Біздің мақсат – туған тіліміз халқымен қоса жасап, келер ұрпақтың игілігіне айналса дейміз, – деді. Оның жуан даусы сарайдың ішінде көпке дейін қазақша күмбірледі.

Қосымша баяндама жасаған Әлібектің сөзі қарайған елдің намысын оятып, көп адамның жігерін жанығандай әсерге бөлеген. Ол шын мәнінде қолданыстан шығып, жетімсіреп қалған қазақ тілінің жанайқайын жеткізуге тырысты. Оның ашынып айтқаны: арнайы теле-радио бағдарламаларына қазақша сөйлейтін адам таппай қиналатыны; қала көлемінде өтетін үлкенді-кішілі жиналыстар мен мәдени шаралардың тек қана орыс тілінде өтетіні; біздің ең асыл ұлттық құндылығымыздың бірі домбыра болса орыс ағайындар соның өзін «одна палка две струны» деп мазақ қылатыны; көшедегі жарнамалар мен көше атауларының кілең орысша жазылуы; қазақ мектебінің аздығы, ұлттық балабақшаның болмауы, осының бәрі қазақ тіліне деген құрметтің жоқтығы екені талассыз шындық еді.

Оның сөзіне қарапайым ел қайта-қайта қол соғып қошемет көрсеткенімен, жиынға қатысып отырған Құлтаев сияқтылар ішінен тынды. Әсіре-

се оның «ұлттық мектеп, ұлттық балабақша, көше атаулары мен екінші сортты ұлт» деген сөздері қалалық партия комитеті мен атқару комитетінен келген жолдастардың құлағына кәрі шөңгедей қадалды. Олар ондай сөзді бұрын-соңды естімеген екен. Содан да болар құрылтайдан соң әлгі үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Рақыш Құлтаев Әлібекке шүйлікті:

– Сендер, тілшісымақтар ылғи да адамның басына кірмейтін бірдеңені қоңырсытып, ұлтаралық үйлесімге сызат түсіресіңдер, – деді. Бұл кезде партияның да басынан бағы тайып, беделі көше бастаған кез-тін. Содан да болар Әлібек Құлтаев жолдастан аса сескене қоймады.

– Сіздерге ұнамай тұрған не нәрсе? Ұлттық балабақша ашайық дегеніміз бе, әлде «Қазақ тілі» қоғамын құрайық дегеніміз бе? Қазақша сөйлейік дегеніміз бе?

– Әлібек, сен әлі жассың, өнбейтін іспен алысып келешегіңе балта шауып жүргенінді білесің бе?

– Білмейді екем. Не бүлдіріп жатырмын? Түсіндіріңіз.

– Вроде ақылың бар азаматсың, ұлтшылдық деген жақсы емес қой.

– Е-е, енді түсіндім. Сойыл сілтесің солай екен ғой. Менің түсінбейтінім ол сен, сен сияқтылар. Екеуміз де қаны бір қазақпыз, тіліміз бір, дініміз бір. Неге туған тіліңе сен қарсысың? Неге мені ұлтшыл деп айыптағың келеді? Тілшісымақ деп кемсіткің келеді? Соны түсіндірші шамаң жетсе.

– Мен қазақ тіліне қарсымын ба? Қарсы емеспін, – деді Құлтаев басын шайқап.

– Сөз жүзінде солай дейсің, бірақ әрекетің басқа ғой.

– Қандай әрекет?

– Енді кешегі конференцияда жасаған менің баяндамамды «дұрыс емес, ұлтаралық үйлесімге сызат түсіреді» дедің. Бұныңды қандай әрекет дейміз?

– Сен өмір шындығын түсіне аласың ба? Ойлашы өзің, қазақ тілімен қайда барасың? Аяқ бассан орыс тілі қажет, онсыз нан сұрап жей алмайсың. Өнбейтін іс деген осы. Өткенде «қазақша балабақша ашамыз» деп оны обком хатшысына айтып, біздің азаматтарды жерге қараттың. Жарайды, ол балабақша ашылды, облыс басшысының тапсырмасы бойынша. Мәселе соны сыртқа шығармай өзімізде шешуге болмады ма?

– Болды, әрине. Бірақ сіздер оны түсінгілеріңіз келмеді ғой. Тіпті сол өтініштердің жазылған уақытын көрдіңіз бе, өзіңіз?

– Жоқ. Көргім де келмейді.

– Әне, өзің де айтып тұрсың. Қарапайым елдің мұң-зарында сіздердің шаруаларың жоқ. Есік-терезесін бітеп алған тас қамалға ұқсайсындар. Меніңше, ешкім де халықтан үлкен емес. Ал әлгі өтініштерді бергенімізге, білесіз бе, табаны күректей бес ай болғанын?

– Ну что?! Тағы да тоса тұратын еді, о да тұрған не бар. Далада жүрген ешкім жоқ.

– Oh, қор болған сөзім! Жарайды. Рақмет! Сау бол, – деп Әлібек әңгімені шорт үзді. «Бәрібір өнбейтін іс, мұнымен сөз таластырып енді ештеңе ұтпаспын» деп алды-артына қарамай жүріп кетті.

«Жалпы осы сияқты құлдық санадағы адамдарға бірдеңе айтып жеткізу мүмкін емес» деп босқа сөз шығын қылғанына өкінген еді.

III тарау

ТҰМАНДЫ ОЙ

Келесі күні ертелете жұмысқа келген Әлібекті Мақан ақсақал студияның дәлізінде жолықтырып:

– Әлібек, біз сені тосып тұрмыз, – деді.

– Аманшылық па? Не боп қалды?

– Әлгі Тыныс Мәлінұлының әйелі қайтыс болыпты. «Құрылтайға келмеді» деп едің, сонда әйелі нашар жатқан екен. Соған барып көңіл айтып шығайық, есік алдында көлік дайын тұр, – деді.

– Кімдер барады, бастық та бара ма?

– Бастығың барып та қойған шығар. Бастықшыл болып барасың ғой өзің, оны қайтесің, өзіміз бара берейік.

– Мақа, қоғамдық ұйым құрайық деп жүгіріп жүрміз, соған ол кісінің бір көмегі тие ме деген ой ғой, қанша айтқанмен беделі бар, бюро мүшесі дегендей.

– Е, солай де, оған көмектеседі ғой, ондайдан сырт қалуға тиіс емес, – деді Мақан әдеттегідей сұқ саусағымен көзәйнегін мұрнының үстінен жылдам-жылдам көтеріп.

Бұлар Мәлінұлының үйіне жиналып келіп, марқұмның жақын жұрағаттарымен көрісіп, Тыныс Мәлінұлына: «Қазаның арты қайырлы болсын» деп

көңіл айтысты. Жан-жақтан келіп, кетіп жатқан елдің қарасы мол екен. Әлібектер сапырылысқан елмен сыртқа шығып бара жатқанда есік алдында тұрған азаматтардың бірі «қонағасы жұма күні, Ленин көшесінің бойындағы «Огонёк» асханасында болатынын» айтып құлағдар етті.

Қайтарда үшеуі көлік тоспай жаяу кетті. Сонда Мақан айтты:

– Бұл ағаларыңның ер жеткен екі қызы бар екен, екеуі де тұрмыста дейді. Бейшараны Құдай есіркесін, осындай жаста жардан айырылу азаматқа оңай емес! – деді.

– Құдай бетін аулақ қылсын, иманды болсын, – деп Тәңірберген де сөз қосты.

Жұма күні. «Огонёк» асханасына қаланың зиялы азаматтары Тыныс Мәлінұлының әйелінің қонағасына жиналды. Ел отырысымен-ақ, жалпақ бет сары жігіт асаба екен, аузы-аузына жұқпай сөз бас-тады.

– Тыныс Мәлінұлының жан жары, балаларының аяулы анасы Шырын Шұғайыпқызының асыл бейнесі біздің жүрегімізде, – деп марқұмның өмір жолын, атқарған қызметін тізбектеп «мына асқа жиналған асыл текті қауымның қадамына нұр бітсін, сауаптан жазсын», – деп сөзін түйді.

Дастарқанға ас келісімен-ақ марқұмның рухына бағыштап құран оқылды. Одан соң әлгі асаба көңіл айтып ниет білдірем дегендерге микрофон ұсынды. Осыдан кейін Тыныс Мәлінұлының достары егіліп сөйлеп тост көтерді. Құдалары сөйледі, толқыды, тост көтерді. Марқұмның құрбылары орысша көсіліп сөйледі, көздеріне жас алып «жақсы жар,

аяулы ана» деп көзелерін қағыстырды. Шыны рюмкаға құйылған көздің жасындай ащы суға ел бөртіп қалған.

Ұзын үстелде қатар отырған Мақан Мақсатұлы мөлдіреп тұра қалған орыс арағын өңешіне қылқ еткізіп, түк болмағандай жылмиып отыра қалады. Тәңірберген де тартынатын емес, «сен неге ішпей отырсың» деп қайта-қайта Әлібекті қамшылайды. «Сен ал, мен алмен» үшеуі біраз жерге барды.

– Ей, Әлібек, ананы қара, сенің досың келді, – деді Тәңірберген манағыдай емес, мұрнының ұшы шып-шып тершіп, тойда отырғандай даусы самбырлап шықты.

– Кімді айтасың?

– Қарасаңшы, әні Рақыш Құлтаев. Сенімен жақсы еді ғой. Өзі кеш келді, қасында әйелі бар, қарашы. Келіншегі керемет әдемі екен, ә?! – деп Тәңірберген үздігіп отыр.

– Өй, сен де айтады екенсің. Қайдағы дос. Ол-Құлтаев қой.

– Е, ол не, адам емес пе?!

– Жоқ, ол деген керемет адам! Оған ісің түссе, алдына барсаң сонда білесің, Құлтаев жолдастың кім екенін.

– Дұрыс, әрине. Әркімге жан сақтау керек. Ол да күн үшін жүрген бақыр басты пенде емес пе, – деді Тәңірберген.

Сол сәтте Әлібектің көзі Рақыш Құлтаевқа түсті, жо-жоқ, Құлтаевтың қолтығынан ұстап тұрған келіншекке түсті. Содан көзін ала алмай «О, сұмдық-ай, сен қайдан шықтың?!» деп табан астында айран-асыр болғаны. Әйтсе де таңырқағанын қа-

сындағыларға сездірмей: «Мынау біздің Сәния ғой! Сәния, тура соның өзі!» деп мүлде үнсіз мелшиіп қалған. Қанша жыл болды оны көрмегелі, біздің сыныптағы ең ажарлы қыз еді, ең сұлу қыз еді... Қарашы, ей, кімге шыққанын! деп, әлденеге іші удай ашыды. Жо-жоқ, қызғанғаннан емес, тура ана ұлтанқұлға қимаған секілді, одан ілкімді азаматқа тең еді, бұйрықты қойсайшы деп ойлаған.

Осы кезде микрофонды қолына алған Тыныс Мәлінұлы тамағын кенеп сөз бастаған. Ол әуелі орысшалады, одан соң қазақшасына оралып:

– Балаларымның анасы, менің асыл жарым, бұл өмірден не көрді?! Қырық беске де толмай қыршын кетті, – деді қинала сөйлеп. – Мына жерде ақсақалдар жақтырмайтын сықылды, ішімдік қойғаным. Бірақ олардың өздері де кезінде ішуден алдарына жан салмағандар, – деп езу тартқан болды. – Әрине, о да тұрған ештеңе жоқ. Менің Шырыным, асыл жарым өмірден жас кетті. Жатқан жері жұмақ болсын, мінгені пырақ болсын! – деп үстелдің шетінде тұрған рюмкаға қол созды.

Ащы арақ өңешін қырып өткендей болған. Мәлінұлы оны елеп жатқан жоқ, «рюмкаға тағы құйып қойыңдар» деп даяшыларға иек қақты.

Келесі кезекте микрофонға Кертай Құлатаевич жармасты:

– Қадірлі Тыныс Мәлінович! – деп бастады ол қаралы астағы азалы сөзін:

– Сіздің қайғыңыз, біздің қайғымыз, осынау қаралы күнде мұқым ел-жұртыңыз сіздің қасыңыздан табылуда. Бүгін осы ауыр қайғыдан Құм қаланың белі майысып, қабырғасы қайысып, аспан асты аза

тұтып тұр, – деп көсілді. Осы сөзді естіген Мақан Мақсатұлы тыжырынып, алдында тұрған рюмканы қолына ала беріп «Тфу, отамайт!» деді.

Әлібектер Мақанның сол сәтте не дегенін әуелі түсінбей қалған: «отаубай» деді ме, әлде орыстың тұздығы ащы сөзін айтты ма деп.

– Беу, шіркін! Кертайға дауа жоқ. Небір «қасиетті» сөздерді қалай-қалай ойнатады, ә?! Сабаз, Кертай Құлатайыш, жарайсың! – деді олар көздерін көтерген бетте, келісіп алғандай күле сөйлеп. Екеуінің сөзін бөлген Мақан Мақсатұлы: – Сендер оған күлмендер, одан қорқындар, – деді.

– Одан не қорқатыны бар, жылқымызды шауып ала ма? – деді мұрнының үсті тершіп, қызара бөртіп алған Тәңірберген өзеурей сөйлеп.

– Жок, – деді Мақан, – жылқыңды шауып алатын сенде не бар, соқыр тауығың да жоқ, қорасын сыпыртып қоюы бек мүмкін. Сендер оның соңына еріп жүрген адамын көрдіңдер ме? Соны ойладындар ма, неге ол оның соңынан қалмай сөлендеп сөмкесін аркалап жүр?

– Құдай сақтасын, Мақа! Енді сол бүйендей бейшарадан қорқу қалды ма? – деді Тәңірберген тершіген мұрнын шүйіріп.

– Олай деме. Қайта мен сендерді сақтандырып отырмын, – деді Мақан езуіне мысқыл үйіріп. Соны байқап қалған Тәңірберген батылдана сөйлеп:

– Мақа, – деді шалдың жүзіне күлімсірей қарап. – Сіз де біздің жүрегіміздің отын алып біттіңіз ғой, шахмат ойнасақ сабайсыз, енді мына Кертаймен қорқытып отырсыз. Осыдан кейін бізден қандай қайраткер шығады, мықтасақ Кертайды жағалап,

соның сөмкесін арқалайтын шығармыз, – деп дау-сын шығармай сылқылдап күліп алды. Оның сөзіне Мақан үндеген жоқ.

– Расында да, осы Кертай қандай адам? – деп Әлібек те ойланып қалған. Көз алдына соның суреті кілкіп тұра қалғандай: қайқаңдап кетіп бара жатқан Кертай, оның соңында салпақтап еріп бара жатқан ұзын тұра. Ол не қожасынан қалып та қоймайды, не ілгері озып та кетпейді, қатарласып та жүрмейді, қол-созым жерде, арақашықтықты сақтап бүкендеп еріп барады. Осы жұмбақтың сыры ана қызыл сөмкеде болса ше? Ол өзі тозбайтын, өңі оңбайтын не сөмке, ең кереметі оның ішінде не бар? Шынында да, оның ішінде аса бір құнды нәрсенің болуы да ықтимал, болмаса Кертай оны неге қасынан тастамайды. Тіпті әспеттеп арнайы бір адамға ұстатып қойғанына қарағанда бар құпия сонда ма?! Ал анау ұзын тұра ше? Ол оның көмекшісі ме, әлде оққағары ма, ол да жұмбақ. Бәлкім, сөмкенің ішінде көп ақша бар ма екен немесе маңызды құжат дегендей, мүмкін, тай-тұяқ жатқан шығар, басқа не болуы мүмкін?

Дәл осы кезде Әлібектің ойын оқып отырғандай Мақан:

– Оның сөмкесінде түк те жоқ.

Мына сөзге селк ете қалған Әлібек «осы шалдың бір пәлесі бар шығар» деп ойлаған.

– Оның сөмкесінде түк те жоқ, – деді Мақан әлгі сөзін қайталап, – тек ана пәлекеттің болашақта әкім болсам деген дәмесі бар. Қазірден бастап соңына көмекшісін ертіп, соған жаттығып жүр. Нанбасаңдар оның жүріс-тұрысына, сөйлеген сөзіне зер салыңдаршы. Меніңше, ол түк болмаса орынбасар

болуы бек мүмкін. Кім біледі, болып та кетуі ықтимал, оған сенім жоқ, – деді Мақан аса бір құпияны ашқандай әріптес інілеріне сыбырлай сөйлеп.

– Е-е-е, – деді Әлібек, – алда-жалда анау әкім болып кетсе қора тазалауға дайындала беріндер десеңізші, – деп Тәңірбергенге күле қараған.

– Жоқ, мен сөмкесін көтеріп жүремін, – деді ол.

– Онда жетіседі екенбіз! – деді Әлібек.

Қонағасынан Әлібек, Мақан Мақсатұлы, Тәңірберген үшеуі бірге шықты. Тәңірберген есік алдында біреулермен сөйлесіп тұрып қалды да, Әлібек Мақанды қолтықтап қайтып келе жатты. Мақан тумысынан қағылез адам ғой, әлгі жерде көзе толы көк суды ылдым-жылдым өңешке тастап-тастап жібергені бар, сол артық жүк болғандай.

– Мақа, сіз қалай ойлайсыз? – деді Әлібек ақырын жүріп келе жатып, – қонағасына арақ құйғаны дұрыс болмады ғой.

– Е, құйса несі бар, қазір бәрі құяды, – деді ол ереуілдей сөйлеп. – Өткенде Күршімнің облыста қызметте жүрген тәуір баласы оқыстан опат болғанда, сонда көрдік, арақ құйғанның көкесін. Сен онда болған жоқсың. Арақты өзен қып ағызып жіберді. «Өмірден не көрді, менің боздағым» деп еңіреп тұрып қағысып, соғысып ішті. Өне, азамат!

– Онда Құранды неменеге оқиды? Обал ғой.

– Вообщее то сенікі дұрыс, біз мұсылманбыз. Біздің салтымызда жоқ нәрсе. Өлікті арақпен жөнелтуге болмайды. Болмайды! – деді Мақан жүріп келе жатып тұра қалып:

– Вообщее то сенікі дұрыс! – деді мінберде тұрғандай қолын сілтеп-сілтеп жіберіп.

– Бірақ олар құйып жатыр, жұрт ішіп жатыр ғой, – дейді Әлібек.

– Ну да, енді қайтесің?! Тоқта, – деді сонсоң ойына бірдеңе түскендей. – Әлгі «Өлгенде қабірімді спиртпен жу» деп Иса ақын айтып еді ғой, – деп Мақан қарқылдап күлді. Тәрізі шарасыздан күлді.

Қас қарайып кеткен. Мақанды үйіне шығарып салған Әлібек: «Осы бетімізде елес қуып жүре берсек, жүре берсек, қайда барып тірелер екенбіз? Бәлкім, тілінен, ділінен мақрұм қалған, дәстүр-салтынан ажыраған дүбәра елге айналамыз ба? Қой, Құдай сақтасын! Олай болуға тиіс емес! Олай болмайды!» деп өз сөзінен өзі шошып, тайталасқан оймен үйіне қайтып келе жатты.

Құм қаланың қараңғылық басқан тұнжыр көшесі. Күндізгі айғай-шудан қажыған шаһар бір мезет қалғып кеткендей. Алыстан жүк тасыған пойыздардың үздік-создық айғайлаған ащы дауысы естіледі. Сол шулы дауыстан түн құшағына мүлгіген қала да бір сәт селк етіп оянып, жан-жағына үрке қарап, сәлден соң қайтадан бәз баяғы меңіреу ұйқыға бата жөнеледі.

Осы бір ұйқылы-ояу меңіреу түнмен қапталдасып әлгідегі Мақан айтқан «Құйса несі бар, қазір бәрі құяды» деген сөзі Әлібектің құлағынан ызыңдап кетер емес. «Шынында да, біз осы қайда бара жатырмыз?» деп әлгідегі ой тұманына шырмала берді.

Әлқисса, Әлібектің ойына баяғы балалық шағы орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Онда бәрі жақсы еді. Ен дүние тап-таза болатын. Рауандап таң ататын, жарқырап күн шығатын. Аспан да нілдей көкпеңбек, мөп-мөлдір еді. Сол жылы бұлардың ауылы Тақыр су деген жерде отырды. Жердің аты солай аталғанымен, ол маңда шалқып жатқан су жоқ-тын. Алты-жеті киіз үй, Тақыр судың басына алқа-қотан қоныстанған. Әлібектің әкесі жаз шыққалы тыным таппай, ат машинамен шөп шауып, малға жем-шөп дайындасып жүрген. Шөпшілер таң сәріден жұмысқа аттанып, құс қона оралатын. Ол кезде Әлібек мектепке әлі іліге қоймаған алты жасар, жаз шыққалы тазының күшігімен алысып жүрген алаңсыз шағы-тын. Бұдан екі-үш ай бұрын әкесі Аршалыда тұратын бір танысынан тазының күшігін әкеп берген-тін. Күшік болғанда да, ол сондай сүйкімді, аппақ. Көздері мөлдіреп, басын бір жағына қисайтып, құлақтары жалбырап, кішкентай қожасына таңырқай қарап тұратын. Ақ күшіктің аты – Құмай. Құмайдың түр-сипаты күн озған сайын өзгерді. Тұмсығы сүйірленіп, жапырақ сықылды салбыраған құлақтары шашақтанып, денесі де тарала түскен. Ең ғажабы ақ күшік айтқан сөздің бәрін түсінетін, басын қисайтып «не бұйыр-расын» дегендей көз алмай Әлібекке қарап тұрар еді.

Осылайша, күшікпен алысып, күшікпен күшік болып жүргенде, шөпшілер ауылына ауданнан бір өкіл келді. Өкіл болғанда, ол бөтен адам емес, әкесінің немере туысы Пернебек аға болатын. Ол

кісі түскілікте әкесімен бірге бұлардың үйіне келді. Апасы жаны қалмай қайнысына арнап дастарқан жасап, астың дәмдісін алдына тосты. Артынша бәрі жиналып дастарқан басында тамақ ішіп отырды. Киіз үйдің ашық есігінен желідегі құлындар мен үйездеген мама биелер көзге шалынады. Денесі марқа қозының үлкендігіндей болған ақ күшік те табалдырықтан бері аттамай, есік көзінде шоқиған қалпы іштегі адамдардың дабыр-дұбырына құлақ түріп елендеп отырған.

Сонда тазыға тамсана қараған Пернебек аға:

– Аға, мына күшігіңіз, шамасы тазы ғой деймін, пошымы әйдік екен, – деді.

Сол-ақ екен мұның әкесі, не түлен түрткенін қайдам, ақ күшікті мақтай жөнелгені.

– Иә, нағыз тазының күшігі. Аршалыда бір аңшы танысым бар еді, содан ат-түйедей қалап алдым, бұйырса аңға салсам ба деген ой бар, – деді. Құмайдың қаперінде не болсын, құлақтары салбырап, құйрығы оюланып жайымен тұр. Қызыл матадан апасы өрнектеп тіккен қарғыбауы да құйып қойғандай, өзіне сондай жараса қалған. Бұл кезде тазының сыртқы сымбатының өзі ерекше көз тартарлық еді. Пернебек тазыдан көз алмай, қызыға қарады.

Шынында да, ақ тазының қолтығы кең, кеудесі көріктей, жілігі де жуандай түскен. Көрсен көз тоятыны да рас. Тазыны танитын адам болса, әрине. Сол күні қонақ кешкілік ас ішіп, одан соң шүйіркелесіп есік алдында Әлім екеуі әңгімелесіп отырды. Жаздың мақпал түні. Іргеден піскен таба нандай болып қызара бөртіп ай көтеріліп келеді. Бұл уа-

қытта Әлібек ұйықтап қалған. Таңертең ұйқыдан тұрысымен әдеттегідей күшігін іздеген.

– Құмай, Құмай, – деп үйді айнала жүгірді. Құмай жоқ. Әлібек Құмайын іздеп әрі жүгірді, бері жүгірді таппаған соң, шешесіне келіп:

– Апа, Құмай қайда? Неге жоқ? Шешесі оған бірден жауап бере қоймады. Әлібек те жабысып: – Апа, деймін, апа айтшы, Құмай қайда? – деп қалатын емес. Ақыры болмаған соң:

– Күшігіңді әкең Пернебек ағаңа беріп жіберді, кейін әкеп береді, болмаса басқасын тауып аламыз, – деді.

Мұны естіген Әлібектің түрі өзгеріп кетті, иегі кемсендеп, көзі боталаған қалпы үйге жүгіріп кірді. Шешесі баласының жылайтынын да, өкпелейтінін де білген. «Бекер бердің ғой» деп ақсақалына кейіген-ді. Ол болса:

– Енді қайтесің, Пернештің көңілін қимадым. Бала жылар, қояр, ұмытып кетер, – деген.

Сол күні таң сәріден аттанып кеткен Пернебек бөлімше орталығына соғып, сондағы Ыбырайкен ұстаның үйіне түсіп, ақсақалға сәлем берді. Қариямен аз-кем амандық-саулық сұрап, сусын ішіп аттанған. Жол жүрер алдында көліктегі қыңсылаған күшікті көрген қария: – Мынауың, шамасы, тазының күшігі ғой, қайдан алдың? – деді. Пернекең туысқанынан сұрап алғанын айтып, нағыз құмай тазының күшігі, – деп «олжасын» мақтай жөнелгені. Сонда қария:

– Ым, солай де! Әлекең баласы аузын жалап алысып жүрген күшікті сенің көңіліңді қымай берген-ау! – деді. Соны айтып сәл бөгеліп қалған ақсақал:

– Тым болмаса ырымын жасап сатып алмадың ба.
 – О не дегеніңіз, ақсақал, өз ағамнан ит сатып алам ба?!

– Солайы солай-ау, бірақ «ағайыннан ит алма, иттей ырылдасып өтесің» деген бар емес пе.

Осы әңгімеден соң Пернебектің көңілі іркіттей ірісе керек. Не істерін білмей көлігіне үн-түңсіз мініп жүріп кетеді. Бірақ тасыған көңілі су сепкендей басылып, ақ күшікке үрке қарайды. Соның бір пәлесі жұғатындай шошынады. Сөйтіп ауылдың ең шетінде отырған әлдебір үйдің тұсына жете бере көлікті тоқтатып, күшікті сол үйдің ауласына үн-түңсіз қалдырып кете барады.

Бұл әңгімені Әлім күзге қарай бір-ақ естіді, есті де үнсіз қалды. Бірақ бұл жөнінде ол тірі жанға тіс жармады. Түйенің екі өркешіндей болып бір атадан қалған екеу еді, өндірдей екі бауырын баяғы сұрапыл аштық жалмады, одан қалғаны сұм соғысқа кетіп содан оралмады. Құдай енді артымыздан ерген бала-шағаға ғұмыр бергей, бірлігімізге береке бергей деп тәубе қылған.

Ал Әлібек болса сол күні үйден шықпай күні бойы жылады. Жылап жатып күшігін ойлайды. Не істеп жүр екен, тамақ ішетін уақыты болды, тамақ берді ме екен дейді. Осылайша, әкесіне де, шешесіне де өкпелеп күні бойы нәр сызбады. Күшігін ойлаған сайын уайымы сейілер емес, анасы келіп бетінен сүйіп «тамағыңды іше ғой» деп айналып-толғанды. Бала оған да көнбей, еңкілдеп жылап:

– Күшігімді неге бердіңдер, ол менің күшігім, неге бердіңдер?! – деп жатып алды.

Кешкілік әкесі келіп, баласының басынан сипап қасында ұзақ үнсіз отырды.

– Әлібек жан, айналайын, – деді бір кезде. – Маған ренжіме, құлыным! Басың аман, денің сау болса әлі талай-талай қызықтар бар алдында. Құдай қаласа келер жылы мектепке барасың, білім аласың, үлкен оқымысты боласың. Сен енді үлкен азаматсың ғой, ойлашы өзің, итпен ойнап жүргенің жараса ма?

– Оқымаймын, – деді Әлібек бұлқынып.

– Әлібек жан! Оқысаң мұғалім боласың, дәрігер боласың, инженер боласың, үлкен ғалым боласың. Оқыған жақсы азамат болсаң, елдің құрметіне бөленесің. «Бәленшенің баласы қандай жақсы жігіт!» деп айтады ел. Оқымасаң оқыған адамға атқосшы болып, соның айтқанын істеп, айдағанына жүресің. Қайсысы жақсы?

Осылайша, әкесі Әлібекті ұзақ әлдилеп орнынан эзер тұрғызды. Сол оқиғадан соң арада бірталай уақыт өткен. Бір күні әкесі жұмыстан ерте келді. Шөп машинаның косоғоны сынған екен, соны бөлімше орталығында тұратын Ыбырайкен ұстаға апарып, орнына бүтінін алып келу керек болды. Шөп шабу науқанының қызып тұрған шағы. Бөгелетін уақыт емес, шаруа тығыз болса керек. Бөлімше орталығына Әлібек баратын болды.

Әкесі Әлібекті атқа көтеріп мінгізген соң:

– Балам, күн жарықта желіп кет. Ыбырайкен ақсақалдың үйіне барасың, косогонның басын қанжығаңа байлап береді, соны ал да тез қайт. Түнге қалып қойма, ширақ жүр, – деді.

Әлібектің тақымындағы Айнакөз ат ап еткенде лоқ-лоқ желгені болмаса, ауылдан ұзап қыр асқан

соң шабандай бастаған. Күндізгі жұмыстан титықтаған жануар аса жүрдек жүріске құлық танытпай өгіз аяңға көшкен. Әлібектің де атты қинағысы жоқ, ол да өз ойымен өзі төңірекке самарқау қарап, көсіліп жатқан шұбар өзекті бойлап, ілбігеннен ілбіп, күн еңкейе бөлімше орталығына келіп, ат тұмсығын киіз үйдің белдеуіне тірей тоқтады. Үйден шыққан Ыбырайкен ұста: «Ассалау» деген Әлібектің сәлемін алып:

– Келіп қалдың ба? – деп баланың қанжығасынан сынық косогонды шешіп алған ол: – Біз биелерді ағытып, қайтар жолда ұстаханаға соғып, дайын тұрғанын алып келейін. Сен оған дейін үйде отыра тұр, – деп бәйбішесін ертіп бие саууға желі басына кетті. Ұста кісі келгенше Әлібек Ыбекеңнің баласы Жақан екеуі ананы-мынаны әңгіме қылып, асық ойнап уақыттың қалай өткенін білмей қалған.

Күн де ұясына қонуға тақаған кез. Биелерін сауып, құлындарын желіден ағытып болған соң еңкендей басып келген Ыбырайкен ата Әлібектің қанжығасына косогонның басын байлап жатып:

– Кешігіп қалдың-ау, ә! Енді тездетіп желе-жортып кет, әйтпесе қараңғыға қалып қоясың, – деді.

Әлібек атын қамшылап ауылдан ұзай берді, бірақ атсоғарын қанша сілтесе де, жарықтық, Айнакөз ат «Е, қайда асығасың» дейтін секілді, жүрісі өнетін емес. Күн ұясына енген соң төңірек бірте-бірте түн құшағына еніп, даланы тастай қараңғылық қымтаған. Әлібек енді атты қамшылауды қойды. Жолдың қайда қалғанын, қайда кетіп бара жатқанын да біле алмай бойын ұрей меңдеген. Мана Ыбырайкен ата

аттың басын қоя берсең жүрген жолымен өзі алып барады деген болатын.

Бар сенері астындағы Айнакөз ат. Ол болса өгіз аяңнан асар емес. Шиыр-шиыр дала жолы, сумаң-сумаң етіп, бірде оңға, бірде солға бастай жөнеліп, жолаушыны жолдан адастыруға құштар-ақ. Бірақ баланың тақымындағы есті жылқы күндізгі жүрген жолынан жаңылмай, сумақай жолдарға түспей, шөпшілер ауылына маңдай берген. Кейде жолсыз қырды басып өтсе, енді бірде қалың шалғынды алқапты қақ жарып күндізгі жүрген сүрлеуінен адаспай келеді. Әлібек көзге түртсе көргісіз қараңғы түнге үрейлене қарайды. Қорықынышқа бой алдырған сайын, көзіне әр тұстан шайттанның оты елестеп, бірде оңынан, бірде солынан әлдененің жарқ ете қалған елесі көзге шалынғандай. Баланың қорқып келе жатқанын астындағы Айнакөз ат та сезетін тәрізді. Жануар зәуеде бір рет пысқырып, қорқыныш қаумалаған бала жүрегіне күш беретіндей ме...

Осындайда «шайтандар от жағып, алдап-арбап шақырады-мыс» деген сөздерді үлкендердің әңгімесінен талай естігені бар. Содан да болар, соқыр түннің құшағынан жарқ ете түскен оттың ұшқыны сықылды бірдеңелер әредік көзіне шалынатын тәрізді. Ондайда атсоғарын сығымдай ұстап, өзін-өзі қайрап «қорыққанға қос көрінеді» деуші еді сондай шығар деп тістене түседі. Кенет Айнакөз ат әлдебір жалпақ тастың үстімен жүріп өтті. Әлібек мана күн жарықта дәл осы жалпақ тастың бетімен жүргенін, оған өзінің үңіліп қарағанын есіне алып, адаспай келе жатқанын білді. Бір жағынан астын-

дағы атына да ырза болып, ауылға жақын қалғанын сезді. «Адастым ба?» деген күмән да сейіле түскен.

Әлден соң алдынан айғайлаған дауыс естілгендей болды. Әлібек тағы да «шайтанның қорқытуы ма» деп оны тыңдамауға тырысқан. Алайда айғай қайта-қайта естілген сайын, өзін тосып жүрген әкесінің дауысын танып, атын тебініп-тебініп жіберді. Соны сезген Айнакөз ат та бүлкілдеп желіп жөнелген.

Үйдің қасына келгенде Әлібекті қолтығынан демеп аттан түсірген әкесі Әлім:

– Міне, азамат болды деген осы, үлкен шаруаны бітіріп келдің! – деп баласын қолпаштап, – үйге кіре бер, тамағынды іш, апаң да тосып отыр, – деді. Әкесінің әлгі сөзінен кейін Әлібек шынында да, есейіп қалған секілді ме, әйтеуір, анасына жолда қорыққаны туралы ештеңе демеді. Ертеңінде Әлім ақсақал баласының орталыққа барып келгені туралы ауылдастарына айтып:

– Косогон сынып, шөп шабылмай қалып еді, Әлібек балам түнделетіп орталыққа барып, ұстадан бүтінін алып келді, – деп талайға дейін мақтанып жүрді.



ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҚОЙ ЖЫЛЫ

IV тарау

ТАҢ СӘРІДЕ

БҮГІНДЕ:

Қой жылы жер бетіне «совет адамын қалыптастырамыз, коммунизм орнатамыз» деп жаһанға жар салған алып империя – Кеңестер одағы күйреді. Алып одақтың құрамына кірген бодан елдер өздерінің тәуелсіздігін жариялап, жеке-жеке егемен ел атанып жатқан кез. Әлдебіреулерге жалтақтап, әліптің артын бағып отырған қазақтар ғана. Тіпті Ресейдің өзі егемендігін әйгілеп үлгерген. «Тарап кеткен одақтың, ескі жұртында өтпей қалған қызға ұқсап отырып қалдық-ау!» деп қазақтар алаң.

Ақыры, Құдай ондап, тәуелсіздікке біздің де қолымыз жетті-ау! Күйреген империяның ең соңынан болса да бақыт жұлдызын ұстағандаймыз.

Беу, шіркін! Бұл бір ғажайып күндер еді! Әлібектің сол күні көңілі тасып-шалқып, көне шаһардың көшелерін ұзақ шарлады. Әншейінде шаң басып тұратын шағын шәрдің өзі сол күндері жарқырап, жайнап «БОСТАНДЫҚ!» деп ән салып

тұрғандай-тын! «Не деген бақыт, не деген қуаныш!» деп айналасына шаттана, мақтана қарады Әлібек.

Шынында да, Әлібек үшін сол күндері жер дүние бостандық деп ән салып жатқандай-тын! Құдайдың өзі жаңа ғасырға иек артқан шақта қазақтың көз жасын иіп, тәуелсіздікті сыйға тартқандай!

Ақ түйенің қарны жарылып, ақсарбас айтқан күн! Ақ еділ жыр ақтарылған күн! Сол күндері Әлібек тура ақын болып кеткендей, жүрегі жырлап: «Бостандығым, бостандығым өзің келіп қақтың қазақ қақпасын!» деп жүрегі жырлап жүре берген-ді.

Келіншегі Айкөркемнен сүйінші сұрады, балаларын құшақтап, беттерінен сүйіп: «Сендер тәуелсіз елдің ұландарысыңдар, сендер бақыттысыңдар!» деп шат-шадыман болған. Сонда алты жасар ұлы Манарбек:

– Көке, тәуелсіздік деген не? – деді.

– Ой, құлыным-ау, ол деген үлкен бақыт! Біздің Қазақстанымыз енді дербес ел, ешкімге жалтақтамай өз тағдырына өзі иелік етеді деген сөз. Сен өскенде сол тәуелсіз елдің үлкен азаматы боласың, – деп кішкентай ұлына соны түсіндірген болды.

– Көке, – деді баласы әкесін мойнынан құшақтап, – балмұздақ әперші.

– Е-е, балмұздақ дейсің бе, жүре ғой, қазір аламыз балмұздақты! – деп баласын жетектеп далаға шығып бара жатты.

...Қуанышы қойнына сыймаған Әлібек шадыман шаһардың шалқар көшесінде шалқып келе жатып, көлігіне мінгелі тұрған құрылыс басқармасының директоры Тыныс Мәлінұлымен кездесіп қалды.

– Ассалаумағалайкүм, Аға! Тәуелсіздігіміз баянды болғай! – деді шарға бойлы, нығыз денелі қара сұр кісінің жүзіне көз тоқтатып.

– Е, құтты болсын, құтты болсын! – деді ол, өңі әнтек салқын тартып. – Қайдам, бұның аяғы не болатынын?! Алып одақты құлатып алдық, сол ғана эттеген-ай! – деп кәдімгідей таусыла, торыға өкініш білдірді. Кеудесі шалқайған, тайқы маңдай осы бір тәкаппар кісіні Әлібек бұрын да жақтырмайтын, бұрын да оны ақылы шолақ, саяз көретін. Сол маңғаздың мына сөзін естігенде Әлібектің іші мұздап, айтарға сөз таппай тұтығып, тіпті көзіне жас іркілді. «Ұзақ жылдар партия, совет органдарында жауапты қызмет атқарған зиялы азамат» деп, сыпайы сіз-біз десіп жүретін Тыныс Мәлінұлын дәл мынандай опасыз, дәл мынандай өресіз деп кім ойлаған?! Тіпті сене алар емес!

«Апырай!» деді ол жаны ауырып, ішінен өкіне күрсінді. «Неге бұлай?» Қазақ бола тұра, қазақ елінің тәуелсіздігіне қуанбау деген қасіреттің үлкені шығар?! Сірә, бұлардың сана-сезімдері кешегі компартияның үгіт-насихатымен біржола оңалмастай уланған! «Құлақ кесті құлдық сана» деген осы ма? Одан арылса өлетін сықылды. Әдібі солай. Мұндайлар біздің арамызда, сірә, аз емес. Ана Рақыш Құлтаев секілді тұлыпқа мөңірегендер жетіп артылады. Жетпіс жылға созылған компартияның сарнаған идеологиясы мұндай жантықтардың жетім бақайына дейін сіңіп, нағыз Хомо советикус болып қалыптасқан.

Жаңағы сөзден кейін Әлібектің көңілі біресе құлазып, біресе ызаға булығып өзін эзер тежеді.

Қайбір жылы Брежнев өлді. Алып империяның көсемін жерлеу рәсімі көгілдір экраннан көрсетілді.

Көше толы көліктердің бір мезгілде үздік-создық боздаған жоқтау үні шаһар үстінде тұнып тұрды. Ел-жұрт Брежневпен солай қоштасты. Соның бәрін көк жәшіктен көріп отырған Өзтемір Темірболатов пен қалалық партия комитетінде нұсқаушы болып істейтін егде жастағы азамат көздеріне жас алып: «Дорогой, Леонид Ильич!» деп мұрындарын тартып, кемсеңдеп қимастық танытты. Бұған таза адамгершілік тұрғыдан қарасақ, түсінуге болады.

Әй, бірақ, Әлібекке бұл да онша ұнамады. «Бұл кісілер де жан-тәнімен партияның көлеңкесіне айналған. Сонда біз кіміз?» деп жазды ол өзінің қойын дәптеріне.

* * *

Жетпіс жыл жер дүниені дірілдеткен компартия да, оның көпірген көсемдері де келмеске кетті. Көп ұзамай жергілікті жерлерде әкімдіктер құрылып, мәслихат депутаттары сайлана бастады.

Қазақтың сайын даласын шарлап еркіндіктің ақ самалы есті. Әлібек те бақ сынап депутаттыққа тәуелсіз үміткер болып тіркелді. Өзінше үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, түрлі кездесулер өткізіп, ел-жұртпен жүздесе бастаған.

Алғашқы кездесуде-ақ ол өзінің басты мақсаты – туған тілінің қолданыс аясын кеңейту; ұлттық мектептер мен ұлттық балабақшалар ашу екенін алға тартты. Қаланың «Шығыс» ықшамауданындағы салына бастаған баяғы жаңа мектеп құрылысы біраз

жылдан бері қаржыға байланысты тоқтап қалған. Болашақта құрылыс жұмысын жандандырып, оны қазақ мектебі етіп ашсақ деген мақсатымыз бар, – деді ол.

Кездесуге қатысып отырғандардың бірі:

– Адамға әуелі дұрыс баспана керек, одан соң күн көру үшін табыс көзі болуы қажет. Сіз жалғыз тілдің мәселесімен болсаңыз, ол елге тамақ бола ма? – деді.

– Иә, туған тіліміз тамақ та, таяныш та болады, әрине, – деп сәл ойланып қалған Әлібек: – Сіздің сұрағыңызға былай жауап берейін: – Қалалық мәслихатта бұрынғыдай жүз жиырма депутат емес, бар болғаны он бес депутат болуға тиіс. Депутаттық корпусның басты міндеттерінің бірі – қаланың әлеуметтік-экономикалық, өндірістік қуатын арттыруға атсалысу. Онда түрлі комиссиялар болады, айталық: бір комиссия экономика және бюджетті жоспарлаумен айналысса, енді бірі мәдениет, өнер және тілдерді дамыту деп аталады, сол секілді экологияға, құрылыс сәулетке қатысты арнайы депутаттық топтар жұмыс істеуге тиіс. Егер мен депутаттыққа сайланып жатсам, мұның қай-қайсысымен болса да айналысуыма тура келеді, бірақ туған тіліміздің өрісін кеңіту мен үшін басты мақсат болып қалады. Бұл деген «басқа мәселеге көңіл бөлмеймін» деген сөз емес, – деді.

Осылайша, айдан аса арпалысқан науқан аяқталып, сайлау күні де келіп жетті. Бір мандатқа үш адам үміткер-тін. Әлібектің сенімді өкілі сайлау учаскесінде болып, дауыс беру аяқталған соң ол үйіне қайтып кеткен. Кеш түсіп, сайлаудың қорытындысы шығады-ау деген кез.

Бір уақытта Әлібектің телефоны «шар» ете қалды:

– Тындап тұрмын, – деді Әлібек.

– Әлібек Әлімович, құттықтаймын сіз басым дауыспен депутаттыққа өттіңіз, – деді сайлау учаскесінен телефон шалған адам.

– Енді не істейін, сіздерге келейін бе? – деді ол.

– Жок, әуре болмаңыз, қазір мұнда жұмыс көп, қол тимейді.

– Хабарласқаныңызға рақмет!

Әлібек шын қуанды. «Ойға алған мақсаттарымыз орындалып, тіліміздің көсегесі көгерсе, соған қарлығаштай септігіміз тисе жарады!» деп ойлаған.

Бірақ оның қуанышы ұзаққа бармады. Шамамен жарты сағат, бәлкім, бір сағат өтті ме, телефон тағы без-без ете қалды.

– Әлібек Әлімович, сіз кешіріңіз, біз қателескен екенбіз, сіз өтпедіңіз.

– Қалайша, жаңа өтті, деп едіңіз ғой сол екі арада не өзгерді?

Телефон «дың-дың» ете қалды. Ештеңені түсіне алмаған Әлібек қайтадан телефонға қол созды. Тағы да жаңағыдай жауап «біз қателесіп кетіппіз, кешіріңіз» дейді.

Солай болса солай да шығар, бұған сонша ренжудің қажеті жоқ. «Бұл – өмір ғой. Өмірде жеңіс те, жеңіліс те қатар жүреді» деп өзін-өзі жұбатқан болды ол. Дегенмен жұмыр басты пенде ретінде «әділ сайлау болмады» деген көңілде күмән қалды.

Дәл осы жолы Мәлінұлы да Парламент мәжілісіне депутаттыққа үміткер болып сайлауға түскен.

Оның сайлаушылармен болған кездесулеріне тілші ретінде Әлібек те қатысып, «маңғаз мырзаның» жұрт алдында сөйлеген сөздерін талай тыңдағаны бар. Өзін тым тәкаппар ұстайтын Мәлінұлы: «Сананы тұрмыс билейді, елдің тұрмысы жақсарса, дәулеті артса, соғұрлым ертеңгі күнге деген сенімі молаяды» деп сөзінің бісмілләсын осылай бастайтын.

Сол кісі, яғни Тыныс Мәлінұлы депутаттыққа басым дауыспен сайланған екен. Соны естіген Әлібек жүрегі аса қаламаса да «телефон соғып құттықтасам қайтеді» деп ойлаған. Тіпті жүрегі қаласын, қаламасын ол маңызды емес, жорналшы ретінде жаудан да ақпарат алуға тиіс. Әйтеуір сәлемі түзу. «Хабарласып көрейін» деп телефон құлағын әрі-бері бұрай бастады.

– Алло, тыңдап тұрмын, – деді қарлыққан жуан таныс дауыс.

– Ассалаумағалайкүм, Тыныс Мәлінұлы, бұл Әлібек қой. Иә, депутаттыққа өтуіңізбен, құтты болсын! – деді.

– Рақмет, рақмет, өзің қалайсың, өттің бе?

– Түнде олар «сіз өттіңіз» деп маған телефон соқты. Жарты сағаттан соң «біз қателесіп кетіппіз, өтпедіңіз», – деді.

– Е-е-е, ол енді түсінікті ғой. Сенімен бәсекелес болған ана жаңадан құрылған шойын өндіретін зауыттың директоры.

– Иә, сол.

– Оның адамдары түнімен сол жаққа жәшік-жәшік шампан тасып, ерсілі-қарсылы шапқылап жүрген. Белгілі нәрсе ғой, сен қаламыңа сеніп

үйде отырғанда олар шаруаны түгендеген, – деді Мәлінұлы өзінің құж-құж жуан даусын созып ыңырана сөйлеп.

Әлгі сөзден кейін Әлібектің ойына ертеде болған бір оқиға түсті. Бір жылы ол «Ауыл өмірі» деген телехабар дайындаймыз» деп қалаға іргелес жатқан көрші ауданға сапар шекті. Бұларды аудандық кәсіподақтар ұйымының төрағасы өз көлігімен алып жүріп, мал фермаларын аралатты, сауыншы мен бақташыларды таспаға басып, әңгіме-сұхбат құрды. Қайтар жолда совхоз директоры «үйден дәм татыңыздар» деп өз шаңырағына алып келді.

Директордың даңғарадай үйі. Қонақтарды бірекі жас жігіт пен әдемі келіншектер ыстық ықыласпен қарсы алып, жарығы мол кең бөлмеге бастап кірді. Ортадағы мол дастарқан аста-төк астан жайнап тұрғандай. Директордың өзі де жүзіктің көзінен өткендей ширақ, сыптығыр қара жігіт екен, ақпарат құралдарын ауылға алып келген аудандық кәсіподақтар комитетінің бастығына деген құрмет-қошаметін бірден байқатып үлгерген. Әлібектерді аса көзге іліп отырғаны шамалы. Дастарқан басында совхоз директоры аудандық кәсіподақтар ұйымының басшысына қаратып мынандай қызық әңгіме айтты:

– Аға, сіз өткен сайлауда неге депутаттыққа түспедіңіз. Алдағы сайлауда соған түсіңіз, өтпей қаламын деп ойламаңыз. Сайлау бюллетені дегеніңіз пачкасымен қалтамызда жүреді. Керек дауысты өзіміз мұздай қыламыз, – деді.

Мақтан үшін айтып тұрса өзі біледі. Дастарқан басында жазарман қауымның өкілі отырғанын ес-

тен шығарған тәрізді. Ара-тұра «журналшылардың құлағына алтын сырға» деп әзілдеген болады.

Арада талай уақыт өткенде Әлібектің ойына сол әңгіменің оралғаны қалай? «Жоқ, олай болуы мүмкін емес!» дейді ол. «Ол деген кеткен заман, өткен күннің үрдісі, ал біз болсақ Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз. Демек, бізде ондайға жол жоқ. Біздің өз бағыт-бағдарымыз бар» деп өзін-өзі сендіргісі келеді, алайда не деуге болады? Мына азаматтардың бәрі де кешегі кеңес үкіметінің илеуінен шыққан. Сайлау бюллетендерін қалталарына салып жүретін, өздеріне керек адамды өткізетін ескі дағдыдан арылмаса ше? Кеменің қожасы ауысқанымен, бағыт-бағдары өзгермеген сықылды.

Әйтсе де еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жаңарған дүние көп. Ең әуелі арқаға аяздай батқан бодандықтан құтылды. Өркениет жолында өз бағытын, өз болашағын өзі анықтайтын, Көк Туы көгінде желбіреген азат елге айналдық. «Әкімшілік», «Мәслихат», «Мәжіліс» деген жаңаша атаулардың өзі тәуелсіз еркін елдің ерекше көрінісіндей жүрекке жылы, көңілге күдіксіз әсер қалдырады. Солай десек те, мұның бәрі сыртқы сипат болса ше? Сана деген «керемет» бар, сол бодандықтан арылмаса қалай болады?! Осы бір «сүйкімсіз» сұрақтар үнемі Әлібектің алдынан шығады, соған жауап іздеп сарсаңға түседі. Сондай кезде оның көз алдына «Алып одақты құлатып алдық, сол ғана әттеген-ай!» деп кәдімгідей таусыла, торыға өкініш білдірген Тыныс Мәлінұлы келеді. Санасы осындай оймен тұмшаланған бір

ғана Мәлінулы болса оның жарасы жеңіл, өкінішке орай мұндайларды аз дей алмайсың! Олай болды екен, қоғамды бодандық санадан қалай құтқарасың? Қалай?» деп тұйыққа тірелгендей болады ол. Әлібектің пайымынша бұл дерттен құтылудың бір жолы – орыс тілінен бас тарту болса керек. Ол қолдан келе ме? Айналып келгенде отарлық жүйенің ықпалынан шығудың шым-шытырық жымдары барған сайын күрделене түскендей.

Әлібектің сыртқа шықпаған іштегі ойының дұрыс-бұрысын кім білсін. Жүрдек уақыт алға озған сайын баяғы әміршіл жүйе қайтадан бас көтере бастаған. Шайтанның көлеңкесіндей ербендеген жағымпаздықтың да одан қалғысы жоқ. Өтіріктің де қарасы қалың. Әлібек әуелі өзінің мәслихатқа депутаттыққа өтпей қалуынан күдіктенді. «Бәлкім, мен қателескен болармын» деп үнемі өзін сендірумен болған.

Күмәнді ойда жүрген ол бірде Әбсадық Әйтемовичтің кабинетіне кірді, оны жаңа қызметімен құттықтамақ. «Жаңа қызмет» болғанда алып бара жатқан жаңасы шамалы. Бұрын Әбсадық қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары болса енді әкімнің бірінші орынбасары. Кабинеті сол баяғы. Орынтағы да сол, жиһаздары да баяғыша. Тек бұрын төрде Горбачевтің суреті тұратын, сол ғана орнынан түсіп, жел қуған ебелек құсап босаға жақтағы шкафтың артына «бой тасалапты». Оның орны әзірге үңірейіп тұр. Басқа өзгеріс жоқ. Тіпті құжаттарға қол қоятын қаламсабы да баяғы қара сиямен жазатын жез шығырла қара қалам. Әлібек оны талай көрген: «Мені танысың ба, енді

сенің тәуелсіз еліңе қызмет етемін» деп мысқылдап тұрғандай. Ресейде шыққан кәрі қаламсапқа «Сен әлі жүрмісің?» дегендей Әлібек те қадала қарады. Әбсадық соны сезді ме, қайдам, қаламсабын тартпасына салып қойды. Кабинет ішіндегі осы бір болымсыз өзгерісті тез пайымдаған Әлібек:

– Қызмет құтты болсын, Әбсадық Әйтенұлы! – деді.

– Рақмет! Қалай, халдерің жақсы ма? Жұмыс бастан асады. Қалада азық-түлік тапшылығы туындап тұр. Егор Иванович облыс басшысы өткізетін шұғыл жиналысқа қатысу үшін түнделетіп жол жүріп кеткен. Егер шаруаң тығыз болмаса кейінірек хабарласайық, қазір мүлде уақыт жоқ. Зауытка бара жатырмын.

– Кешіріңіз, кезек күтетін емес.

– Ол не тағы да?

– Әбсадық Әйтенұлы, өзіңіз білесіз, алдыңғы жылдары зордың күшімен ашылған қазақша балабақшалар неге жабылып жатыр, тіпті іштері тас-талқан болып мүлкі тоналған. Мен соны түсінбеймін. Бұл нені білдіреді?

– «Нені білдіреді?» деп одан бәлендей астар іздеудің не қажеті бар? Оның бәрі қаржыға байланысты. Жалғыз қазақша ма, басқалары да бар. Ешкім әдейі жауып жатқан жоқ. Дегенмен ол шаруаны бақылауға аламыз, оған аландама, – деді ол жүре сөйлеп.

V тарау

МАҚАННЫҢ СЫРЫ

Зейнеткерлікке кетердің алдында Мақан ақсақал ұзақ жыл еңбек еткен жұмыс орнын, сүйікті кәсібін қия алмай көп толқыды. Көз алдынан өткен өмірі, көшкен керуендей тізбек-тізбек сырғыды. Ол әкешешеден ерте айырылып, жетімдіктің тауқыметін тартты. Барар жер, басар тауы қалмаған жетім бала қаңғыбастыққа салынып азып кеткен кезі де болды. Сондай күндердің бірінде бір үлкен азамат жүдеп-жадап жүрген қаңғыбас баланы қолынан шап беріп ұстай алғаны. Баланың зәресі ұшып, жұлқынып зыта жөнелмек еді, әлгі ағатай «балақай қорықпа» деп босатпады. Бейтаныс адамның өңі жылы, көзі күлімдеп бұған: – Атың кім, сенің? – деді.

– Мақан, – деді бала.

– Қарның ашқан шығар, жүр менімен бірге тамақ іш, мен Сапар деген ағаң боламын, – деді бейтаныс адам. Сөйтті де баланы көлікке мінгізіп алып кетті. Бала Мақанның өмірі сол күннен бастап өзгерді. Сапар ағатай оны интернатқа алып келіп: «Осында тұрасың, оқу оқисың. Оқуды жақсы оқысаң, жақсы азамат боласың. Мен өзім анда-санда келіп, сенің жағдайыңды біліп тұрамын. Жатын орның мен киім-кешегіңді, ішетін тамағыңды бәрін-бәрін жақсы оқуыңмен, үлгілі тәртібіңмен өтейсің», – деді. Интернаттағы апайлар әлгі ағатайды көргенде: «Сапар Ақпанович!» деп кұрақ ұшты. Сөйтсе ол өндірістегі партия ұйымының хатшысы, үлкен бастық екен.

Сол күні бала Мақан су тимей ұйысып, киіз болып кеткен сабалақ шашын қырғызып тастады. Жуынды, шайынды, шыттай жаңа киім киіп, партаға отырды.

Алайда бойына жұққан жаман қадеттен арылу оған оңайға түскен жоқ. Оның ең бір жағымсыз әдеті – шылым шегу еді. Иә, шылымды кім шекпейді дейсің, бәрі шегеді, бірақ бала Мақанның темекіге әуестігі тым ерте басталғаннан ба, өте тұрпайы болатын. Темекі сатып алатын оның қалтасында тиын-тебені ол уақытта қайдан болсын. Сондықтан да адамдардың шала тартып тастаған темекі тұқылын жинап алып соны шегетін. Тұқылды көп тартқаннан саусақтарының басы сарғайып, алдыңғы күрек тістері қарайып кеткен. Осы бір жаман әдетке үйренгені сонша кейде көшеде келе жатып, көзіне түскен темекі тұқылын іліп алатын дағдыдан бертінге дейін айыға алмай жүрді. Қалтасында дені түзу бір қорап «Беломоры» тұрса да көшеде немесе саябақта көзіне іліккен қалдық «оурканы» қырғиша іліп алатыны бар. Онысын кейде өзі де білмей қалатын.

Бесіктен белі шықпай жетімдік тақсыретін көрген бала Мақанның кейінгі өмірі тырбынып, оқумен, ізденумен өтті. Сапар Ақпанович баз-базда интернатқа келіп, жетім баланың хал-жағдайын, сабақ үлгерімін сұрап тұратын. Соның өзі баланың бойына күш-қуат құйғандай ма, әйтеуір, өзін қорғаушысы бардай сезіне бастаған. Сөйтсе Мақан сияқты тұл жетімдер мұнда баршылық екен. Көбі ашаршылықта әке-шешеден айырылып қараусыз қалған, солардың бәрін Сапар Ақпанович тауып

әкеліп, осында орналастырған дейді. Жетімді жебеген Сапар ағаның қамқорлығын Мақан өле-өлгенше ұмытпақ емес. «Жарықтықтың жүрегі мейірімге толы ғажайып адам еді!» деп оны үнемі елжіреп еске алатыны да содан.

Мақан орта мектепті бітіріп, кейін сырттай оқуға түсіп, қызметке іліккенде туыскандары табылып: «Ойбу жарығым-ай! Бар екен ғой, тірі екен ғой!» – деп ағайындары жылап көріскен-тін. «Ештен кеш жақсы» демекші. Оған да тәубе, солардың көмегімен жасы отызға іліккенде үйленіп, отау тікті. Алланың бергені, қазір төрт ұл, екі қызы бар. Балаларының алды үйлі-жанды болып, өрісін ұлғайтып отыр. Мақан ақсақал осы жасқа жеткеніне де шүкіршілік етеді. Баяғыда қаршадай кезінде қаңғып жүріп бір шұқырда үсіп өлсе қайтер еді? Көретін жарығы бар екен, Аллаға тәубе! дейді. Өткенкеткенді ойлаған ол бүгін қатты толқу үстінде.

Кетерінен бірер күн бұрын Әлібекпен сыр бөлісті:

– Шырағым, Әлібек, – деді ол аса сабырлы, қамқор дауыспен, – біз енді базардан қайтқан адамбыз. Өмір сендердікі, жұмысыңа сәттілік тілеймін, – деді бозаң тартқан қабағын қағып, тарамыс саусақтарымен көзәйнегін түзеген болып.

– Сенің туған тілге деген жанашырлығыңа мен тәнтімін. Осы алған бетіңнен қайтпа. Біздің оны ойлауға мұршамыз болмады. Бар сенгеніміз Өзтемір ағаң ғой, өзің білесің, ана жылы желтоқсан оқиғасынан соң ұжымда өткен жиналысты есіңе түсірші. Сонда Өзтемір Темірболатов: «Партияның орталық комитеті біздің мозговой центріміз. Ол не айтса біз

соны орындаймыз. Партбилет біздің екінші жүрегіміз» деп еді ғой. Есіңде ме?

– Иә, иә, есімде. Оны қалай ұмытамыз, жасыратыны жоқ, ол кісі нағыз коммунист, совет адамы.

– Оны түсінуге болады, заман солай болды ғой. Күні кешеге дейін мен де солай ойлағам. Мені де партия оқытып-тоқытып адам қылды. Оның өтеуі не деп ойлайсың? Бұған тереңірек ой жіберсең, мәселе мүлде басқаша сипат алады. Мысалы, менің және мен секілді көк жетімдердің әке-шешеден айырылып, пұшайман халге түсуі – отаршыл озбырлықтың салдары. Менің әкем айдауда кеткен екен, не үшін айдалғанын өзіміз де білмейміз. Бай емес, бағылан емес, қарапайым шаруа. Ал оның тұлдыр жетім баласы кеңес мектебінде оқып, соның тәрбиесін алып, партияның сойылын соғатын құлтемірге айналды. Құлтемір дегенді білесің ғой, оның жаны жоқ, өзіндік ойы жоқ, ұлттық өресі кем, қожасының айтқанын орындайтын робот. Қысқасы, біз жалған сенімнің құлы болғанбыз. Әлібек, қарағым, біздің ұлт болып сақталып қалуымыз туған тілімізге, дәстүр-салтымызға және дінімізге байланысты екен. Мейлі сен ғылым-білімді, ғарышты игер, бірақ туған тіліңнен ажырама, дініңнен жаңылма. Одан айырылсаң сен қазақ емессің. Ұлт емессің, тобырсың, – деді ол екі алақанын жайып. Осы сөзді біреуге дәлелдегісі келгендей Әлібекке тесіле қарап: – Мен соны ұқтым. Авар халқының ұлы ақыны Расул Ғамзатовтың:

«Егер тілім ертең болса құрымақ,

Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ» деген өлең жолдары адамға керемет ой салады.

Әлібек Мақанды жаңа көргендей таңырқай қарады, сөзін бөлгісі келмей үнсіз ұйып тыңдады.

– Алайда менің айтпағым мынау, – деді Мақан Мақсатұлы сөзін одан әрі сабақтап, – жетпіс жыл бойы орыс тілі үстемдік құрып, қазақ тілін тықсырып, қоғамдағы қолданыстан шығарды. Қазақ тілінің енді қайтадан қатарға тұруына, топшысының бекуіне, меніңше оған да осынша жыл қажет шығар деп ойлаймын. Мен түсінсем, ана тілге деген біздің қоғамның да, биліктің де көзқарасы алақұла. Ендігі сендердің қарсыластарың анау Рақыш Құлтаев, сол сияқтылар болады.

– Мақа, оныңыз рас, мен солардан қатты қауіптенем. Іштен шыққан әзәзіл дерсің.

– Ешкімге айтпаған бір оқиғаны айтайын: тәуелсіздік алғаннан кейін біздің қалаға үлкен кісінің өзі келді. Оны өзің білесің. Сол жолы ол кісі құрылыс алаңында жұмысшылармен кездесті, әуелгі сөзінің бәрі жақсы-тын. Тәуелсіздігіміз жайлы, елдің кемелденуі туралы ой толғап, «бірінші экономиканы дамытамыз, қалғаны содан кейін болады» деп еңбек адамдарымен етене сөйлесті. Сөйтіп тұрғанда бір жұмыскер адам қазақша сұрақ қойды: «Туған тілімізді қалай өркендетеміз, тіліміз қолданыстан шығып қалды?» деді.

Сонда үлкен кісі оған: «Сен әуелі өзіңнің отбасына, балаларыңа қазақ тілін үйрет, содан кейін барып басқаларға айт. Әуелі өзің үйрен» деп кәдімгідей зілдене зекіді. Бір есептен оныкі де дұрыс, иә, өз тілінді отбасында өгейсітпе дегені ғой. Алайда сұрақ қойып тұрған қарапайым жұмысшы, әрі кетсе кәсіптік училище бітірген болар. Ол бар болға-

ны өзін мазалаған сұрақты қойды. Сонда мен ана азаматқа жаным ашыды. Баяғыда колхоз басқармалары колхозшыларға солай зекитін. Зекіп қана қоймай қамшы үйіретін. Ал ана кісі колхоз басқармасы емес, елдегі бірінші адам ғой. Біз жиырма бірінші ғасырда тұрмыз. Кейін әлгі жұмысшыны кездейсоқ жолықтырып:

– Қалың қалай інішек, өткенде үлкен кісіге қойған сұрағың маған ұнады, жарайсың! – дедім әңгімеге тартайын деп.

– Қойыңыз, оны қайтесіз, – деді ол жан-жағына жалтақтап қолын сілтеп.

– Не болды? – деп мен де соңынан қалмай тақымдадым. Сөйтсем сол сұрақтан кейін бастықтары оны шақырып алып: «Саған ондай сұрақты кім қой деді, неге қойдың? Кім үгіттеді?» деп жерден алып, жерге салған. Көрдің бе, бұл деген туған тілге тосқауыл. Осыдан кейін ол азамат қазақ тілінің сойылын соғады деп айта алмайсың. Адамның ілуде біреуі ғана мұндай қыспаққа төтеп береді, ал ана кісі жұмыскер адам, – деп өткен оқиғаны Мақан қинала еске алды. Сәлден соң сөніп қалған темекісін тұтатқан ол, шылымын бір-екі сорып, әңгімесін қайта жалғады:

– Міне, осындай тосқауылдарға қарамастан ұлтым деген азаматтар тілімізді тірілтеміз деп арпалысып жүр. Ал қолында құзыреті барлар не істеп жүр, соны білесің бе? – деді даусы сәл қарлығып, оты азайған жанары тұнжырай түсіп.

– Қайдан білейін, Мақа, бізге айта ма олар?

– Алысқа бармай-ақ, осы біздің қаламызды айттайықшы, кеше білетін адамдардан естідім, мына

жүк тасымалдау кәсіпорыны жекешеленіп жатыр, одан кейін тағы біреуі кезекте тұр екен. Ал енді сен әлгі «жабылып қалды» деп қапа болып жүрген балабақшалардың қайсыбірі жекешеге өтіп кеткен. Олар одан балабақша жасайын деп отырған жоқ, біреулері пәтерге, енді бірі шеберханаға айналдыруда.

– Мақа, тілдің мәселесімен, жекешелендірудің арасында қандай байланыс бар? Мұны неге айттыңыз?

– Мәселе сонда. Сен сықылды «жалаңаяқ» патриоттар (бұған ренжіме) қазақ тілі деп зарлап жүргенде кешегі шенділер халықтың жылдар бойы жиған-терген қазынасын бөлісіп жатыр. Қарашы өзің, ана зәулім кинотеатр, мына орталықта тұрған аумағы атшаптырым сауда үйі кімнің меншігіне айналғанын білесің бе? – деп ол үнсіз отырып қалды. Әлібек те тек тұрмай:

– Әйтеуір осы елдің азаматы иеленсе, осы елдің адамдары байыса жаман болмас. Жатқа кетпесе болғаны да.

– Ол да жөн. Бірақ мынаны қалай ұмытасың, соны алып жатқандар ұлтқа қызмет ете ме, ұлтжанды ма, әлде құзғын құсап өздері басып жей ме? Бар кілтипан сонда. Оларға салсаң «сананы тұрмыс билейді» дейді. Қоғам байлығын осындай түсініктегі шенділер басып қалуы бек мүмкін. Олар байыса ақылды болады екен, ұлтжанды болады екен, мемлекетшіл болады екен деп мүлде ойламаймын. «Ақыл бітпес дәулетке» деп Абай хакім текке айтпаған.

– Оның бәрі үкімет пен қоғамның бақылауында болатын шығар. Оған соншалықты алаңдаудың

бейді, сондықтан елдің бәрі түсінетін тілде жұмыс жасаймыз.

– Өзге ұлт өкілі дегеніңіз үш-ақ адам. Қалғанының бәрі мемлекеттік тілді біледі, түсінеді. Сіздер неге ілеспе аударма жасамайсыздар, әлде оған мүмкіндік жоқ па?

– Енді бәрі бірден болмайды ғой. Сөзіңіз орынды, ілеспе аударма жасауға қазір мүмкіндік жетеді, оны ойластырып жатырмыз, – деді.

– Түсінікті, – деді берген жауапқа ырза болмаған Әлібек. – Біздікі айту, жасау-жасамау сіздердің еріктеріңіз, – деді табан астында жалтара салған жауапқа көңілі толмай.

Сол күні түс ауа Әлібекті студия директоры Тәңірберген Тәукеұлы шақырды. Өзтемір Темірболатов зейнетке кеткен соң оның орнына осы Тәңірберген тағайындалған. Оның мемлекеттік теле-радио комитетінде жақсы танысы бар екен соған самолетпен ұшып барып, қалалық телестудияға директор болып тағайындалып келген беті-тін.

Бұрын шарт-шұрт шахмат ойнап, тіпті тойтомалақта тентек суды да бірге ішіп жүрген жолдас жігіт, мансабы өскен соң кісілік келбеті өзгеріңкіреп кеткен.

Ол енді үйреншікті жағдай. Ең бастысы, Құлтайдың деңгейіне құламаса болды деп Әлібек жаңа бастықтың кабинетіне кірді. Бұрынғы Өзтемір Темірболатов отырған кең бөлме жарқырап тұратын. Ал қазір тіпті жұпыны, жүдеу секілді. Аса ештеңе өзгермеген, жиһаздары сол қалпы, тек «қожайын» басқа демесең.

керегі не? Үкіметтік ұйымдар мен құзырлы құрылымдар бар солар оған қарауыл. Әрі-беріден соң, мемлекеттің заңы бар ғой, – деді Әлібек. Мақан мырс етіп күлді де:

– Әрине, оған да талас жоқ, түсінік пен түйсік төмен болса, қалай болады дегенім ғой, – деді.

Сол күні Мақан Мақсатұлы Әлібекпен ұзақ әңгімелесті. Бұрын ылғи жұмысты айтатын, шахмат ойнаса өктемдік жасап, жеңе қалса: «Ә, бәлем, қатырдым ғой!» деп қарқылдап күліп отыратын Мақан Мақсатұлын Әлібек тіпті танымай қалған.

«Ей, Мақам-ай! – деді ол ішінен. Осыған дейін осындай әңгімені неге айтпады екен, бәрін ішіне сақтағаны ма? Әлде, қалай, «құлтемірге айналдық» деп жетпіс жылға созылған сайқал идеологияның құрбаны болғанымызды мойындағаны ма? Сөз әлпеті соған келеді. Бұған да тәубе, тәубеге келе алмай, құлсанадан арыла алмай жүргендер қаншама» деп ойлаған.

Мақан зейнеткерлікке кеткен соң Әлібек оның орнына қазақ редакциясының басшысы болып тағайындалды. Содан бастап шаһардағы келелі жиындарға жиі қатысатын болған.

Тәуелсіз елміз, бірақ мемлекеттік мекемеде өтетін алқалы жиынның бәрі орыс тілінде өтеді. Бұрынғыдан еш өзгеріс жоқ. Бірде ол мәслихатта өткен кезекті жиынға қатысты.

Жиналыстың соңында мәслихат хатшысына сұрақ қойды:

– Жиналыс неге мемлекеттік тілде өтпейді? – деді ол.

– Сұрағыңыз түсінікті. Қатысушылардың арасында өзге ұлт өкілдері бар, олар қазақ тілін түсін-

– Мәслихатан телефон соғып, сен туралы айтып жатыр. «Ана Әлібек деген неге осы қазақ тілін айта береді? Әр нәрсенің уақыты бар, кезі келгенде жаппай қазақша сөйлерміз. Соны неге түсінбейді?» – дейді. Бұған не дейсің?

– Е, кезі келгенде сөйлейді екен ғой. Ал оларға өзің не деп жауап бердің? «Кезі қашан келеді?» деп сұрадың ба?

– Әлібек, менің ода нем бар. Сөйлесейін, айтқандарыңызды жеткізейін, – дедім.

– Бар болғаны сол ма?

– Иә, – деді ол жүзі қызараңдап.

– Жақсы онда сау бол, – деп орнынан тұрған Әлібек есікке беттеген.

– Әлібек, тоқтасаңшы, әңгіме біткен жоқ қой.

– Сен айттың, мен естідім, сол емес пе әңгімен, – деп Әлібек кабинеттен шығып кетті. «Осыны да бірге жүрген азамат дейміз-ау!» – деп ренжіп жүрді.

Әлқисса, Әлібектің ойына баяғы балалық шағы орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Тамыз айының соңғы күні. Қаракер атқа мінген әкелі-балалы жолаушылар бөлімше орталығында тұратын молданың үйіне келіп түскенде, күн де екінтіге құлаған еді. Ақ кимешегі желбіреген молданың бәйбішесі:

– Қайным-ау, аман-есенбісің, келіннің қол-аяғы аман ба? – деп жалпылдап қарсы алды.

– Аманбыз, жеңеше, өзіңіз күйлі-қуаттымысыз? Молдекең қалай, тың ба?

Сөйткенше түйелерін жайғастырып жүрген молда кісінің өзі де келді. Ұзын ақ сақалы кеудесін жапқан, ақ сұр сидиған арық шал екен. Әкесімен емен-жарқын амандасып, мал-жанның амандығын сұрап жатты. Әкесі айтты:

– Мына Әлібекжанды алып келдім, қыстаққа қонғанша сіздердікінде жатып оқысын. Салт атпен катынап оқуға әзірге жер аяғы алыс, біз ана Үлкен Көксайдың аяғында күзекте отырамыз. Сентябрді тауысып қыстаққа бір-ақ қонамыз, соғанша осында болса, – деді.

– О не дегенің, Әлім-ау! Жатсын, жатсын. Үй жетеді ғой, – деді молда кісі кемпірі екеуі қосарлана сөйлеп.

Жаңа жол бойы әкесі Әлібекке бұл кісілердің өте мейірбан, қарапайым адамдар екенін жеткенше айтып келген. Сөз арасында асырап алған қыздары барын, баз-базда келіп-кетіп жүретінін де айтқан.

Дәрібай молданың табалдырығын аттаған бетте Әлібектің көзі бірін-бірі қуып, жортып жүрген мысықтарға түсті. «Не деген көп мысық!» деп таңырқап тұрып қалған ол. Соны аңғарған әкесі: «Балам, оған көңіл аударма, бұл кісілерде мысық көп, бәрі сенекте жүреді» деп баласына ескерткен болды. Әлібекті орналастырған соң әкесі бірден ауылдарына аттанып кетті.

Содан бері Әлібек молданың үйінде. Бұл үйде бала істейтін шаруа жоқ, бір ғажабы бәйбішесі де, өзі де бала жұмсамайды екен. Айтатын әңгімелерінің көбі мысық пен түйе туралы, әсіресе мы-

сықтардың әңгімесі. Әлібек әуелгіде таңырқап жүрді де келе-келе өзі де мысықтармен ойнайтын болған. Ең қызығы, дәлізде жортып жүрген мысықтардың бәрінің аты бар. Ат қойыстары да қызық. Мысалы, біреуінің аты «ұзын мойын», енді бірінің аты «быжылдақ», тағы бірінің аты «шұбар бет», біреуінің аты «судыр» солай кете береді. Мысықтардың ұзын саны оннан асады, бәлкім, одан да көп шығар.

Әлібек таңертең ылғи кемпір-шалдың самбырлаған дауысын алыстан ұйқылы-оюу естіп жатады. Екеуі құлқын сәріден тұрады, түйе сауады, оны өріске айдайды. Малды жайғап болған соң үйге кіріп сенекте жортып жүрген мысықтарға тамақ береді. Әлібек күнде ертемен Ақлима апаның самбырлаған дауысынан оянады:

— Ана «ұзын мойын» маған мөлііп қарап тұр, қарны ашқан ба деп ыдысқа сүт құйдым. Үйбай, мұртын жалап менсінбейді, О несі ей!? Әлдеқандай болып... Көп болса тышқан ұстап жеген шығар, бәлсінеді ғой. Құйған тамақтың бәрін «быжылдақ» пен «судыр» ішіп алды. Кешеден бері «мәулен» көрінбей кетті. Бейшара қайда жүр, буаз еді өзі, — деп кәдімгідей уайым шегеді.

Әлібек кейінірек түсінді, мысықтардың аты неге олай екенін. Сөйтсе, Ақлима апаның мысықтары осы ауылдағы адамдардың лақап атымен аталады екен. «Есітімеген елде көп» деген осы. Әлібек сары ала мысықтардың атын жаттап алғанымен, қайсысының «быжылдақ», қайсысының «судыр» екенін ажырата алмады. Оның бәрін Ақлима апа өзі біледі, тіпті аттарымен атап шақыратынын қайтесің!

«Ұзын мойын» деген мысық бар, Түгелбай қыстағында отыратын шопанды ел «Ұзын мойын» деп атап кеткен, көзінше емес, әрине, сыртынан айтады. Ана Жәкібай қорасында отырған Байтас екі сөзінің бірінде «Қарошо» деп сөйлейтін, ел де оны солай атап кеткен. Құрдастары ол кісіні көзінше де солай «Қарошо» дейді. Ол да соған үйреніп алған «Қарошо» десе «әу» деп жүре береді. Бұлардың ішінде тағы бір мысық бар, оның түрі бөтен. Мына тұқымнан емес, аты «қызыл көз», кейде «белсенді» дейді. «Қызыл көз» мыналарға қосылмай бөлек жүреді. Ұзын сенектің түп жағына киіз үйдің жүгі жиналған, уық, керегелер мен туырлықтар текшеленіп мұқият қаттаулы тұр. Үсті көнетоз киіз туырлықпен жабылған. Мына көп мысықтың үйшігі сол киіз үйдің жүгі, марғаулар соның қуыс-қуысына бірі кіріп, бірі шығып асыр салады. Ал әлгі «қызыл көз» деген қара ала мысықтың үйірі басқа ма, қайдам, мына сары ала мысықтарға жоламайды, тамақты да Ақлима апа оған арнап бөлек ыдысқа құяды.

Кеше сол қара ала мысық ыдыстағы тамағын ішіп болған соң мұртын жалап, ана сары ала мысыққа қарап шоқиып отыр екен. Соны байқап отырған Ақлима апа:

– Немене «қызыл көзім», белсенділігің ұстап мыналарға бір жамандық ойлап отырмысың, тек жүрсең болмай ма, түге?! Олар да сенің туыстарың ғой, – деп әлгі қара ала мысыққа қарап сөйлеп отырды. Ол да бірдеңе түсінді ме, қалай, кемпірдің қасына жақындап пыр-пыр етіп, ұзын құйрығын серейте көтеріп иесіне сүйкенді. Кемпір оның басынан сипап «Әй, қызыл көзім-ай!» деді.

Жарықтық, Ақлима апа кейде алжасқан адам секілді. Бірақ ондай емес, мына айтып отырған «қызыл көз белсендісі» баяғыда марқұм болған Құлтай деген адам екен. Олар осы ауылға іргелес, кезінде Қарақой деген отгон болған, сол жерде тұрыпты. Иә, Әлібек оның бәрін ол уақытта түсіне алған жоқ.

Бір күні өзімен-өзі сөйлеп, дастарқан жасап жүрген Ақлима апа кешеден бері ана «иісмай» мен «шұбарбет» баж-баж етіп бірдеңеге таласып жүр. Екеуі тышқан алып соны бөлісе алмай жүр ме десем... Шайтан шалған немелер ана «көкнәрге» бола бажылдап жүр екен. Соры қайнағандар, – деді.

Кітап оқып отырған ақсақал кемпірінің сөзіне бір жымыды да қойды. Ақлима апаның сөзінің бәрі жұмбақ, мысық бер жағы. Әлібек оның бәрін кейін есейген кезде барып бір-ақ түсінер, әзір ақылы жететін шаруа емес.

Сол күні кешкілік шал мен кемпірдің үйіне бір жас келіншек келді. Кемпір-шалдың асырап алған қыздары осы екен. Аудан орталығында тұра ма, бәлкім, қалада тұра ма, кім білсін, бала Әлібек оны айыра алмады. Ол бірден шаруаға араласып, түйені өзі сауып, отты өзі жағып, шешесіне қолғабыс болды. Сабақтан келген Әлібек күндегідей таза киімін шешіп, мұғалімнің берген тапсырмасына үңілген. Одан соң біраз мысықтарды қуып ойнап көрді.

Кешкілік төргі жатын бөлмедегі сырмақтың үстіне төсегін салып қойған екен, Әлібек күнде осы бөлмеде жалғыз жататын, бүгін жерге екі төсек салынған. «Бұл кімдікі болы екен?» деп ойлап үлгергенше қонақ келіншек:

— Мынау сенің төсегің, жатып ұйықтай бер, — деді Әлібекке. Басы жастыққа тиген Әлібек жұқалтаң түйе жүн көрпені жамылып жатып қалған. Түн ішінде, шырт ұйқыда жатқан Әлібек әлденеден селк етіп шошып оянды. Сөйтсе қонақ келіншек мұны жамбасына төсеген көрпе-жастығымен қосып дырылдатып сүйреп барады. Саскалақтап қорқып қалған Әлібек төсегінен атып тұрамын дегенше, сопаң етіп қонақ әйелдің қасынан бір-ақ шықты.

— Менің қасыма жақынырақ жат, қорықпа, түнде ашылып қаласың, тоңасың, — деді. Әлібектің зәресі ұшып:

— Жатпаймын!

— Неге жатпайды екенсің, менің де сендей ұлым болады, жата ғой, — деді. Әлібек қорқа-қорқа жастыққа бас қойды. Сәлден соң келіншек мұны құлағының түбінен иіскеп, бетінен сүйіп, құшырлана қатты-қатты құшақтағаны.

— Әлі кішкентайсың ғой, — дейді, нені айтып жатқанын кім білсін.

Сол күні Әлібек көпке дейін ұйықтай алмай, мазасы қашып, тырмысып, мына қатынның құшағынан босай алмай жатып көзі ілініп кеткен екен, түн ішінде әлдененің иісінен оянды. Басын көтеріп қараңғы үйде жан-жағына шошына көз тастады. Сөйтсе жанағы молданың қызы шоқиып темекі тартып отыр.

— Жатып ұйықтай бер, — деді ол баланы басынан сипап. Көрпесін бүркеніп алған Әлібек тыпыр етпей жатып ұйықтап қалған, әлден уақытта бірдененен тағы да шошып оянды. Үйдің іші жап-жарық. Таң қылаң берген. Орнынан ұшып тұрған ол киімін

шыттай киініп алған соң, алды-артына қарамай Үлкен Көксайдың аяғында отырған ауылына жаяу тартты. Адасып кетемін деп қорқатын емес, әкесіне еріп талай жүрген, талай көрген таныс өлке. Бұны аңдып тұрған да ешкім жоқ еді. Қарашоқы қыстағына шығатын жалғызаяқ сүрлеуге түсіп алған Әлібек ауылдан ұзап бара жатты. Сентябрдің іші жерге шық түскен, күн салқындау еді. Әлібек ештеңеге бөгелетін емес, жүріп келе жатып төңірегіне жиі көз жүгіртеді. Даланың өңі сарғайып, киік жондана түскен. Оң қапталында көсілген шұбар өзек күнбатысқа қарай созылып, сонау Сүйірбай жотасына иек артады. Анау жылы салт атпен сол өзекті өрлей жүріп өткені ойына оралды. Сол бір қорқынышты түн қазір де санасына сәуле шашып жарқ ете қалғандай. Иә, ол кезде тақымындағы Айнакөз ат мұздай қараңғы түнде мұны үйіне адастырмай алып барған еді. Ал қазір ше, қазір ол үшінші класта оқиды, «енді мен қорқпаймын да, адаспаймын да» дейді ол іштей қатуланып.

Осылайша, ұсақ төбелерді бөктерлей жүрген бала күн сәскеге тырмысқанда Қарашоқының үлкен қайқаңына көтерілді. Биікке шыққанда сай табанында өздері қыста отыратын тоқал там мен ауыл іргесіндегі жалғыз тал көзіне жылы ұшырап көрінген. Қайқаңнан түскен бетте ол жалғыз талдың түбіндегі бұлақтан су ішті. Бұрқылдап жатқан бұлақтың қайнарына қарап біраз отырды. Бұл уақытта таңертеңгідей емес, күн шуағы шеке қыздырарлықтай болған. Есіне ана жылы ағасы айтқан бір әңгіме түсті:

...Бір жылы жайлауға көшкенде біздің үйдегі құла биенің ноқтасы осы бұлақтың басында қалып

қойып, соны алып келуге ертеңіне ағасы аттанды. Бұлақтың басына жетіп, жағада жатқан ноктаны алайын десе, біреу аңдып тұрғандай ағасы әлденеден сезіктенеді. Құлағына түсініксіз дыбыс шалынып, жан-жағына абайлап қарайды. Ол кезде ол да кішкентай, небәрі он бір, он екілер шамасында. Сөйтсе қалың шидің арасында бірдененің құлағы қылт-қылт етіп мұны аңдып тұр дейді. Қасқыр деп ойлайды ол. Сол кезде астындағы каракер ат алдыңғы екі аяғын бүгіп жүрелей қалыпты. Ағасы жып-жылдам ноктан іліп алысымен, алды-артына карамастан әлгі арадан табанын жалтыратады. Мұның әке-шешесі оның айтқан сөзіне әжептәуір иланып, әсіресе шешесі:

— Құдай сақтаған екен, періштесі қаққан екен, аңдып тұрған итқұс қой! Әй, Құдай-ай! Осыны жұртта қалған ноктаға жіберіп жүрген, отағасы, сізге айтар сөзім жоқ! – деп әкесіне ренжіген. Әкесі болса:

— Беу, бәйбіше-ай! Қорықпайтын нәрсеге босқа үрейленесің, балаңның тақымында желден жүйрік есті жылқы бар, ол жеткізе ме, итқұс дегенге, – деп өзінше масаттанатын. Сөйтсе, соған ұқсас ертегі бар екен ғой. Аана Дәрібай молда бұған сондай ертегі оқып берген. Бірақ молда кісінің кітабы қызық, жазуы ирек-ирек, бұлар оқып жүрген кітаптың қарпіне мүлде ұқсамайды. Қалай оқитынын қайдам, есіктен төрге қарай оқитын сықылды. «Бұл арабша жазылған» деді ол кісі. Сондағы молда атаның оқығаны «Алтын сақа» деген ертегі. Жаңағы ағасы айтқан әңгімесіне ұқсас.

Әлібек бұлақтан су ішкеннен кейін тоқтамай ұзақ жүрді. Үлкен Көксайға асатын кіші қайқаң-

ға қарай емпендеп кетіп бара жатты. Күн төбеден ауған кез. Маңайда тырс еткен дыбыс жоқ.

Көксайдың шалғыны қалың, шилері де биік екен, арасына кірсең адасып кететіндей. Сөйткенше үрген иттің дыбысы естілді. Ауыл алыс емес.

Әлібек үйге қозыкөш жер қалғанда шабалана үрген ауыл иттері арсылдап алдынан шықты. Жаяу келе жатқан баланы таныған құтпандардың үндері өшіп «Е, сен екенсің ғой, қайдан келесің?» дегендей арсалаңдап баланың қолын жалап, құйрықтарын бұлғаңдатып, еркелеп өзімен еріп келе жатты. Есік алдында тұрған шешесі:

– Құдай-ау, құлыным-ау, жаяу келе жатқаның қалай, ит өлген жерден?! – деп, баласын көріп сос-тиып тұрып қалған. Шешесін құшақтай алған Әлібек, балалығы ұстап кетті ме, жылағысы келді ме, анасын бір сәт үнсіз құшақтап тұрды.

– Балапаным-ау, біреу ренжітті ме? Неге келдің? – деп ұлының маңдайынан иіскеп, – шөлдеген шығарсың, жүр үйге кір, – деді анасы.

Әлібек шешесінің сұрағына жарытып ештеңе демеді. Жолда Қарашоқыдағы қыстаққа соққанын айтты, бұлақтан су ішкенін айтты, аузын жаппай анасына бірталай әңгіме айтып тастады. Үлкен ағасы құсап жанынан шығарып ертегі секілді әңгіме айтқан жоқ.

– Апа, деймін, молда атаның қалада тұратын қызы бар екен, сол кісі келді, – деді. Шешесі оғанда селт еткен жоқ.

Әңгімесі таусылған Әлібек:

– Апа, сол кісінің қызы бар ғой, түнде тұрып темекі тартады екен.

Сонда ғана шешесі:

– Үйбай, онысы несі, әйел басымен?! – деді.

Сол күні кешкілік мұғалімінің өзі келді. Амандық-саулықтан соң Әлібекке бұрылып:

– Әлібек, сабаққа неге келмедің? Аклима апан сені іздеп маған келді, – деді. Әлібек төмен қарады. Сөзге әкесі араласып:

– Мұғалім, сіз кешіріңіз! Ертең қыстаққа қонғалы қамданып жатырмыз. Содан кейін өзі салт атпен, сабақтан қалмай барып тұрады. Айтқандай, апайға да айта салыңыз, ренжімесін, – деді.

– Е-е-е, олай болса оқасы жоқ. Мен не болды деп алаңдап келгенім ғой, – деді мұғалім.

Әкесі мұғалімді атына қолтықтап мінгізіп, оған әлденені айтып жатты. Көші-қонның жағдайын сөз қылды ма, бәлкім, баласының бірдеңеге өкпелеп жаяу келгенін айтты ма екен, Әлібек ол жағын біле алмады.

Ертеңінде бұлардың үйі қыстаққа қонды, содан бастап Әлібек салт атпен қатынап оқыды. Бөлімше басында Жақанның үйі бар, мініп келген атын солардың шарбағына байлап, қаңтарып қояды. Кейде сол үйден шай ішіп алады. Жақанның әкесі Ыбырайкен аға ұста болатын, осы ауылдағы елдің сынған сайманын сол кісі жөндейтін. Қыл аяғы әйелдердің кепсері сынып, аққұманның түбі түсіп қалса да ұстаға баратын. Ұста кісі соның бәрін ерінбей-жалықпай шегелеп, құрсаулап жөндеп беретін еді. Құрсаулаған дүниенің қаншаға жарайтынын кім білсін.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ЖАБАЙЫ НАРЫҚ

VI тарау

ЖАЙМА БАЗАР

БҮГІНДЕ:

Жайма-шуақ жаздың жексенбі күні. «Қалада жайма базар ашылыпты» дегенді естіген Әлібек келіншегі Айкөркем мен балаларын ертіп көшеге шыққаны сол өз көздеріне өздері сене алмай айран-асыр болды. Қаланың күнбатыс жағындағы үлкен алаңқайда қызылды-жасылды бір ғажап жайма базар пайда болған. Не жоқ дейсің?! Бір қарағанда бәрі бар. Жоқ нәрсе – ақша.

– Мына саудагерлер қайдан қаптап кеткен? Айым, сен білесің бе? – деп келіншегінен сұрады Әлібек. Ол да айран-асыр.

Сөйтіп келе жатып бұлар әлгі өзінің досы Жақанды кездестірді. Ол ертеректе құрылыста учаске бастығы, кейінгі жылдары тұрғын үй құрылыс комбинатын басқарған белгілі іскер азамат-тын. Екеуі аз-кем әңгіме-дүкен құрып бөгеліп қалған. Әйелі мен балалары «ананы қара, мынаны қара» деп көрмеде жүргендей жайма базарды аралап кетті.

– Жақан, сенбісің? Иә, қалың қалай?

– О, аманбысың!? Жаңа былай өткенде қарамай кеттің ғой.

– Бәрекелді! Таңырқағаным сонша, кісіге қарайтын шама жоқ. Бұл не шаруа?

– Бұны «коммерция» дейді. Біз социализм мен коммунизмді түгесіп, капитализмге бет алдық қой. Журналист мырза, сен оны өткізіп алғансың ғой шамасы, сөз әлпетіңе қарағанда.

– Ей, Жақасы, Құдай ақы, айтсайшы? Бұл «байлықты» қайдан әкеліп жүрсің.

– Шіркіннің, сен де барып әкелмексің ғой?!

– Алла сақтасын! Менің қалтамда нан-шайға жететін аздаған тиын-тебен бар, сенің мына жабайы нарығыңа ілесе алам ба? Қорықпа, айта бер.

– Жай әзіл ғой. Дегенмен «жабайы нарық» деп жақсы айттың. Бәрі тосыннан басталды. Былтырғы жылы Жаркентте тұратын қарындасыма барғанмын, қыдырып, – деді ол алдында жатқан джинси күртелерге қарап. – Сол жолы күйеубала арқасында бүркіттің суреті бар осындай су жаңа джинси күртешені иығыма жапты. Сыйлағаны ғой. Күртешені киіп келгенім сол еді, біреу қоярда-қоймай, жатып жабысып жүз долларға сатып алды.

– Жүз долларға, дейсің бе?! – деп доллар ұстап көрмеген Әлібек оған таңырқап тұр.

– Иә. Сол ақшаны ала сала «Жаркент қайдасың?» деп сонда тартып бердім. Не керек, әлгі күртешенің әуелі екеуін, одан соң төртеуін сатып әкеліп, қолма-қол өткізіп «Жаркент қайдасың?» деп кері шабамын. Сөйтіп, ерсілі-қарсылы Жаркенттен күртеше тасумен болдым. Өзің білесің, велосипедпен жортып сағыз да сатып көрдім, қайтесің енді, мұны

да көрейік. Айналып келгенде, бәрі де күнкөріс, бала-шағаның қамы ғой, – деді ол.

Дәл осы кезде үрген бүйен секілді бір азамат домаландап осыларға қарай салып ұрып келе жатты. Оның соңында қолына қызыл сөмке ұстаған біреу қаздаңдап әлгінің өкшесін баса ентелеп еріп келеді. Сөйткенше болған жоқ, домаланған адам бірден Жақанға сәлем беріп, Әлібекке болбыраған қолын ұстата салды. Амандасқан сиқы. Жақан оған «Қайдан жүрсің?» деді. Ол болса «жай шаруа ғой» деп бұлардың қасынан сырғақтап базар жағалап ұзап бара жатты.

– Бұл әлгі Кертай деген емес пе? – деді Әлібек. Жақанға аңтарыла қарап.

– Иә, дәп өзі. Осында бір кемпірге тараканның дәрісін сатқызып жүр, – деді. Ол кезде Әлібек оны сырттай ғана білетін. Өртүрлі жиындарда төбе көрсетіп, сөз сөйлеп, өтімді көрініп жүрген осы бір адам туралы Жақаннан сұрамақ еді.

– Мына күртешеніз қанша тұрады? – деп базар аралағандардың бірі бұлардың әңгімелерін бөліп кетті.

– Е, солай де, коммерсант жолдас, – деді Әлібек.

– Солай, солай. Қазір жағдайымыз жаман емес, нанға май жағып жеуге, ара-тұра сорпа ішетін жағдайға жеттік. Тәубе! Енді не істе дейсің, тұрғын үй құрылыс комбинаты болса жабылып қалды. Жалақы деге көзден бұлбұл ұшты, – деп мұң шаққандай болды ол.

– Сенікі дұрыс «заманың түлкі болса, тазы бопшал» деген. Оның бер жағында бала-шаға өсіп келеді.

– Бірақ оқыған оқуымыз, үйренген жұмысымыз жақсы еді. Ал ана мен жұмыс істеген тұрғын үй комбинаты келешегі бар кәсіпорын-тын. Өзің ойлашы, бұдан кейін бұл қалаға тұрғын үй салмай ма? Қатындар бала таппай ма, халық өспей ме? Мен соны түсінбеймін.

– Мына күртешеніңдің бағасы қанша? – деді базар жағалап жүрген тағы бір азамат оның сөзін бөліп.

– Үш мың бес жүз.

– Қанша түсіресіз?

– Үш мың үш жүзге алыңыз.

– Үш мың екі жүзге беріңіз.

– Жақсы ала беріңіз.

– Бәрекелді, Жақан, өзің көпкөрім саудаласасың ғой!

– Ой, мұны қойшы, әншейін уақытша ермек. Құрылысты айтсайшы, құрылыс комбинаты қандай еді?! Тұрғын үй құрылысының темірбетон бұйымдарын құятын тамаша комбинат еді ғой. Бұрынғы хрущевкалардай емес, көрдің ғой өзің. Кезінде теледидардан да көрсеттіндер.

– Ей, оны біреу жеп қояр деймісің, тұрған шығар. Заман түзеліп, жағдай оңалған кезде сүйікті ісіңе ораласың. Тіпті сатып алып, кейін кәсіпкер боларсың. Жақан үндемей басын шайқап тұрып:

– Ол жерде енді ештеңе қалмады, темір қалыптар түгелге дерлік жоғалып кеткен. Шамасы, теміртерсекке Қытайға өтіп кетсе керек.

– Қой! Ол деген құрылыс материалдарын құятын дайын тұрған фабрика еді ғой. Оны неге сақтамаған?! Заман оңалған соң соның бәрі керек емес

пе? Түсінбедім, бұл не сұмдық? Сен білесің бе, біздің елде қасақана үнсіз «собатаж» жүріп жатқан сияқты, – деді Әлібек екпіндей сөйлеп.

– Мына күртешелеріңіздің бағасы қанша, мына балаға шағы бар ма? – деп тағы бір адам Жақанның назарын соған аударды.

– Жақан, сау бол, – деп Әлібек «бұдан әрі әңгіменің мәні болмас» деп базар жағалап кеткен балашағасын іздеп, көпшіліктің арасына сіңіп бара жатты.

Әлгі әңгімеден соң Әлібектің ойы өзіне ерік берер емес. «Жарайды одақ тараған соң бұрынғы экономикалық байланыстар, қалыптасқан жүйелер бұзылды, үзілді, құрыды дейік, бірақ қолда бар өндіріс құралдарын сақтап қалуға болады ғой. Оған кім кедергі? Күні кеше жұмыс істеп тұрған тұрғын үй құрылыс комбинаты қажетті материалдардың жоқтығынан қазір тоқтап тұр. Заман оңалса оны қайтадан іске қосуға болады. Мұны қаланың қазіргі әкімі Егор Иванович бізден жақсы түсінуге тиіс, бұрын ол құрылыс басқармасында партком хатшысы болды, кейін қалатком төрағасы қызметін атқарды. Ана Әбсадық Әйтенұлы, ол да бұрын сол салада басшылық қызметте болған.

Олардың бұл жағдайды білмеуі мүмкін емес. Біледі. Айналып келгенде мына елдің ала қап арқалап, базар жағалауы – жұмыс жоқтың салдары. Соның бәрін олар қасақана көрмеген, білмеген болып үнсіз отыр ма? – деп Әлібек іштей күйінген.

Өткенде Әбсадық Әйтенұлына кіріп балабақша мәселесін айтты. Ол не істеді? Айтқан сөз айтқан жерде қалды. Мұны қасақана әрекет демей не

дерсің, – деп келе жатқанда біреу қолынан ұстай алды. Сөйтсе кішкентай қызы Айару:

– Әке, ана жерден күшті джинси шалбар көрдік маған дәл келеді. Алайықшы.

– Ой, құлыным-ау! Ақша алған соң алмасақ, қазір оны қалай аламыз. Кішкентай қыз томсырайып өкпелеп қалған.

– Сен ренжіме, келесі аптада жалақы аламыз, сонда міндетті түрде әперем. Иә, ма? Өкпелемейсің ғой? – деп баласын алдандырған болды.

...Әуелде бір ғана джинси куртка сатудан бастаған Жақанның саудасы аз уақытта дүркіреп жүре берді. Бірте-бірте ол Алматы, Бішкек, тіпті Қытайға дейін шарлап, тауар таситын жап-жақсы коммерсантқа айналған. Арада зырқырап жылдар өтті. 1993 жыл келді, «қараша айында ақша ауысады екен, Қазақстан айналымға өз теңгесін шығарғалы жатыр» деген сөз гу ете қалды. Кейбір «біледі-ау» деген таныс-білістерінен сұраса мәселе шын секілді. Ол уақытта Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған егемен ел, сөйте тұра әлі күнге Ресей ақшасына кіндігінен байланып, содан құтыла алмай жүрген кез. «Тәуелсіз елдің өзіне тән ұлттық валютасының болғаны экономикалық тәуелсіздіктің көрнісі» дейді мамандар.

Ал Жақанның уайымы басқа, «Мына қолдағы орыстың көпірген ақшасы ертең ұлттық ақшаға шаққанда мұның құны қандай болады?» деп ойға батқан ол құлқын сәріден тұрып алды.

– Күләйша, мен бүгін жол жүремін, – деді әйеліне.

– Қайда барасың? Ақша ауысады дегенді естіп отырсың ғой, тоса тұрмадың ба?

– Жоқ, тоса алмаймын. Қазір қимылдамасам кейін өкінетін боламын.

– Не істейсің сонда?

– Беретін ас-суыңды әзірле, қалғанын кейін айтамын, – деді. Сөйтті де апың-құпың жолға дайындалды. Қолдағы бар ақшасын былғарыдан жасалған тік бұрышты қара сөмкеге салып алған ол жолға шықты.

Сол кеткеннен Жақан араға бірнеше күн салып оралды. Әйелі Күләйша мен балаларына алған аздаған базарлығын берді. Өзі көңілді, маңдайына түскен шашын қайта-қайта қайырып, миығынан жымияды.

– Иә, ат-көлік аман ба? Не істедің? – деді келіншегі.

– Ескірмейтін тауар әкелдім.

– Ол не нәрсе? Аты бар ма?

– Көп дүние, асықпай кейін көресің, – деді күйеуі жолдан шаршағанын айтып.

Сөйтсе ол осы кезге дейін жинаған бар ақшасын арақ-шарапқа салған. Ауыр жүк көлігіне тиеген жәшік-жәшік тауарын әуелі гаражына түсірді, оған сыймағанын үш бөлмелі үйінің бір бөлмесін босатып соған толтырды. Одан қалғанын бір таныстарының қора-қопсысына тықты. Не керек, неше қилы шүпірлеген шөлмек тіреліп тұрды.

Келіншегі Күләйша мына қаздай тізілген ғаламатты көргенде шошып кетті.

– Ей, жаным-ау, мынауың не сұмдық?! – деді күйеуіне үрке қараған ол.

– Күләйжан, уайымдама, бәрі бір күнгідей болмайды. Мен бірдеңе білсем ең ескірмейтін, тозбай-

тын өтімтал тауар осы. Қазір бұл арзан. Көресің, ертең ақша ауысады, қызық сонда басталады. Мына менің шөлмектерімнің бір-біреуі алтынға айналды, көр де тұр! – деді көздері күлімдеп.

Күләйша не айтарын білмей тұрып қалған. «Нан емес, шай емес, қант-кәмпит те емес, саусаған көк мойын. Әй, Жақам-ай! – деді келіншегі. «Ырымға теріс болды-ау мұның!» деп іштей секем алғандайтын. Қайтесің, болар іс болды» деп үнсіз қалды. Әйтсе де күйеуінің осы қадамы көңіліне қонбады-ау, қонбады. «Саусылдаған шөлмегі құрғырға қайдан ұрындың?!» деп біразға дейін күйеуіне бұртып жүрді.

Күләйшаның сөзіне Жақан бәлендей мән берген жоқ, асықпай әліптің артын бақты. Арада аптаның жүзі болғанда көптен күткен қазақтың ұлттық валютасы теңге жарқ етіп айналымға шықты.

– Ақша деп осыны айт, қазақтың иісі бұрқырап тұр ғой! – деп Жақан теңгенің бетіндегі Сүйінбай, Жамбыл, Құрманғазы, Абай, Абылай хан, әл-Фарабидің суреттерін көріп, көпке дейін ішпей-жемей теңгеге қарап тойып жүрді.

Тіпті «Оюы мен өрнегі қандай теңгелер.

Теңгелерге қандай ақша тең келер?!» деп әндетіп қояды. Теңге айналымға шыққанда «көк мойынның» бағасы түк емес, арзан-тын.

Жақан да асықпады. «Әзір сатуға болмайды, арақ шіркін тұрғанына ақы сұрамайды, бұзылып кететін ет емес, құнын да жоймайды енді бір-екі ай, үш ай, тіпті бір жылдан соң менің шөлмектерімнің бағасы шарықтайды» деп тыпыр етпей жатып алды. Сол уақытта кейбіреулер Жақанды «саудадан кеткен екен,

бонкрот болған екен» деп тон пішіп жүрді. Арада үш-төрт ай өтер-өтпестен-ақ, Жақанның шөлмектері шынында да қырғын ақшаға айнала бастаған. Күн санап, апта санап қымбаттады.

Сол ақша ауысқан уақытта ауылда тұратын Нұғыман деген мал бағатын ағасы келіп, жасамалы өгізі бар екен соны сатылымға шығарды. Үйдей атан өгіз. Салмағы үш жүз келіден асып жығылады. Еттің келісі қырық теңге. Базарға шығарып өздері сата алмайтын болған соң, алыпсатарлардың қызметіне жүгінді. Олар да әккіленіп алған, «келісін қырық емес, отыз бес теңгеден аламыз» деді.

– Қарағым-ау, неше жыл бағып-қаққан ақ адал малды су тегінге сұрап тұрсың ғой, – деп бұлар тулады.

– Менің бағам ұнамаса басқа біреумен келісіңіздер, – деп жайындай қызыл қатын, теріс қарады.

– Ой, қарағым-ай! Енді кіммен саудаласып жүреміз, айтқан бағаңа ала бер, – деп Нұғыман амалсыз көнді.

Сонымен үйдей өгіз он мың бес жүз теңге шығарды. Бұл ағайындар соған мәз. Тәуелсіз елдің төл теңгесін тұңғыш рет қолдарына ұстағанға ма, әйтеуір қуаныштарында шек болмады.

Әсіресе Нұғыман өзі аңғалақтаған адам екен, самбырлап сөйлеп жүр:

– Өй, мына қызыл өгіз бір құтты мал екен, біруыс теңгені алақанға үйе салды ғой! Құдай қайырын берсін! Осыны қасқыр жеп қоя ма, я болмаса біреу ұрлап кете ме, деп уайым қылушы ем. Қазір не көп, мал ұрлығы көп. Атаңа нәлет, ұры көп! Өткенде мына кеншілер кентінде тұратын Тоғанбай

деген танысым, үйдей құнажынын қораға байлап түн баласында күзетіп жүреді екен. Бір күні күзетте отырса, әлгі жазған, ұйықтап кетіпті. Құдай бетін әрі қылсын. Бір заматта тасыр-тұсыр еткен дыбыстан ұйқылы-ою сасқалақтап орнынан атып тұрған ғой. Сөйтсе қарсы алдында ербиіп біреу тұр дейді. Мезгіл таңға жақын екен. Қораның іші алакөлеңке. «Ұйқы жау» деген емес пе, өзінің қайда отырғанын да, неге отырғанын да ұмытып қалған Тоғанбай:

«Ей, сен қайдан жүрсің?» – депті әлгі бейтаныс жанға.

«Есік қайда?» – дейді анау, бірденесін өткізіп қойғандай.

«Әне есік», – деп шығатын есікті көрсетеді бұл. Ол болса жып-жылдам Тоғанбай көрсеткен есіктен сып беріп ата жөнеледі. Алакөлеңкеде әлгі адамның түрін де түстеп үлгермесе керек.

Сол кезде ала құнажынның ыңыранған даусын естіп ұйқысы шайдай ашылады ғой Тоғанбайдың. «Әлгі келген кім, ол қайдан жүр? Есік жабық тұр еді» деп ойлайды. Сонда ғана ұрының қораның төбесінен түскенін біліп: «О атаңның...» деп шатшәлекей болған екен. Ең кереметі әлгі адамның түр-түсі есінде жоқ. Таныс адам секілді. «Таныс адам» дейді ішінен. Тоғанбайдың осы «ерлігін» естігенде Нұғыман шикылдап күлген. Құдай бетін ары қылсын, күлетін шаруа емес, әрине. Ұры деген жаман. Тіпті етек алып тұр. Сіздерді қайдам, өзім қызыл өгізді аман-сау өткізгеніме қуанып отырмын. Бәйбіше, сен арзанға кетті деп ренжіме, – деді Нұғыман.

– Жоға, тәйірі, несіне ренжимін.

– Иә, бұйырғаны болады. Көрдiң бе, шықырлаған теңгелер, – деп су жаңа ақшаға қарап өздерiн шексiз бақытты сезiнген-тiн. Содан олар дүкен аралап, қызыл өгiздiң пұлын оңды-солды шашты дерсiң.

– Мына арадан қағаз шай алайық, келiсi жүз қырық бес теңге. Еттен қымбат екен, ә?! – дейдi Нұғыман ақсақал.

– Өй, ендi бұл жақсы шай ғой, бiр-екi келiсiн алайық, – дейдi бәйбiшесi Мәриям.

– Ол не болады, алған соң үш-төрт келiсiн алмайсың ба?! Келiмдi-кетiмдi кiсi бар, – дейдi отағасы.

Сөйтiп бiр мөшек қант алды, оның келiсi он екi теңгеден екен. «Құдай қайырын берсiн» деп бiразға жететiн азық-түлiк алып ауылдарына қайтты туысқандары.

Уақыт озған сайын базар маңындағы тiрлiк те өзгере бердi. Жақанның орыс ақшасына алған орыс шөлмектерi бордақыда тұрған малдай күннен-күнге қоңданып, оқыранып, бағасы арта бердi. Жақанның өзi айтқандай шүпiрлеген шөлмектер «алтынға» айнала бастаған кез. Осыдан кейiн-ақ оның жолы болды.

Аз уақытта ол Алматы автожолының бойына зәулiм қонақүй тұрғызып, жолаушыларға қызмет көрсететiн тұрақ-жай мен жанармай бекетiн ашты. Күре жолдың бойында төбесiнде «Күлтегiн» деген жазуы бар ғимаратты көрсеңiз сол осы Жақанның шаруашылығы-тын.

Бұл дегенiңiз бұрынғы Жақан емес, дәрпi алысқа кеткен кәсiпкер Жақан. Әсiресе осы жол бойындағы айлапат тойханасы небiр ығай мен сығай бас қосатын ордалы орнынға айналған.

...Сондай мамыражай күндердің бірі болатын. Жақан қонақүйдегі жұмыс бөлмесінде отыр еді, көмекшілерінің біреуі ентіге басып:

– Жақан аға, сізді бір үлкен адам тойханада тосып тұр. Зор бастыққа ұқсайды.

– Кім екенін сұрадың ба?

– Жоқ, сұрамадық, өзіңіз барыңызшы, – деді.

Жақан асықпай тойханаға келді. Келген адамның кім екенін көргенде аңтарылып қалған. Бұл баяғы бүткіл құрылыстың төбесінен қараған, бір кезде мұны боқтап, боқтап жұмыстан қуып жіберген дөкір мінезді Тыныс Мәлінұлы. Оны көргенде бірден басына келген ой: «Туһ, мына оңбаған қайдан келді?!» болды. Дегенмен сыр бермей амандық-саулық сұрасты.

Ол болса баяғыша кергіп, ыңыранып:

– Бәрекелді! Сен әлгі өзіміздің Жақанбысың? – деп қолының ұшын Жақанға ұстатып, күлімсіреген болды.

– Иә, иә, қателескен жоқсыз. Құрылысшы Жақан Жоламанов боламын.

– Ананы қара, құрылысшы Жоламанов, – деп жан-жағына көз жүгіртіп, – мынаның бәрі өзіңдікі ме, әлде серіктесің бар ма? – деді астың дәмін алған адамша тамсана сөйлеп.

– Аллаға шүкір, өзімдікі.

– Жақсы екен, жақсы екен, табысты болсын! Бәсе, мен сенің қолыңнан бірдеме келетінін білгем, – деді ол үстіндегі сырт киімін шешіп, онысын қасындағы жігітке ұстатып.

– Рақмет! – деді Жақан.

– Жақан, қарағым, біз жолаушы едік, мына жігіттердің шегі шұрқырап келеді, іштеріне ептеп

ел қондырып алсақ, – деп қасына ерген жігіттерге көз қыдыртты ол.

– Қош келдіңіздер, жоғары шығыңыздар! – деп Жақан қызметкерлеріне иек қақты. Қонақтар төрт-бес адам екен, бәрі бір үстелге жайғасып, ішіп-жемге тапсырыс беріп жатты.

– Ей, Жақа, сен бізбен бірге болмайсың ба? «Ас иесімен тәтті» деген кел, – деді.

– Тыныс Мәлінович, өздеріңіз отыра беріңіздер. Мен осы әлгінде ғана тамақтанып алғам, – деді қашқалақтап.

– Жо-жо-жоқ, ондай қабылданбайды. Ас иесімен деген, кел тым болмаса бір жақсы тілек айт, тост көтерейік. Көп болды ғой кездеспегенімізге.

– Жарайды онда, – деп Жақан еріксіз бөгелді. Сөйткенше дастарқан жасалды. Төрт қырлы шынысы жарқырап, бүйірінде «JACK DANIELS» деген жазуы бар қызылкүрең шөлмек ортаға жайғасты.

– Мынау біздің дәмханадан сіздерге тарту, – деді Жақан жолаушыларға қарап.

– Бәрекелді, мынау деген керемет виски ғой! Оңай дерсіз, – деді мойнында қара татуировкасы бар жігіт. Оған Мәлінулы иек қаққан секілді, әлгі жігіт шөлмектің қақпағын сыдырып тастап, лезде рюмкаларға сыздықтатып құйды.

– Ал сөйле, «Күлтегіннің» қожасы деді, – мәртебелі қонақ Тыныс Мәлінулы.

– Тыныс аға, біздің жол бойындағы бекетімізге қош келдіңіз! Жортқанда жолдарыңыз болсын, парламент депутаты ретінде ел құрметіне бөлене беріңіз. Рақмет, ат басын бұрғаныңызға, – деп риясыз тілегін білдірді. Бұдан соң бәрі рюмкадағы

канкүрең түске бөленген ішімдікті бірден сіміріп салған. Өрттей ыстық от Жақанның өңешін қарып өткендей. Ізінше босаған шыны ыдыстар қайтадан мөлдіреп тұра қалған. Жақан бұдан әрі тұрудың өзі үшін аса қауіпті екенін сезіп:

— Тыныс аға, сіз кешіріңіз, менің жұмыстарым бар, сіздер өздеріңіз асықпай тамақтаныңыздар. Дастарқан мәзірінің бәрін өзіміз көтереміз. Ренжімеңіз, – деді.

— Жарайды, онда зорлық жоқ. Сен одан да мынаны айтшы: «Күлтегін» деген нені білдіреді, соны түсіндірші, – деді сол қолын жоғары көтеріп.

— Өзіңіз білетін Әлібек Әлімұлы деген менің бала күннен бірге өскен досым бар, «Күлтегін» деген атауды сол қойды. Оның айтысына қарағанда «Күлтегін» деген бағзы заманда ғұмыр кешкен Шығыс Түрік қағанаты әскерінің бас қолбасшысы «көк түріктің көк семсері» атанған жаужүрек баһадүрі екен, – деді.

— Әлібекті білеміз ғой. Е-е-е, солай десейші, енді есіме түсті «Күлтегін» дегенді естігенім бар, – деді Тыныс Мәлінұлы маңғаздана басын изеп. – Слушай, Жақан, – деді сонсоң кәсіпкер жігітті өзіне қаратып. – Сен мына тойханаңның төріне «Күлтегін» жөнінде бір қысқаша болса да ақпарат жаздырып қойсаң, тіпті қатып кеткелі тұр, – деді ол жүрген жерінде білгішсініп, келсін-келмесін бірдеңені қыстырып, ескерту айтып, түзету жасап жүретін ежелгі кадетіне басып.

— Кеңесіңізге көп рақмет! Ол ойда болатын шаруа екен, – деді Мәлінұлының сөзін қайтарғысы келмей. – Бірақ, – деді ол, – Сіз білесіз бе, білмейсіз бе, қайдам, мен осы жұмысты велосипедпен жүріп

сағыз сатудан бастаған едім. Әрине, одан кереметтей пайда таппасам да, табанымды тоздырып, бейнет кешуді үйрендім. Сондақтан да осы араға ескі велосипедімді әкеліп іліп қойғым келеді. Неге десеңіз, адам өткенін ұмытпау керек, кеше кім едім, бүгін кіммін деген ғұмырлық сұраққа оралып тұрса деймін.

Жақанның сөзіне Тыныс Мәлінулы біршама ойланып қалғандай, сәл басын изеп:

– Әрине, әрине, қазаншының еркі бар қайдан құлақ шығарса, – деп ха-ха-ха деп күліп алды. Қасындағылар да оны қоштап қосыла күлісті.

– Жалпы идеяларың өте жақсы, «Күлтегінді» біліп жүретін болдық. Жақан, ана жақтағы қыздарына айт, жылдамдатсын деп.

Жақан жүгіріп солай кеткенде Мәлінулы адамдарына:

– Міне, көрдіндер ме, қандай әлеуеті зор азамат. Ен байлықтың қызығын бір өзі көріп жатыр, олай болмайды ғой. Осымен ың-шыңсыз «айналысыңдар», білесіндер ғой өздерің, – деді.

VII тарау

ҚАТЕРЛІ САПАР

Көп ұзамай Жақан қасына жүргізушісін алып Алматы – Бішкек бағытына жол тартып бара жатты. Осы уақытқа дейін жанына күзетші алмай жалғыз-жарым жортып сапар шегетін. Соған алаңдаған әйелі Күләйша:

– Жақасы, сен қасыңа бір-екі қарулы жігіттен күзетші ертіп жүрсеңші. Теледидардан неше түрліні айтып жатыр. Қарадай қорқасың. «Рэкет» деген бір қарақшылар пайда болыпты. Қатер қайдан деуге бола ма? Сақтанып жүр.

– Қарақшының менде шаруасы қанша. Ал күзетші дегенің дұрыс, бірақ олар қызметіне көп ақша сұрайды және бізге ол әзір керек емес. Маған жау келер деймісің, – деп әйелінің сөзіне мән бермеген.

– Сонда да байқашы, сақтықта қорлық жоқ, – деп күйеуі алыс жолға шығарда ылғи да Күләйша осылай уайым шегетін.

Жақан сыртқа сырын аша бермейтін тұйық адам. Әйелінің әлгі сөзінің де жаны бар, олай дейтіні өткенде бұған бұрын-соңды көрмеген белгісіз адамдар келіп, қоқан-лоқы көрсетіп кеткен. Сол бейтаныс жандар бұрын да төбе көрсеткен. Алғашқыда олар жай жүрген адамдарға ұқсап Жақанмен атүсті сөйлесіп, танысқан болатын. Бұл жолғы мінездері басқа, ақша талап етті.

– Иә, сіздер кімсіздер?– деді Жақан оларға.

– Оны уақытында көресің, бизнесіңді жақсы жүргізіп, қауіпсіз болғың келсе біздің қызметімізге жүгін. Ай сайын бізге айтқан соманы жіберіп отырасың. Сонда алаңсыз жұмыс жасайсың, – деді.

– Кешіріндер, маған ешкімнің көмегі қажет емес, – деді Жақан.

– Тым сенімді екенсің. Асықпағаның жөн, жігітім. Мәселе керек болса оны тауып береміз, сондықтан кергімей біздің айтқанамызды істе.

– Ал істемесем ше?

– Ондай болмайды, жігітім. Біздің кім екенімізді білгің келсе, әуелі айтқанға көніп, сұраған соманы төле. Сонда қауіпсіз боласың.

– Бұл сөздерінді естігім де келмейді, жарайды сау болыңдар, – деп қош айтысқан. Айтуын айтса да көңіліне алаң кірген. Осылай қарай жол жүрерден бірер күн бұрын, әлгі адамдар мұны қалаға кіріп келе жатқанда тоқтатты.

– Жігітім, қалай ойландың ба? – деді әлгідегі бейтаныс адамдар. Сол жерде бұлар тағы да сөз таластырып қалды. Ең қызығы осылардың біреуін Жақан қайдан көргенін есіне түсіре алмай-ақ қойды. «Қайдан көрдім?» деп қанша ойланса да ойына ештеңе оралмады. Әсіресе әлгі адамның мойнындағы татуировкасы, денесінде тура кара шаян жорғалап бара жатқандай, көрген жанға суық әсер қалдырады екен.

«Бұлар кім, қайдан көрдім?» деп соны есіне түсіре алмады ол.

* * *

...Сол жылдары Жақан осы күре жолмен ерсілік-қарсылы жиі жүретін. Үнемі жол үстінде. Бірде келе жатады, енді бірде таң сәріден сапарға аттанады. Ұшы-қиыры жоқ жұмысқа басымен кіріп кеткелі, тыныш өмір көзден бұлбұл ұшқан. Жеңіл көліктің зырқыраған бірсарынды үніне құлақ түрген кәсіпкер жігіт қалың ойға шомған. Осындайда есіне баяғы құрылыста жүрген кезі оралады. Ол кездегі өмірі айт пен той екен ғой! Ақша деп уайымдамайсың, кесікті жалақың ай сайын қолыңа тиеді. Бала-шағаң

қасында, әйелің жаныңда. Ал қазір ше? Қазір бәрі бар, ақша да, тамақ та, не ішем не кием демейсің, аста-төк дүние. Тек сол арпалыспен келген молшылықтың рақаты жоқ. Түгін сезбейсің. Неге екенін қайдам, Жақан соңғы кезде қаладағы үйіне кетіп қалғысы келіп тұрады. Мына күре жолдың өкпе тұсына салып тастаған шаруа-жайын қараусыз қалдыру да қауіпті. Қара жолдың бойымен кім жүрмейді дейсің, жақсы да жүреді, ұры-қары да жүреді. Жақан соған алаң, ең дүниені иесіз қалдыра алмай кіндігінен байланған.

Көктемгі даланың жүзі күн шуағымен маужырап тұрған кез. Жолаушылар күреніткен күре жолмен жүйткіп Қашқантеңіздің тұсынан шыға бергенде бұларды белгісіз бір адам тоқтатты. Жалғыз-жарым жан екен, әншейінде бөгде кісіге бөгелмейтін Жақан:

– Қанат, мынау не қылған адам, иен түзде не істеп жүр? Адасып қалған ба? Сұрашы, мүмкін көмек керек шығар, – деді жүргізуші жігітке бұрылып.

Бейтаныс адам мас екені, сау екені белгісіз Қанатқа түсініксіз бірдеңелерді айтып бөгей бергені. Сол екі арада қайдан екені белгісіз сайдың тасындай үш жігіт сап ете қалды. Өздері ашулы, түрлері суық. Келе сала Қанатты көліктен суырып алды.

– Ей, сендер кімсіңдер? – деп Жақан да машинадан жылдам түсіп әлгілермен байланыса кетті. Бірақ әңгіме қысқа болды, бейтаныс адамдар бұлармен сөз жарыстырған жоқ. Екеуін де бастан бір-бір соғып естерін тандырып тастаған.

Одан арғысын Жақан да, Қанат та түсіне алмады. Көздерінен от жарқ ете қалғандай әлдебір ауыр соққыдан құлап түскен. Содан олар ес жимады.

...Жақанның әйелі Күләйша аптадан асқанда барып хабарсыз кеткен күйеуін іздеп полицияға арыз берді. Өзі де жан-жаққа телефон соғып, әбігерге түскен. Түн баласында кірпік ілмей, «келіп қалар» деп есік жаққа елендеп, тың тыңдап әлек. «Жақан келе жатыр ма?» деп алаң-салаңмен күндер өтіп жатты. Мектеп жасындағы үйелмелі-сүйелмелі ұл мен қыз, олар да үрпиіп «әкеміз қашан келеді» деп мазасыздана бастаған.

Арада аптадан асқанда барып полициядан хабарласты:

– Алло, алло, бұл Жоламанов Жақанның үйі ме?

– Иә, тыңдап тұрмын? Бұл кім екен?

– Полициядан. Біз бір хабар алып отырмыз, сіз Жақанның әйелімісіз.

– Иә, иә, айта беріңіз, Күләйша деген мен. Тыңдап тұрмын, аман ба өздері, бар ма? Соны айтыңызшы, – деп Күләйша дегбірсіздене бастаған.

– Апай, сабыр етіңіз, әзірге анық-қанығын білмейміз. Бара көреміз, сіз бізбен бірге жүріңіз, – деді.

– Қарағым-ау, бірдеме білсеңдер айтсаңдаршы! Өздері аман ба, қайда екен? – деп Күләйша сұрақты жаудырып, көзі жасаурап дегбірі қалмады.

– Абыржымаңыз, есік алдына шыға беріңіз, осы қазір келеміз, – деді.

Күләйша апыл-ғұпыл киініп дереу далаға шықты. «А, Құдай сақтай көр!» деп ерні жыбырлап күбір-күбір сөйлеп жүр.

Сөйткенше полицейлер де келіп жетті. Сол бетте күнбатысқа маңдай берген жүргіншілер суыт жүрді. Жеткенше Күләйшаның басына неше қилы қорқы-

нышты ойлар кимелеп, жүрегі лүпілдеп сабыр таппады. Мына полицейлерден бірдеңе сұрауға да дәті жетер емес. Жаңа машинаға мініп жақанда:

– Қарақтарым, күйеуім аман ба екен?! Бұл не жағдай? – деп сұрап еді.

– Апай, өзіміз де анық-қанығын білмейміз, бара көреміз, – деп қысқа қайырған.

Содан бастап әйелдің ойына не келіп, не кетпеді дейсің. Ішінен Құдайға сиынып, жанын шүберекке түйген. «Біреу байлап ұстап отыр ма, әйтеуір аман болса екен» деп іштей тілеуін тілеп, Құдайға жалбарынуда.

Күн сәскеге іліккенде бұлар күре жолдан түсіп теріскейге қарай бұра тартты. Әлдебір ұсақ төбешіктерді іргелеп тағы бірқауым жүрген. Сол кезде қарсы алдарындағы сай табанында тұрған көлікті көздері шалды. Қасында қызыл жағалы адамдар, иірілген көліктер. Күләйша өртеніп кеткен машинаны көрген бетте көліктен түсе сала солай қарай жүгірді.

– Апай, апай, сабыр етіңіз! – деп полиция қызметкерлері әйелді әзер тоқтатып: – Апай, сіз анықтап қараңыз. Бұл сіздің күйеуіңіздің машинасы ма? – деді.

– Бұл не машина, кімдікі?

– Соны біз анықтайық деп келдік қой. Бұл сіздің жолдасыңыз Жақанның көлігі ме, дұрыстап қараңыз.

– Білмеймін, соған ұқсай ма? Бұл қалай? Бұған не болған, өртеніп кеткен бе? Онда Жақанның өзі қайда? – деп есі шығып кеткен Күләйша бір сөзін қайта-қайта айтып ештеңені парықтар емес...

– Апай өзіңізді ұстаңыз, өртенген көліктің ішінде екі адам болған. Оларды тану мүмкін емес, тек

сараптама жасатып анықтаймыз. Ең бастысы бұл Жақанның «Нива» көлігі ме? Онымен бірге кім болған?

– Қанат деген жүргізуші жігіт болатын.

Күләйша көліктің алдыңғы жағынан қарағанда әлдененің қап-қара болып күйіп кеткен сұлбасын көргенде жаны түршіге айғайлап есі танып қалды. Полиция адамдары әйелді көлікке отырғызып, бетіне су бүркіп, есін зорға жиғызды.

Полицейлер қылмыс болған жерді шарлап, күдікті ештеңе таппады. Бұлар байқаусызда өртеніп кеткен дейін десе Жақан үнемі жолға шыққанда өзімен бірге тастамай алып жүретін былғарыдан тігілген тік бұрышты қара сөмкесі болатын. Ол оған тек қана ақша салатын. Сол сөмке жоқ. Жанып кетсе күлі қалуға тиіс еді, ондай да із жоқ. Ақыры полиция қызметкерлері «бұларға қастандық жасалған болуы мүмкін» деп жорамал жасады.

...Жақанның қазасы туралы жаманат хабар Құм қаланы лезде шарлап кетті. «Атып кетіпті!» деді біреулер, енді бірі «Ойбай, өртеп жіберіпті!» деп есіл азаматтың өлімі туралы жан түршігер хабар Құм қаладан асып, алыс-жақын аймаққа тарап жатты.

Қаралы үйге бауырымдап келіп көңіл айтушылар апыр-топыр кіріп-шығуда. Күләйша арыстай азаматын өлімге қимай жаны шырқырап, қайта-қайта жүрегі қысылып, дәрігер шақыртып эзер-эзер ес жиып отырды. Толассыз келіп-кетіп жатқан адамдардың бірін біліп, бірін білетін емес. Есі кірелі-шығалы. Дәл осы кезде ауылда тұратын осы әулеттің үлкені Нұғыман ақсақал өрен-жаранымен «баурым-айлап» жеткен еді. Олардың өкшесін ала

Айнабек Жөкеұлы басқаратын өзінің еңбек ұжымы, құрбылары, әріптестері аңырап кіріп келгенде Күләйшаның көз жасы жүзін жуып:

– Арысым-ай, Жақаным-ай! – деп көпке дейін зарлаған даусы сембеді.

– Қарағым-ай, – деді Айнабек өңі біртүрлі жабығып. – Күләйша, сабыр ет, Жаратқанның жазуы. Жылама демейміз, бірақ тоқтамға кел, сабыр қыл. Жақан бауырымыздың соңында қалған алтындай екі құлыншағына сен керексің ғой. Денсаулығына абай бол, Күлайша. Қазаның арты қайырлы болғай. Жақан досымның тірі жанға қиянаты жоқ қарапайым да, аңғал азамат еді. Жаңа заманның талабына бағып, кәсіпкерлікті бастап, қатарынан озып еді. Заңнан ба, заманнан ба, кімнен көреміз? Бұндай зұлымдықты құлақ естіп, көз көрмеген шығар. Алла олардың жазасын берсін! – деп қамыға, торыға сөйлеген.

Жақанның қазасын естігенде Әлібек келіншегі Айкөркем екеуі тіпті есеңгіреп қалған. «Ойпырым-ай, Жақаным-ай! Бауырым-ай! деп Күләйшаға көңіл айтты.

Жылап-сықтау сәл басылған кезде Нұғыман ақсақал:

– Ей, халқым-ау, айтсандаршы, бұл не деген сұмдық!? Ешкімге жазығы жоқ тырбынып кәсіп істеп жан сақтаймын деп, аласұрып жүрген жан еді. Бұл не керемет, заң қайда? Әлгі полициясы қайда? Тапты ма, ана жауыздарды?

– Табады ғой іздеп жатыр?

– Құдай жазасын берсін олардың! – деп ендіге сөйлеген Нұғыман: – Қайтеміз енді Құдай салды, біз көндік. Біз не істей аламыз, – деп торыға сөйлеген.

Күләйша сол бір ауыр қайғыдан ұзаққа дейін оңала алмады. Жатса-тұрса ойына Жақаны орала береді. «Жарығым-ай!» – дейді ішінен аһ ұрып. «Бұл істі аяқсыз қалдырмаймын» деген Күләйша жоғары жаққа да әлденеше арызданды, бір көмегі тиер деп өздері сайлаған әлгі депутатқа Мәлінұлына да хат жазып, күйеуін өлтірген қылмыскерді табуға қол ұшын беруді сұрады. Обалы қане, ол кісіден бірден жауап келді, әуелі ол орны толмас қазаға көңіл айтып, қылмыскерді табуға қолдан келгенінше көмектесетініне сенім білдірген. Соның өзі қаралы әйелге дем бергендей-тін. Уақыт өте келе ол да ұмыт бола бастаған.

Жақанның дүниеден өткеніне жылға жақындап қалғанда, жұмыста бірге істейтін құрбысы: «Түркістанда тұратын бір керемет көріпкел әулие бар екен, айтқаны айна қатесіз келеді екен» деп желпініп әңгіме қылды. Мұндайда адам шарасыздыққа, белгісіздікке ұрынып, кімнен көмек күтерін білмей дал болады. Күләйша да сондай халде-тін. «Сол әулиеге барып көрейін» деген ойға ол да құлай берді. Ақыры Түркістанға жол тартты. Бір тәуліктен аса жол жүріп, әлгі көріпкелдің үйіне жетті. Көшенің аяқ жағында үлкен жекежай екен. Ауласында қазқатар тізілген адамдар. Бәрі де көріпкелге кіруге кезек күтіп отыр. Жан-жақтан көмек іздеп келушілердің қарасы аз емес. Күләйша ол күні көріпкелдің қабылдауына кіре алмады, келер күні түс ауа кезегі жетті.

Өмірі мұндайлардың алдын көрмеген Күләйша көріпкелдің табалдырығын жүрексініп аттады. Әулие кісі еңгезердей үлкен адам екен, басында та-

кия, үстіне кигені қоңыр шапан, бұған бірден жылы шырай танытып:

– Қош келдің қызым, жайғасып отыр. Қазаның арты қайырлы болсын, – деді. Сол сәтте Күләйшаның тұла бойын шымыр еткізген бір суық діріл денесін шарпып өткендей болды. Жанарына ыршып жас келді. Көріпкел адамның көзі тым суық екен, қолындағы тасбихын саумалап:

– Жүрегіңнің басына байланып тұрған қайғы ғой, сізді маған бастап әкелген, – деді. Содан кейін бірқауым уақыт үнсіз отырды.

– Күйеуіме қастандық жасаған адамды айта аласыз ба? Ол кім? Соны білсем болды, – деді Күләйша жыламсырап.

– Е, қарағым, Алла панасына алсын жарыңызды. Түсініп отырмын. Жау алыстан келмеген, күйеуіңіздің өзі білетін адам екен, азаматыңыз содан қауіптенген екен. Содан кейін сәл үнсіз отырған ол: – Алтындай екі балапандарыңыз өсіп келеді, солардың тілеуін тілеңіз. Кек қумаңыз, Құдайға тапсырыңыз. Кесапаты өзімен кетсін. Ерте ме, кеш пе қастық жасаған қара пенде жазасын тартады. Сіз оны білесіз. Сізге оны Жаратушы білдіреді. Осыны айтқан ол үстел үстінде тұрған бармақтай көгілдір тасты Күләйшаның алақанана салды. Мынаны жоғалтпаңыз, үйіңізге апарып ешкімнің көзіне түспейтін жерге сақтаңыз. Осы тас сізге белгі береді. Мына дүниеде әркім жасаған жамандығының азабын өзі тартады, – деді.

Түркістанға барып келген соң Күләйшаның көңілі көпке дейін алабұртып жүрді. Дегенмен тірі адам тіршілік үшін тырбынады, жұмыс бір жағы-

нан, балалардың сабағы және бар, ертелі-кеш шапқылаумен таңның қалай атып, күннің қалай батқанын да білмей қалатын. Осылайша, арпалыспен уақыт көші тоқтаусыз сырғыды. Сондай қарбалас күндердің бірінде Әлібекке кездесіп қалды. Ол болса Күләйшаның жағдайын сұрап жатыр.

– Әлібек, мен Түркістанға барып бір көріпкел адамға жолығып келдім. Жақанға қастық жасаған адам туралы білейін деп барғам, – деді Күләйша.

Ондайға сеніңкіремейтін Әлібек: – А, Түркістан дейсің бе? – деді.

Одан әрі Күләйша көрген-білгенін баяндап, әлгі адамның бұған тұмардың үлкендігіндей көгілдір тас бергенін, ең қызығы сол тас «қылмыскер туралы бір белгі береді» дегенді айтты. Бұған таңырқан Әлібек әйелдің көңілін аулап:

– Енді бір көмегі тиер, Құдай жар болсын! – деді.

– Сен, сенбей тұрсың ғой, ә? Айнабекке айтып едім, ол мұндайға мүлде сенбейді екен, «жоктан өзгені айтасың» деді. Енді не істеймін, сендерден басқа кімге айтам, – деп Күләйша көзі жасаурап, Әлібектен қолдау күткендей болған.

– Жо-жоқ, Күләйша! О не дегенің, сенемін?! Сенгенде қандай! Қылмысты кім істесе де жазасын тартады. Адамның сотынан жалтарса да, Алланың құрығынан құтылмасы хақ. Бұйыртса ол күнді де көреміз, сен уайымдама, – деді шын ниетімен.

Иә, сол бір қаралы күннен алыстаған сайын Жақанның жұмбақ өлімі де көңілден өшіп, көмескі тартқан. Қылмыстың беті ашылмады. Оларды кім

өлтiрдi, кiм сондай қатыгездiкке барды? Бұл ендi өткен күннiң құпиясы болып қала бердi.

Әлкисса, Әлiбектiң ойына баяғы күндер орала бердi.

* * *

БАЯҒЫДА:

Ол кезде Әлiбек Аршалыда сегiзiншi сыныпта оқитын. Мектептiң дәл iргесiне орын тепкен шағын интернатта көбiнесе қырдағы малшы, бақташылардың балалары жататын. Сол жылы бұлардың мектебiне бiр жас мұғалiм қыз келдi. Есiмi Гүлмайра Есенқызы болатын. Гүлдей құлпырып, күндей күлiмдеп сыныпқа кiрiп келетiн де бiрден сабақты бастай жөнелетiн. Кейбiреулер құсап ол «...Сабақта кiм бар, кiм жоқ деп, жоқ болса неге жоқ?» деп оқушыларды түгендеп, ежiктемейтiн. Әлiбек мұғалiм қыздың сөйлеген сөзiне, жүрiс-тұрысына телмiре қарап, iштей сүйсiнетiн. Шынында да, ол мiнезi жiбектей, бiр перизат жан едi. Өзi Алматы жақтың қызы, сонда деймiн-ау, мына шалғайдағы Аршалыға қалай келген десейшi. Иә, ол кезде Әлiбектер оны ойлаған жоқ.

Институтты жаңа бiтiрген Гүлмайраның шалғайдағы Аршалы ауылына жұмысқа баратынын естiгенде әке-шешесi өре түрегелiп қарсы болған деседi.

– Айналайын-ау, оның не?! Қаладан жұмыс табылмады ма, мұнда да мектеп бар, мұнда да оқу орны бар», – деп азар-безер болған дейдi әке-шешесi. Қызметте жүрген үлкен ағасы да ерке қыздың

көрмеген, білмеген, қайдағы бір алыс өлкеге кетуін құптамаған. Тіпті бұлқан-талқан ашуланған ағасы, оны кері қайтарып алмақ та болған. Алайда жасынан ерке өскен тентек қыз тілді алмаған соң ағасы еріксіз тоқтаса керек. Әйтсе де, ол бір таныстан, бір танысқа шығып, Аршалы совхозындағы партия ұйымының хатшысы болып қызмет істейтін Жапалдың үйіне жатқызды. Жапал деген аса парасатты адам еді, әйелі Назар тәте (ел солай атап кеткен) жүзінен нұры төгілген мейірбан жан-тын. Жапалдың өзі Гүлмайраны үйіне ертіп келіп, есіктен кірген бетте:

– Бәйбіше, көрдің бе, үйге кім келгенін? – деді, самбырлай сөйлеп. Құдды осы үйдің ежелгі танысы, жақын туысы тәрізді, өзі де бірінші рет көріп тұрған бейтаныс қызды жатсынбаған.

Назар бәйбіше бойжеткеннің түрін шырамыта алмай, туыскандардың бірінің қызы ма деп, көз тоқтата қарап:

– Е, айналайын, жоғары шық, – деді. Жапал болса:

– Қызым, ұялма, өз үйіңдей көр. Тәтең қазір тұратын бөлмеңді көрсетеді. Тәтесі, бұл Гүлмайра деген қызымыз, осында жолдамамен жұмысқа келіпті. Өзі мұғалім екен. Менің партшколда бірге оқыған Қайыр Есенұлы деген досым бар еді, сол кісінің қарындасы, – деп бәйбішесіне қыздың жай-жапсарын түсіндірген.

Гүлмайра сол күннен бастап Жапал мен Назар тәтенің үйінде тұрып жатты. Назар тәте өте сабырлы, ешкімді бөтенсімейтін жан еді. Гүлмайраны өз қызынан кем көрген жоқ. Бес бөлмелі үйдің бір бөлмесін қыздың еркіне берген. Жұмыстан келген-

нен соң бөлмесіне кіріп алады да, сабағына дайындалып отырғаны. Ол мектепте қазақ әдебиеті мен қазақ тілінен сабақ беріп жүрді.

Жаңа ортаға келген күні мектеп директоры қызды ұжыммен таныстырды. Оқу ісінің меңгерушісі Тасыбай Тәшімұлы деген аласа бойлы, жасы отыздың о жақ, бұ жағындағы адам екен, одан кейін Мұзтай Мұқитұлы химия пәнінің мұғалімі, Кербез Тілеуқызы орыс тілі пәнінің мұғалімі, Көрпөбай Ілкібайұлы география пәнінің мұғалімі, тағы да бірталай әріптестерінің есім-сойларын қадап-қадап айтқан директор бұның жұмысына табыс тіледі. Ұжым мүшелерінің дені жастар еді, іштерінде бірлі-жарым қарт ұстаздар да бар. Гүлмайра өзіне тесіле қараған көпшіліктің назарынан қысылды ма, қайдам, көбінің аты-жөнін есіне сақтай алмады.

Үлкен үзілісте оқу ісінің меңгерушісі Тасыбай бұнымен жақынырақ таныспақ болып, қайдан келгенін, бітірген оқуын, тіпті тұрмыста болған болмағанын, мұнда түпкілікті қаласыз ба, деген секілді жұмысқа қатысы жоқ сұрақтарды да тықпалап, қызды біраз сұрақтың астына алды. Алғашқы кезде Гүлмайра мұғалімдер бөлмесіне зәуеде бір бас сұққаны болмаса аса үйірсектемеді.

Қыркүйектің соңғы күндері болатын, сабақтан шыққаны сол еді Гүлмайраға сізді директор шақырып жатыр деді. Сөйтсе директор емес, бастықтың орнына қалған Тасыбай Тәшімұлы екен. Ол өзі тез-тез сөйлейтін, жүріс-тұрысы да шапшаң адам болатын, үңірейген екі танауының тесігі жоғары қарап, жалпақ бетіне сол ғана жараспай саңқиып тұратын.

Рұқсат сұрап ішке кірген Гүлмайраның жағдайын сұраған Тасыбай Тәшімұлы бірден іске көшіп:

– Бүгін интернатқа кезекші болыңыз. Тәрбиеші ауырып қалған екен соның орнына барыңыз, – деді.

– Кезекші дейсіз бе? Онда не істеймін? Гүлмайра шынында да кезекшінің міндетін білмейтін еді.

– Ештеңе істемейсіз, балаларды бақылайсыз. Сабақтарын қадағалаңыз. Бейсауат жүрмесін, сағат он бірге дейін болыңыз.

Қыз Тасыбайдың тапсырмасын аса жақамаса да интернатқа барды. Ондағы балалардың дені сегізінші сыныптың оқушылары, араларында бірді-екілі алтыншы, жетінші сынып оқушылары да бар. Балалардың жатын бөлмесіне кірген Гүлмайра өз көзіне өзі сене алмай таңырқап тұрып қалды. Бөлменің іші әптер-тәптер, шашылған киім-кешек, еден жуылмаған. Ұлдар, – деді ол оқушыларға қарап:

– Бөлмелерің таза емес, еден жуылмаған, мұны кім жуады? Еденді өздерің жуасыңдар ма?

– Жоқ, еден жуушы апай бар, сол кісі жуады.

– Күнде жуа ма?

– Мұғалім, о кісі еденді біз сабақта болғанда жуады.

– Ал төсек орындарыңды, кім ауыстырып тұрады?

Балалар бір-біріне қарап, «оны білмейміз» деп бастарын шайқады. Біреулері «бір айда бір рет ауыстыратын болар» деді.

– Апай, сіз енді осы интернатқа тұрақты тәрбиеші боласыз ба?

– Жоқ. Бүгін тәрбиешілерің аурып қалыпты, соның орнына келдім.

– Сәтбала апайды айтасыз ба, ол кісі ауырған жоқ, көрші ауылға тойға кеткен, – деді балалар.

– Ұлдар, – деді Гүлмайра Есенқызы оқушыларға қарап, – сендер, ана шашылған киім-кешектеріңді жинаңдар, бөлменің ішін тап-тұйнақтай етіп таза ұстау керек. Мынандай кір-қоқыста қалай тұрасыңдар. Тіпті еденді де өздерің жуыңдар. Ол қиын емес қой. Өздеріңе жақсы, таза болғаны.

– Ой, апай! Біз еден жуа алмаймыз, оны қалай жуамыз, – деді оқушылардың бірі.

– Не үйлеріңде еден жумайсыңдар ма, аналарыңа көмектеспейсіңдер ме?

– Көмектесеміз, бірақ еден жумаймыз. Жазда киіз үйде тұрамыз, қыста интернатта жатамыз, – деді Жақан.

– Ұлдар, бәрібір бөлмелеріңді таза ұстандар, тым болмаса ана киімдеріңді жинаңдаршы. Қане, тұрмандар, тез-тез жинаңдар, әлде мен көмектесейін бе? – деді Гүлмайра Есенқызы.

– Жо...жоқ, өзіміз жинаймыз, – деп балалар жылдам-жылдам іске кірісіп, шашылған киім-кешектерін жинап, төсек орындарын түзетіп, әнеміне дегенше бөлменің ішін ретке келтірген. Бірақ ешқайсысының еден жуғысы келмеді.

– Оқасы жоқ, – деді Гүлмайра, әскерге барғанда бәрібір еден жуасыңдар. Ал енді сендер сабақтан соң не істейсіңдер, кітапханаға барып кітап алып оқитыңдарың бар ма? Қане айтыңдаршы? Кім қандай кітап оқыды немесе оқып жүр?

– Мен «Аққан жұлдызды» оқып жүрмін деді сегізінші сынып оқушысы Айнабек деген ұзын бойлы оқушы.

– Дұрыс. Өте жақсы. Тағы кім бар, кітап оқытын?

– Мен, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешуін» оқып болып қалдым, – деді Әлібек.

– Балалар бос уақыттарыңда мына Айнабек пен Әлібек құсап кітап оқыңдар.

– Апай, біз шахмат ойнаймыз, сіз шахмат ойнай аласыз ба?

– Ойнауын ойнаймын, бірақ соншалықты жақсы емес.

– Мұғалім, онда сізбен шахмат ойнауға бола ма?

– Болады, әрине, бірақ мен айттым ғой, аса жақсы ойнамаймын деп.

– Ендеше біздің ішімізде Айнабек деген гройсмейсір бар. Оны ешкім жеңе алмайды.

– Оларың жақсы екен. Бірақ «гройсмейсір» емес гроссмейстер деп айт. Ал енді менімен кім ойнайды?

– Мұғалім, рұқсат болса, сізбен мен ойнайын, – деді Әлібек.

– Бірден гроссмейстермен ойнамаңыз дейсіндер ғой, солай ма?

– Гүлмайра тәтей, ойнай беріңіз, Әлібек те жақсы ойнайды, – деді Айнабек.

Осылайша, Гүлмайра балалармен шахмат ойнауға кіріскен. Өкінішке орай интернатта бір ғана шахмат тақтасы болды да, қалған балалар үймелеп, ойыншыларды қоршап соны қызықтап тұрды.

Шынында да, балалардың шахматқа деген ынта-ықыластары жақсы екені айтпаса да байқалып тұрды. Гүлмайра Әлібекпен шахмат ойнап отырып жан-жағын қаумалаған оқушыларға қарап:

– Балалар, шахмат – ақыл-ойды дамытатын спорттың бекзат түрі, оны білесіндер ғой, олай болса шахматпен әуестенгендерің, меніңше, өте жақсы. Сендер анда-санда болса да өз араларыңда шахматтан жарыс өткізіп тұрыңдар. Ондай ойларың бар ма?

– Апай оның түк қызығы жоқ, бәрібір Айнабек жеңіп кетеді, одан қалса Әлібек, – деді жарыса сөйлеген балалар.

– Мәселе жеңіп немесе жеңілуде емес, ең бастысы, ақыл-ойдың шыңдалуында. Шахмат ойнаған сайын жүйелі ойлауды үйренесіңдер. Былайша айтқанда, ойлау қабілетің жетіле түседі.

Бұл уақытта ойын да біраз жерге жетіп қалған еді. Екі жақ тайталасып әудемге дейін андысты, ақыры ойын тең аяқталды. Ойынды сыртынан қарап тұрған Айнабек:

– Гүлмайра мұғалім сіз ойынды...

– Жо...жо...жоқ, Әлібек жақсы ойнайды екен, – деп Гүлмайра Айнабектің сөзін бөліп, ойынның тең аяқталғанына қуанғандай болған.

Оқушылар ойынды қызықтап тұрғанда есік жақта тұрған балалардың бірі:

– Апай, Мұзтай аға келе жатыр. О кісі де кезекші ме екен? – деді. Балалардың бәрі жапырылып есік көзіне қараған. Бөлменің ашық есігінен ұзын дәлізбен келе жатқан Мұзтайдың сырықтай бойы серендеп көрінді.

– О, шахмат ойнап жатырсыңдар ма? Ертеңгі сабаққа дайындалдыңдар ма, әлде ойынмен естерің шықты ма? – деп оқушыларға салқын қарады Мұзтай.

– Жок, ағай, сабаққа күндіз дайындалдық.

Мұзтай оқушылармен шахмат ойнап отырған Гүлмайраны көріп:

– Бәрекелді, сіз де осындамысыз?! – деп таңырқаған рай танытты. Шындығында, ол мұғалім қыздың осында екенін біліп келген. Ұжымға жаңа келген жас қызды сыртынан бақылап жүрген де осы Мұзтай. Қыздың бүгін интернатқа баратынын Тасыбайдан естіген. Оқу басталғалы Мұзтайдың әпкесі Жұмакүл осы қызды екі күннің бірінде айтып, мақтауын әбден жеткізген сықылды. Соның бәрі санасына қозғау болды ма, қайдам, әйтеуір Мұзтай Гүлмайраны көрген күннен бастап азғырынды ойға бой алдырған. Шынында да, қыздың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі кісіні еріксіз өзіне қарататындай. Бойжеткеннің бойында шынайы сүйкімділік бар. Тана көздері мөлдіреп, биік қасы, аққұба өңі күлімсіреген кезде тіптен құлпырып кететіндей. Сымбаты қандай нәп-нәзік десейші, құдды талшыбықтай! Аз уақыттың ішінде мектептегі ең сұлу, ең сүйкімді қызға айналған. Жұмысқа да жан-тәнімен кірісіп кеткен Гүлмайра мектепте әдеби үйірме ашып, оған оқушыларды кеңінен қатыстырып жүрді. Оқушыларды өзіне қаратып алғаны сонша, жоғарғы сыныптың ұл-қызы топ-тобымен оның соңына еріп жүретін болған. Мұзтай қызды сырттай ұзақ бақылады, бақылаған сайын, көңілінің қатты құлағаны сонша, оны қалай да қолға қондырсам деген қол жетпес қиялға берілетін. Бірақ қыздың көңілі бұған ауып тұрмаған тәрізді, ол аз десең, мұны көрсе түрлі сылтау айтып сырғақтап кетуге тырысатын тәрізді.

Сол күні Мұзтайдың жолы болып Гүлмайраны үйіне дейін шығарып салды. Шағын ауылдың қараңғы көшесімен жүріп келе жатып қыздың бұл жаққа қалай келгенін, ата-анасының қайда тұратынын сұрап, қыз туралы өзінше сөз суыртпақтаған. Содан бастап Мұзтай Гүлмайраға жанасып, тіпті сыртынан иемденіп жүрді. Мектепте жүргенде Гүлмайрамен ара-тұра мұғалімдер бөлмесінде жүздесіп қалады. Ондай кезде Мұзтай қызды әңгімеге тартуға тырысып, әлемдегі соңғы жаңалықтарды айтып сөйлей жөнеледі. Мұзтай қанша тырысқанымен қыз оның бойынан үнемі бір жасандылықты аңғаратын. Шын бейнесі қандай екен деп оның жүзіне ойлана қарап қалатын. Қазіргі сәтте де ол мұғалімдер бөлмесіне кірген Гүлмайраны көріп:

– О, Гүлмайра, әріптес, саламатсыз ба? Бүгін неше сабағыңыз бар, интернатқа бармайсыз ба? – деп қыздың алды-артын орап, сөзге тартып әлек.

– Сәлеметсіз бе, Мұзтай Мұқитұлы? Бүгін ешқайда бармаймын, қазір сабағым бар, – деп мұғалімдер бөлмесінен сырғақтап шыға жөнелген.

– Жақсы, жақсы. Менің де қазір сабағым бар, – деп Мұзтай да өңкендеп мұның өкшесін ала ілесті.

Сөйткенше сабаққа қоңырау соғылып оқушылар сыныптарына кіріп, мектептің ұзын дәлізі бір сәт босап қалған. Гүлмайра аяғын тез-тез басып, өзі сабақ беретін сегізінші сыныпқа жақындай бергенде ұзын дәліздің сол жақ бұрылысындағы терезе алдында жылап тұрған оқушы баланы көріп, бұрылғаны сол еді өз көзіне өзі сене алмай айран-асыр болғаны.

Баланың тура маңдайынан төбесіне дейін білеудей болып ісіп кеткен. Гүлмайра оқушы ұлдың

жасқаншақтаған көзіне, көгеріп, қанталаған жарاقاتына қарап:

– Басыңа не болған? Біреу ұрған ба? – деп оқушы баладан тез-тез сұрай бастады. Ол болса жарытып ештеңе айтар емес.

– Айналайын, маған айтшы, кім ұрды, әлде өзін құлап қалдың ба? Бірақ құлаған мұндай болмайды ғой. Айтшы, біреу ұрды ма? Бала жылап тұрып «география ағай», – деді.

– Ой, онысы қалай!? Немен ұрды, қолымен бе?

– Указка, – деді бала.

Мына сұмдықты көрген Гүлмайра шыдай алмай:

– Жүр, – деп баланы жетектеген бетте мектеп директорының кабинетіне алып келді.

Бұларды көрген директор:

– Гүлмайра Есенқызы, жай жүрсіз бе, қоңырау болды ғой, сабағыңыз қайда?

Гүлмайра оқушы баланы директордың алдына жақындатып:

– Ағай, мына баланы қараңызшы, география пәнінің ағайы указкамен ұрып, баланың басын көгертіп қойған. Тіпті бітеу жара, ағай, қараңызшы! Мынау деген маскара ғой! Ол кісі үлкен адам, мұнысы қалай? – деп көзі жасаурап, тез-тез сөйлеп, біресе баланың жарاقاتына, біресе директорға жаутаңдады.

Директор Гүлмайраның сөзін тыңдап болысымен:

– Озанбаев саған не болды, кім ұрды?

Бала директордан жасқанып, «география ағай» деп эзер айтты. Директор қолындағы қаламсаппен үстелді тықылдатып, қабағы түйіліп:

– Өзің бірдеңе бүлдіргенсің ғой?

Бала үндемеді.

– Ағай, не бүлдірсе де баланы басынан таякпен ұруға бола ма? Мал екеш малды да өйтіп ұрмайды ғой! – деп Гүлмайра шыдамсыздана шырылдап ара түсті.

– Гүлмайра Есенқызы, сіз сабағыңызға бара беріңіз, алаңдамаңыз. Қазір мен ол кісіні дереу шақыртып сөйлесем. Түсінік жаздыртам. Әрине, бұл дұрыс емес. Ол баяғының молдасы емес, совет мектебінің мұғалімі. Сіз, алаңдамаңыз, жүре беріңіз, – деді. Директордың шешімді сөзіне тәнті болған Гүлмайра:

– Ағай, мен сізге жұмыс аяғында соқсам бола ма, қазір сабаққа асығып тұрмын.

– Әрине, болады.

Гүлмайра директордың кабинетінен абыржып шықты. Ана баланың әке-шешесі не дер екен? – деп бір сәт соны ұмыта алмай сыныпқа келген соң да көңілі соған алаңдап тұрды. Гүлмайра кейін білді Озанбаевтың әкесі қыста боранда малмен ығып, сонда үсіп өлгенін, қазір жалғыз шешесімен екеуі осы Аршалыда тұратынын, жағдайларының өте ауыр екенін естіп, көпке дейін жаны жабырқады.

Жұмыстың соңын ала Гүлмайра директордың кабинетіне кіріп, кешегі күні интернатта кезекші болғанын және ондағы өзі аңғарған жайттарды жіпке тізгендей айтып шықты. – Ең әуелі тазалық мәселесі, – деді ол. – Интернаттағы балалардың төсек орындары қашан жаңартылып тұратыны белгісіз, ең сорақысы – бұл ауылда монша жоқ. Ағай, сонда ана балалар қайда барып жуынады? – деп келеңсіз жайттарды қинала жеткізді.

Директор көзі шегірейіп, осы уақытқа дейін ешкім көтермеген мәселені мына қыздың келе салып «жерден жеті қоян тапқандай» айтуын қарашы, деп іштей жақтырмаған. Бірақ онысын білдірмеуге тырысқан ол қара сұр өңі сұрланып, жас мұғалімнің сөзін бөлмей шыдамсыздана тыңдады.

– Сіз оған бекер алаңдағансыз, – деді Гүлмайра сөзін аяқтаған кезде. – Жассыз ғой, жастықпен білмей жатырсыз. Былай ғой, Гүлмайра Есенқызы, интернаттағы оқушылардың бәрі де бөлімшелерде тұратын шопандардың балалары, олар демалыс сайын үйлеріне барып, жуынып-шайынып, киім-кешектерін ауыстырып келеді. Ал төсек орынға келер болсақ, оны интернаттағы еден жуатын әйел мен сондағы аспазшылар жуып-шайып уақытында ауыстырып тұрады. Сіз оған тіпті де алаңдамаңыз, – деп сендіре сөйлеген. Бірақ жас мұғалім оған сене алмады, қалай сенеді, міне, қазір қыркүйектің соңғы күндері ал интернатта жататын балалардың бірде-біреуі әлі күнге ауылдарына бармаған.

Ең сорақысы, білесіз бе, осы мәселені көтеру ешкімнің қаперіне келмегені қалай? Небір аптал азаматтар, көсіліп сөйлегенде бәрі көсем, ал ана жұдырықтай интернаттың жағдайын айтуға, яғни «балаларға монша керек, ауылға монша керек» деген сөзді айтуға неге дәрменсіз. Тек қисынсыз өтірік айтуға ғана бапандай ма?

Гүлмайра тағы бірдеңе айтуға оқталып еді, директор «алаңдамаңыз жұмысыңызды істеңіз, ескерткеніңізге рақмет, мұның бәрін өзім қадағалаймын, сізге интернатқа барып кезекші болудың қажеті жоқ» деп «сөз бітті» деген рай танытты.

Гүлмайра бағанағы таяқ жеген оқушының жағдайын сұрауға оқталды да, директордың әлденеге асығып, абыржып отырғанын сезіп үндемеді.

Келесі күні тоғызыншы сыныпқа сабақ беріп, шыққаны сол еді Тасыбай шақырып жатыр деген соң қағаз қаламын алып соған барды. Сөйтсе сегізінші сыныптың екі оқушысы бастары салбырап Тасыбайдың алдында таулары шағылып тұр.

– Мынау не сұмдық?! – деді есіктен кірген Гүлмайраға шүйілген оқу ісінің меңгерушісі Тасыбай Тәшімұлы.

– Мыналар бесіктен белі шықпай жатып қыздарға хат жазады, бұл не маскара? Биыл сендер емтихан тапсырасыңдар. Алған білімдерің бойынша. Қыздарға хат жазудан емес. Сендер мектепте не мақсатпен жүрсіндер, оны ұмытып қалдыңдар ма?

Гүлмайра не айтарын білмей бөгелді.

– Гүлмайра Есенқызы, сіз сынып сағатын өткізіңіз, мына ақпақұлақтарға түсіндіріңіз. Қайда жүргендерін, не істеп жүргендерін білсін. Мемлекеттің мектебінде, білім ордасында жүріп, қара, бұлардың істеп жүргендерін. Қалыңдық айттырып жүрсіндер ме, қызға хат жазып? Ұят бар ма сендерде, мұрындарыңды сүрте алмай жүріп?! – деді. Әлібек пен Жақанның бастары салбырап үнсіз сілейіп тұр.

Сөйтсе оқиға былай болған екен:

Сабақ үстінде Жақан алдыңғы партада отырған оқушы қызға қолын созып, бірдеңе беріп жатады, соны көріп қалған Тасыбай мұғалім шапшаң қимылдап, қыздың қолындағы қағазға таласады.

– Дереву маған бер, ана Жоламанов саған не берді, – деп шаншудай қадалады.

Қып-қызыл болған қыз, Жақанның берген қағазын мұғалімге бергісі келмей, бір жағынан ұят қысып, қатты абыржиды. Бірақ Тасыбай Тәшімұлы оның айтқанына сене қоя ма, «әкел де, әкел» деп оқушы қыздың желкесінде тұрып алады. Сәния қыз Жақанның берген қағазын мұғалімге беріп тынады. Шиыршықталған кішкентай қағаз қолына тиісімен Тасыбай мұғалім тақтаның алдына жоғалтқанын тапқандай жүгіре шығып, танауы делдиіп еңтіге сөйлейді:

– Мынаны қараңдар, қараңдар! Сабақтың үстінде не істеп отырғанын, – деп. Бүкіл кластың көз алдында Жақан мен Сәнияны мазақтағандай болады.

– Мынаның ішінде не жазылғанын қазір оқимын, – деп өзеуреген Тасыбай Жақанға шүйлігеді:

– Не жазғаныңды өзің айт, өзің оқы, – дейді.

Жақан деген тік мінез, өңкиген ірі денелі бала, ол қағазда не жазылғанын білмейтін, содан да болар дәптердің бір бетіне бірауыз сөзді асығыс жазып:

– Мұғалім, сіз оны оқымас бұрын мына сөзді оқыңызшы, – деп төрт бүктелген ақ қағазды Тасыбайға ұсынады.

– Бұны сен маған жазып тұрсың ба, солай ма? – дейді Тасыбай сұрланып.

– Иә, ағай, сізге жаздым, оқысаңыз болады.

– Жақсы. Қарай гөр мұны? Маған талап қояды, тапсырма береді. Ым-м, көреміз қазір. Бүгін сені тыңдайтын күн екен ғой, солай ма? Олай болса мына қызға жазған хаттыңды бүкіл кластың алдында дауыстап өзің оқисың. Келісесің бе? Әлде Сәнияға оқытайық па, қалай ойлайсың? Осыны

айтқан ол тақтаның алдында ерсілі-қарсылы қаздандап жүріп, бір кезде кілт тоқтай қалып:

– Әуелі сенің маған жазған хатыңды оқиық, ал тыңдаңдар деп, әлгідегі Жақанның төрт бүктеген ақ қағазын ашып, соған үнілді, үнілді де үрейі ұшқандай сұп-сұр болып кетті.

Сыныптағы отыз бала, Тасыбайдың сұрланып құбылған жүзіне қадала қарап қалған. Ол болса сол қолына ұстаған бір жапырақ қағазды жоғары көтере сілкілеп, аузына сөз түспей қалды ма, сәл тұтығып:

– Ж-ж-жақсы! Мұны мен оқиын, ал қызға жазған хатыңды сен оқисың, Жоламанов түрегел! – деп қағаздағы жазуға қайта үнілді:

– Мынау, мынаның маған жазғаны, – деп Жоламановты саусағымен нұсқап. – Тыңдаңдар, маған не жазғанын: «Біреудің хатын рұқсатсыз оқу– мәдениетсіздік» депті. Мені мәдениетсіз деп тұр, – деді сұқ саусағын өз кеудесіне тіреп. Осы сөзді айтқанда басын дамылсыз шайқаған Тасыбай:

– Жоламанов, шық тақтаға! – деді. Ашуы тіпті ереуілдеп екпін ала түскендей.

Жақан Жоламанов та жұлқынып, тақтаның алдына шықты. Тасыбай мұғалім оған әлгідегі оқушы қыздан тартып алған шиыршықталған қағазды беріп:

– Аш та дауыстап оқы. Өз жазуыңды өзің танитын шығарсың? – деп мысқылдап Жоламановтан көз жазбай қадала қарап тұрды.

– Бүркенбаева сен де тыңда, қанша дегенмен бұл саған жазылған хат, – деп Сәнияны да орнынан тұрғызып қойды. Сәнияның ақсары өңі қып-қызыл болып, көзі мөлтілдеп жасқа тұнған.

Осы кезде күтпеген жағдай болды. Жақанның желке тұсындағы партада отыратын Әлібек қолын көтеріп:

– Ағай, кешіріңіз, негізі ол қағазды мен едім, «Сәнияға бер» деп Жақаннан өтінген. Жақанның кінәсі жоқ, – деді Әлібек.

– Жо-жоқ, Әлібек, сен жайыңа отыр, бұл қағазды Сәнияға мен бердім, сенің қатысың жоқ, – деп Жақан оны жолататын емес.

«Келісіп алғандай екеуінің айтып тұрғандарын қарашы» деп Тасыбайдың ашуы тіптен қозып:

– Ей, Әлімов, сен де бір құйысқанға қыстырылмайтын жерде, қыстырылады екенсің, сен жазсаң бағанадан бері неге мелшиіп отырсың? Тұр орныңнан, – деді көзі ақшыраңдап.

Орнынан тұрған Әлібек:

– Бағанадан бері тұрмағаным, ол жай қағаз, онда оқитын ештеңесі жоқ, – деді. Бұл уақытта Жақан Жоламанов шиыршықталған қағазды жайлап аша бастаған. Тілдей қағазды қолына ұстаған ол сыныптағы балаларға бір, өзеуреген мұғалімге бір қарады.

– Оқы, кім жазса да, әлде қырық екі әріпті ұмтып қалдың ба? Әлде ана Әлімовты шақырайық па, саған ара түсіп тұр ғой, сол оқысын, – деп Тасыбай мұғалім жер тепкілеп тағатсыздана құлақ түруде.

Жақан тұрып-тұрып:

– Нені оқиын, мұғалім, – деді. Дәл осы жерде Тасыбайдың шыдамы ескі торсық құсап тарс етіп жарылып, ашыған іркіттей ашуы лақ етіп төгілді. Ол дереу Жақанның қолындағы тілдей қағазды жұлып алды да соған өші кеткендей өзі үңілді. Қағазда жазылған бірауыз сөз жоқ. Тілдей ақ қағаз. Та-

сыбай қағазды аударып-төңкеріп, біресе Жақанға, біресе қағазға қарады. Жазу жоқ. Бірақ Тасыбай бұған сене алмады. Сен менің көз алдымда хатты ауыстырып қойдың, жаңағы бірінші қағаз қайда? Қалталарыңды ақтар, қалтаңа салып қойдың. Мені ақымақ қылмақсың ғой, оның бола қоймас, – деп Жақанға шүйлікті. Жақан болса қалталарының түбін түгел сыртына аударып:

– Міне, жоқ ештеңе, деп ақтала бастаған.

– Мұғалім, мен айттым ғой, ол хат емес, жай қағаз деп. Сөзге тағы да Әлібек араласты.

Екі оқушының мына қылығына ызасы келген Тасыбай өзіне-өзі ие бола алмай ашуы алқымына тығылып:

– Екеуің де кластан шығындар! Көзіме көрінбедер, жүгенсіз, көргенсіз, ұятсыздар! Сен екеуің адам болсаң мұрнымды кесіп берейін, – деп хат жазған екі сабазды сабақтан шығарып жіберді.

Есік алдына шыққан Жақан: – Тфу, не деген адам, ә! – деп жерге бір түкірді.

Осы айғай-шудан соң сынып жеткешісіне жетіп, Тасыбай енді соған шүйлікті:

– Гүлмайра Есенқызы, сіз бұлармен шындап сөйлесіңіз, еркелетпеңіз, сынып сағатын өткізіңіз. Тәрбие жұмысын жүргізіңіз. Сонсоң маған сол турасында есеп беріңіз, – деп қатал ескертті.

Мәселенің мән-жайын оқушылардан естіген Гүлмайра, үп-үлкен адамның осыншалық ұсақталуына тіпті сене алмады.

– Балалар, – деді, сонсоң ойлы жүзін оқушыларға бұрып, – сендер қазір үлкен азаматсындар, күні ертең-ақ үлкен өмірге қадам басасындар. Алдарыңда

сан тарау жол жатыр. Бұл жай сөз емес, сондықтан әр қадамдарыңды жақсылап ойландар. Мұғалімдер қалай дегенмен сендердің болашақтарыңды ойлап айтады. Ол кісі жасы үлкен, тәжірибелі ұстаз, сендер ол кісі туралы жаман ойламаңдар. Тіпті кешірім сұрасаңдар да артық емес, – деді.

– Апай, мен кешірімді әуелі сізден сұраймын, содан кейін Сәниядан сұраймын. Сәнди, сен де бізді кешір. Ал Тасыбай, ағайдың бізге айтқан: «ұятсыз, жүгенсіз, көргенсіз» деген сөздерін біз еш уақытта ұмытпаймыз, – деді Әлібек толқи сөйлеп.

* * *

Соңғы кезде Мұзтай Гүлмайраның алдын орап, қыз қайда барса ол да сол жерден төбе көрсетіп жүрді. Әуелгіде Гүлмайра бұны кездейсоқ жағдай деп аса көңіл бөлмеген. Уақыт өте келе жағдайдың мүлде олай емес екенін білді. Тәрізі Мұзтай мұны үнемі аңдып жүретіндей ме, қалай. Сыртынан ен тағып, иемденіп алғаннан сау ма? Қайда барса сол «Гүлмайра» деп ыржиып алдынан шығады. Қызбен сөйлескісі келіп, оңаша қалғысы келіп ындыны құрып тұратын сықылды ма, қалай, әйтеуір, Гүлмайраға солай көрінді. Өзі бұрынғыдай емес, сыланып сипанып жүретіндей. Дудыраған шаштарын үнемі жылтырата тарап қоятын болған. Қара костюм шалбар, ақ жейде, қара галстук тағып жүретін болған. Тізесі шығып, балағы сөгілген көк шалбары бар еді оны кимейтін болған. Жалпы, бір қарағанда, Мұзтай жібі түзу жігіт, бірақ, неге екенін қайдам, Гүлмайра оны тек әріптес ретінде ғана көреді. Бірде ол қызға күлімсірей қарап:

– Сіз керемет әдемісіз, бүгін тіпті де ғажап күндей құлпырып тұрсыз! – деп ойын-шыны бар әзіл тастады.

– Мұзтай аға, мені ұялтпасаңызшы, – деп қысылғандай болған Гүлмайра.

– Жоқ, – деді анау. – Сіздің бойыңызда бір әдемі қасиет бар, – деп тағы да мақтай жөнелгені.

Гүлмайра:

– Қойыңызшы, – деп жақтырмай теріс айналып кеткен.

Сол күні ол Мұзтай туралы көп ойланды, сезді жігіттің бұда көңілі барын. Бірақ қыздың жүрегі оны қалап тұрған жоқ. Қаламайды. Оны ойласа-ақ көз алдына бойы серендеп өңкендеп келе жатқан қара сұр жігіт елестейді. Жоқ, былайша жаман жігіт емес, бірақ, неге екенін қайдам жүрегі тартпайды оны. Өзінен бақандай мүшел жас үлкен, тіпті ол да кедергі емес, ең бастысы жүрегі қаламайды.

– Жоқ. Жоқ, – деді қыз, оның есімін мүлде ұмытуға тырысып.

Бірінші тоқсаннан бастап Гүлмайра ашқан әдеби үйірме жүйелі жұмыс жасай бастаған. Онда негізінен оқушылар өздері оқыған әдеби кітаптар туралы ой бөлісіп, пікір алысып, әдеби шығармадағы кейіпкерлер туралы әңгіме өрбітетін. Соған орай тақырыптық кештер өткізіп жүрді. Үйірмедегі ең белсенді оқырман Айнабек пен Әлібек, ол екеуі көркем әдебиетті жарысып оқитын. Екі аптада бір рет өтетін үйірме сағатында сөзді көбіне Айнабек пен Әлібек кезектесіп сөйлейді. Алғашқы кезде қалған балар екеуін тыңдап отыратын. Келе-келе олар да қатарға ілесіп, кітап оқуға бейімделе баста-

ған. Гүлмайра мұғалім соған қуанды. Кітап оқыған балаларды үнемі қолдап, ынталандырудан жалықпады. Жаңа жыл қарсаңында мектепішілік қабырға газетін шығарды. Оның өзі оқушыларға жағымды әсер сыйлап, шығармашылыққа баули бастағанын.



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ШЫРМАУЫҚ

VIII тарау

ЖЕЛ ҚУҒАН ЕБЕЛЕК

БҮГІНДЕ:

Далада жаңбыр жауып тұр. Жаңбыр тамшылары тынымсыз тырс-тырс етіп терезе әйнегіне соғылады. Әлібек манадан бері сіркіреп жауған жаңбырдан көз жазбай ойға шомған. «Жүз мыңға жуық тұрғыны бар қалада оннан астам білім ордасы ірге тепкен, соның біреуі ғана қазақ мектебі. Неге олай? Осы да әділдік пе? Қазақтар өз тілінен неге бас тартқан. Әлде қазақ тілінің төңірегінде біз білмейтін басқа бір құпия бар ма?» деп мазасыз ойға сүңгиді.

Әлібек ауылда өсті. Бұлардың ауылында орыс деген ізнаһар жоқ еді ғой. Ол еш уақытта ойлаған емес, өз тілін білмейтін қазақтар болады деп. Ондай ой тіпті түсіне де кірмеген шығар. Сөйтсе опасыз жалғанда бәрі болады екен. Қазақша білмейтін қандастарын ол алғаш рет әскерге барғанда көрді. Шықшытын безеу басқан қара жігітпен қазақша сөйлесті, ол «түсінбеймін» деп басын шайқады.

«Кәріспісің» деді бұл шала-пұла орысшасымен.

«Қазақпын» деді ол.

Әлібек бәрібір түсінер емес, «онда неге қазақша сөйлемейсің?» деді. Анау болса жауап берудің орнына теріс айналып кетті. Әлібек оны балалар үйінде өскен жетім шығар деп ойлаған. Кейін білді әкесі де, шешесі де бар, мықты адамдар екен. Құдай атып өзі осындай болған. Ал мұндайлар қазір аз ба? Аз емес, тіпті жетіп артылады. Кейбір орыс тілді қазақтарға қазақ тілінің тағдыры туралы бірдеңе айтсаң, аза бойлары қаза болады. Неге олай? Неге біздің тіліміз осындай қасіретті шаққа жеткен? «Неге, неге?» деген жауапсыз сұрақтар оны жан-жағынан қаумалап, ой тереңіне сүйрей береді.

Жаңбыр әлі жауып тұр. Тынымсыз тырс-тырс еткен тамшылар ара-тұра әйнекке соғылады. Сол ақ жауынның арасынан әлгі сұраққа жауап іздегісі келеді, бірақ қалай? «Жауап жоқ қой» дейді ішінен.

Талай жылдардан бері «сақалды» құрылыс болып келген жаңа мектептің жұмысы бітіп, оқу жылы қарсаңында ашылатын болды. «Осы жаңа мектеп, ұлттық білім ордасы болып ашылады» деп ойлайтын Әлібек те, тіл жанашырлары да. Себебі ел-жұрттың талап тілегі солай-тын. Көпшілік соған сенімді еді. Бірақ мәселе бұлар ойлағандай болмай, ол сопаң етіп орыс мектебі болып шыға келді.

Қалалық оқу бөлімінің бастығы Ольга Андреевна деген кеңес заманынан бері осы саланы ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, үздіксіз билеп-төстеген зәндем адам-тын. Әлі де тұғырдан таймай отырған сол кісі «Қазақ тілі» қоғамының алқалы отырысына келіп:

– Құрметті достар, – деп бастады сөзін. – Көпшіліктің сұрауы бойынша осы жаңа мектепті ұлттық білім ордасы етіп ашамыз деп жоспарланған едік, өкінішке орай, ол ойымыз орындалмады. Себебі, оқушылар саны жетіспеді, эзер дегенде бір ғана бастауыш сыныбын аштық. Оның өзіне бала саны толмай зорға жиналды, – деп қинала сөйлеп, шарасыздық танытқан. Бұл оның өткен жылғы берген ақпараты-тын.

Әлібектің бұған тіпті сенгісі жоқ. «Қазақтар баласын қазақ мектебіне беруге құлықсыз» деген жалған сөз дейді ол. Себебі мектеп ашылмай тұрып сол ықшамаудандағы үй-үйді, пәтер-пәтерді, өткен жылы да биыл да Әлібектің өзі ерінбей-жалықпай арнайы аралап, көптеген ата-аналармен тілдескені бар. Сонда ауылдан көшіп келген қырықтың ішіндегі бір азаматтың мектеп жасына жетіп отырған егіз екі ұлы бар екенін, «Қазақша мектеп ашылса соған береміз, неге бермейді екенбіз, өз тілінде оқысын. Әйтпесе бұлармен ертең кім шүлдірлеседі? Жақында балаларымды тіркетейін деп мына жаңа мектепке барып едім «әлі ешкім тіркеліп жатқан жоқ, сентябрьде келіңіз» деп қайтарып жіберді. Енді соны тосамыз. Өз тілін білгенге не жетсін, қарағым. Егер-әки бұл мектеп қазақша болмаса, амалсыз орысшаға барады. Енді қайтеміз? Қаланың сонау бір шалғайындағы қазақ мектебіне қалай тасимыз?!» – деп торыға сөйледі әлгі азамат. Сол кісінің сөзі Әлібекке бұлар білмейтін әлдебір белгісіз құпияның жауабын меңзегендей болған.

Оқу бөлімі болса басқаша жырлайды. Бәрін қасақана жасап отырғаннан сау ма?! Шынында да,

осыған көз жеткізсе болар еді деп ой түйді ол. Келесі күні қоғамның ең белсенді деген мүшелерін шақырып, «жаңа мектепке барып бірінші сыныпқа баламызды тіркетеміз» деген өтініш беріп көріндер. Қайтер екен? Кешіріңіздер, басқадай амалымыз қалмады! Себебі, қаншама ата-ана тамыз айынан бастап балаларын бірінші сыныпқа тіркетуге апарудай-ақ апарған. Мектептің жауабы: «Әлі ешкім келген жоқ, қыркүйектің бірі күні келіңіз, сонда тіркейміз» деп сырғытып тіркемей отырған секілді. Соны қалайда анықтау керек. Бұл өте маңызды, – деді.

Айтқанындай бір аптаның ішінде бәрі белгілі болды. Өтіріктің беті ашылды.

Оқу бөлімінің бастығы әлгі ұзын бойлы, толық денелі ақ сұр қатын басқарма отырысына шақырылып, мәселе қайта қаралды. Қоғамдық ұйым төрағасы Әлібек:

– Ольга Андреевна, бұл қалай болғаны, қазақша бастауыш сыныпқа тіркелуге барған балаларды қасақана тіркемей отырғансыздар. Ал бірінші қыркүйекте барса бала саны толып кетті деп сырғытасыздар. Сенбесеңіз мына кісілердің сөзіне құлақ түріңіз, – деп ата-ана ретінде барып келген басқарма мүшелеріне сөз берді. Олар болған жайды бүгешігесіне дейін баян қылды.

Бөлім бастығы бұл жолы тайқи алмады. Шегінерге жол жоқ еді. Қасақана қолдан жасалған өтіріктің беті ашылғанын сезіп, өңі сұрланып, жаңа мектептің директорына телефон соғып:

– Бір аяғың анда, бір аяғың мұнда, он минуттың ішінде, шұғыл жетіңіз! – деді.

Жел қуған ебелектей елпендеп жетіп келген мектеп директоры алқалы жиынның үстінен шығып абдырап қалған. Мәселенің мән-жайын білген ол: «Ольга Андреевна сіз өзіңіз» дей бергені сол еді, май басқан мол денесі іркілдеген ақ сұр қатын ұшып тұрып:

– Я ничего не хочу слышать! – деді сұқ саусағын шошайтып, директордың көзін шұқырдай аузын аштырмады.

– Сіз түсіндіңіз бе? – деді ызбарлы жүзін мектеп директорына бұрып, – бүгінен бастап, қанша бала келсе соншасын қабылдаңыздар, тіркеңіздер. Барыңыз! Басқа сұрақ жоқ сізге, – деді. Сорлы директор қалбалақтап безіп жөнелді. Бәріне кінәлі сол сияқты. Бірақ гәптің төркіні Ольга Андреевнаның өзінде-тін. Жаңағы мектеп директоры өз кандасымыз еді, шындықты айта алмай ішінде ит өліп, «бұл кісіге не жаздым» деп қапаланып кетті.

Сол күні Әлібектер қамал бұзғандай, тәуелсіз елдің тұмарындай болған туған тілі төрге озғандай қуанды. Сол сәтте оның ойына ана жылғы Мақан Мақсатұлының айтқан сөзі орала берді: «Орыс тілі жетпіс жыл бойы үстемдік құрып, қазақ тілін тықсырып, қоғамдағы қолданыстан шығарды. Қазақ тілінің енді қайтадан қатарға тұруына, топшысының бекуіне, меніңше оған да осынша жыл қажет шығар» дегені құлағын қарып түскендей еді. «Жоқ олай болмайтын шығар, Мақа!» деп Әлібектің оған әлі де сенгісі жоқ.

Қалай дегенмен ел қуанатын жақсылық болды. Жаңа оқу жылында алғаш рет мектеп табалдырығын аттаған қара көз бүлдіршіндер қарасы жеті-

сегіз сыныпқа жетіп жығылған. Тіпті үш қабатты үлкен мектептің бір қанатын бірінші сыныптан құралған бүлдіршіндер алып жатты.

Осы оқиғадан кейін көп ұзамай қалалық оқу бөлімін ұзақ жылдар жеке жайлап, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Ольга Андреевна зейнет демалысына кетті. Ширек ғасыр «аттан түспеген» апаларымен қоштасуға арналған салтанатты кешке қала мектептерінің ығай мен сығайлары жиналып, басшыларының атына небір ыстық ықыластарын, қимас тілектерін, жүрекжарды жұпар сөздерін айтып тауыса алмай қиналды.

– Ольга Андреевна, сіз өте ақылды, аса парасатты, кеменгер адамсыз. Қаламыздың бірінші ұстазысыз, сізді Республика біледі. Сіздің ықпалды, өнегелі тәрбиенізді көрген шәкірттеріңіз бүгінде бір-бір мектепті асықша иіріп отыр. Соның бәрі сіздің табанды еңбегіңіздің, қайрат-жігеріңіздің жемісі! – деп тебіреніп сөйлеген әріптестері аз болмады. Қайсыбіреулер қимастықпен көздеріне жас алды.

Иә, айтары жоқ, мектеп директорларының көпшілігі онымен тонның ішкі бауындай еді. Ольга Андреевнаның үйінде өткен осы салтанатты тойды жасауға ұйытқы болған да, оны ұйымдастырып, шығынын көтеріп алған да солар-тын. Әсіресе Кертай Құлатаевичтің әйелі Рупия ханым, қала мектептерінің бірінде директор еді, сол кісі бүгінгі салтанаттың бас үйлестірушісі (координаторы). Жиын тура басталар шақта Рақыш Құлтаев жылт етіп көрініп, Ольга Андреевнаны бір құшақ гүлмен құтықтап кетті. Айтқандай, ол Рупия Жолтаевнаның

туған бауыры. Бәрінен де Кертай Құлатаевичтің еңбегі зор, ол осы кешке арнап қазы-қарта, жал-жая мен ішімдіктің түр-түрін Ольга Андреевнаның үйіне аста-төк етіп үйіп тастаған. Кертай мен Рупия Жолтаевна жыл сайын Ольга Андреевнаның соғымын өздері сойып, қазысын айналдырып, етті жілік-жілікке бөліп, оларды жеке-жеке салафанға орап, сыртына «жамбас, тоқпан жілік, омыртқа, жал-жая, қазы-қарта» деп аттарын атап, түсін түстеп жазып қоятын. Бұл жолы да олар сол дағдыдан жаңылмаған. Жалпы Кертай Құлатаевич тумысынан сондай, кісінің тілін «кісінегенше» табатын, өзіне керек адамының «иісін» күндік жерден сезетін сұңғыла адам-тын.

Ана жылы әлгі Тыныс Мәлінович парламентке депутат болып сайланған соң Алматыға кетті. Содан айдан аса парламент қабырғасында болып, жалы күдірейіп, онсыз да жер баса алмай жүрген сабаз мансабы өскен соң, тіпті бұрынғыдан да айдыны асып, төңірегіне ызғар шашып елге келді.

Су жаңа депутатты шаһарға кіреберістен тосып алған қала басшылары мен бір топ «зиялы» азаматтар депутатты қолпаштап, қошеметтеп құрылысшылар сарайының алдына алып келді. «Депутатымыз келеді!» деп еміренген ел салтанатты сарайдың ішінде иіріліп отырған. Ақ сақалды аталар, ақ жаулықты әжелер қауқылдасып:

— Баяғы өзіміздің Мәлін ақсақалдың баласы ғой, әкесі марқұм біртоға жуас адам еді, көзіміз көрді, — десіп су жаңа депутаттарын қолпаштап білгендерін айтып, соның өзін өздерінше бел тұтқандай. Далада аса ешкім көзге шалынбады.

Есесіне ұлттық киім киген бір топ биші қыздар, қызғалдақтай құлпырып, қатар-қатар сап түзеп, мәртебелі қонақты сыртта тосып тұрған. Тыныс Мәлінұлы көліктен түсе бергені сол еді, әлгі талшыбықтай иілген жас арулар депутаттың аяғының астына қасқыр терілерін бірінен соң бірін төсеп, өздері жел тербеген қоғадай иіліп ізет білдірді. Күтпеген жағдайға шошына қараған Тыныс Мәлінұлы:

– Бұл не нәрсе?! – деп (әрине, қыздардан емес) қасқыр терісінен аяғын тартып алды. Сол сәтте осы Кертай Құлатаевич топтың арасынан суырылып шығып:

– Асыл аға, мынау киелі көкбөрінің терісі, соны табаныңызбен басып, үстімен жүріңіз.

– Онда не болады екен?! – деді мән-жайды түсіне алмай, тартыншақтап қалған су жаңа депутат.

– Рухыңыз көтеріледі, маңдайыңыз жарқырап, мансабыңыз өседі, – деді Кертай Құлатаевич құдды көк аспаннан күркірегендей даусы саңқылдап.

Жан тербейтін осы бір асыл сөзді естіген Тыныс Мәлінұлының жүзі нұрланып, мына азаматтың тапқырлығы мен адалдығына тәнті болып, аса бір рия көңілмен күліп:

– Беу, қазағымның салттары-ай! – деп тебіреніп, көкбөрінің терісін құмарлана басып, маңдайын күнге сүйгізіп, төңірекке көз жүгіртіп маңғаз қарады. Шынында да, табанынан төбесіне дейін болбыраған семіз денесін бойлап ыстық от шарпып өткендей болды. Артынша алшаң басып еңселі үйге бет алды тәуелсіз елдің су жаңа депутаты. Көкбөрінің киесі қолдады ма, әлде Мәлінұлы өзі солай сезінді

ме, әйтеуір табаны дуылдап, жанары ұшқындап, жан-жағын жіті шолып еңселі ғимаратқа еніп бара жатып, ішінен «көкбөрінің терісі» деп әлденеше қайталады. Осы оқиғадан кейін депутатымыздың қандай күйде болғанын қайдам, қызметте жолы болмай, тіпті базар жағалап кеткен Кертайдың тасы өрге озды. Әкімдіктің атшаптырым дәлізіндегі қызыл кілемді қымсынбай басып, әкімге тіке кіретін, еркін жүретін дәрежеге жетті. Ұзамай қызметі өсіп, қаладағы май зауытын тізгіндеді.

Бұл оқиғаны естіген жан Кертайдың тапқырлығына қайран қалысты. Әлібек болса: «Атамыз қазақ көкбөрінің терісін аяқтың астына тастамақ түгіл қасқырдың атын тура атамай «итқұс» деуші еді. Бөрілі байрақ көтерген көк түріктің киесі сен бізді кешіре гөр! – деп мырзалардың бейшара тірлігіне қарадай күйінген.

Иә, Ольга Андреевнаның отымен кіріп, күлімен шығатын жалғыз Кертайдың қатыны Рупия емес, одан басқа да ондаған адам бар еді. Бәрі де Ольга Андреевнаның басынан құс ұшырмайтын, жұмыстарына келісімен телефон соғып бастықтарының көңіл қошын біліп, «бірдеңе тапсыра ма, бірдеңе сұрай ма» деп үздігіп, өліп отыратын. Бастықтарынан бір жылы сөз естісе соған масаттанып «Ольга Андреевна сүй деді, бүй деді» деп өкшелері жерге тимей кешке дейін ұшып жүретін. Міне, бүгін сол өздері пір тұтып, Құдайдай сенген Ольга қатын зейнетке шығып, әріптестерімен қоштасып жатыр. «Енді біз не боламыз, жаңадан келген бастыққа жағамыз ба?» деп уайым шегіп жүргендер сол баяғы мұнафиқ адамдар-тын.

Әлібек бұл жағдайға тіпті де таңырқаған жоқ. «Мына Кертай, болмаса ана Құлтаев сияқтылар тек біздің ғана емес, тұтас қоғамның қасіреті. Бұл жоғарыдан төмен қарай етек алған итаршылық. Қайда барсаң қалбаңдап алдыңнан шығады, ербендеп етегіңе оралады, тура жел қуған ебелек дерсің!» деп шарасыз шамырқануда.

Ал оқу бөліміне келген жаңа бастық, осы ортадан алыс емес, бұрыннан таныс-біліс Жанна Байчулаковна болатын. Өсіп келді ме, төмендеп келді ме, өзгелердің о да шаруасы болған жоқ. Бар мәселе: «Ол мемлекеттік тілге қалай қарайды екен, тілдің зарын ұға ма?» сол ғана ел аузында жүрді.

IX тарау

ТАЗДЫҢ ҮЙІНЕ БАР

Биыл қалаға көктем ерте келді. Күн нұры елжірей төгіліп, алтын шуағымен жер төсін қыздырып тұр. Көше бойындағы сидиған ағаштар бүр жарып, тіршілік тамырына «қан» жүгіре бастаған. Жол жөндеушілер де жұмысқа жылдағыдан ерте кіріскенге ұқсайды, әсіресе бордюр айырбастаушылардың қимылы ерек. Олар Киров көшесіндегі ескі бордюрлерді суырып тастап, орнына су жаңа ақ мәрмәр тастарды орнатуда. Әдетте жол жиегіндегі бордюрлер бетон немесе граниттен болатын, бұл жолғылары ерекше ақ мәрмәрдің өзі. Мұндайды бірінші рет көрген Әлібек жөндеушілерден жұмыстың жай-жапсарын сұрастырып көрген. Олардың айтысына

қарағанда мәрмәр тасты Қошқар кентінен алып, қаладағы тас кесу цехында дайындайды екен.

«Бордюрді мәрмәрдан салған қаншалықты тиімді, арзан ба, қымбат па?» Журналшы Әлібекті мазалаған бірінші сұрақ сол еді. Сонсоң «сіздер қай кәсіпорыннан боласыздар?» деп әлгі азаматтарды сөзге тартты. Сөйтсе бордюр салып жатқан жөндеушілер ешқандай кәсіпорынның жұмысшылары емес, өз бетінше оншақты адамнан құралған жалдамалы бригада. Білетіндері қала әкімі Бекмұрат Сабенович, «сол кісінің тікелей тапсырмасын орындап жатырмыз» дейді бордюр салушылар.

Расында да, осы кісі қалаға әкім болып келгеннен бастап, неге екенін қайдам, жыл сайын бордюрмен алысады. Онысынан жол табаны жақсарып жатса бір сәрі.

Сол оймен редакциядағы жұмыс орнына келіп, «Мәрмәр тастан қашалған бордюрлер» деген сөз тіркесін қойын дәптеріне көк сиямен таңбалай бастаған. Осы кезде кабинетке Архат Мақан кіріп, «мәрмәр тастың» мәселесі кейінге сырғыды. Соңғы күндері қаладағы білім ордасында өтіп жатқан дүбірлі жиынға қатысып жүрген тілші жігіт әлдебір маңызды мәселе айтуға оқталғандай болды.

– Айта бер, Архат. Мектептегі шаралар қалай өтіп жатыр? – деді Әлібек.

– Мен бір нәрсені түсінбей отырмын, мұны сізге айтуым керек шығар?

– Қажет десең айт, – деді Әлібек алдындағы дәптерді тартпаға салып жатып.

– Қазақ мектебіндегі мектепшілік шаралар қазақша өтуі керек қой, білім бөлімінің бастығы орыс

тілді екен деп солай істеуге бола ма?! – деді ол баяғы атасы Мақан Мақсатұлы құсап көзәйнегін дәміл-дәміл көтеріп.

Жарықтық, Мақан ақсақал әділетсіздік көрсе соған шыдай алмай өстіп шыр-пыр болушы еді. Әлібек жас тілшінің сөзі мен қимылына қарап Мақан Мақсатұлын бір сәт еске алғандай «Сіздің жолыңызды немереңіз жалғап жатыр ғой, Мақа!» деп көңілі сәл елжіреп кеткендей болды.

– Апырмай, ә! Сонда қалай, жөндеп түсіндірші, – деді ол тілші жігітке көз тоқтата қарап. Оның айтуына қарағанда, биылғы өтіп жатқан дәстүрлі жиынның жылдағыдан өзгешелігі – қазақ мектептеріндегі мәдени-спорттық шаралардың жартылай орысша, жартылай қазақша, кейде дені орысша өтетін болғаны. «Ұлттық мектептердегі шаралар тек қазақ тілінде болуы керек, сонда ғана тілдік орта қалыптасады» деп, тілшінің ширығып тұрғаны сол екен.

– Солай ма? – деді үнсіз ойланып қалған Әлібек.

– Онда не тұрыс, солай жаз. «Басшы орыс тілді екен деп, соның ығына жығылғаны қалай?» – деп көп созбай, бір абзацпен қайыра сал, – деген.

Сонымен мақала шығып кеткеннен кейін арада аптадан аса уақыт өткен. Әлібек болса газеттің келесі санын әзірлеу үстінде-тін. Дәл осы кезде оның кабинетіне қалалық білім бөлімінің бастығы Жанна Байчулаковна алқын-жұлқын кіріп келді. Бұл кісі баяғы Ольга Андреевнадан кейін үлкен шәрдің бас ұстазы атанған адам. Басқа басқа емес, оны Әлібек жақсы таниды, тіпті ескі таныс десе болғандай. Ертеректе Жанна Байчулаковна қалатком төраға-

сының орынбасары болып жүрген кезден бастап олардың жолдары талай түйіскен. Міне, сол Жанна ханым келе сала отырар-отырмастан, кісіге шабатын жолбарыстың өлекшіні құсап, ызбар шашып: «Это что такое, а?!» деді.

Долылық буып, төніп келіп зіркілдегенде аптал азамат Әлібектің өзі аяғын тартып үнсіз қалған. Ашумен айтқан сөзінің өзі бірдеңені бүлдіріп қойған балаға: «Это что такое?» деп ұрсушы еді ғой, мұның да екпіні сол тақылеттес. Әуелгіде Әлібек не болғанын түсіне алмай, алдында жатқан қағаздарын «жел ұшырып кетпесін» дегендей көлегейлеп, ашулы әйелдің сөзін тындауға еріксіз зейін қойған.

Жанна Байчулаковна негізі орыс тілді адам еді, аузы-аузына жұқпай төгіліп сөйледі. Қалалық оқу бөлімінің жұмысын, өтіп жатқан шараларының барысын, бұрынғыдай емес, қалада ұлттық мектептердің қатары артып келе жатқанын, өзінің жұмысбасты екенін тізбектей келіп, күйеуінің қазақ екенін, қазақша сөйлейтінін; балаларының қазақ мектебінде оқитынын; өзінің де қаны таза қазақ екенін, қазақша үйреніп жүргенін қадап-қадап айтып: «Осыдан кейін маған қандай претензия қоясыз?» деді сілкілеген қолы ауада дір-дір етіп.

Манадан бері бұрқыраған кара дауылды сырттай бақылап, үн-түнсіз отырған Әлібек әңгіменің тура осы тұсына келгенде есіне бірдеңе түскендей елең ете қалды.

«Қандай ғажап! деді ішінен, «күйеуі қазақ, баласы қазақ мектебінде оқиды, өзінің де қаны таза қазақ, қазақша үйреніп жүр». «Шынында да, енді не істейміз?!» деп ойлады Әлібек.

– Айтыңызшы, осыдан кейін маған қандай «претензияңыз» бар?! – деді қанқызыл тырнақтары қызыл үстелді тесердей шық-шық қадалып. Өңі сұрланып, бетінің түгіне дейін едірейіп редакторға төніп тұр.

– Жоқ, – деді Әлібек. – Жоқ. Сізге қоятын ешқандай «претензиямыз» жоқ, – деп басын көтеріп еңсесін тіктеп отырды.

– Ал сонда?! – деді ит көрген ешкі құсап едірейе қалған Жанна Байчулаковна.

– Сізге ешқандай да «претензиямыз» жоқ. Жалғыз-ақ, – деді ол бір сөзді «айтайын ба, айтпайын ба» дегендей ашулы әйелдің жүзіне көз тоқтатып. Қаланың бас ұстазы болса өңмендеп «бұл не айтар екен?» дегендей «Ну что?» деді сүрме жаққан қабағының кара бояуына дейін бозарып, өңі сазарып, тіпті қызыл тырнақтарына дейін жауап тосып қыбырсыз қатып қалған.

– Тәуелсіздік алғанымызға жиырма жыл болды, Жанна Байшолаққызы – деді Әлібек даусын мәнерлей созып, әкесі Байшолақтың атын қазақшалап айтып, – сол жиырма жылда сіз, жиырма ауыз қазақша үйренбедіңіз, содан басқа «претензиямыз» жоқ.

Манадан бері ызғар шашып, жайпап кете жаздаған Жанна Байчулаковна мына сөзді естігенде орнынан ұшып тұрды. Сол беті сөзге келместен, үстел үстінде едірейіп тұрған сұр сумкасын ала-сала кабинеттен сарт-сұрт шыға жөнелді.

Әлібек «не болды өзі?» деп таңырқап отырып қалған.

Баяғыда бала кезінде ауылдық жерде ирелендеп көкке шаншылған кара құйынды талай көргені бар.

Әлібектің есіне сол оралды. Қара құйын ол құтырса киіз үйдің түндігін жұлып әкететін. Есік алдында жатқан ұсақ-түйек, шылапшын-мылапшынды даңғыратып ұшырып, жер түбіне апарып тастайтын.

Баз-базда долданған қара құйын түнеріп келе жатқанда ауыл балалары:

«Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар!» – деп жарыса айғайлар еді. Білесіз бе, әлгі долданған қара шашты, қара албасты үйге төніп келіп, балалардың айғайынан «сескеніп» жалт бұрылып басқа жаққа ирелең-ирелең етіп зыта жөнелетін.

Жаңағы кісінің ашуы да сондай ма деп, ішінен «Таздың үйіне бар, таздың үйіне бар» деді. Сарт-сұрт шыға жөнелгеніне қарағанда ол шынымен таздың үйіне кеткен шығар. Әлібек мырс етіп күлді. Бірақ бұл күлетін шаруа ма? Әрине, жоқ.

Қазақ тілі – құстың тілі емес, адамның тілі, қазақтың тілі. Жиырма жылда оны толық үйренуге болар еді. Жок! Үйренгенің не? Керісінше, олар өздері қазақ тілінің дамуына түрлі әрекеттерімен кедергі жасауда. Үрке жөнелгеніне қарағанда Әлібектің күдігі рас па дерсің.

Х тарау

АҒЫМҒА АРБАЛУ

Кеңседе отырған Әлібекке әлдебіреу телефон шалып:

– Сіз білесіз бе, біздің қалада жат ағымдар дейсіз бе, секталар дейміз бе, мен о жағын білмеймін,

сондай түсініксіз бірдеңелер пайда болды. Өзіңіз де көрген шығарсыз, әлгі бір, маңдайына сары бояу жағып, сары көйлек киіп, сиыр жетектеп жүретіндер бар еді ғой, солар қаланың шет жағынан үй жалдап, сонда тұрып жатыр. Айтайын дегенім олардың үй жалдағаны емес, олар немен шұғылданады, әңгіме сонда. Оларға еріп жүргендердің бәрі қазақтар. Соны сіздер зерттеп жазсаңыздар, қалай болады? Бұлар қандай ағым, кім оларға рұқсат берген? Соны анықтауға бола ма? – деді.

– Берген ақпарыңызға рақмет! Сізді түсіндім. Жазып алдым, не нәрсе екенін зерттеп көреміз, – деді Әлібек. «Шынында да, бұл не болуы мүмкін? Әлгі «вахабит, салафит» дегеннен құтыла алмай жүргенде, тағы не пәле шықты?» – деп телефонды ұясына қойып ойланып қалған. Ақыры тілшілермен ақылдаса келе редакция алқасы «мұны зерттейік» деп шешті. Оған ең жас тілші Архат Мақан құлшынып сол баратын болды.

Сары матаға оранып жүргендерді Әлібектің өзі де әлденеше рет көргені бар. Қайбір күні көшеде кездескен уыздай бозбала бұған «кітап алыңыз» деп сөмкесінен буда-буда кітаптарды шығара бастады. Әлібек боз баланың ұсынған кітаптарын қолына алып:

– Бауырым-ау, мыналарың басқа діннің кітаптары ғой, мұны неге сатып жүрсің?! Сен мұсылман емеспісің? – деді.

– Жоқ! – деді бала жұлып алғандай. – Иә, түрім қазақ, ал жүрегім не подлежаит, – деді ол. Айтып тұрған сөзіне қымсынатын емес. Тіпті мақтанатын сықылды ма, қалай? Әлібек кітапты балаға қайтып беріп:

– Бауырым-ау, бұның қалай!? Әке-шешен бар ма? – деп сөзге тартпақ еді бозбала үнсіз бұрылып кетті. «Ағымға арбалып адасып жүрсің-ау!» деп кетіп бара жатқан баланың соңынан ол ұзақ қараған.

Кұм қалаға көшіп келген алғашқы жылдары Әлібектің үйі қаланың шет жағында, жаңа салынған зәулім үйдің бірінші қабатында болатын. Бұлармен бала-шағасы көп Мақұлбек деген қарт адамдар көрші тұрды. Отағасы көпті көрген, түсінігі мол салиқалы жан еді. Баз-базда Әлібекті көре қалса: «О жорналшы бала, хал-куатың жақсы ма?» деп аңқылдаған қалпы ағынан жарылып әңгіме шертетін эзіз адам-тын.

Жаңа қонысқа келгеннен кейін сол кісілер кенже қыздарын ұзатып, дүркіретіп той жасады. Жан-жақтан ағылған құда-құдағилар әлгі кемпір-шалдың үйін басып қалды. Ұзату тойын өткізу үшін жұмысшы қонысында жер үйде тұратын қарияның үлкен баласы бар екен, солар үйлерінің дәл іргесінен тойға арнап еңселі шатыр тікті (ол уақытта тойхана деген жоқ). Ішіне жағалай кілем тұтып, қызыл-жасыл шар іліп безендірді. Ұзамай той дастарқаны жайылып, үстел үсті ағыл-тегіл асқа толды. Самсаған арақ-шарап, тойдың көркі сол дерсің мөлдіреп көзді арбайды.

Тойға келген ел-жұрттың бас-аяғы жиналып біткенше сарсылып біраз уақыт өтті. Мыналардың тойы қашан басталады деп тұрғанда:

– Уа, халайық, халайық! Алыстан келген құдаларды қарсы алайық! – деген асабаның шабытты сөзі саңқылдады. Тойшыл қауым дүркіретіп қол соқты. Артынша құдаларды қарсы алу рәсімі

басталып кетті. Сонау Батыс Қазақстаннан келген жаңа құдалардың алдынан арқан керіліп, ақ тілекпен нөсерлете жауған қалың шашу мұндағы елдің құдаларға деген зор ілтипатын паш еткендей.

Құдалары орысша өскен адамдар екен, жиналған елге де, шатырдың ішіне де таңырқай, тамсана қарап, үстелдер мен орындықтардың ара-арасымен абайлап өтіп той төріне озды. Оларға қарсы осы әулетің үлкендері мен ескі құдалары жайғасқан. Отау тіккелі отырған күйеубала құдалардың жалғыз ұлы екен. Содан да болар, жаңа құдалардың қуаныштары қойындарына сыймай шат-шадыман болып, оңды-солды көрімдік беруде. Енді қайтсін, олар да жолдан сүрінбеуге тырысуда. Осы тойға Мақан Мақсатұлы да келген. Ол кезде Мақан ширақ, қызметте жүрген кезі-тін. Той иесі Мақұлбек ақсақалмен екеуі немере болатын.

– Үйлену тойы деген жастар өміріндегі бір жарқын сәт қой. Той құтты болсын, қызымыздың жолы ақ, көңілі тоқ, екі жаққа бірдей құт болсын! – деп алғашқы сөзді Мақан ақсақал өзі сөйлеп той шымылдығын ашқан еді.

Несін айтасың, той асқан шабытпен басталды. Төгілген музыка, дүрсілдеген барабан, даңғаз дауыс көпке дейін ес жыйғызбады. Бірінші отырыстың өзінде-ақ ішімдікке сылқия тойған жастар да, кәрілер де селкілдеп, бүлкілдеп, ойқы-шоқы билеп кеткен-ді. Кенет той өтіп жатқан шатырдың келесі бүйірінде бірдеңе «дүр» ете қалды. Ел елең етіп, мойындарын солай бұрды. Артынша үстелдегі той дастарқаны сыпырылып түсіп, тамақ шашылып, ыдыстар қирап, аласапыран боп кетті. Жанжалдас-

кандар оған қарап жатқан жоқ, арашаға да бой бермей бірін-бірі жағадан алған.

Әйтсе де, бүлік тез басылды. Әлді азаматтар бар екен солар араласып, тентектерді тойдан қуып шықты. Осы сәтті құр жібермеген асаба:

*Аспаңдар да, саспаңыздар,
Тойдың жсырын бастаңыздар!
Екі жастың бақыты үшін,
Қол соғып бір қоштаңыздар! –*

деп мына келеңсіз оқиғаны жуып-шайған болды. Іле-шала даңғырлаған музыканың екпінді әуені айғай-шуды естіртпей жіберді. Осы оқиғадан соң асаба қалай тіл безесе де тойдың сәні көпке дейін кірмеді.

Әлібек келіншегі Айкөркем екеуі бірінші үстел бітпей-ақ қайтып кеткен. Желіккен ел ештеңеге қарап жатқан жоқ, сәлден соң қуанышты қалпын қайта тапқан той дүркіреп түннің бір уағына дейін жалғасты. Ел тарай бастады. Мақан тойда құдаларды құрметтеймін деп шамадан артық «сілтеп» жіберсе керек, енді екі аяғы өзіне бағынса қане? Үйіне жеткізіп тастайтын көліктің де реті болмай, бәйбішесі не істерін білмей қиналды (ол кезде бүгінгідей өріп жүрген такси жоқ). Сөйтіп «қайтеміз, қайтеміз» деп тұрғанда құдалардың ішінде бір балуан денелі азамат бар екен сол «құданы үйіне өзім жеткізіп саламын» деп томашадай Мақанды арқалап ала жөнелгені. Бұлардың үйі бірқауым жер еді, бірақ балуан жігіт қаңбақ шал секілді Мақанның салмағын шопық құрлы көрмей, арқалап

алған. Жол бойы құда баланың арқасына жабысып үнсіз келген Мақан тура есік көзіне келгенде есін жинап:

– Әй, көрдіндер ме? Қараңдар маған! Маған қараңдар! Ел құдасынан ат мініп қайтса, мен адам мініп келдім! – деп айғай салғаны. Әйелі бетін шымшып:

– Үйбай, құда баладан ұят болды-ау! – деді. Құда бала да оған қысылатан емес:

– Айтатындай болды. Ағамыздың арманы жоқ, мен де ағамызды көтеріп келгеніме ырзамын, – деді. Кейін Мақанның өзі сол оқиғаны баз-базда есіне алып қарқылдап күліп алатын.

Иә, одан бері араға талай жылдар түсті. Мақан ақсақал да келмеске кеткен. Бір жылы баяғы ұзатылған қыз ержетіп қалған баласын жетектеп төркініне қайтып оралды. Кейінірек білдік, «күйеубала басқа бір діни ағымға ілесіп, ел бетін көрмей хабарсыз кеткен» дейді. «Ол қандай ағым, не нәрсе?» десек, әлгі мұрнының үстіне сары бояу жағып, саржағал жалпылдақ киіп, сиыр жетектеп жүретіндер екен. Жалғыз ұлдарын бетінен қайтара алмаған әке-шешесі таза күйреп қалған. Күйеубала сол кеткеннен ата-анаға да, алған жарға да, тірі жетім қалған балаға да оралмаған. Жесір қалған келіндері, ата-енесінің рұқсатымен төркініне қайтып оралған.

«Бұл өмірде не болмайды дейсіз! Тілі мүкіс ше-неуніктерді көріп көңілің құлазыса, иманын сатқан осындай қандастарыңды көріп жаның жабырқайды», – дейді Әлібек.

Сонымен не керек, жас тілші Архат Мақан әлгі жат ағымның қосынына жол тартты. «Бұлар қан-

дай адамдар, мақсаты не? Олардың арасында қазақтар не істеп жүр?» Соның бәрін зерттеп білу үшін іштеріне елеусіз кіріп, сыр тартпақ. Тілшіге оның бәрін анықтау қиынға түскен жоқ, себебі мұнда келушілердің дені өз қандастары болған соң солармен емін-еркін әңгімелесе бастаған. Көбінің тұрмысы төмен, жұмыссыз жүргендер, іштерінде ана тілінен мақұрым қалған қазақтар да бар. Соның бірі Кирил, шын аты Сағат есімін өзгертіп алған. «Жексенбі күндері тегін тамақ ішеміз» дейді ол. Соған мәз. Бір аяқ асқа иманын сатып жүргендері есеп емес. Қалған уақыттарының көбі мантра оқумен, яғни құлшылық жасауға кетеді екен.

Сол қарсаңда адасып, жат ағымның жетегіне ерген ерлі-зайыпты Кирил мен Светаның үйлену тойы өтті. Негізі олар бұрындар үйленген, ерлі-зайыпты адамдар. Ал қазір жаңа дінге өтуіне байланысты Құдайдың алдында некелерін қиғызбақ. Салтанатты жиын басталып кетті.

Әйелі түрлі түсті сари киіп, жігіт ақ бәтеске оранып көптің алдына шықты. Неке кию рәсімі бойынша күйеу жігіт қыздың кеудесіне, онда да жүрек тұсына оң қолын қойып: «Сенің жүрегің менікі, менің жүрегім сенікі» деген киелі сөздерін айтып ант беріседі екен. Бұлар да солай жасады. Күйеу жігіттің оң қолы дірілдеп қыздың кеудесіне тиді. Қыз да соны қайталады. Сөйтіп екеуі анттасты. Бұдан әрі жанған оттың қасына келіп, бір-біріне гүлден жасалған дестені мойындарына тағып, отты жеті рет айналды. Отты айналып мантра айтып жүрді, яғни киелі сөздерін айтып, Кришна деген Құдайлары бар екен соны ұлықтаған болды.

Тілші жігіт жат ағымның бір-екі күнгі тыныс-тіршілігін зерделеп, көңіл көзінен өткізіп келісімен «Жат ағымнан сақ болайық» деген мақала жазды. Әрине, ешкімді қорлап кемсіту жоқ, тек көрген білгені, онда да өз қандастарымыздың басқа ағымның жетегіне еріп адасып жүргені айтылды.

Арада айналып апта өтті. Бесін ауған кезде көзі апалақтаған жас тілші:

– Ағай, мені прокуратураға шақырып жатыр, – деді Әлібекке.

– Не үшін, шақырған?

– Өткендегі «Жат ағымнан сақ болайық» деген мақала туралы, соған түсінік бересің, – дейді.

– Е-е-е, солай ма? Шақырса бар, не дер екен. Мен тапсырдым, сен жаздың, қорқатын дәнене жоқ. Не қылар дейсің. Қайта жақсы болды, «газет оқымайды» деуші едік, оқиды екен ғой, – деп арқасын кеңге салған.

Сөйтсе мәселе бұл ойлағандай емес. Бұлардың әрекеті, тілшінің жазғаны құқық қорғаушылар тарапынан заңсыз деп танылып, тілші де, газет басшысы да түсінік жазып, сары киім кигендерден кешірім сұрауға мәжбүр болды. Қарап отырып құйрықтарына қалжауыр байлағандай.

Ал әлгі өзге елдің өкілі біздің елге келіп, біздің қандастарымызды азғырып басқа ағымға, басқа дінге үгіттеуге қандай құқы бар? Бұл сұраққа ешкім жауап бермейді.

Айтатындары: «Біріншіден, олар ешкімді мәжбүрлемеген. Екіншіден, азаматтардың наным-сенім бостандығына шектеу жоқ, бәрі заң аясында» дейді.

Жат ағымның арбауына еріп, отбасының ұясы бұзылып, тағдыры тәлкекке ұрынғандар есеп емес, ең бастысы – өзгенің құқы бұзылмауы керек. Қазақтың құқын сырып тастайды. Әрекеттеріне қарағанда әлпеті солай.

«Олай болса мына жиырма бірінші ғасырда, тәуелсіз ел болған шақта неше түрлі жат ағымдарға ерік бергеніміз қалай? Осы ақылға қона ма?! Кешегі кеңестік кезеңде біз діннен безіндік. Молда көрсек оларды көзге шыққан сүйелдей қып, сондағына неше қилы сөз ертіп, ағаш атқа теріс мінгіздік. Содан не таптық? Әлі күнге сол қырсық атқан дағды бізден қалар емес» деп қинала ой толғайды Әлібек.

Әлкисса, Әлібектің ойына баяғы балалық шағы орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Жаңа жылдың алдында Гүлмайра Алматының іргесінде тұратын әке-шешесіне барып келмек болып мектеп директорынан сұранып, жолға дайындалып жүрген. Дәл отызы күні ол Аршалының үстімен қалаға өтіп бара жатқан автобусқа мінді. Азғана қол жүгі бар. Ағасы осының алдында телефон соғып: «Майратай сен оқушылардың қысқы каникулынан кейін ол жаққа қайта бармайсың, сондықтан киім-кешегінді қалдырмай түгел алып кел, кейін әуре болмас үшін және мектеппен де біржола есеп айырысып кел. Бастықтарың біледі, бәріне айтылған» деді. Содан да болар мектеп директоры:

– Гүлмайра Есенқызы, тым болмаса бізде бір жыл жұмыс істеуіңіз керек еді, жылдың ортасында бізге де қиын болатын болды. Сіздің орныңызға өзіңіз сияқты жақсы мұғалім келсе құба-құп, болмаса жүргенің сол, – деп қимастық танытқан.

– Жок, ағай, мен ешқайда кетпеймін, әншейін ата-анамды сағындым, рұқсат етсеңіз болды соларға барып келемін, – деді. Мұны естіген директор тіпті қуанып кетті:

– Ой, оның жақсы болды ғой, маған аудандық оқу бөлімінен сіз туралы телефон соққан. Сол ғой айтып жатқаным. Онда бара ғой, қарсылық жок, жолың болсын, – деп ризашылық білдірген.

Гүлмайра көлікке мінгеннен кейін артына қарап, бір мезет оқушыларын ойлап отырған. Кім айтқанын қайдам өзі жетекшілік ететін сегізінші сынып оқушылары да:

– Апай, бізді тастап кетпеңізші! Бізге тұрақты класс жетекші құтамай қойды, енді сіз де кетіп қаласыз ба? – деп шулаған болатын.

– Кім айтты сендерге «мені кетеді» деп, қарай гөр бұларды, менен тезірек құтылмақ екенсіңдер ғой, оларың бола қоймас! – деді жүзіне күлкі үйіріп.

– Жок, мұғалім, олай емес, – деп кластағы қыздар шу ете қалған.

– Ешқайда кетпеймін, қайтып келемін. Каникулдан соң кездесеміз, – деді Гүлмайра Есенқызы.

* * *

Гүлмайра үлкен ағасы Қайырды көке дейтін. Сол көкесі қайта-қайта телефон соғып «Майраш,

сен ана Аршалыда қалып қойып жүрерсің, тоқсан аяқталысымен қайт та қайт, – деген. Әрине, Гүлмайраның бұл жақта қалғысы жоқ, бір жыл істеп шығайын, Құдай қаласа келер жылы Алматыға ораламын, деп өзінше болашағын топшылаған.

Автобус қалаға жақындап қалғанда бұларды әлдебір жеңіл көлік қуып жетіп тоқтатты. Гүлмайра автобустың арт жағындағы ұзын орындақта, қол жүгін қасына қойып бүрісіп ой үстінде отырған. Автобус тоқтағанда:

– Не болды? – деп басқа жолаушылар құсап бұл да елендеп, жан-жағына қарай берген. Сөйткенше болған жоқ, автобуска Мұзтай кіріп келді. Шамасы, ол біреуді іздеген сықылды, көліктегі жолаушылардың жүзіне шола қарап:

– Бәрекелді, Гүлмайра, мұның не? Бізге айтсаң өзіміз-ақ сені қалаға жеткізіп салатын едік. Үн-түнсіз кетіп қалғаның қалай?

– Жо... жоқ, Мұзтай аға бағана айттым ғой, әуре болмаңыз деп.

– Ой, сондай бола ма екен! Жүр, тым болмаса вокзалға жеткізіп тастайық пойызың кешке жүреді ғой үлгереміз. Автобустан тез барамыз, – деп аяқ-қолын жерге тигізер емес.

– Мұзтай аға, ренжімеңіз, осымен бара беремін, – деді қыз Мұзтайға қарап.

Бұлардың әңгімесіне шыдамаған жүргізуші:

– Азаматтар түсесіндер ме, мінесіндер ме тездетіндер. Бізді ұстамаңыздар. Жүргізушінің сөзіне жолаушылар да қосылып:

– Шырақтарым, қыстың көзі қарауда жолды бөгеменіздер, – деп шуласты.

Мұзтайдың қасына ерген бейтаныс жігіт қыздың қол жүгін ала жөнелді. Мұзтай да қоятын емес:

– Гүлмайра, жүр, мына кісілерді бөгемейік. Солай емес пе жолдастар деп, автобустағы жолаушылардан қолдау күткендей болған. Сол-ақ екен олар да шулап:

– Қарақтарым, жолды бөгемендер, – деп қоштай жөнелген. Мұзтайға да керегі, тәрізі сол болса керек. Осының бәрі қас қағым сәтте болды. Гүлмайра ойланып та үлгермей орнынан тұрып, автобустан түсіп бара жатты. Кім біледі, осы автобус оның бақыт бастауына апара жатты ма, әлде оның түсіп бара жатқаны дұрыс па. Дәл осы ара қыз тағдырының жол айрығы ма, білмейміз, қалай десек те, ол кезде оны айыру тіптен мүмкін емес-ті. Бір нәрсе анық еді ол – қыз жүрегі күдіктен, қауіп-қатерден ада-тын. Үш-төрт ай өзімен бірге, бір ұжымда қатар қызмет істеген Мұзтай мұғалімге алғаусыз сенген. Ештеңеден қаперсіз Гүлмайра кейін осы бір сәтті жиі еске алар, баға да берер, «әттеген-ай» деп өкінер де, бірақ ол ада-тын.

Ал дәл қазір жеңіл көлікке келіп отырды. Жүргізуші жігіт қыздың қол жүгін машинаның багажына салды. Мұзтай көліктің артына қыздың қасына жайғасқан. Бұл уақытта автобус ұзап кеткен. Көлікте Гүлмайра танымайтын тағы бір жолаушы бар екен. Мұзтай қызға бүгінгі оқушылардың Жаңа жылға арналған шыршасы туралы әңгімелеп, әлденелерді самбырлап айтып, тоқтамай сөйлеп келе жатты. Ара-тұра өзі күлмейтін нәрсеге күліп алады. Қыздың қаперінде ештеңе жоқ. Мұзтайдың байлаусыз әңгімесіне таңырқап,

«күндегісінен бір түрлі ғой» бос күлкінің төркінін түсіне алмай келе жатқан.

Бір уақытта жігіттердің бірі автобустан озып кеттік пе, көрінбейді ғой деді. Иә мен тасжолды қиып алдым автобус артта қалды, деп жымың-жымың етеді жүргізуші. Өне-міне дегенше бұлар бейтаныс бір аулаға кіріп келе жатты. Күн екінтіге ауған кез, ауа райы да бұлыңғыр тартып, ептеп қар ұшқындап тұрды. Гүлмайра жан-жағына қарап:

– Мұзтай аға, сіздер мені қайда алып келдіңіздер?! – деді өңі сұрланып.

– Сен ренжіме, мен саған бәрін түсіндірем, – деп Мұзтай қыздың қолынан ұстағаны сол еді, қыз қолын жұлып алып:

– Мұзтай аға, нені түсіндіресіз. Дереу мені Назар апаның үйіне апарыңыз, – деп ашулы жүзін Мұзтайға бұрған. Көліктері тура есік алдына жетіп тоқтаған.

– Жарайды, апарып тастайық, тек көліктен түсейік, – деді Мұзтай.

Мұзтай көліктен түсе салысымен қыз отырған жақтың есігін ашып, Гүлмайраны тік көтеріп үйге ала жөнелді. Құдды мың қойдың ішінен бір қозыны арқасына салып ала жөнелген жыртқыш дерсің. Қыздың өзі бұлай болады деп тіпті де ойламаған. Қолынан ұстауға батпай жүрген Мұзтай мұны тік көтеріп ала жөнелгенде қыздың көзі апалақтап есі шығып кеткен. Сол беті үйге кіріп бір-ақ тоқтаған ол, қызды жерге қойды. Сол-ақ екен, жан-жағынан «шашу, шашу» деп әйелдер шашу шашып жатты.

– Ұзағынан болғай!

– Бақытты болыңдар!
– Қадамы құтты болсын! – деп шуылдаған әйелдер ақжарма тілектерін жаудыруда. Гүлмайраның екі құлағы тарс бітіп қалған. Өзін қоршаған адамдардың ыржиып күлгендерін ғана көріп тұр. Әуелгіде қыз өзінің қандай кепке тап болғанын түсіне алмай қалды ма, қалай, әйтеуір қимылсыз серейіп тұрып қалғаны. Бір әйел келіп қолына ожау ұстатып отқа май құйғызды, енді бірі басына ақ орамал байлады, тағы біреуі маңдайынан сүйді. Содан кейін тағы да шашу шашылды. Содан кейін, иә содан кейін, қалыңдық төргі бөлмедегі құрулы тұрған ақ шымылдықтың ішіне келіп тізе бүкті. Қасына өзімен мектепте бірге істейтін Кербез деген жас мұғалім келіншек жайғасып:

– Сіңілім қадамың құтты болсын! – деп Гүлмайраның бетінен сүйіп, иығынан өзіне тартып құшақтады. Тура сол кезде ғана қыздың есі кіргендей, көзінен жас сорғалай жөнелген. Сол мезет ол басына жапқан орамалды лақтырып тастағысы келді, атып тұрып далаға шығып кеткісі келді, бірақ соның бірін де жасай алмады, тек егіліп жылай берген. Басына түскен жағдайға жаны күйзеліп, өксіп үнсіз ұзақ жылады. Іші-бауыры суып, басына ғаламат қасірет дауылы құлағандай жаны шырқырап көз жасын тыя алмай егіле берді.

– Құрбым, Гуляжан, шыныңды айтшы, сен мұнда өз ықтиярыңмен келмедің бе? – деп таңырқай сұрады Кербез. Гүлмайра жауап берудің орнына солқылдап, өксіп басын изеуге ғана шамасы жеткен.

– Ойбу, сіңілім-ай! Енді қайттім?! Мұзтайдың мұнысы несі, өзі дырдай мұғалім, – деп болған іске

бір жағынан таңырқап, енді бір жағынан Мұзтайдың мына тірлігіне күйініп:

– Қазір мен барып онымен сөйлесемін, мұнысы не? Жынды ма? Осындай бола ма екен?! – деп шығып кетті. Есіктен басын шығарып Мұзтайды шақыртты ол.

Арада біраз уақыт өткенде Мұзтай келді. Ол есіктен кіргенде Кербез орнынан ұшып тұрып:

– Мұзтай, бері кел, Гуляның қасына отыр. Гулямен жақсылап сөйлес. Енді шегінетін жер жоқ. Жаным, Гулечка өзің де біліп тұрсың ғой. Мұзтай, саған айтар сөзім жоқ, сен не істеп қойдың. Көшеде жүрген жынды бала емессің, дырдай мұғалімсің, мұның не?! Қысқасы, екеуің өздерің ың-шыңсыз шешіндер, мен кішкенедең соң келемін, – деп бөлмеден шығып кетті. Осы кезде Гүлмайра жас жуған жүзін Мұзтайға бұрып:

– Сіздің мұныңыз не? Сіз оқыған адамсыз. Мұғалім адамсыз. Неге мені жетім қозы құсатып өңгеріп әкелдіңіз? Неге? Неге бұйттіңіз?! Ел-жұртқа не дейсіз?! Оқушылардың бетіне қалай қарайсыз? Мен қалай қараймын? Енді не боламыз?

– Гүлім, Майрашым, мен сені жанымдай жақсы көремін.

– Өтірік! Өтірік айтпаңыз! Жақсы көрген адамына мұндай қатыгездік жасамайды. Босағанды жылап аттағаным жақсылыққа апара ма? Оны неге ойламадың, «көзі соқырдан қорықпа, көңілі соқырдан қорық» деуші еді, осыншалық көрбілте болғаныңыз ба? Айтыңызшы, менің болашағым не болады?!

– Гүлім, айналдым, ашумен айтып отырсың. Тыңдашы, сен біздің мектептен кететін болғанда

өзімді қайда қоярымды білмедім. Тура жүрегім тоқтап қала жаздады. Сен кетіп қалсаң, мен сені қайта көрмеймін ғой, сенен айырылып қалам-ау деп амалсыз осындай қадамға бардым, кешірші мені. Өмір бойы алақаныма салып, аялап өтемін, – деп қыздың шашынан сипағысы келіп, қолын созып еді қыз оны жақтырмай, иығын тартып алды.

– Мен сізді сүймеймін, сүйе де алмаймын, түсінесіз бе?! Осы сөзді ол бода-бода болып жылап отырып айтты. Жылап отырып: «Қорлық-ай, өлім-ай!» деп иығы бүлкілдеп өксігін баса алмады.

– Гүлім, Майрашым мен сені жанымдай жақсы көремін дедім ғой. Әлі бәрі жақсы болып кетеді, – деп тоқтамай сөйлей берді Мұзтай.

Бұдан кейін де Гүлмайра тоқтай алмай үнсіз жылаумен болған.

Әлден уақытта келін түсірген үйге құттықтау айтып, кіріп-шығып сапырылысқан адамдардың дабыр-дұбыры сәл басылғандай болған. Осы кезде бөлмеге Кербез келді. Бұл кезде қыз бен жігіт үн-түнсіз тұнжырап отырған-тын. Соны көрген ол қыз бен жігіт бір мәмілеге келген шығар деп түсінсе керек:

– Гүлмайра, сіңілім тіл көзден аман бол, айнала-йын! Мұзтай, күйеубала сен енді Гулечканы екі алақаныңа салып, төбеңе көтеріп жүресің, уәде ме? – деп көңілдене сөйлеп, қыздың қасына жайғасқан.

– Ей, сіздер қандай адамсыздар, мен қалаймын ба, қаламаймын ба оны неге сұрамайсыздар? Жердің үстімен келіп астымен кететін болдым ғой, мені өлтірдіңдер ғой, – деп ышқына өксіп жылады Гүлмайра.

Жылап отырып өзінің қалай аңдамай от басқанын ойлап, енді бұдан кері қайтудың жолы жоғын ойлап, бүкіл ғұмырының, мақсат-мұратының күлпаршасы шыққанын ойлап егіле берді. Өзі сүйетін, өзі пір тұтатын бір азаматтың етегінен ұстай алмағанына опынып та, күйініп те қолынан тек жылау ғана келіп егілумен болды. Ол әріптесі Кербездің бір сөзін естіп, бір сөзін ести алмады. Мұзтай бөлмеден шығып кеткенде Кербез Мұзтайды мақтады:

– Негізі жаман жігіт емес, адал, еңбекқор, кішіпейіл адам. Бірте-бірте үйренісіп, жақсы көріп кетесің, – деп қызды жұбатқан болды.

Келін түсірген үйдің у-шуы түн жарымына дейін созылған. Соның бәрі қыздың жанына шөңгедей қадалып иен түзде жападан жалғыз қалғандай дәрменсіз халге түскен. Бір кезде Кербез:

– Гулечка, таң атуға жақындап қалды мен үйге қайтайын, – деді жылай-жылай көзі домбыққан Гүлмайраға жаны аши қарап.

– Жо, жоқ, кетпеші, кетпеші! Бүгін менің қасымда болшы, – деп қыз жалына сөйлеп, жалбарына қарады Кербезге.

– Сабыр ет, айналайын, сені ешкім жеп қоймайды. Бағанадан бері айтып отырмын, бәрі өтеді, әлі-ақ үйренісіп кетесіңдер.

– Кербез, жалынамын, бүгін менің қасымда қалшы. Мен оны көргім де келмейді, мен оны сүймеймін, онымен қалай тұрамын? – деп қыздың денесі дірілдеп, екі көзі үрейленіп кеткен.

– Жарайды кетпейін, сабыр етші, – деп өксіп жылаған Гүлмайраны құшақтап:

– Уайымдамашы, бәрі жақсы болады дедім ғой, – деп жұбатумен болған. Сол күні Гүлмайра шымылдық тұтқан ақ кереуеттің шетіне қаздиып отырған қалпы таңды көзімен атырды. Түнімен қасында отырған Кербез таң алдында ұйқы қысып, ақ төсектің аяқ жағына киімшең қисайған қалпы ұйықтап шықты. Бұл күні Мұзтай қалыңдығының қасына жолаған жоқ.

Ертеңгілік сағат тоғыздан кете келін түсірген үй орындарынан тұрар-тұрмастан үйге Жапал Жарқынов келді. Түрі салқын. Бірден Гүлмайраны сұрады «маған шақыр» деді. Жұмакүл сасқалақтап:

– Аға, төрге шығыңыз, – деп қонақ бөлмеге кіргізді. Дастарқан жиналмаған, үстелдің үсті қаптаған ыдыс-аяқ, босаған шөлмектердің шынысы үстелдің асты-үстінде жатыр екен. Сөйткенше бөлмеге Гүлмайра кірді. Жапал Жарқынов ұзын бойлы, толықша келген келбетті адам-тын. Сырт киімін шешпей биік орындыққа қаздиып отырған Жапал Гүлмайра кіріп келгенде қыздың домбыққан көзін, үрпиген түрін көріп:

– Қызым-ау, саған не болған?! –деп шошына тіл қатты. Тіпті орнынан ұшып тұрған. Содан кейін Гүлмайрамен қоса кірген Жұмакүлге:

– Қалқам, сіз шыға тұрыңыз. Мен өзім жеке сөйлесейін деді. Жұмакүл қипақтап еріксіз бөлмеден шығып кетті.

– Гүлмайра, айналайын-ау, мен жаңа естідім. Сен кеше Алматыға үйге барамын деп кетіп едің ғой. Не болды? Маған шыныңды айт, сені ықтиярыңнан тыс әкелді ме? Олай болса, мен қазір сені жетектеп алып кетемін. Ана Мұзтай бұл

үшін өмір бойы өкінетін болады. Қорықпа, маған айт, – деді.

Гүлмайра үнсіз, тістеніп сөйлемей тұр. Аузын ашса еңіреп жылап жіберетін секілді. Сол мезет оның ойына ағасы Қайыр келді, мына кісі ағасына қазір хабар берсе дүние астан-кестен болғалы тұр. Ағасы алған бетінен қайтпайтын мінезі қатал адам. Қолы да ұзын. Соны Жапал аға да меңзеп тұр, «шыныңды айт, қазір шара қолданамын» дейді. Қазақта «табалдырық аттаған қыз» деген сөз бар. Ендеше мұның да «табалдырық аттағаны» ғой. Жапал ағаның қолынан ұстап үйден шығып кетсе де болар еді, оның арты не болады? Мұның тағдыры не болады? Соңынан жаман қауесет ереді. Етегіне жұққан күйе секілді. Одан құтылу жоқ. Дүниеге тап таза болып келіп еді, осы кезге дейін қылдан тайған жері жоқ еді, анадан туған қалпы еді, құдайым-ай! Қара басып қалай алдандым, қалай от бастым, – деп өзін кінәлаған ол:

– Ағатай, артымнан іздеп келгеніңізге рақмет. Ағама айтыңыз «өз еркіммен, ешкім зорлаған жоқ» деңізші.

Жапал Жарқынов сыртқа шыққанда, есік алдында шылым шегіп тұрған Мұзтай:

– Ассалау, – деп Жапалға жалпақтап сәлем берді.

Оның сәлемін үнсіз алған Жапал жігіттің бетіне кадала қарап, бірдеңе айтайын деп оқталып барып:

– Қызды жылатпа. Бақытты болындар, – деп бұрылып жүріп кетті.

«Осыны да мұғалім дейді-ау!» деп ішінен ренжіп бара жатты. Қыздың өз еркімен бармағанын, алып

кашып келгендерін Жапал білді, бірақ қайтесің, сорлы қыз артынан еретін сөзден қорқып, еріксіз жылай-жылай опасыз тағдырға мойынсынған. Ей, осы мерез мінезден қашан құтылар екенбіз деп то-рығып жүрді.

Басына түскен мына бір сойқан жағдаймен Гүлмайра қанша келісейін десе де өзін жеңе алмады. Алғашқы күндері төсектен тұрмай, нәр сызбай жылаумен болған. Жұмакүл өбектеп қасынан шықпай қызды айналып-толғанып жұбатумен болған.

– Ештеңе етпейді, қарағым айналайын, бәрі ұмытылады кетеді, бақытты боласындар. Өзің басыңды көтеріп ыстық тамақ іш, бүйте берсең ауырып қаласың, айналайын ақылың бар ғой, – деп жалынып жалпайып тамақты қасына әкеліп қойды.

– Гүлмайраш, мен жұмысқа барып келейін оғанша мына тамағыңды іш, қарағым, сөйте ғой, жарай ма, – деп кеткен.

Мұзтайдан да, оның әпкесі Жұмакүлден де Гүлмайраның іші әбден суыған, содан да болар ол күні де, келер күні де қыз сұлық жатып қалған. Үшінші күні қыз мүлде әлсіреп, көзі аларып, өңі бозарып кеткен. Мұны көрген Жұмакүл қатты састы. Осы қызды бауырына теліген өзі еді, енді соның обалына қалдым ба деп жаны қысылып, дәрігер шақырып әбігерге түскен. Доктыр келіп, Гүлмайраға тыныштандыратын ине салып, тамақ ішіңіз әлсіреп қалғансыз деп дәрі-дәрмек жазып беріп кеткен.

Содан қанша ұйықтағаны белгісіз Гүлмайра біреулердің дауысынан оянып кетті. Ауызғы бөлмеден үлкен апаның дауысы баяу естіліп тұр:

— Әй, сен оңбайсың ғой, оңбайсың! Сенің айтағыңа алданып қалды-ау, Мұзтай. Әйтпесе бұл қыз оның ойында жоқ еді. «Қойшының таяғынан, келіннің аяғынан» деген сөз бекер ме? Өз ықтиярымен келмеген келін саған құт бола ма?!

Шынында да, Мұзтайдың қолтығына су біркіп: «Мектептеріңе бір тамаша қыз келіпті, Мұзтай көрдің бе? Қандай тамаша, қандай биязы!» деп желіктіріп, еліктірген Жұмакүлдің өзі болатын. Негізі ол да жамандық ойламаған шығар, үйленбей отыздан асқанша сәумендеп жүрген бауырына жаны ашығыны болар. Айтатыны жоқ, Жұмакүл әуелден солай-тын, осы ауылға сырттан бір қыз келсе соны елден бұрын Жұмакүл көретін, артынша оны «біздің Мұзтайға лайық екен» деп теліп отыратын. Бұл жолы да солай болды. Бірақ мына қыз көптің бірі болмады. Көңгісі жоқ. Оған енді шешесі қосылып бұны жазғыруда.

— Апа, қойшы, қайдағыны айта бермей, — деді шешесінің сөзіне күйінген Жұмакүл.

— Е-е-е, қайдағыны дейді ғой. Осы жасқа келгенше «обал, сауап» дегенді білмедің бе?! Әй, сендерді де, — деп ауыр күрсінді кейуана.

Дәл сол күні қаладан суыт хабар келді. Жұмакүлдің шахтада бұрғышы болып істейтін жалғыз ұлы бар еді, сол өндірісте болған апаттан ауыр жарақат алып ауруханада жатыр, жарақаты ауыр, шұғыл келіңіз, — депті.

Жылап, еңіреп Жұмакүл өз қайғысымен өзі болып, хабар келген бетте жол жүріп кетті. Жұмакүл сол кеткеннен ұзақ уақыт баласының қасында болды. Баласы өздігінен жүріп тұра алмайтын кемтар

болып қалған деседі. Осы оқиғадан кейін Гүлмайра басын көтеріп, үй-ішінің тірлігіне ептеп араласа бастаған. Қайтесің енді «басқа түскен баспақшыл» деген. Өлмеген соң адам осылай, итшілеп, сүлдерін сүйреп жүрге беретін болар.

Солай десек те оның Мұзтайға деген іші жылымады. Онымен өткізіп жатқан әр күні, әр түні жанын жегідей жеп, жүйкесін кемірген сайын өзінен-өзі жеркініп, тіпті өзін өлердей жек көріп жүрді. Басына түскен қатыгез тағдырға көне алмай, қыстыға қиналған кезде:

Өзімнен-өзім жиіркеніп,

Өзімді өзім жек көріп.

Тағдырдан безгім келеді,

Намыстан жаным өртеніп, –

деп уайым кешті.

* * *

Мұзтайға қосылғанымен Гүлмайра оған жан жылуын бере алмады, жұмысқа да шықпады. Тіпті мектеп тұрмақ даланың жүзін көрмейтін күндері көп еді. Үнемі сүлесок, ауру адам сықылды, өңі солып, қабағы салбырап жүрді. Мұзтай келіншегінің көңілін аулағысы келіп кейде жылы-жылы сөйлеген болады. Ондай кезде Гүлмайра әжептәуір ден қойып отырады да, кенет меңірейіп басқа бірденені ойлап кететін. Қыздың өмірге деген бұрынғы құштарлығы, ұшқын атып тұратын жанарының оты өшіп қалғандай. Жүйкесі сыр берді ме, қай-

дам, әйтеуір, қарап отырып жылайды. Тау гүліндей құлпырған жүзі де бірте-бірте солып бара жатты. Келіншегінің осы бір күйзелісін түсінген Мұзтай оған мектепке жұмысқа шық, жұмыспен алдanasың деген. Бірақ Гүлмайра оған мүлде ықылас танытпаған. Мұзтай ойлаған уақыт емші, келе-келе үйреніп кетер, өкпесі басылар деп.

■ Наурыз айы туған кез. Бір күні өзінің бір топ оқушылары мұны үйге іздеп келді. Қолдарында уыс-уыс қызғалдақ.

■ – Ой, апай көрсеңіз ғой, дала тура кілем төсегендей құлпырып, қып-қызыл қызғалдақтар жайнап тұр. Керемет, әдемі, апай! – деп оқушылары тұс-тұсынан жамырап кетті.

■ – Гүлмайра мұғалім, сіз неге жұмысқа шықпадыңыз, біз сізді тосып жүрміз, – деп Сәния мектептегі жаңалықтарын, үйірмелерінің тоқтап қалғанын айтты.

Сол күні Гүлмайра біресе қуанып, біресе мұнайып көңілі аласапыран күй кешкен. Оқушылар сыйлаған қызғалдақтарды ыдысқа салып, соған ұзақ уақыт қарап отырды. Қызғалдақтың ғұмыры қысқа ғой деді ішінен. Оқушылар мені қуантайын деп жұлып алған ғой деді. «Қызғалдақтың ғұмыры қысқа» деп соны ішінен әлденеше қайталады.

Бір күні Гүлмайра іңірде ұйқыдан шошып оянды. Онсыз да тұщы ұйқыдан ада болған қыз біршама уақыт есеңгіреп отырып артынша:

«Әкемнің бір тал гүлі едім, қорлыққа шыдап жүр едім. Жүрегімді аппақ қор қылып, мезгілсіз жерлеп келемін» деп дыбысы шықпай, жүрегі езіліп, жылап тұрды.

Наурыздың соңғы күндерінің бірінде Гүлмайра төсегінен тұрмай қалды. Көргендердің айтысына қарағанда марқұмның арқасы түгел қарайып кеткен дейді. Біреулер көз тиген деді, енді бірі «жаны тым нәзік қыз еді, тағдырдың қорлығына шыдамай құсадан өлді» десті. Кім біледі, «халық айтса қалт айтпайды» деген, мұнда бір шындық бар ма, қайдам, әйтеуір, білетініміз «жүрекке әмір жүрмейді» деген рас. Дегенмен ауыл ішінде «қызды еркінен тыс алып қашыпты» деген сөз тарап кеткен-тін.

Оны ақтық сапарға шығарып салуға бірталай ел жиналды. Оқу жылының басында Гүлмайраның өзі сабақ берген оқушылары Әлібек, Айнабек, Жақан, Сәния бәрі-бәрі көздерінің жасы сорғалап, сүйікті мұғалімдерін үнсіз жоқтап, қаралы үйдің біресе дәлізінде, біресе есік алдында иіріліп тұрды.



БЕСІНШІ БӨЛІМ

ҚҰСТЫҢ ЗАРЫ

ХІ тарау

БЕЙДАУА

БҮГІНДЕ:

Ертеде бұл атырапта құс деген жыртылып айырылатын. Құс базары сонау қоңыр күзге дейін тарқамайтын. Ол кезде қанаттылардың алуан түрі бар еді. Солар күз түсе алтын аймақты қимай, қаңқылдап, шулап жылы жаққа бет түзейтін. Тіпті құстың төресі аққу, одан қалды аққұтан мен бірқазанға дейін болатын, үйрек, қаз өз алдына сұңқылдап, сымпылдап даусы бір сембейтін. Беу, шіркін! Сол бір алтын шуақты қоңыр күз қандай ғажап еді! Құдды табиғат ана төсінен дүркіретіп той өткізіп жатқандай жамырайтын!

Одан бері қаншама жылдар өтті, айдынның бауыздау алқымына ірге тепкен алып өндіріс ошағы күндіз-түні демінен от бүркіп, төңірегін ыстағалы текті құстар да қара үзіп көрінбей кеткен. Тіпті соңғы жиырма-отыз, тіпті қырық жыл дидарында қанаттылар қатары қатты селдіреді. Зәуеде бір қара қарға қарқылдап келе қалса:

«Е, қарға да келген екен ғой!» деп қалалықтар құс көргендеріне қуанатын.

Биыл да қанатына көктемді ілестірген жыл құстары өздері бауыр басқан алтын аймақты сағынып оралды. Алыстан қанаттары талып жеткен періште құстар, соңғы жылдары кеніштің іргесіне пайда болған айдынға жетіп қонды. Табандары жерге тиісімен, жануарлар қанаттарын сілкіп, бойларын жазып, бірден мөлдіреп жатқан тұнық суға тұмсықтарын малды. Бәлкім, үйреншікті өңірді ансаған болар, сағынған болар, әйтеуір су ішіп маң-маң басқан жануарлар жағадан ұзай қоймады. Сол күні құстар айна көлді жағалап қонақтап қалған.

Күміс кірпігін қағып таң атты. Күн шуағымен маужыраған дала таңы құстардың қаңқылдап, шаңқылдаған жайсыз дауысынан оянғандай. Жай қаңқыл емес, бақырып-шақырған, сұңқылап зарлаған дауыс талайға дейін естіген құлақты қарып, толастамады. Адамдар: «Е, жыл құстары келген екен ғой!» деп өздерінше пайымдаған. Сол маңнан мал айдап жүрген бірді-екілі қоныс тұрғындары жағда жайрап жатқан құстарды көріп көздері атыздай болған. Құстар бекер сұңқылдамаған, серіктерін, жақындарын жоқтап ұлардай шулауда. Қайсыбірі басы ауған жаққа жалпылдап ұшып барады, енді біреулері айналшақтап су жағасында сұлап жатқан «бауырларын» қиып кете алмай қаңқылдап, сұңқылдап зарлап жүр. Әсіресе «қарқ, қарқ» деп қарқылдаған қарғаның зарлы дауысы төбе құйқанды шымырлатып басылар емес. Табиғат ананың көмейінен төгілген құстың зары көпке дейін сембеді.

Ертелетіп өріске мал айдап жүрген қоныс тұрғыны су жағасында жайрап жатқан құстарды көріп «Құдай сақтасын, бұларға не болған?» деп аңырып

тұрып қалды. Артынша ол дереу тиісті орындарға хабарлады. Түс ауа қала экологтарымен бірге мәслихат депутаты Айнабек Жөкеұлы келді. Солардың өкешесін ала жеткен Әлібек Әлімұлы көліктен түскен бетте қынадай боп қырылған құстарды көргенде аузына сөз түспей көз алдындағы көрніске шошына қарады. Қырылған құстардың арасында әлі де шалажансар жатқандары бар, енді біреулері әлсіз қанаттарымен шағыл құмды сабалап, жандәрмен көмек күткендей тыпырлайды. Мына сұмдыққа жаны түршіге қараған Әлібек:

– Бұларға не болған, Айнабек?! Неден өлген, бірденеден уланған ба? – деп Айнабекке жалтақтай берген.

– Өте аянышты! – деп басын шайқады ол. – Мына судан сынама алып экологтар нақты жауабын айтар. Мен депутаттық сауал жолдаймын, – деді ол.

Қырылып қалған құстарды Әлібек суретке түсіріп, газетке шұғыл түрде мақала жазуға кірісіп кеткен.

Арада, сірә, көп уақыт өткен жоқ қала әкімдігінің мәжіліс залында алқалы жиын басталды. Әуелгі сұрақ бойынша халық қалаулысы, қаладағы колледж директоры Айнабек Жөкеұлы сөз алды. Өткен сайлауда депутаттыққа түсіп, ел сеніміне ие болған Айнабек Жөкеұлы біраз жерде жауапты қызмет атқарған, көкірегі ояу, салиқалы азамат. Бұл баяғы Аршалының түлегі, өзіміздің Айнабек, совхоздар тарағаннан кейін қалаға қоныс аударған ол жекеменшік колледж ашып, соның жұмысын дөңгелетіп отырған білікті басшы болатын.

Депутат Айнабек Жөкеұлы асықпай мінбеге шығып қысқаша баяндама жасады. Қалаға ірге-

лес жатқан Қошқар кенішінің маңында, қайдан шыққаны белгісіз, көлшік пайда болған. Бір қарағанда онда тұрған ештеңе жоқ. Бірақ гәп мынада: әлгі көлшіктің жағасы қырылып қалған құстардың өлексесінен көрінбейді. Жақында ғана сол арадан су ішкен кеніш тұрғынының тайлағы өлген. Тағы біреудің бұзауының өлексесі сол маңнан табылған. Осының бәрі көлшіктегі судың кесірі ме, әлде басқадай бір зауал келді ме?

– Жергілікті экологтардың айтысына қарағанда кенттен шыққан іркінді суда улы қоспалар бар, соның салдарынан қоршаған орта зардап шегуде. Құстардың қырылуы, малдың өлімі соның салдары демеске лаж жоқ. Жолдастар, бұл залалдың көзге көрініп тұрғаны, ал жер қыртысына сіңген улы қоспалардан қандай зардап шегеріміз, ол жағы әзірге белгісіз. Сондықтан бұдан шығатын қорытынды, – деді Айнабек Жөкеұлы:

– Кеніш басқармасы әлгі іркінді суды мал бармайтындай, құс қонбайтындай етіп қоршасын, ал ең тиімдісі жасанды көлшікті құрғатсын, – деп ұсыныс жасап, құстың зарын айтып араша түсті.

«Айтылған сөз – атылған оқ» демекші Айнабек Жөкеұлының алқалы жиында айтқан ұсынысы, іле-шала аймақтық газет бетінде жарқ ете қалды. Көптің көкейін дөп басқан көлемді жазба көңілге түрлі ой салғандай. Шынында да, жабайы құстардың бір мезгілде қырылып қалуы, көзге көрінбейтін бір қатердің барын ұқтырып тұрғандай. Ең ғажабы осы оқиғадан кейін құс біткен бұл атыраптан мүлде көрінбей кетті. Бұрын да қатары селдіреп қалған

қанаттылар енді біратола, көрместей болып безіп кеткен дерсің.

Содан бері біздің Құм қалада құс жоқ. «Арқада қыс жұмсақ болса арқар ауып несі бар» демекші, бұл өңірдегі табиғат ахуалы жақсы болса құстар да ешқайда аумас еді. Демек, құс екеш құстың да өлгісі келмейді. Осылайша, құстың зары қаладан озып, облысқа жетті.

Арада бірқауым уақыт өткенде қанаттылардың неден өлгенін анықтау үшін облыстан Тайыр Жалмағанбетов бастаған арнайы тексерушілер келді.

Күн жұма болатын. Келе сала шұғыл іске кіріскен комиссия мүшелері кеніш пен шаһарды шарлап, әр жер, әр жерден өлген құстардың кеуіп қалған бір мүшек өлексесін жинап алды. Сараптамадан өткізіп, қанаттылардың қандай кеселден өлгенін анықтап, құстардың зарын жеткізбек. Өздері білімді жігіттер екен, өлген құстардың бір-екеуінің аузын ашып, өңешіне үңілді, асқазанын жарып оны да тексерді. «Осының бәрін зертханаға апарып жанжақты зерттеп зерделейміз» деді.

Бұл уақытта күн ысып, жер дегдіп, жасыл желек қаулап өсе бастаған. Облыстан келген тексерушілер құстардың өлексесі салынған қапты базардағы тоназытқыштың біріне өткізіп, өздері кешкі пойызға дейін өзен жағасына алаңсыз демалуға кетті. Әрине, жалғыз емес, қастарында құрақ ұшып жүрген ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Какман Карловичтің көмекшісі Өспен деген жүзіктің көзінен өтетін епті жігіт бар. Ол деген тексерушілерді ішіп-жемге тойғызып, жағдайын жасап жанығып жүрді. Тапсырма солай. Сол күні Тайыр Жалмаған-

бетов бастаған комиссия мүшелері өзеннің салқын суына сүңгіді, салқын сыраны қылғытып, кәуәптің неше түрін өңештен өткізді. Ой, не керек, әбден сілесі қатқан «мәртебелі» меймандар облысқа жүретін кешкі пойызға әуірімдеп әзер отырды. Ыстық ұрып тастады ма, денелерін су сорды ма, әйтеуір тұла бойлары болбырап, өңдері күреңітіп, көздері кіртііп-ақ қалған. «Жолдың тамағы» деп бүйірі қампиған қара сөмкені Өспен қонақтардың көздеріне көрсетіп вогонға салып берді. Күні бойы жандарынан қалмай зыр қағып қызмет қылған азаматпен құшақтасып, сүйісіп қоштасқан Тайыр мырза бастаған тексерушілер қайтып кетті.

«Е, құтылдык!» деді Өспен, ойында ештеңе жоқ. Сөйтіп үйіне қайтты.

Екі күнгі демалысты өткеріп, жұмысқа шыққан Какман Карлович кабинетіне кіріп орындыққа жайғасқаны сол қызыл үстелдің шетінде тұрған қара телефоны шоқ басқандай «шар» ете қалды.

– Алло, Какман Карлович тыңдап тұр.

– Какман Карлович.

– Иә, мен тыңдап тұрмын, айта беріңіз.

– Какман Карлович, энеукүнгі жинаған құстар қайда?

– Сіз кімсіз, құсыңыз не?

– Какман Карлович, кешіріңіз мен өткен аптада сіздер жаққа барып құстардың өлімі туралы материал жинаған Тайыр Жалмағанбетов боламын.

– Иә, иә есімде, Тайыр, шырағым, аман-сау жеттіңіздер ме? Халдерің қалай?

– Жетуін жеттік қой...

– Е, не болды?

– Какман Карлович, кешіріңіз, айтуға да ыңғайсыз болып тұр.

– Ештеңе етпейді, айта бер. Біз не көрмеген адамбыз, – деді Кәкең маңғаздана сөйлеп.

– Өткенде сараптамаға жинаған құстардың өлексесі базардағы тоңазытқышта қалып қойыпты. Ұмытып кетіппіз. Соны кешкі пойызға салып жіберсеңіздер, өзіміз тосып аламыз.

– А-а-а, солай ма?! – деп даусын соза сөйлеген Какман үнсіз қалды. Біразға дейін дыбысы шықпады. Жаңа өзі айтты ғой «біз не көрмегенбіз» деп, Құдай ондап бұны да көрді. Мұндай жауапсыз «жауынгерлердің» Кәкең талайын көрген, бірақ дәл мынандай иісалмастарды бірінші рет кездестіріп отыр. «Өзіміз тосып аламыз» дейді деп жақтырмай басын шайқады.

– Алло, алло, Какман Карлович! – деп Тайыр да тызылдап жаны шығып барады.

– Тайыр, біз оны тоңазытқышқа «үш-ақ сағатқа» деп қалдырдық, мұздатқышы бар болғыр, бос емес қой. Апырай, ә?! Сен маған жарты сағаттан соң хабарласшы, мен оның анық-қанығын білейін.

– Жақсы, жақсы Какман Карлович, сізден хабар күтемін, – деді Тайыр.

– Іле-шала Какман көмекшісі Өспенді шақырып, «дереу тоңазытқышқа қойған құстардың өлексесін көріп кел. Сонсоң базаркомға тапсыр, кешке дейін ұстай тұрсын», – деді.

«Қырсыққанда қымыран іриді» демекші құстардың өлексесі орнында болмай шықты. Анаданмынадан сұрастырса ет сатушылардың бірі тоңазытқышта тұрған түсініксіз затты алып сыртына

қойған. Оны еден жуатын әйелдер «қоқыс қалдықтары екен» деп сыртқа шығарып тастаған. Болды, құстың жыры осымен тамам.

Сәлден соң біреу қуып келе жатқандай алқынып Тайыр телефон шалды:

– Какман Карлович, әлгі сараптамаға алған материалдар не болды? Тайырдың даусын естіген бетте Какманның сұйық қасы түйіліп, бетінің ұшы жыбырлап қоя берді. Осындайларды суканы сүймейді. «Өз жұмыстарына жүрдім-бардым қарайтын, жауапсыз ақымақтар» деді ішінен. Көкейіне лықсып келген ашуын әзер тежеп:

– Тайыр, қарағым, жинап алған заттарыңды өздеріңмен бірге алып жүрмейсіңдер ме?! Көрдің бе, жұмыс жоқ жерде не болғанын?! «Комиссияның өлексесін қайда жібердіңдер?» деп бүкіл базарды аяғынан тік тұрғыздық. Жоқ сенің өлексең! Таппадық! Біреулер тоңазытқыштан шығарып тастаған, екінші біреуі оны қоқысқа лақтырып жіберген, – деді.

– Какман Карлович, бұл енді баланың шаруасы ғой, солай бола ма екен?! – деді Тайыр ренжи сөйлеп.

– Вот именно, баланың шаруасы. Сіздер аса маңызды жұмыспен келдіңіздер, «өлкселеріңе» неге ие болмайсыңдар?! Соны айтшы маған?

– Кешіріңіз, Какман Карлович енді не істейміз? – деді әуелгі аптығы басылып, кінәларын енді түсінгендей жуасып қалған Тайыр. Оның бұл сұрағына Какман да бірден жауап бере қойған жоқ. Және оған не деп жауап береді? Сағызша созып талайға дейін үнсіз қалды ол. Үнсіздік ұзаған сайын Тайырдың да

берекесі қашып, бірдеңе деуге жасқанып, телефон құлағына өші кеткендей кенеше жабысып, үздігіп өліп барады. Сәлден соң Какман Карловичтің «Алло» деген даусы жеті қат жердің түбінен шыққандай естілді.

– Иә, иә, Какман Карлович, мен тыңдап тұрмын сізді, – деді Тайыр тағатсыздана елпең қағып.

– Менің ақылымды алсаң құстар ештеңеден уланбаған, олар аштан өлген.

– Оны қайдан білесіз? Және «құстар аштан өліпті» дегенге кім сенеді?

– Енді оны өздерің ойлаңдар, сіздер мамансыздар ғой. «Қандай жағдайда құстар аштан өледі, өлсе неге өледі?» оны менен гөрі сіздер жақсы білесіздер, – деп салмақты өздеріне арта салды. Осы құс қырылғаннан бері Какман Карлович анаған бір, мынаған бір жалтақтап мазасы қашып жүрген, құдды құстарды өзі өлтіргендей. Енді көрдің бе, жоқ жерде сәті түсіп, қабынған мәселе өзінен-өзі шешілгелі тұр. «Сараптамаға жинаған өлекселерді жоғалтып алған өздерінен көрсін» деді ішінен Какман Карлович.

Шынында да, құстардың жыры осымен ақи-тақи болғандай. Кейін ел айтып жүрді: «Қуаңшылықтың салдарынан құстар аштан өліпті» деп. Енді біреулер: «Апырай десейші! Аспан асты, жер үстінде, ең дүниенің ортасында құстар да аштықтан өледі екен-ау?! – деп таңырқаған болды.

Араға аптадан аса уақыт өткенде қала басшысы Әлімұлына телефон шалды:

– Алло, Әлібек Әлімұлы тыңдап тұр.

– Слушай, Әлібек! Сен ана материалды газетке неге шығардың? Бастықтың даусы қатқыл шықты.

Әлібектің іші қылп ете қалды, бір бәле болғанын сезді. Сонда да қарсы сұрақ қойды:

– Қай материалды айтасыз?

– Ана «Қанаттыларға не болған?» деп қара аспанды төндірген мақаланы айтамын. Қошқар кентінде нелерің бар? Слушай, Әлібек, тексерілмеген, зерттелмеген нәрсені газетке неге шығарасың? Аштан өлген құстарды уланып өлді деуге қандай құқың бар?

– Бекмұрат Сәбенович, – деді Әлібек салмақты сөйлеуге тырысып. – Мен көргенімді жаздым, оны халық қалаулысы депутат та көтеріп отыр, экологтар да дабыл қағып жатыр.

– Депутаттың да депутаты бар, сол айтты екен деп газетке баса бересің бе? Біле білсең ол сенің жекеменшік газетің емес! Ойыңа келгенді көңірсітетін. Неге басасың?! Мен сенен соны сұрап тұрмын?!

– Бекмұрат Сәбенович, сіз кешіріңіз, біз тәуелсіз Қазақстанда сөз бостандығы бар, демократиялық елде өмір сүріп жатырмыз. Дұрыс айтасыз, бұл менің жекеменшік газетім емес, сіздің де үстемдік жүргізетін жекеменшігіңіз емес, – дей бергені сол еді...

– Сен өзің қалай, қалай сөйлейсің? Ертең сағат онда маған келетін бол, қалған әңгімені сонда жалғастырамыз, – деді даусы ызғар шашып, зілді естілді. Артынша телефон дың-дың етіп сөніп қалған.

Осы әңгімеден соң Әлібектің шырқы кетті. Газетке келгеніне де көп бола қоймаған. Соншалықты бүлінген ештеңе жоқ дейін десе олай емес, құстар қырылып, табиғат зардап шегуде. Бұған қалай жа-

ның ауырмайды. Жазғандары да, айтқандары да шындық.

«Тоқта, тоқта» деді ол ішінен, әлдене ойына түскендей. «Құстар аштан өлді» дегенді қайдан шығарып отыр? Құстардың қырылып қалғаны рас, бірақ неден өлгенін кім анықтады? Бекмұрат Сәбеновичтің ертоқымын бауырына алып тулауына қарағанда гәп құста емес-ау, деп ойлады Әлібек. Бір жағынан осы әкірендеген жүйеден қашан құтыламыз? Сірә, бұдан құтылу жоқ шығар. Бұлардың бәрі кешегі компартияның шекпенінен шыққан, қызыл коммунистер. Тұла бойларына кеңестік жүйенің әміршіл әдіс-тәсілін қомағайлықпен сіңіріп алған, баяғы мұртты көсем сықылды зілді бұйрық береді. Еш өзгермейді екен деп іштей кейіп, ойы пышырап кеткен.

Өзін қанша сабырлы ұстайын десе де бастықтың әлгідегі сөзі ойынан шығар емес. Тіпті сол мақаланың газетке шыққанына айдан астам уақыт болған екен, «болары болып, бояуы сіңгеннен соң» «неге басасың» дейді. «Қошқар кентінде нелерің бар?» деп оған неге ара түседі? Ол, ол ма, ана ел сайлаған халық қалаулысын «өкілетті орган» деп онымен санасқысы жоқ. «Депутаттың да, депутаты бар» дейді. Ал сөйлес, тілің жетсе. Тура баяғы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы дерсің. Содан айырмасы жоқ.

Сол-ақ екен Әлібектің ойына баяғыда болған бір оқиға орала кетті.

Ертеде бұлардың Аршалыдағы ауылында Жұмахан деген жүргізуші болған. Мына Жақан мен Нұғыманның үлкен ағалары. Жазда пішен таситын,

қыста қи ойып, малға жем-шөп жеткізіп тыным таппайтын еңбекқор адам-тын. Өзі өте қарулы, әрі аңқылдаған аңғал азамат еді. Сол кісі ЗИЛ деген көлігімен шаңы бұрқырап жатқан дала жолымен заулап келе жатса алдынан аққудай қалқып бір ақ волга көрінеді. Қаланың асфалті емес, қырдың ойқы-шойқы жолымен заулаған ЗИЛ әне-міне дегенше-ақ волганы басып озып, шаңға бөктіріп өте шығады.

Ойында дәнеңе жоқ Жұмахан жүргізуші әндетіп аудан орталығына келіп кіреді. Орталықта бір туысы бар екен соның үйіне соғып шай-пайын ішіп отырса, қызыл жағалылар сау ете қалады.

– Мына ЗИЛ-дің шопыры кім? – дейді әлгілер. Түрлері суық, сөздері өктем, жау жеткілеп тұр.

– Мен, – дейді Жұмахан.

– Бізбен бірге жүріңіз.

«Қайда барам? Өзім жаңа келдім, шайымды ішіп алайын» десе аналар «қазір шай ішетін жерге барасың» деп алды-артына қаратпай айдап әкеліп темір торға қамап тастайды.

Ештеңенің мәнісін түсінбеген Жұмахан шопыр:

– Оу, ағатайлар, өлтірсеңдер де айтып өлтірсеңдерші, абақтыға қамайтындай мен не жаздым? Жазығым не? Азаннан кешке дейін ортаның жұмысы деп шапқылағаннан басқа мен не жаздым? – дейді ышқынып.

Ешқандай жауап жоқ. Содан үш тәулік жатып, әлгі жерден Жұмахан әзер шығады. Сөйтсе бар бәле әлгі ақ волгада екен. Ол жай волга емес, ауданның бірінші хатшысы мінген ақ волга. Соны басып озған, жай басып озбаған, бірінші хатшыны шаң-

ға көміп кеткен. Құдды шаңға аунатып кеткендей. Гәпті қарасашы!

Содан былай Жұмахан ақ волга көрсе тоқтап, қолын шекесіне қойып тұратын болған дейді.

Сол бір оқиғаны еске алған Әлібек «мына заманның әкімқаралары баяғы бірінші хатшылардың балағынан түсіп қалғандай, ауса бұйырмасын. Бірақ оған таңданатын дәнеңе жоқ, ең жаманы бұлар өздерінің әкірендеген мерез мінездерін тәуелсіз Қазақстанның жастарына үйретіп кететін болды, сол өкініш» деп еріксіз бас шайқады.

Сонымен келесі күні Әлібек шаһар басшысының қабылдауына келді. Жиналысқа жергілікті биліктің бөлім басшылары қатысып, әуелі қаңғыбас иттердің мәселесі қаралды. Өткен аптада бір баланы ит талап, Құдай сақтап тірі қалған екен. Содан бері қаладағы қаңғыбас құтпандардың мәселесі қабынып тұрған.

Мына төтен жиналыстың да көтеретін жүгі сол болса керек. Ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы Какман Карлович сөзін әдеттегідей орысша бастап, әуелі қаңғыбас иттердің көзін жоюға жылына бөлінетін акшаның көлемін айтты. Қаржы талапқа сай игеріліп, өткен жылы бірнеше жүздеген қаңғыбас құтпандардың көзі жойылғанын моншақтайғып жіпке тізді.

«Алайда, – деді ол қолындағы қағазына көз қыяғын жүгіртіп, – одан қаңғыбас иттердің қарасы азаймай тұр. Жыл сайын күзде, қыста қаңғыбас иттер үйір-үйір болып, ұры итті сұқ ит қуып қаптап кетеді» – деді. Осы арада Какман Карловичтің сөзін бөлген шаһар басшысы:

– Сендер мәселенің салдарымен алыспай, себепін неге анықтамайсыңдар. Неге ит көрсендер бас салып атасыңдар. Неге?.. Одан кейін ол біреудің аузын жалап, әспеттеп отырған асыл текті иті болып шығады. Аtpас бұрын бұл иттер қайдан келді, кім жіберді, жіберсе не үшін жібереді? Әлде біреулер сіз бен біздің қырағылығымызды тексеру үшін қасақана солай жасай ма? Слушай, Какман Карлович, сіз аудан өмірін де, қала өмірін де жетік білетін тәжірибесі мол мамансыз. Неге дұрыстап тексермейсіздер? Осы мәселені індетіп зерттеуге не кедергі? Айтыңызшы! Осы қалада арнайы ит ұстайтын орын бар шығар? Бар ма, Какман Карлович?

– Бар, бар. Өткен жылы қолданысқа берілген ит қора дайын тұр. Онда иттерге арнап барлық жағдай жасалған. Оты бар, суы бар, – деп Какман Карлович лыпылдап, шыбындаған аттай басын дамылсыз изеді.

– Болса соған қамандар. Қолға түскен иттің түртүсін айтып хабарландыру беріндер. Отыр ғой эне газеттің адамы, қайдағы бір аспанда ұшып жүрген «құстар өлді» деп. Беріндер соған! – деді қабағынан қар борап.

– Түсінікті, солай жасаймыз. Газетке береміз, – деп Какман Карлович қауғадай басы изеңдеп байыз таппады.

Әлібек «менің мәселемді ұмытып кеткен-ау?» деп арқасын кеңге салып отырған, сөйтсе ұмытпаған екен. Көрдің бе, сөз арасында бұны да түйреп өттіп, қырына іліккенін сұсымен аңғартты. Бұдан былай «аяғыңды тартып жүр» дегені.

Әлібек оған аса таңырқаған жоқ, оны толғандырған «құстың зары». Иә, иә, қанаттылар неден қырылды, неге қырылды, оны еститін құлақ бар ма?

Шаһар басшысы алдында жатқа қағазға сәл көз жүгіртіп отырды да:

– Еділ Саятович, бұны қалай түсінеміз? Өз аяғымен барған адамның жанын сақтай алмадыңдар. Ел-жұртқа не дейміз?

Мәжіліс залының оң жақ қапталында отырған толық денелі ақ сұр адам орнынан жылдам тұрып, басшының сұрағына жауап беруге оқталған. Орнынан көтергенімен бастық оған сөз беретін емес:

– Биыл бүкіл еліміз бойынша денсаулық жылы болып жарияланғанын білесіз. Бұл жөнінде арнайы қабылданған бағдарлама бар. Иә, сіздердегі (денсаулық саласын айтып отыр) шешімін күткен күрделі мәселелер маған мәлім. Дей тұрсақ та, айтыңызшы, ауруханаға өз аяғымен барған науқастан қалай айырылып қалдыңдар? – деп Еділ Саятовичке тесіле қарады.

– Бекмұрат Сәбенович, «внутренние кровотечения» деген ішкі қан кету, дәрігерлік көмек көрсетілгенімен солай болды, – деп орысша, қазақша ақпар берген болды ол.

– Отырыңыз. Сіз қалалық Денсаулық сақтау бөлімін басқарасыз, шашыңыз аппақ, тәжірибеңіз мол. Денсаулық бөлімнің жетістігі де, кемшілігі де сіздің мойныңызда. Оны мойныңызбен көтере алмасаңыз айтыңыз. Енді сұмдық емей немене! Ауруханаға өз аяғымен барған әйелді өлтіріп алу деген, – әкімнің қабағы қарс жабылып, даусы ызғарлы

естілді. Жиынға қатысып отырғандар «Обал-ай!» десіп іштен тынған.

– Сіз білесіз бе, еліміз бойынша тұрғындардың орта жасы алпыс төрт жас екенін. Сарапшылардың айтуына қарағанда бұл көрсеткіш мына достастық елдерімен салыстырғанда ең төменгі деңгей дейді. Кешегі қайтыс болған әйелдің жасы нешеде? Айтыңызшы? – деп шұбар беті күреңітіп, Еділ Саятұлына сүзіле қарады әкім.

– Отыз жетіде, – деп күбірледі ол.

– Әне, көрдіңіз бе? Оның соңында үш баласы қалды. Бір әулеттің қайғысы. Ал сіз мына жерде тұрсыз «ішкі қан кету» деп. Онымен кімді жұбатаңыз? Кеше маған қайтыс болған марқұмның анасы келіп, әуелі шағым айтты, артынан жылады мен не істерімді, қалай жұбатарымды білмедім, – деп біразға дейін үнсіз қалды.

«Шынында да, қиын екен?» деп Әлібек дәптеріне сүйектете жазып отыр.

Сәлден соң шаһар басшысы:

– Еділ Саятович, мұндайды ешкім де әдейі жасамайды ғой. Оның бәрі түсінікті, алайда, сіз осыған мұқият болыңыз, қараңыз, байқаңыз, мамандармен жұмыс жасаңыз. Содан кейін, сіз бір жаққа жол жүрсеңіз қайда баратыныңызды айтып кетсеңізші. Қайда, не істеп жүргеніңізді жан адам білмейді. Өткенде министр келді, сіздің саланың министрі. Өтіп бара жатып жолай соққан екен, сізді іздеп таба алмадық. Тірі жан сіздің қайда жүргеніңізді білмейді! Сізде не ұялы телефон жоқ па? Жоқ болса айтыңыз, ақша жинап сатып әперейік, жағдайыңыз келмесе. Еділ Саятович, бұлай болмайды ғой, жұмысыңыз-

ға ие болыңыз, қабілетіңіз жетпесе айтыңыз, – деп сөзінің соңын салқын қайырды.

– Жиналыстан шыққан Әлібек кеңсесіне жылдам басып кетіп бара жатқан Какман Карловичпен қатарласа бере:

– Кәке, «құстар аштан өлді» деген диагнозды кім қойған? – деді. Ауылшаруашылығы бөлімінің бастығы кілт тоқтай қалып:

– Облыстан келген комиссия қойды, оны неге сұрадың? Жаңа бастықтың айтқанын естідің ғой, – деді өңі күреңітіп жақтырмаған сыңайлы.

– Олар қандай айғаққа сүйеніп жасаған? Менің білуімше, сараптамаға жинап алған құстардың өлексесін облыстан келген комиссияңыз осында қалдырып кеткен немесе қасақана ұмытып кеткен. Мына сөзді естіген Какман Карлович бір сәт аңтарылып қалды да, іле:

– Оны сізге кім айтты? – деді түрін суытып, сөйлегенде ернін шошайтатын дағдысымен, әлгі сөзін тағы қайталап. – Кім айтты, сізге?

– Ой, Какман Карлович, өзіңіз білесіз ғой, біздің шағын шаһарда бірдемені жасыру мүмкін емес. Сыбырлағаныңызды ел естіп отырады. Әне, қараңыз, бүкіл базар шулап жүр, «облыстан келген комиссия сараптамаға жинаған құстардың өлексесін базарға тастап кеткен» деп.

– Әлібек, ол енді жел сөз. Жел сөз, – деді Какман Карлович басын дірілдете шайқап. – Сіз бен біз нақты фактіге, құзырлы орынның құжатына сенміз, солай ма? Мен сізге айтайын, есіңізде болсын, біздің қолымызда құзырлы орын жіберген сараптама қорытындысы бар. Біз соған сүйенеміз. Ол заңды құ-

жат. Мен оның көшірмесін сізге факспен жіберейін, әрине, керек десеңіз. Ал енді кешіріңіз, – деді ол басын қалтақтата шайқап. – Менің жұмысым бар, – деп сыр бермей қайқандап кетіп бара жатты.

Е-е, бұған енді дауа жоқ. Бұл Какман Карлович деген кісіңіз жұмысқа әбден ысылған, әлгі шахматшылар сияқты бес-алты жүрісті ерте ойлап, жауабын көкейіне тоқып жүретін, сырын ешкімге шашпайтын, өзінше, стратег адам. Көрдіңіз бе, мына жерде де сыр алдырмай сытылып барады. Қолында мөрленген құжаты бар, қалғаны жел сөз. Әлібек айттып жүрген «обал, сауап, парыз, қарыз»... Тұу, ол ма, ол оны қызықтырмайды, ең бастысы, қолында мөрленген құжаты бар. Оның жалған құжат екенін ол жақсы біледі, бірақ оған ол жауапты емес. Етегін шаң шалмайтындай етіп оны да ол есептеп қойған.

ХІІ тарау

СҮЙІСУ

Құстың зары ұмытылып, мерекелі мамырдың жыры басталып кеткен. Шаһардағы «Достық» алаңы. Ығы-жығы халық. Думанды күннің белгісіндей әуелеген әсем ән шалқи көтеріліп шартарапқа тарауда. Үлкен сахнаға жақын тұста жапырғы жайқалған жалғыз дарақ бар еді. Топырлаған елден бөлектеу бір шоғыр адам сол жалғыз теректің көлеңкесін саялап, сахнаға көз тіккен. Іштерінде Әкімқожа мен Айнабек Жөкеұлы, Кертай Құлтайұлы, оның соңы-

нан бір елі қалмайтын ұзынтұра Тәңірберген мен Әлібек, тағы бірнеше белгілі азаматтар бар.

Осы кезде шаһар басшысы бастаған осы өңірдің өңкей «жақсы-жайсандары» бір шоғыр боп сахнаға көтерілді. Араларында бір кәсіпкер грузин азаматы бар екен.

Оны көрген Әкімқожа:

– Өй, мынау қайдан шықты!?! – деді мысқылдай сөйлеп. Кәсіпкер грузин азаматын елдің бәрі білетін, баяғы кеңес заманында мына Ленин мен Киров көшелерінің қиылысында құстың ұясындай дүңгіршек болатын, ол сонда отыратын етікші-тін. Көпшілік оны әлі күнге етікші дейді. Бірақ қазір ол, білесіз бе, етікші емес, дәрпі алысқа кеткен әлеуетті зор кәсіпкер. Бүгінгі күні думанды кештің ордасы атанған тойхана соныкі, жанармай құятын ат шаптырым бекет те соныкі, қонақүй мен күрежолдың бойындағы кемпинг те соған тиесілі. Қысқасы, кәсіптің құлағында ойнаған адам. Солай десек те, бүгінгі салтанатты жиынның төрінен сол етікшіні көреміз деп кім ойлаған?!

Мерекелік жиынның жүргізушісі әдеттегідей жалынды сөздерді төкпелеп, шаһар басшысы Бекмұрат Сәбеновичке құрметтеп, қошеметтеп сөз берді. Мұндайда сөзінің бісмілләсын қазақша «сізді көргеніме қуаныштымын» деп бастайтын (өзінің қадеті солай, алдында мың сан адам тұрса да сөзін «сізді көргеніме» дейтін «сіздерді» деген сөз лексиконында жоқ болса керек). Бұл жолы да қалыптасқан дағдыдан жаңылмай қазақша қысқа қайырған соң орысша көсіліп, шешіліп сөйлеген басшымыз көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлағысы келгендей, ел-жұртты құттықтап, ақжарма тілегін шашу

етті. «Шаһарымыз көп ұлтты, көп конфессиялы» деген сэнге айналған сөзін де ұмытпады. Сөйлеп болғаннан соң, әлгі өзімен бірге сахнаға көтерілгендерді құр қол қайтармайын деді ме, бәріне бір-бір дорба берді. Қазақ мұндайда бір-бір шапан беруші еді ғой, соған ұксағаны ма, қайдам?

Әйтеуір, сахнаға шыққан еңбек ардагері мен танымал тұлғалардың қолдарын жеке-жеке зор ілтипатпен қысып, құшақтап, әрқайсысына арнайы сый-сияпатын жасап, кезек етікшіге келгенде ол екеуі қайта-қайта төс соғысып, қимай-қимай үш қайтара сүйісті. Осылайша, мерекелік құттықтау мәресіне жетті. Сахнадан түскен шаһар басшысы дәл сол тұста иіріліп тұрған азаматтармен жағалай амандасып:

– Қалай болды, жігіттер? – деді. Мына азаматтардан қошемет күткендей жүзі жадырап, көңілдене сөйлеген.

Сонда әлгі арада тұрған Әкімқожа біреуді мұқатып, қисық сөйлейтін адам еді (көпшілік солай ойлайды, негізі олай болмауы мүмкін) сол кісі шаһар басшысының ұсынған қолын алып жатып:

– Бәрі жақсы, тек қана ана етікшімен ебіл-дебіл сүйіскенің болмаса, – деді. Мынадай тосын сөзді естіген Бекмұрат Сәбенович тура оқ тигендей не кете алмай, не бірдеңе айта алмай, октау жұтқандай қылқынып тұрып қалды. «Басшы да адам ғой, сондай сөзді тура бетке айтудың қажеті не?» деп ойлаған Әлібек. «Әй, енді өзіне де обал жоқ, Брежнев атасы құсап соншама сүйісіп несі бар десейші».

Шаһар басшысы кетіп қалған соң Әлібек тек тұрмай:

– Әбеке, неге олай дедіңіз, кімді сүйсе оны сүйсін, – деді қыңыр шалдың дүрдиген бет-аузына көз тоқтатып.

Әкімқожа бар денесімен бұрылып:

– Журналшы бала, немене «бастығым ренжіп қалды» деп жаның ашып тұр ма? – деп ырсылдап, жалпақ еріндерін әрі-бері қозғап күліп алды. Содан соң Әлібекке көзін сығырайта қарап:

– Адам мен адам сөйлескенде арасынан от шығып тұрса жарасады. Бықсып, көңірсіп тұрғанның несі сән? – деді дүрдиген еріндері қыбыр-жыбыр қозғалып.

– Құдай сақтасын! Баяғының үлкендері «Байқандар, араларыңан от шығып кетпесін» деуші еді, елдің татулығын тілеп. Сіздің ұстанымыңыз қиын екен, Әбеке.

Әлібекке алайып бір қараған Әкімқожа оның сөзіне жауап қайыруға асықпай, маңқиып тұрып-тұрып:

– Журналшы жігіт, – деді өңін күреңітіп, – жаңағы азамат ол көлденең көк атты емес, қаланың дырдай басшысы. Сен екеуміздің қандасымыз. Солай ма, айтшы өзің?

– Солай, – деді Әлібек басын изеп.

– Олай болса, оған сен екеуміз қалай намыстанбаймыз. Сені білмеймін, дырдай басшының қайдағы бір келімсектің бетінен сүйгені маған мүлде ұнамайды, – деді салбыраған ебдейсіз еріндері қыбыр-жыбыр қимылдап.

– Ол етікшіңіз, кім болса да осы елдің азаматы, оның бер жағында кез келген жұмыс құрметке лайық емес пе?!

– Білем, білем, ол бұрын етікші болған, қазір қалталы азамат, «күлшелі бала» дегендей. Сондықтан да бар пәле басшының өзінде. Ол жалғыз, біз көппіз. Көп сыншы, көптің көз алдында жүру үлкен жауапкершілік пен парасаттылықты талап етеді. Қай жерде не айту керек, қалай сөйлеу керек, кімді құшақтап, кімнің бетінен сүюді алдын ала ойластырса жөн. Ал бұлар шыға салады да, экспромтом шатып-бұтып бірдеңе айтып Құдай ұрады. Артынан сөзге қалады. Маған рақмет айтындар, бетіне айтқаным үшін. Мейлі, ренжи берсін, – деді ол болыраған алақандарын жайып. – Есесіне екінші рет аяғын аңдап басады. Мен оны мұқатқаным жоқ, шындығын айттым. Көрінген етікшінің бетінен сүйе берсе, ойлашы өзін, онда не қадір қалады, – деді ол әдеттегідей сабырлы қалпын бұзбай.

– Бір жағынан сіздікі де дұрыс секілді. Дегенмен... – деп Әлібек күмілжіді.

– Дұрыс, дұрыс болғанда қандай, жорналшы мырза. Оған басыңды қатырма! Ертеде Сәкен Сейфуллин айтты деген бір сөз бар, мүмкін естіген де боларсың. Бірде Сәкен жарықтық, Сталиннің портретіне қарап тұрып: «Осы мұртты көрсем етігімді тазалатқым келеді» деген екен. Ал біз ше? Біз бетінен сүйгіміз кеп тұрады, – деп ол қарқылдап күліп алды.

– Әбеке, – деді Әлібек. – Сіз сөздің басында мені бала дедіңіз, одан соң жігіт дедіңіз, енді жорналшы мырза болдым. Айтыңызшы, сүтпісірім ішінде не өзгерді?

– Бәрекелді! Көп нәрсе өзгерді, ана «батырларға» қара, – деді ол әлгінде иіріліп тұрған азамат-

тарды қолымен нұсқап. – Олар неге қырғи көрген мекиен құсап, қыт-қыттап бұл арадан безіп кетті.

Шынында да, бұл уақытта Айнабек, Тәңірберген, Кертайлар «бәлесінен аулақ» дегендей Әкімқожаның қасынан сырғақтап кетіп қалған. Тәңірберген ол әуелден сондай, екі шоқып, бір қарап сак жүретін адам. Ал мына Кертай ма, оған дауа жоқ. Қазіргі сәтте де домалаңдап әкімнің соңынан ере жөнелді. Еріп бара жатып:

– Бекмұрат Сәбенович, бұл адам өзі бейпілауыз, түк үлкендік қасиеті жоқ, – деді даусы ін түбінен естілгендей ышқынып.

– Олай болса оның қасында неге тұрсың? – деді Кертайдың сөзіне жүре жауап берген бастығы.

– Бекмұрат Сәбенович, мен ағаштың көлеңкесінде тұрған едім, оның қасында емес, – деп бейшара Кертай алқынып ақтала бастаған.

– Жарайды, мен саған сенем ғой, Кертай Құлтаевич, – деді Бекмұрат Сәбенович даусын жұмсартып. Осы сөзден кейін Кертайдың күпті көңілі орнына түсіп «ух» деді.

«Қолға ұстатпайтын, көзге шалынбайтын, бұл өзі қандай адам?» – деп Әлібек Кертай туралы ойлады. Шынында да, осы Кертай қандай адам?!

...Баяғыда Тәуелсіздіктің елең-алаң жылдарында жұмыссыз қалған Жақан марқұм Жаркенттен күртеше тасып жүріп осы Кертаймен танысқан екен. Біреу біледі, біреу білмейді, сол кезде Кертай да өзінше саудаға араласып бақ сынаған. Сонда ол не сатқан дейсіз ғой, ешкімнің қаперіне келмейтін тауар. Оның сатылымға әкелгені тарақан өлтіретін қытай дәрісі болатын. Шынында да, ол уақытта

біздің шаһардағы биік үйлерде тарақан деген көп еді. Сайтан алғыр жәндіктер бір үйден бір үйге көшіп, емін-еркін жосып «тойлап» жүретін. Әлібектер оқу бітіріп, Құм шәрге келген алғашқы жылдары пәтер жалдап тұрды. Сонда көрген, тұқымы құрғыр жәндіктерді. Өздерінің түрі де жаман, мұрттары жыбырлап, қараңғы жерге қаракұрым қаптап кететін, тіпті басып алады. Жарық түссе тым-тырақай қашып, қуыс-қуысқа сіңіп көзден ғайып болады. Содан бір күні Әлібек таныс адамнан бір литр қара дәрі алып келіп, соның айтқан мөлшерін бір шелек суға езіп, үйдің ішіне жалпылдатып жағалай шашты. Сақтық үшін аузы-мұрнын байлап алған. Тазалық қызметкерінің айтысына қарағанда дәрінің күштілігі сонша бір метр жер астында жатқан жыланды өлтіреді екен.

Дәріні сеуіп тастаған соң Әлібек үйге екі-үш күннен соң оралды. Көзің жамандық көрмесін, мұрты жыбырлаған зиянкестер содан кейін жоқ болып кетті. Есесіне Әлібектің көпке дейін жүрегі айнып, басы ауырып жүрді. Қайта Құдай сақтап, көрші-қолаңға зияны тимеген.

Ал мына Кертайдың дәрісі ондай қатер туғызбайды, борға ұқсаған қарындаш тәрізді. Иісі де жоқ. Қайдан шыққан гәп екенін кім білсін, байқамасаң, әрине, бұл да қауіпті. Айтуларынша борға ұқсаған дәрімен еденнің жиек-жиегін сызып қойсаң болды, жәндіктер сап түзеп, «шекарадан» өте алмай серейіп жатады-мыс. Осылайша, Кертай әкелген тарақан дәрісін жайма базарда ұсақ-түйек, кәкур-шүкір сатып отырған Мотия апай деген кейуанамен келісіп, он-он бес қорапшасын сатуға

береді. Араға бір-екі күн аралатып базарға келсе, кемпір Кертайдың дәрілерін түгел сатып бітірген екен. «Болса тағы әкеліңіз» дейді Мотия апай өтімді тауар тапқанына қуанып. Қалбалақтаған Кертай гаражына жүгірді. Сүтпісірім уақыттың ішінде тағы да бірнеше қорабын мұрнынан тізді. Бұл жолғы дәрілердің өтімі баяу, тіпті соңғылары өтпей табандап тұрып алады. Кертай күндіз-түні «сарылып» тарақан өлтіретін дәріні қалай өткізудің жолын іздейді. Мына қарқынмен бұл дәріні жылдап сататын түрі бар. Тіпті құтыла алмасы қақ. «Неге сонша көп әкелдім» деп бармақ шайнағандай халге түсті. «Не істеу керек?» деп, әрі ойлап, бері ойлап, шақшадай басы шарадай болып үйге сыймай қиналды. Ақыры ешкімнің есіне келмейтін бір қулыққа көшеді. «Басым істеді» деп соған әуелі өзі қуанады. Келесі күні бойы серейген ұзынтұра адам келіп, кемпірдің қолында қалған аздаған дәріні түгел қотара сатып алып, оған бұй деді:

– Апай, бұларыңыз маған аз, бізге тағы да осындай дәрі қажет. Егер оны тапсаңыз айтқан бағаңызға түгел сатып аламын, – дейді. Құдай жарылқап, кемпірдің де тілегені сол еді, екі қолын мықынына таянып тұрып:

– Дәрі табылады, сізге қанша керек? – деп сұрайды.

– Маған төрт жүз жәшігі керек, үш күннен соң Шым қалаға қайтып кетемін. Соғанша таба алсаңыз сұраған бағаңызға түгел көтере сатып аламын. Бұл бізге өте қажет. Жер-көктен осы дәріні іздеп кездестіре алмай жүрмін, тауып қойсаңыз, жүдә, жақсы болар еді, – деп үздігеді Кертайдың ұзынтұрасы.

Кемпірдің ұсынған бағасы дәрінің көтерме бағасынан үш есе қымбат екен. Кертайдың адамы оған да қарамай бірден келісе кетеді. Содан бір күн өтеді, екі күн өтеді, кемпір бейшара таныс-білістерінен төрт жүз жәшік дәрінің ақшасын қарызданып-қауғаланып дайындап қояды. Бірақ Кертай жоқ. Кешігіп жатыр. Сорлы кемпір: «Келіп тұрған олжадан қағылам ба?!» деп жан-жағына жалтақтап, кімнен сұрарын білмей, тағаты таусылып тұрғанда қаңғалақтап Кертай да жетеді.

– Ой, дорогой, жақсы келдің! Мен сізді, білесіз бе, шыдамсыздана тосып тұрмын, – деп кемпір самбырлап өлгені тірілгендей қуанады.

– Не болды? – дейді Кертай түк түсінбегенсіп.

– Әуелі мынаны алыңыз, бұл қалған дәрінің ақшасы, – деп аздаған тиын-тебенді Кертайға ұстатып, аса бір маңызды іс тындырғандай:

– Ал енді тыңдаңыз, сіз маған төрт жүз жәшік дәрі таба аласыз ба, мен оны көтерме бағамен қолма-қол сатып аламын, – дейді Мотия апай.

– Қойыңыз, оншама дәріні не істейсіз? Ол дегеніңіз ұшы-қиыры жоқ тым көп. Өтпей қалса өзіңізге қиын болады ғой, – дейді көлгірсіген Кертай кемпірге жаны ашығансып. Ішінен қулығының жүзеге аса бастағанына қуанып, сыр алдырмайды.

– Дорогой, бұл – бизнес. Не істейтінімді сұрамаңыз. Сіздің міндет – төрт жүз жәшік дәрі табу. Қолыңыздан келе ме, соны айтыңыз, – дейді. Мыжырайып отырған Мотия апайдың табан астында жалы күжірейіп, ақшаның иісін сезіп, өзгере қалған.

– Жақсы, жақсы. Мен сізге ертең әкелейін, – дейді Кертай ішіне қулық сақтап.

– Жоо-жок, – дейді кемпір, шырылдап. – Қазір әкеліңіз. Қазір! Уақыт күтпейді!

– А-а-а, соншалықты шұғыл ма?

– Иә, дорогой, уақыт деген ақша. Мен сізді онсыз да екі күн тостым, – дейді кәкір-шүкір сатып отырған Мотия апай табан астында таңқаларлық іскер адамның кейпіне көшіп.

Кертайда ұят жоқ, заулағаннан заулап гаражда өтпей, тіреліп тұрған тарақанның төрт жүз жәшік дәрісін көлікке тиіп кемпірге әкеп өткізеді. «Қартайғанда бір байитын болдым» деп Мотия апай да қуанып, қарызға алған буда-буда ақшаны қолма-қол Кертайға санап береді. Бұдан екі есе көп ақша табатынын көзіне елестеткенде кемпірдің де кеудесін мақтаныш сезімі кернеп, жан-жағында ескі-құсқы мүкәмал сатып отырғандарды көзге ілмей мұрнын шүйірді. Бұл екі арада жылмаңдаған Кертай кемпірге рақметін жаудырып:

– Сіздей адаммен жұмыс істеудің өзі бір бақыт! Ісіңізге зор сәттілік тілеймін, апай! – деп базардан табанын жалтыратады.

Әлгі бір ертегі бар еді ғой: «Ірімшік жерге салп етті, іс бітті, қу кетті» деген мынау да сол тақылеттес.

Содан алақанына түкірген сорлы кемпір сол күні қас қарайғанша әлгі келем деген жалған кәсіпкерді күтеді. Ертеңінде де, келер күні де күтеді. Апта күтеді, ай күтеді, сатып алушы жоқ. Сорлы кемпір әлгі сайтан алғыр дәріні өле-өлгенше сатып тауса алмады. Дәрісі бар болсын, қарызға алған ақшасын қайтара алмай жаны қиналып, зарлап жүріп, кенеттен қу дүниеден озып кете барды.

«Не деген қатыгездік!» деп жүрегің ауырып, денең түршігеді.

Ал бүгін ше, бүгін ол Кертай Құлтаевич, бастықтың соңынан томпаңдап еріп:

– Бекмұрат Сәбеневич, мен ағаштың көлеңкесінде тұрған едім. Оның қасында емес, – деп даусы шырылдап, жаны шығып ақталуда.

– Бопты-бопты, ағаштың көлеңкесіне тұрсаң ештеңе етпес, – деп жүре сөйлеген әкім кенет қалт тоқтай қалды. Одан соң Кертайдың тұла бойына тінте көз жүгірткен ол:

– Ең бастысы, деп бөгеліп барып, – білесің ғой өзің, – деді. Бастықтың нені меңзегенін Кертай қапысыз түсінген болуы керек, қауғадай басын дамылсыз изеп «иә, иә» деп келіскен рай танытты.

Ал Әкімқожа болса «Адам мен адам сөйлескенде арасынан от шығып тұрса жарасады» деп ыза қысып күледі. Әлібек оның осы сөзін енді ғана түсініп, мына тектес адамдармен сөйлескенде от емес өрт шығып тұрса несі айып деп ойлаған.

Мұндағы шаһар басшысы кейде қызды-қыздымен қалай күлкі болғанын да білмей қалатын. Осы кісі басшылық қызметке келгеннен кейін ең алғаш рет сұхбат бергенде: «Тәуелсіздік, тәуелсіздік дедік, немене тәуелсіздік нан болды ма?» деп айды аспанға бір-ақ шығарған еді. Әне, өрт шығатын сөз.

Иә, ол уақыт, шынында да, қиын кез-тін. Одақ тарап, халық шаруашылығы тұйыққа тіреліп, ел ойпы-тойпы күн кешіп, күйзелген шақ-тын. Әйелдер ала қап арқалап, базар жағалап кеткен. Керемет деген Кертайдың өзі ол кезде тарақанмен «айқасып»

жүрген. Солай болған күннің өзінде тәуелсіздік туралы әлгідей пікір білдіру, тәрізі бодандық сананың салдары деп ойлайсың.

Ал Айнабектің жөні бөлек-тін. Ол әлгі «құстардың мәселесін» айтқаннан бері көрінбейтін жау тауып алған. Қандай қисыны барын қайдам, өзі солай ойлайды. Оқиға былай болған:

Күн сәрсенбі болатын. Әдеттегідей жұмысқа ертелетіп келген мекеме басшысы Айнабек кабинетіне кіргенде үлкен үстелдің шетінде тұрған қара телефон бұны «қайда жүрсің?» деп жазғырғандай, жағы сембей безектеп қарсы алды. Киімін шешер-шешпестен телефонға қол созғаны сол «Рұқсат па?» деп әлдебір бейтаныс адам қабаттасып табалдырық аттады. Телефонға құлағын тосқан Айнабек, ішке кірген бейтаныс әйелге бұрыла беріп, қолымен орындықты нұсқап «отыра беріңіз» деген ишара жасады.

– Рақмет. Сөйлесе беріңіз, мен тоса тұрамын, – деді ішке кірген қара сұр келіншек, сөйтті де Айнабек нұсқаған орындыққа жайғасып, кабинеттің ішіне көз жүгіртіп, үстел үстінде жатқан жарнама-лық газеттерге сәл назар аударған болды. Айнабек те қонағын көп күттірмей телефонға бұрылып ар жақтағы адамға:

– Кешіріңіз. Жарты сағаттан соң хабарласыңызшы. Ренжімеңіз, қазір уақыт болмай тұр, – деді. Артынша телефон тұтқасын ұясына жайлап қондырған ол ішке кірген қонаққа бұрылып амандасқан рай танытты, сөйтті де, сырт киімдерін шешіп шкапка іліп, жұмсақ креслоға жайғасқан соң:

– Байқауымша шаруаңыз маңызды болса керек, айта беріңіз, құлағым сізде, – деп жүзін бейтаныс әйелге бұрды.

Әйел адам асықпай сөмкесінен куәлігін алып Айнабекке ұсынды. Қаржы бақылау инспекциясының қызметкері Әтипа Әшкеқызы Шәкірова дегенді оқыған Айнабек құжатты келіншекке қайтарып беріп:

– Тыңдап отырмын, нені көргіңіз келеді, қандай құжаттарды терксересіз? – деді.

– Бюджет қаржысының қалай жұмсалып жатқаны жөнінде жоспарлы тексеріс, басқадай шаруа жоқ. Соңғы екі жылдың құжаттармен таныспақ едім. Сіздерде қанша бала мемлекет тапсырысымен оқиды соны көріп шықсам бола ма?

– Әрине, болады, неге болмаса, – деп тексеруші әйелдің әр сөзін қағазға түсіріп, – тағы не сұрайсыз?

– Әзірге осы. Жұмыс барысында түсінбейтін мәселе туындап жатса, ретіне қарай көреміз.

– Түсінікті. Сіз қайда тоқтадыңыз? – деді Айнабек, өзіне тән шапшаң, іскер қадетіне басып.

– Белгісіздеу болып тұр. Қаланы онша білмеуші едім. Қонақүйде орын болса, – деп күмілжігендей болды тексеруші әйел.

– Әтипа Әшкеқызы қазір керекті құжаттарды сізге әкеп береді, әуелі арнайы бір шағын кабинетті босаттырып берейін, жұмыс жасауыңызға қолайлы болсын. Содан соң тексеремін деген құжаттарды сізге жеткізеді, екіншіден, қонақүй мәселесін қазір шешеміз, оған алаңдамаңыз, – деді. Мекеме басшысының ширақ, шешімтал мінезіне тәнті болған тексеруші әйел:

– Рақмет, Айнабек Жөкеұлы! – деді.

Сонымен тексеруші ханым сол күннен бастап ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын оқу ордасының қаржы қатынасын тексеріп жатты. Жекеменшік білім ордасының ішін тыныштық жайлаған, әсіресе есеп-қисап бөліміндегілер аяғының ұшымен зыр қағып тексеруші сұратқан құжаттарды дереу жеткізіп жанығып жүрді. Тексеруші де ешкімге өң бермей ертеден кешке дейін неше жылғы есеп-қисап тігінділерін ақтарып, ерте келіп, кеш қайтып шаруасын әжептәуір еңсерген.

Айнабек Жөкеұлы өз ісіне өте міршеп адам еді, тексерушіге де аса жолай қоймады. Бар айтқаны есеп-қисап бөлімінің басшысы мен оқу ісінің меңгерушісіне «сұраған құжаттарын кешіктірмей тауып беріндер, жұмысын бөгемендер» болды. Айнабек Жөкеұлы үшін жұмыста ұсақ-түйек деген болмайтын. Содан да болар ол әманда өзіне сенімді-тін. Бұ жолы да солай. Тексерушінің жатын орнын, ішіп-жемін өз қалтасынан төлеп, бәрін ыңшыңсыз жасаған болды. Үш күннен соң тексеруші әйел мекеме басшысына келіп:

– Айнабек Жөкеұлы, мемлекеттік тапсырыспен оқып жүрген екі бала оқудан шығып кеткен екен.

– Оныңыз рас.

– Олай болса оларға бөлген мемлекеттің ақшасы қайда?

– Қазір, – деді, – Айнабек сөйтті де, мекеме есепшісі мен оқу ісінің меңгерушісін дереу шақырып:

– Әлгі оқудан кеткен екі шәкіртке қатысты құжаттарды Әтипа Әшкеқызына әкеп беріңіздер. Біріншіден, – деді ол, – оқудан кеткен шәкірттердің екеуі де

өздеріне жұмсалған қаржыны толық қайтарған. Сол қайтқан қаржыға қазір екі шәкірт оқып жатыр, бұған қатысты құжаттар бізде бар. Бәрі заң шеңберінде жасалған, еш ағаттық жоқ. Қазір сізге оның бәрін жеткізіп береді, – деді ол. Тексеруші Әтипа Әшкеқызы мәселенің ұңғыл-шұңғылымен мұқият танысып:

– Бұның бәрін дұрыс, әрі сауатты жасаған екенсіздер, – деп ризашылық білдірді. Осылайша, екі аптадай білім ордасының қаржы қатынастарын саралаған Әтипа Әшкеқызы шаруасын аяқтаған соң қоштасып қайтып кеткен.

Келесі күні әдеттегідей жұмыста отырған, есік қағып кабинетке Клара Кәтепқызы кірді.

– Айнабек Жөкеұлы, тексерушіміз қонақүйдің ақшасын төлемей кетіпті, енді оны кім төлейді? Қонақүйден хабарласып жатыр, – деді.

– Төлемегені қалай? – деді директор орынбасарының сөзін түсіне алмай.

– Білмедік. Қалай келісіп едіңіз?

– Ешқандай да келісім болған жоқ. Біз тек сөйлесіп орын алып бердік. Онысы қалай, біз төлесін дегені ме? Шамасы солай болды, – деп сәл ойланып отырған ол, – жарайды сіздер енді дабыра қылмаңыздар өзім бірдеме қылып жинастырып төлермін, – деді мекеме басшысы.

Осылайша, арада айдан аса уақыт өтіп тексерушінің келгені де ұмыт бола бастаған. Бір күні күтпеген жерден облыстан Айнабекке жедел шақырту келді.

«Бұл қалай болды, біреу бірдеңе жазды ма?» деп ештеңенің мәніне бара алмаған Айнабек сол күні шұғыл жол жүріп кетті.

Мұны облыстағы үлкен мекеменің басшысы өзі қабылдады.

Әуелі аты-жөнін сұрап алған соң әлгі тексеруші Әтипа Әшкеқызының көлдей қып жазған тексеру қорытындысын алдына жайып салды. Масқара болғанда тексеруші әйел әлгі оқудан шығып кеткен екі шәкірттің мемлекеттік тапсырысын заң бұзушылық деп тауып, соны тексеру қорытындысына сылқылдатып жазған. Оның жазысына қарағанда ақша қолды болған, мемлекет қаржысына жауапсыздық танытқан.

Мына жағдайды естіген Айнабек айран-асыр болды. Тіпті түсіне алсашы. Басқаны күтсе де дәл бұндай болады деп ойламаған. Қапелімде аузына сөз түспей қатты абыржыды. «Бұл не деген адам?!» деді ішінен.

Содан комитет басшысына жағдайды түсіндіріп, тексеруші әйелге айтқан шаруаны бұған да тәптіштесін. Мәселенің мәнісін түсінген комитет басшысы таңырқаған секілді ойланып отырып:

– Олай болса ертеңнен қалдырмай әлгі айтқан құжаттарды маған жеткізіңіз. Ертең сағат онда күтемін. Әйтпеген жағдайда мына қағаздар жоғарыға кетіп қалады, – деді.

Айнабек құс болып ұшып ауылына келді. Біздің жақтың күні ыстық. Шілденің шіліңгірі күйіп тұрған кез. Келе жатып мекемесіндегілерге не керек екенін телефон арқылы хабарлап, өзі әлгі тексеруші жатқан қонақүйге тартты, ондағы ойы тексерушіге жұмсалған шығынның есеп-қисабын алуын. «Сиыр сипағанды білмейді» деген, мен саған «көрсетейін көкеңнің кім екенін» деп ызасы ішіне сыймады.

Түнімен кірпік ілмеді, дөңбекшіп олай аунады, бұлай аунады. Жатып жарытпаған соң, балконға шығып шылым шекті.

Келесі күні айтқан уақытта комитетке жетті.

Комитет басшысы салиқалы адам екен. Айнабектің құжаттарын асықпай көріп шыққан ол, мына жерде ешқандай заң бұзушылықты көре алмай отырмын. Шыққан оқушының да, түскен оқушының да құжаттары тұр. Қайтарылған ақша да бар. Неге ол бұлай жазған? – деді Айнабекке ойлы көздерін қадап.

– Соны мен де білмей отырмын, – деді Айнабек суық жымыып.

– Бәрі дұрыс. Мен ол кісіні шақырып мына есепті қайта жасаттырамын. Алаңдамай қайта беріңіз.

– Қайтуын қайтармын, енді мына мәселеге қараңыз, ол бала сыйлағанды білмейтін адам екен. Мен екі апта бойы оның қонақүйінің, күн сайынғы ішіп-жемін өз қалтамнан төледім. Ол кісі менің ақшамды қайтаруы керек-тін, бірақ ол оны есіне де алмады. Қонақ қой, әйел адам ғой, оның үстіне қазақпыз дегендей, өзі біліп жамбас пұлын төлемеген соң сұраудың қисынын таппадым. Жарайды, мәселе менің жанымнан төлеген бес-он теңгеде емес, мені күйдіргені тексеру нәтижесін бұрмалап, мынадай жалған қорытынды жасап, артыма шала байламақ болғаны қалай?! Тіпті ақылға қонбайды.

– Сіз неге ол үшін қонақүйінің ақшасын төлейсіз, соныңыз қалай?

– Ол келген күні «қонақүймен қиын болып тұр, қаланы онша білмеуші едім» деген болатын. Сон-соң келген мейманға көмектестім, қонақ қой оның

бер жағында әйел адам, деп болған жайдың бүгеге-шігесін қалдырмай айтып берген. – Міне қонақүйдің мекен-тұрағы мен телефоны. Телефон шалып анықтауыңызға болады.

Соны айтқан Айнабек: – Ал енді осыған сәйкес мынау сіздің атыңызға жазған менің арызым. Бұл кісінің әрекеті мемлекеттік қызметтің этикасына жата ма, жатпай ма, оны безбенге өзіңіз салыңыз, – деп өз шағымын алдына қойды.

Комитет басшысы Айнабектің жазғанын асықпай оқып шығып: – Жақсы, мен о кісімен тез арада сөйлесемін, қазір алаңдамай қайта беріңіз, – деді.

Бұл уақытта білім ордасындағылар «әлгі тексеруші мекемеден бір шикілік тапқан екен Айнабек Жөкеұлын қайта-қайта облысқа шақыруында бір гәп бар, іс қозғайын деп жатыр, қаржы жымқырған екен» деп сан-саққа жүгірткен әңгіме дүңкілдеп тұрған.

Келесі күні Айнабекке телефон шалған тексеруші әйел: «Ағатай, жаздым, жаңылдым арызыңызды қайтып алыңызшы, қонақүйдің ақшасын өзіңізге қайтарамын», – деп жыларман жағдайда хабарласты.

Бірақ Айнабектің сөзі қысқа болды. – Шырағым, маған сенен ештеңе керек емес, бастығыңмен өзің шеше бер, – деп телефонды өшіріп қойған.

Сол күні алып-ұшып тексеруші әйел Айнабектің жұмыс орнына жетті. Жылады, сықтады, «ағатай менен қателік кетті» деп өлердегі сөзін айтты. Айнабек көпке дейін сазарып үнсіз отырды.

– Әй, қарағым-ай! Тексерушінің бәрі сіз секілді өтірікші, алаяқ, жебір болса, қарайған елдің бәрі

ондай емес шығар, ойлаңызшы өзіңіз, – деп өңі сазарып алдында отырған әйелге тесіле қараған ол: – Мен үш күн бойы облысқа ерсілі-қарсылы шапқылап, қан-сорпа болғанымды, қалай қорланғанымды сіз түсінесіз бе? Сіз, тек мені ғана емес, мына мекемедегі ұжымды жерге қараттыңыз. Олар «үкіметтің ақшасын жеп қойған» деп мен туралы жел сөзге еріп күдікке бой алдырды. Ол жасырын емес. Сіз көрдіңіз бе мені қандай жағдайға қалдырғаныңызды? Сәлден кейін оқу орнының бірталай қызметкерлері басшының кабинетіне жиналды. Сөзді Айнабек Жөкеұлы бастады:

Жиналысты ашқан мекеме басшысы Айнабек Жөкеұлы болған жайдың бүге-шігесін қалдырмай тексерушінің қатысуымен көпшілікке айтып берді. Оның сөзін жалғаған оқу ісінің меңгерушісі Клара Кәтепқызы:

– Бұл өзі қалай болғаны, а? Осындай іс бола ма? – деп ренжи сөйлеген ол, – Әтипа Әшкеқызы әнеугүні өзіңіз бәрін ұңғыл-шұңғылын қалдырмай сүзіп таныстыңыз. Екі оқушының жағдайын сізге түсіндірдік: біреуі денсаулығына байланысты оқудан кетті, екіншісі оқығысы келмеді, екеуі де өздеріне бөлінген қаржыны қайтарды, соның бәрін сіз көрдіңіз ғой. Заң бұзушылық жоқ, ақша орнында, сол ақшаға оқып жатқан балалар олар да орнында. Оның бәрін өзіңіз «дұрыс» деп бағаладыңыз. Сөйте тұра неге теріс қорытынды жасадыңыз? Бізде заң бұзушылық жоқ, оны өзіңіз көрдіңіз, көзіңіз жетті. Бұл қалай болғаны?! Осыған менің ақылым жетер емес. Өзіңіз түсіндіріңізші, өтінеміз, – деп орнына отыра беріп қайта көтерілген ол:

– Е, ұмытып барады екенмін, өзіңіз жатқан қонақұйдің ақшасын неге бізге төлеттіңіз?

Бөлменің ішін ауыр үнсіздік басты. Әтипа Әшкеқызы қозғалақтап орнынан шабандау көтерілді. Мекеме басшысы да, бас есепші де Әтипа Әшкеқызынан көз алмауда. Жиынға қатысып отырғандардың бәрі де тексерушінің аузын бағып, үнсіз қалған.

– Әуелі бәріңізден кешірім сұраймын. Айнабек Жөкеұлы сізден, Клара Кәтепқызы, бәріңізден кешірім өтінемін. Қателестім. Не дүлей түрткенін білмеймін, басымды иіп кешірім сұраймын, кінә менен, – деп көзіне жас алды.

Кабинеттің ішін тағы да ауыр үнсіздік басты, бәрі өз ойларымен өздері, біреулері кеше ғана «Айнабек Жөкеұлы ақшаны жеп қойыпты» деп сыртынан айып тағып жүрген. Енді біреулері басшылары ондай әрекетке барады деп сене алмаған. Бәрі де пендешіліктен ұзамағандарына өкініп отырғандай. Сол кезде ауыр үнсіздікті бұзған Айнабек Жөкеұлы:

– Қарағым, Әтипа, біз кешіруін кешіреміз, мен де, мына кісілер де кешіреді. Ең бастысы, сіз әлі жассыз, алдыңызда ұзақ өмір бар, таза жүріп, ақ сөйлегеніңіз дұрыс. Әрбір тексерген істің артында адам тағдыры бары қадеңізде болсын.

Сол күні Әтипа мекемеде болған жиналыстан өлердей қорланып шықты. Олармен қарсыласуға қауқары жоқ еді. Кеше бастығы бұған: «Ана Айнабек директордың аяғына жығыласың ба, о да шаруам жоқ, әйтеуір, мына жазған арызын қайтып алатын жаса, болмаса маған өкпелеме, жұмыстан

артыңа қоңырау тағып кетесің» деді. Бастығы тым суық сөйлеп, қатты ескертті. Сондықтан да Әтипа бұлардың айтқандарына көнгеннен басқа амалы жоқ еді.

Жол бойы Әтипаның көз алдынан Айнабек Жөкеұлының бейнесі жағаласып кетпей қойды. «Адал жүріп, ақ сөйлеңіз, адалдықтан аттамаңыз» деп санасының түкпірінен айғайлап тұрғандай, қайта-қайта сол дауысты естіп, естіген сайын кейінгі жылдары кеудесін кернеген тәкаппарлығы өшіп, өзін мүлде дәрменсіз сезіне бастаған.

Шынында да, бұл кім, иығымен көк тіреген көкелер де жасаған заңсыз әрекеттері үшін пендеге пенде болмай ма. Ендеше бұған не сор? «Шыққан тауынды аласартпай адалдықтың ақ жолынан аттама» деп кім айтып еді. Бұл сөзді ол бұдан бұрын да, тіпті қаршадай кезінен естіген. Ендеше ол неге арына қарауыл болмады? Неге? Омақаса құлаған кезде ғана есіне оралғаны қалай. Ауыр ой жетегіне ерген Әнипаның бойын әлдебір түсініксіз күш билеп алған. Сол түсініксіз күштің саңқылдаған даусы: «Адал жүріп, ақ сөйлеңіз, адалдықтан аттамаңыз» деп құлағының түбінен қақсап тұрғандай болды.

Осының бәрі Айнабекке оңайға түскен жоқ. Әйтеуір пәле-жаладан аман, есеп-қисабы түгел, әйтсе де, сол оқиға Айнабектің жүйкесін жүндеп кеткендей. Әлденеден тауы шағылып, меселі қайтып қалған. Содан бері ол бұрынғыдай емес, белсенділігі пәс. Ана жерден сырғып кетуі де соның салқыны-тын.

Әлқисса, Әлібектің ойына анау жылғы оқиға орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Әлі есінде, Мұзтай мұғалім қыс ішінде Гүлмайра мұғалімді алып қашатын жылдың ақпан айы. Сол жылы қар қалың болды. Ауыл арасына салт атпен болмаса, жеңіл-желпі көлікпен қатынау қиынның қиыны-тын. Ақпандағы аязды күндердің бірінде интернатта жататын балалар Жалғызтөбе қыстағына қи оюға баратын болды. Интернатта көбінесе жастай еңбекке төселген, жан-жақтағы шопандардың балалары.

Сенбі күні орталықтан екі ат шанамен шыққан алты-жеті бала қар басқан даламен заулап эне-міне дегенше Жалғызтөбе қыстағына келіп маңдай тіреген. Шопан Шырақбай деген ұзын бойлы, көк көз сары кісі екен, шанадан түсіп жатқан балаларды көрген ол:

– Оho! Жігіттеріміз сайдың тасындай екен ғой! Бұлардан жұмыс артыла ма, – деп лепіре сөйлеп, оқушы балалардың әрқайсысымен қол алысып амандасты. Одан соң балаларды бірден мал қораға бастап кірген ол: – Жігіттер, қи ою дегенді білетін шығарсындар? Білесіндер ме? – деді «қайда келдік» деп состиып тұрған оқушы балаларға көз қыдыртып.

Бұлардың ішіндегі ересегі де, дене жағынан ірісі де Үсенбек болатын. Ол Әлібектерден екі-үш жасқа үлкен. Мына арада бәрінің атынан сөз тізгінін ұстаған ол:

– Шыр-аға, – деді шопанға жүзін бұрып. – Бұл деген істеп жүрген жұмыс қой, екі жігіт екі жақтап оямыз, қалғанымыз шанамен сыртқа тасимыз. Қам

жемеңіз, ертең түске жеткізбей бітіреміз, – деп алақанына түкірді.

– Өй, өркендерің өссін! Атың кім сенің?

– Үсенбек.

– Е-е-е, сен ана Өртаудағы өзіміздің Ишан ағаның баласымысың?

– Иә, біліп тұрсыз ғой, Ишанқұл шопанның баласымын.

– Дұрыс, дұрыс. Ал енді «ұрыста тұрыс жоқ» демекші істеріңе сәттілік тілеймін, кірісіндер. Түске дейін қимылдап, түсте үйге кіріп тамақ ішесіңдер, – деді Шырақбай шопан.

Осылайша, келе сала жұмысқа кіріскен балалар қауырт қимылдап, қи ойып, оны қора сыртына өгіз шанамен тасып, тасыған қиды жал-жал қылып текшелеп қалауда. Жылы қорадан шыққан жас қи аязға шыққанда буы бұрқырап, бірден қырау тұтып қаязданып қата бастаған. Арпалысып тоқтамай жұмыс істеген балалар кешкілік дастарқан басында асқа бас қойды. Алдарына келген нән табақ етке қол салған жасөспірімдер астаудағы асты еңсергендей болған. Төрге Үсенбек жайғасқан, сабақ үстіндегідей емес, мына арада бәріне сол мәтіби, тіпті есіп сөйлеп, есе берер түрі жоқ. Күні бойы өткір күрекпен қиды еңсере ойған да сол. Өзі шикі сары болатын сонысын мақтан етіп:

– Мына кіл қаралар бізден төмен отырсын, – деп қасына өңі өзі тектес Иғламды қосып алған. Көпіріп сөйлеп отыр. Ара-тұра Иғлам екеуі кәрлен кесемен суық су алдырып ішеді. Оны ішкен сайын «жарықтықтың мұздайын-ай, сарайым ашылды ғой» деп тамсанып, табақтағы майлы етке жұтына

кол салады. Жылы үйдің әсері ме, әлде басқадай сиқыры бар ма, кім білсін, өңдері қызара бөргіп, көздері жайнап жұтынып отыр. Бір кезде Әлібектің де суық су ішкісі келіп:

– Тәте, маған да бір кесе суық су беріңізші, – деді, шопанның әйеліне. Мұның сөзіне Үсенбек араласып:

– Саған суық су ішуге әлі ерте, өкпең қатаймаған, жөтеліп қаласың, – деді. Соны айтты да кеңкілдеп күлсін.

– Сенен су сұраған ешкім жоқ, жайыңа отыр қыстырылмай.

– Жарайды, ренжіме, ойнағаным ғой. Жеңгей оған да беріңіз. Беріңіз, беріңіз, көрейік мұның әу-селесін.

Үйдің отағасы Шырақбай мұрнына маңқа түскен адам құсап, миңгірлеп балалардың сөзіне араласқысы келмеді ме, көзі аларып мән бермеді.

Алдына келген орта кесе суды Әлібек ұрттап қалғанда бірақ білді, мұнысы су емес, арақ деген тажал екен. Бірақ өзіне қарап отырған сыныптастарының күлкісіне қалмайын деді ме, әйтеуір, намысқа бағып, удай захарды сіміріп салды. Ақ жылан өнешін қуырып, ішек-қарнын қуалап, сақ-сақ күліп жүгіре жөнелгендей.

Сәлден кейін денесі қызып, екі көзі оттай жанған Әлібек ауыздыға сөз бермей сайрап отырған Үсенбекке шаншыла қарап:

– Әй, Үсенбек, адам түсінбейтін қырық өтірігің кімге керек, артыңды қысып жайыңа отырсаң қайтеді, – деді. Манадан бері соған ызасы келіп атарға оғы болмай отырған Әлібектің булыққан іштегі ашуы бұрқ етіп сыртқа тепкен.

Дастарқан басында есіп сөйлеп, суық «суды» сұрап ішіп көсемсіп отырған Үсенбектің беті жайындай болып:

– Өй, мұрныңды сүрте алмай жүріп сен кімсің, бастан бір қойып, сары қиға бастырып кетермін сендейлерді! – деп орнынан қалталақтап түрегелді. Манадан бері «суық су» деп ішкен ішімдіктің қызуы буынына түскен бе, Үсенбек еңсесін тіктей алмаған беті Әлібекке шатқаяқтап ұмтылды.

Сөйтіп бір-біріне жүгірген екеуі шекісіп қалды. Әйелдер ойбайлап ара түсіп, әзер дегенде басылды. Онда да Әлібекті шопанның көршісі егде жастағы әйел:

– Айналайын, Әлібек, жүре ғой біздікіне, – деп үйлеріне алып кетті.

Әлібек содан бері ана Шырақбай дегенді иттің етінен жек көреді. «Оқушыларды қыс ішінде қи ойысуға мектеп басшылығынан сұрап алғаны аздай, оларға арақ ішкізгені қалай?» деп кейін талай күйінді. Сол Шырақбайдың өзінің де балалары көп еді, бірақ ол кезде бәрі жас, кілең қара сирақ ұлдар-тын. Қайбір жылы Шырақбай шопан балаларымен бірге отырып жаңа жыл мерекесін тойлаған ғой. Ол кезде ұлдарының алды оныншы, тоғызыншы класта оқитын болса керек. Ішімдікке ерте әуестенген шопанның ұлдары жаңа жылдағы жақсы отырыстан соң ертеңгілік бастары ауырып орындарынан тұра алмай қалады. Сонда әкелері Шырақбай шопан:

– Сақан, Тоқан тұрындар, түндегіден бір жарты қалған екен, соны бөліп ішіп, бастарыңды түзеп, тездетіп жұмысқа шығындар, мал жайғандар, – деп

балаларын оятып жүр дейді. Сол әңгімені Аршалыдағы ел бертінге дейін айтып күлісіп жүретін.

Ал Үсенбек жынды сол жылы сегізіншіні бітірместен мектепті тастап жылқышы болып кетті. Бастапқыда жылқышылардың қосында бақыршы болып жүрген ол келе-келе ысылып, жылқы баға бастаған. Арада екі жылдай уақыт өткен, Әлібектер оныншы сыныпта оқып жүрген кез. Бір күні қыс ішінде астындағы атын сырттағы қоршауға байлап, өңкиген дәу қара мектепке еніп келе жатты. Былайғы адамдар баласына келген шопандардың бірі болар деп ойлаған.

Сөйткенше болған жоқ, оныншы сыныптың есігін айқара ашқан әлгі дәу класқа кіріп келді. Ап еткенде оны көптен көрмей тосаңсып қалған балалар оның Үсенбек екенін білгенде «О-о-о!» деп шу ете қалды. Жел қағып, аяз бен күнге тотыққан жылқышы жігіттің өңі ыстаған қайыстай қызыл күрең тартқан. Бұл бұрынғы сегізінші сыныптағы Үсенбек емес, еңгезердей дәу. Аяғында саптама етік, басында түлкі тымақ, үстінде ұзын ақ сеңсең тон, оның белін қайыс белдікпен шарта тартып алған. Аяғы талтандап, бұрынғы сыныптастарының қарсы алдына келіп тоқтаған ол:

– Ой, оқымыстылар, оқып жатырсындар ма? Оқындар, оқындар! Ха-Ха-Ха! – деп класты басына көтере қарқылдап күліп алды. Қыздар жағы таңырқап қарап қалған. Бір кезде көзі Әлібекке түскен ол:

– Өй, Әлібек, суық су ішуге қалайсың, үйрендің бе? – деді. Ана жылғы оқиғаны бетіне басқаны. Оның сөзіне күлді ме, әлде Әлібекке күлгені белгісіз кластағы балалар ду ете қалды.

– Үсенбек, өзің аман-сау жүрмісің? Сені ел тақымы кеппеген баукеспе деп жүр, оған не дейсің? – деді Әлібек.

– Қой ей. Ойнағаным ғой, – деп әлгінде ғана кеуделеп тұрған сабаз жасқаншақтап:

– Жақсы балалар, көріскенше сау болыңдар, қонырау соғылды, – деп кластан шыға жөнелді.

– Әлібек, сен ананы «тақымы кеппеген» деп қалай атып түсірдің, – деді Жақан.

– Сұрама, өзі біледі, – деді Әлібек әлдебір құпияның құлағын қылтитып.

Ол былай болған оқиға еді.

Осы өткен жазда шопан таяғын ұстағанына көп болмаған Әлібектің үлкен ағасы Есенбек қой қырықтыратын болып, отарын бөлімше орталығындағы қырықтық пунктіне айдады. Сонда Әлібек ағасымен бірге мал айдасқан. Отарды өрістете айдаған олар қырықтық басына құс қона келген. Пункттің алдындағы темір шарбақ бос екен, бұлар отарды соған қамады. Ағасы аттарды жайғастырып, Ыбырайкен ұстаның үйінен шай-пай ішіп келуге кеткен. Ол келгенше малды Әлібек күзетіп, шарбақтың сыртын тоқтаусыз айналып жүрді.

Алтын зерлі табақтай болып ай туған мезгіл. Төңірек ай сәулесімен жап-жарық болып тұрған. Көп күттірмей ағасы келіп:

– Әлібек, ана Жақан құрдасыңның үйіне бара бер, жатып ұйықта. Қойды өзім күзетемін, – деді. – Күзетпесе болмайды, көпшілік жер ғой. Алаңдама бара бер, – деген. Сол күні бір оқиға болған екен, ағасы оны Әлібекке кейін айтты.

— Ана Үсенбек деген сендермен оқи ма? — деді ол інісіне сұраулы жүзін бұрып.

— Ол ма, ол оқуды тастап кеткен, қазір жылқыда болу керек.

— А, солай ма?! —деп ойланып қалған Есенбек: — Түбі нағыз баукеспе болады-ау, түрі жаман, — деп басын шайқады.

Сол күні Әлібек Жақандыкіне кетіп қалғаннан кейін отарды бір айналып шыққан Есенбек қырықтық пунктiнiң шатырына шығып, малды жоғарыдан қарап отырады. Өрiстен тойып келген жантықтар күйiс қайырып, ай астында шоқтай болып марғау тыныштықта мүлгидi. Шопан жiгiт шарбақта жатқан малдың ағарандаған сұлбасына көз қыдыртып, жайылымға жiберген аттар ұзап кетпесе екен деп соны ойлап отырған. Кенет отардың бiр шетi дүр ете қалғандай болады. Мал күзетiп отырған шопан жiгiт дыбыс шыққан тұсқа жалт қарағанда әлдененiң ербең етiп, шарбаққа еңкейген сұлбасын байқап қалған. Артынша «Шәйт, шәйт» деп даусын шығара айғай салады. Сол-ақ екен әлгi елес сықылды ербең ете қалған сұлба көзден ғайып болған. Маңай тым-тырыс. Шопан шатырдан түсiп, дыбысын бiлдiрмей шарбақты жағалап, отардың үрiккен тұсына жақындай бередi.

Сөйтсе әлгi мал үрiккен тұстағы темiр шарбақтың тап iргесiнде өңкiген бiреу жүрелеген қалпы шоқиып отыр екен. Алдына өңгерiп алған қойдың басы мен аяғы екi қолтығынан ағарандап көрiнедi. Ту сыртынан келген шопан:

— Бұл қайсың, ей?! —деп ақырып қалады.

Сол кезде әлгi өңкiген дәу артына қарап, ыржиып:

– Е-е-е, ағатай, ойнағаным ғой, – деп алдына өңгеріп алған тұсақ қойды шарбаққа салып, – ағатай, ойнағаным ғой, – деп шегіншектеп, шегіншектеп барып зытып жөнелген екен. Сол әлгі Үсенбек, қораға түсіп мал ұрлап жүр, – деді.

Әлібектің меңзегені сол-тын. «Ұрының арты қуыс» деген, өкірендеп келіп жып беріп зыта жөнелгені де сол еді.

Ол кетісімен іле-шала класқа кірген Мұзтай мұғалім:

– Әне, көрдіндер ме, Үсенбекті. Қандай тамаша жылқышы болды. Өзі еңбекқор азамат екен. Оған енді химияның керегі не, алдындағы жылқысы аман болса болды, – деді Мұзтай мұғалім оқушыларға қарап.

Шындығында, Үсенбек мектептен кетейін деп кеткен жоқ, оған интернаттағы аспаз апаймен жанжалдасып қалуы себеп болғандай. Оқиға былай болған: Интернаттағы аспаз апай нанды үнемі шикі пісіретін, балалар шикі нанның қыртысын ғана жеп, піспеген өзегін бөліп тастайтын. Шала піскен шикі қамырды кім жесін, балалар оны езгілеп умаждап, тіпті Құдай кесірге жазбасын, дастарқанды сүртіп жататын. Үсенбек аспаз апайды жеңгей деп асүйге жиі кіріп, шай-пай ішіп, соған мәз болатын. Бір күні соның бәрі астан-кестен болды. Түс ауа бірдеңе ішкісі келген Үсенбек лып беріп асүйге кіріп барса, аспаз апай нанның піспеген қалдығын жинап-теріп қамырға қосып қайтадан илеп жатады. Соның үстінен түскен Үсенбектің төбе шашы тік тұрады, мынау не сұмдық? дейді. Кешкі ас үстінде барлық балалардың көз алдында Үсенбек әлгі жағдайды айтып шу шығарды. Аспаз апайдың да ашуы

қатты екен Үсенбекті қарғап-сілеп, «көктей солғыр, көк түйнек» деп долылық буып, Үсенбекті құлақ-шекеден салып кеп жіберді. Үсенбектің де жыны мол, жүрген пері болатын, күтпеген жерден әйел адамнан соққы жеу шамына тиген болуы керек, аспаз апаймен шартпа-шұрт ұстаса кетіп, әйелді еденге алып ұрып кеудесіне мініп алды. Ана кісі ойбайлап, аттандап жанұшыра жұлқынуда. Көйлегінің етегі түріліп, іш киімі көрініп, шашы уда-дуда эптер-тәптері шықты. Кешкі астарын ішіп отырған балалар аңтарылып, көз жазбай қарап қалған. Сол кезде Айнабек жүгіріп барып, Үсенбекті иығынан ұстап дырылдата сүйреп әкетті. Оған да көңісі келмей, қоя бер де, қоя бер деп жұлқынып жүр.

Үсенбектің уысынан босаған аспаз апай ойбайлағаннан ойбайлап далаға тұра жөнелді.

Аспаз апай шығып кеткен соң Үсенбек балаларға қарап:

– Сендер не, маған сенбейсіңдер ме, мен өз көзіммен көрдім. Ана қатын бар ғой нанның піспеген шикі қалдықтарын, айтып тұрмын ғой, қайтадан қамырға қосып нан пісіріп жатыр. Бұл не сұмдық! Бізге жуынды берейін деді ме?! Жоқ, бұл енді сұмдық қой! – деп бойын ашу кернеп, еңтіге сөйледі. Өңі өрт сөндіргендей әлем-тапырық түтігіп кеткен.

Сөйткенше аспаз апай мектеп директорын ертіп интернаттың шағын асханасына кіріп келді. Оқушылар орындарынан ұшып түрегелді. Директордың өңі салқын, кірген бетте:

– Бұларың не, балалар? Үсенбек, сен шешендей адамға қол көтергенің қалай? – деп соған шүйілді.

Үсенбек те айылын жиятын емес:

– Ағай, маған нанбасаңыз мына балалардан сұраңыз, бізді қалған-құтқан қалдықпен тамақтандырып жүр. Мен өз көзіммен көрдім. Соны айтып едім өзімді ұрып жіберді.

– Ишанқұлов, тоқта деймін, саған! – деді. Анау тоқтайтын емес.

– Ишанқұлов, деймін тоқтат! Сен не сөз тыңдаудан қалғансың ба? Не болған саған, ереуілдеп, тіпті ауыз аштырмайсың! – деп директордың даусы қатқыл шықты. – Шешендей адамға қол көтергенің қалай, ұят бар ма сенде. Бұл не бассыздық?! Қайда, не істеп жүргеніңді білесің бе өзің? – деп зекіп ұрысып, Үсенбекті жерден алып, жерге салып сөйлетпей тастады.

Аспаз апай мұрнын тартып жылап тұр:

– Масқара-ай, байымнан жемеген таяқты мына көгермегірден жедім, Құдай төбеңнен ұрғыр, – деп көзінің жасын сүртті. Директор оны да сабырға шақырып, ара-тұра түсін суытып: – Шырағым, Ишанқұлов бұлай болмайды, сен үлкен жігітсің, қатарыңнан кенже қалып қойғансың, былтыр әкең келіп өтінген соң мектепте қалдырған едім, сенімді ақтамағаның қалай? – деді директор біртүрлі таусыла, торыға сөйлеп.

Көзінің жасын алжапқышының етегімен сүрткілеген аспаз апай ыдыс-аяқтарды жинап, дастарқанды сүртіп жатты. Оқушылар бөлмелеріне шығып кетті. Негізі аспаз апай да, Үсенбек Ишанқұлов та, директор ағай да бір ел болатын, әлгі Үсенбектің аспаз апайды жеңгелеп жүруінің мәнісі сол-тын. Мына оқиғадан кейін көп ұзамай Үсенбек оқуды тастап кетті. Осы шудың салқыны тиді ме, әлде басқадай кілттипаны болды ма, ол жағы бізге белгісіз еді.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

БҰЛБҰЛДАР САЙРАҒАНДА

ХІІІ тарау

ҚҰСТЫҢ НАЗАСЫ

БҮГІНДЕ:

Шілденің басында «аймақ басшысының кеңейтілген мәжілісі болады» деп Құм қаланың бір топ атқамінері таң қараңғысынан сонда жол тартты. Оған Әлібек те аттанды. Жан-жақтан келген аудандар мен қала басшылары аймақ басшысының алдында жарты жылдықтың қорытындысы туралы, әсіресе экономиканың даму қарқыны мен халықтың әлеуметтік жағдайы жөнінде есеп берді. Бір заматта кезек Бекмұрат Сәбеновичке келіп жетті. Орысша көсіліп сөйлейтін Сәбенович іркілген жоқ. Өзін еркін ұстаған ол бірден шаһардың шырайы жақсарып, елдің еңсесі тіктелгенін, шағын кәсіптің ілгері басқанын сапырылысқан сандармен өрнектеді. Сөзінің соңында әлгі қырылған құстардың мәселесіне ойысып, қазіргі күні шаһардың экологиясы жақсарғанын, ауып кеткен құстардың қалаға қайта оралғанын, тіпті «бұлбұлдар сайрап жүр» дегенді де айтып салғаны. Қызды-қыздымен айтты ма, әлде басқадай ескерген есебі болды ма, ол жағы

белгісіз. Біздің жақта көкек емес, көлбақа емес, тура «бұлбұлдар сайрап» жүр деп айды аспанға бірақ шығарды.

Мына сөзді естіген аймақ басшысы мінбеде тұрған Бекмұрат Сәбеновичті жаңа көргендей бар денесімен еңсеріле бұрылып:

– Сіз одан да қанша жаңа жұмыс орнын аштыңыз, жұмыссыздар саны неше пайызға қысқарды, соны айтыңыз. «Бұлбұлдар сайрайды» дейсіз, соған өзіңіз сенесіз бе? Көрдiңдер ме, Бетпақ даланың белiнде жатқан бұлардың қаласында «бұлбұлдар сайрайды екен!» – дедi ащы кекесiнмен залға қарап. Залдың әр тұсынан «ха-ха, хи-хи» деген күлкілер естiлдi.

– Сәбенов мырза, – дедi сонсоң аймақ басшысы. Бүйтiп бұлбұлша сайрағанша, шаһарыңда қанша шаршы метр тұрғын үй салынды, кедейшiлiк шегiндегi отбасылардың жағдайы қандай, нақты не iстелдi? Сол туралы айтыңыз. «Бұлбұлдар сайрайды» дейсiз. Тыңдаңыз, бiз мұнда ерiгiп, ертегi тыңдағалы отырғанымыз жоқ! – деп басын шайқап, Сәбеновичтi көш жерге, тiптi күресiнге шығарып тастағандай болды.

Аймақ басшысының түйреп-түйреп айтқан сынынан соң Бекмұрат Сәбеновичтiң аузына сөз түспедi ме, шұбар-шұбар бетiнiң ұшы бiр қызарып, бiр бозарып, қатты абдырап, ойын жинай алмай қалды. Тiптi күтпеген жағдай. Үлкен бастықтың бұған деген көзқарасы дұрыс болатын, «сiздiң тәжiрибенiз мол» деп әрдайым сенiм артатын. Соған малданып қалды ма, жаза басып оқыстан оңбай омақаса ұшты.

Басшының «отырыңыз» деген атқан оқтай қатқыл сөзін естіп, мінберден түсіп, болдырған өгіздей өңкиген денесін сүйретіп залдағы орнына әзер жетті.

Орнына жайғасқан соң да есеңгіреген есін жинай алмай: «Қырсық шалған құсы құрғырды қайдан айттым», «Қырсық шалған құсы құрғырды...» деп алжасқан адамша бір сөзді тоқтаусыз қайталай берді. Өткенде жергілікті экологтармен, табиғат жанашырларымен болған кездесуде осы сөзді сонда айтқан. Ол жолы қала экологтары да, басқалар да бұған қарсы уәж білдірген жоқ-ты. Бәрі де бастары салбырап үнсіз отырған. Содан бастап өзіне осы сөздің ұнағаны сонша, қалада өткен үлкенді-кішілі отырыстарда «біздің қалада бұлбұлдар сайрай бастады» деп әлденеше қайталағаны бар. Сонда бұған елдің бәрі қошемет білдірген. «Енді онда тұрған не бар, қазір болмаса кейін болады ғой?» деп қамығып отырды.

«Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» демекші, аймақ басшысы алдында айтылған Бекмұрат Сәбеновичтің сөзі ел ішіне желдей есіп, бірден-бірге тез тарады. Содан бері Құм қаланың тұрғындары баз-базда: «Бұлбұлдар қалай, қалай сайрайды?!» деп бір-біріне әзілдеп жүрді. Бірақ құстың зарын құлаққа ілген ешкім болмады.

Облыста өткен алқалы жиыннан Бекмұрат Сәбеновичтің көңіл күйі болмай, еңсесі түсіп, жүні жығылып оралды. Дүйім елдің алдында үлкен басшыдан сөз есту қайбір жақсы дейсің, Бекен үшін сол ауыр болды. Біразға дейін басшының сөзі есінен шықпай, құлағының дәл түбінен жаңғырып естіліп,

жанына тыншу бермеді. Бүгін түске дейін ағымдағы жұмыстарды реттеп, іштегі алай-түлей күйзелісті сыртқа сездірмей еңсесін тік ұстаған қалпы түскі асқа барғалы далаға шықты. Қарсы алдына келіп тоқтаған көлікке мінгелі тұрғанда дәл төбесінен «қ-арқ, қ-арқ» еткен қарғалардың даусын естіді. «Құстар қырылды, қалада құс қалмады» деп зарлап едіңдер, жүр ғой әне қарқылдаған қарғалар» деп жан-жағына қарай бергенде әлдебір жып-жылы қоймалжың зат төбесінен самайына қарай сорғалай жөнелгені. Бекмұрат Сәбенович дереу қолымен басын сипап қалғанда алақанына жылымшы бірдеңе жабыса кетті. Жоғары қарауға жасқанған ол не нәрсе екенін іштей сезіп, «біреу-міреу көріп қалды ма» дегендей жан-жағына ұрлана қарады. Абырой болғанда ешкім көрмеген сықылды. Сол бетте алдында келіп тұра қалған көлікке міне жөнелді. Төбесіне құс саңғып кеткенін айтқысы келмесе де жүргізуші жігіт «қолыңызды сүртіңіз» деп таза шүберек беріп жатты. Бекмұрат Сәбенович мұндай қорлықты өмірі көрмеген шығар, кімнен көрерін білмей, «тез келе қоймадың» деп жүргізушіні іштей кінәлағаны болмаса оған да ләм демеді. Бар ашуын алақаны мен шашына жабысып, самайына аққан құстың боғынан алғысы келгендей соны ысқылап, сүрткілеп, үйіне жеткенше дегбірі кетіп, өзін мүлде ыңғайсыз сезінді.

«Мені құс екеш, құс та басынды» деп ашу қысып үйге кірген Бекмұрат Сәбеновичті тура есік көзінде әйелі Күлтай қарсы алды. Костюмінің өңірі салтақ-салтақ болып, өңі қабарып кіріп келген күйеуіне:

– Үйбай, мынасы несі?! Тауық қорадан шыққандай, – деді қай мағынада айтқаны белгісіз, даусы

біртүрлі жағымсыз естілді. Онсыз да ашуы терісіне сыймай келген Бекең костюмін әйеліне лақтыра салып, өзі жуынатын бөлмеге сүнгіді. Әйел болса күйеуінің костюміне әрі-бері қарап: «Мынасы не нәрсе?! Құстың боғы ма?» деп не ойларын білмей, иығын қиқаң еткізді де, костюмді босаға жаққа қоя салды. Сол оймен асүйге кіріп, дастарқан жасады. Сәлден соң отағасы екеуі дастарқан басында отырды. Бекең шай құйған кесені қолына ала бергенде әйелі:

- Үстіңе не болған, құс саңғып кеткеннен сау ма? Бекең әйеліне жақтырмай бір қарады да:
- Оны қайтейін деп едің? Құс саңғыса құстан өшімді аласың ба? – деп қабағын шытып, қолына ұстаған кесесін қайтадан дастарқанға қойды.
- Бекесі, сен оған тіпті де ренжіме. Өзің айтшы шынымен құс па?
- Иә. Аты-жөнін айтайын ба? – деді ол әйелінің тәптіштегеніне ызасы келіп.
- Айтыңыз, құпия болмаса?
- Бекең азырақ ойланып отырып:
- Қарға деген оңбаған құс, қаркылдап ұшып, шаруасын тындырып өте шықты.
- Әйелі езуіне сәл күлкі үйіріп:
- Білесіз бе? Әлгі бір мақал бар еді ғой: «Біздің де қолымызға қарға тышар» деген. Соған қарағанда бұл жақсылықтың нышаны. Өзің ойлашы, екінің бірінің басына қарға саңғып жатыр ма? Әрине, былайша айтқанда бұл өте күлкілі, бірақ ырымға теріс пе? Жоқ. Демек, жақсы болады, жұмысың абыройлы болады, бай боламыз, – деді Күлтай қатын барынша салмақты, әрі сенімді сөйлеуге тырысып.

Мына сөзден кейін Бекеңнің манадан бергі астан-кестен болған көңіл күйі сәл-пәл орнығып, сабыр тапқандай. Бойы да мысқалдап жеңілдеп қалған. Шынында да, әйелінің айтысы жөн. Бекеңнің өзі де соған әжептәуір иланып, әлденеге дәмеленіп қалған-ды. Шын ғой енді, «бір нәрсе бір нәрсеге себеп» деген, жақсылықтың нышаны болғай, – деп өзінше тон пішкен.

Қазақ «ырым етеді, ырымы қырын кетеді» деген емес пе, көп ұзамай Бекмұрат Сәбенович аймақ басшысының жарлығымен қызметтен кететін болды. Жарлықты естігенде Бекмұраттың шұбар беті біресе күреңітіп, біресе бозарып, жүрегі алқымына тығылып, әудемге дейін денесі бір ысып, бір суып, ес жиғызбады. Жан дүниесі аласапыран жағдайда отырып ойына алғаны әйелінің: «Біздің де қолымызға қарға тышар» деген «ақымақ» тәмсілі. «Ол да не болса соны айтады, иттің қатыны!» деп үйдегі ұрғашыны жазғырды. Сол-ақ екен, «қар, қаар, қаар» деген құстың даусы құлағына шалынды. Кімнің арын жоқтап жүргенін қайдам, Бекеңе солай естілді. Артынша «құстың назасы шығар» деген сөз көкейіне кептеліп тұрып қалған.

XIV тарау

АЛДАМШЫ ӨМІР

Ана жылы Құм қалаға жаңадан әкім болып тағайындалған Бекмұрат Сәбенович орынбасарларын мұрнынан тізіп өзімен бірге ерте келген еді. Сол

кезде жасы егде тартып қалған Әбсадық Әйтенұлы жұмысынан өз еркімен кетуді жөн көрді. Әбекең оған тіпті де өкіне қойған жоқ, ерте ме, кеш пе осындай бір ауыс-түйістің боларын күнілгері сезген-тін. Содан да болар қамсыз да қалмаған. Жаңа әкім келерден бір жыл бұрын өзінің жекеменшік құрылыс фирмасын ашып, оны әйелінің атына тіркеп қойғаны бар. Әкімдікте жүріп құрылысқа қажетті ауыр техникалардың керек-ау дегенін жекешелендіріп алған. Кәнігі құрылысшы, әрі тамыр-танысы да көп, соның бәрі шаруасын асықша иіріп әкетуіне сеп болды. Жан-жақтан түсіп жатқан тапсырыс та жетерлік, тендрден де құр алақан емес. Осылайша, өзіне-өзі көңілі толып жүрген Әбсадық Әйтенұлының өмірі тұтқиылдан өзгерді. Әуелі оған біреу телефон соқты. Тұтқаны қолына алғанда:

– Әбсадық Әйтенұлы, – деді өзін министрліктің құрылыс комитетінде істейтін лауазымды басшы Тыныс Мәлінұлының көмекшісі Рақыш Құлтаев деп таныстырған кісі:

– Бізде бір үлкен құрылыс жобасы бар, соны жүзеге асыру сіздің фирмаңызға жүктелмек. Алло, Әбсадық Әйтенұлы, тыңдап тұрмысыз? Ертең Астанаға шұғыл жетіңіз, жұмыс тығыз, – деді әр сөзіне салмақ сала, шегелеп, сендіре айтқан әлгі адам.

– Әбсадық Әйтенұлы, – деді телефонды үнсіз тыңдап тұрған бұны өзіне қарата. – Қажетті құжаттарыңызды алып, ертеңнен қалмаңыз. Бірден өзіме келесіз. Күтемін.

– Ол қандай құрылыс, біздің қауқарымызға шақ шаруа ма? Біз соншалықты ірі кәсіпорын емеспіз.

Атқаратын жұмыстың жалпы жобалық мөлшері қанша? Білуге бола ма?

– Әрине, әрине, оның бәрін осында келгенде білесіз. Өкінбейсіз. Мерзімі екі, екі жарым жыл... Жақсы, тосамыз, – деді ол. Орысша, қазақша лыпылдап тұрған бұл кім?

– Алло, алло.

– Иә, айта беріңіз тыңдап тұрмын.

– Бұл ұсынысты қабылдай алмаймын.

– Әбсадық Әйтенұлы, сіз ақылды адамсыз. Бұл ұсынысты қабылдайсыз, басқадай болуы мүмкін емес. Біз білеміз сіздің меншігіңіздегі ауыр құрылыс техникаларының қайдан келгенін. Сондықтан ертең тосамыз, келетін болыңыз.

Әбсадық «шың, шың» еткен телефон құлағын ұстап мелшиіп қатып қалған. Тура тақымына қылбұрау түскендей өңі сұрланып, ерні кезеріп, бір жақ көзі ме, беті ме жыбырлағандай болған. Артынша қасында тұрған орындыққа кескен теректей сылқ етіп отыра кетті. Талайға дейін өзіне-өзі келе алмай, сансырап қалды. Көз алдына көлбеңдеп меншіктеп алған құрылыс техникалары келді. Бұл көлемде Әбсадыққа бұлайша сес көрсететін жан баласы жоқ еді. Ана жылы қалкомда Рақыш Құлтаев деген біреу болып еді, бұл сол болды. Бірақ ол да бұның ығынан жүре алмас. Бәле анада болып тұр деп ойлады ол. Есін енді-енді жиып.

Жанқалтасынан темекінің бір тал қызыл құйрығын ұртына қыстырды. Айтысына қарағанда, жылдап салынатын ғимаратқа ұқсайды.

Әлгінің «біздің бастық» дегені баяғы Тыныс Мәлінұлы. Оны біледі ғой, білгенде қандай! Өзін

Құдай санаған құзғынның бірі сол еді. Біздің ел тәуелсіздік алғаннан бастап оның асығы алшысынан түсті, парламентке депутат болып кетті, одан үкіметке жұмысқа ауысты. Әуелден ішіне қыл айналмайтын ішмерез қу адам. Әбсадықтың осы пәлеге жолағысы жоқ-ты. Қанша қақпайласа да соның құрығына ілікпей жүрген, енді қарашы! Бұны корқытып, үркітіп, бопсалап біржола уысында ұстамақ. Ойы тиянақ таппаған Әбсадық, будақтаған темекі түтінінің арасында сілейіп көп отырды.

Әбсадық Әйтенұлы өмірі бірінші басшы болмаған екен. Баяғыда құрылыс басқармасында бас директордың бірінші орынбасары, қалалық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, ел тәуелсіздік алғанда әкімнің бірінші орынбасары болған. Тіпті кішкентай кәсіпорынға да бастық болмаған, бастықтың орынбасары. Әкімдіктегі қызметтен кеткен соң оған анда-мында барасыз ба деген ұсыныстар болды, бірақ оны өзі қаламады. Бұдан бұлай не болса да, өзінің жекеменшік фирмасын басқарып, соның шаруасын күйттемек. Мұнда ол өзі би, өзі қожа. Енді көрмейсің бе, содан да айырылатын кез келген тәрізді. Орнынан сүйретіле тұрып бұрышта тұрған сейфті ашты. Ойынан әлгі Құлтаевтың сөзі кетер емес, сол сөз көңіл күйін нілдей бұзды. «Иттің баласы!» деді ол «меншігіңіздегі ауыр құрылыс техникаларының қайдан келгенін біз білеміз» дейді. Сендердің не істеп жүргендеріңді басқа ел білмей ме?! Оңбаған, жалдаптар!» деді.

Соны айтқан ол бұрышта тұрған сейфтің ішінен басталмаған бір шыны ақ арақты алып, тығынын бұрап тастаған соң қырлы стақанға сыздықтата

құйды. Бөтелкені қайтадан сейфке салып жатқанда да, темекісін күлсауытың шетіне сүйеген сәтте де әлгі оңбағанның «меншігіңіздегі ауыр құрылыс техникаларының қайдан келгенін біз білеміз» деген сөзі бүкіл жұлын-жүйкесін шабақтап тұрды. Сол оймен мөлтілдеген тентек суға қол созды. Сол оймен шыны ыдыстағы көк суды өңешіне қотара салған ол «қош бол, тәуелсіздігім» деді. «Ешкімге тәуелді болмай өз бетімше жұмыс жасаймын» деген есіл арманы балауыз шамдай жалп етіп өшті.

Сол күннен бастап ол Мәлінұлының мердігеріне, мердігер емес-ау, меншігіне айналып жүре берген. Обалы не, ол деген білікті басшы ретінде небір үлкен құрылыстың жұмысын асықша иірген, өте ыспадияр адам. Тек кісілігі кем, адаммен санасуды білмейтін, бірмойын, итмінез Құдай атқан жан. Жазған-ай, десейші! «Адам» деген оған күш көлік тәрізді. Сөзінің «бісмілләсі» орысша балағаттан басталып, басы-көзіне саңғытып жүре береді. Құрылыс басына ол сирек келетін. Сирек болса да бір келгеннің өзінде-ақ оқжыландай ысқырып жүз күнге жүк боларлық салмақ салып, есті алып, есеңгіретіп жіберетін. Алғашқы жылы Мәлінұлы құрылысқа қаржыны тоқтаусыз құйды. Әбсадықтың ауыр техникалары құрылыс басында ерсілі-қарсылы жосып, жұмыс деген бұрқ-сарқ қайнап жатты. Бірінші жылы-ақ олар құрастыру жұмыстарын дөңгелетіп, межеден оза шапты. Әттең, бәрі солай болғанда ғой, бірақ «жақсылық ұзақ тұрмайды» деген, бұлардың да әуселесі бір-ақ жылға жетті.

Бірте-бірте қаржы сұйылып, сөзбұйда көбейді. Жалақы төленбей біршама адам амалсыз жұмыстан

қысқарды. Әбсадық болса шырылдап, өз қаржысын салып, талайға дейін құрылыс жұмысын тоқтатпай, өгіздей өрге сүйреп бақты. Басқармадағы жауапты адамдардан пайда болмаған соң Тыныс Мәлінұлының өзіне шығуға ұмтылды. Алайда оны ұстау да, оған жолығу да қиямет еді.

Сондай күндердің бірінде Әбсадық Құм қаладағы үйіне келді. Атасын көрген немерелері «бізге не әкелдің» деп шұрқырап жүгіріп алдынан шықты.

– Ой, жандарым-ай! Қартайғанда сендердің қастарыңда отырмай, – деп әлденеге өкінгендей, шүпірлеген кішкентайлардың бірін құшақтап, бірінің маңдайынан иіскеп: «Құлындарым сол, аталарын сағынған екен ғой!» деп еміреніп отырды. Сол сәтте ойына өткен күндердегі бір оқиға орала берді. Ол кезде бұл қалатком төрағасының орынбасары. Бір күні әлгі журналшы Әлібек қоярда-қоймай жүріп бұдан сұхбат алған, сұрағының дені баяғы қаланың жай-күйі, елдің жағдайы, соның бәрін баяндап болған кезде, оның да сұрамайтыны жоқ, «Әбеке соңғы сұрағым: Сіз үшін өмір несімен қымбат?» деді. Бұл болса «иә, несімен қымбат?» деп ойланып отырып:

– Шамасы, адам адал өмір сүру керек, адал еңбек етіп ел-жұртқа пайдаң тисе, өнегелі қызмет етсең, өмір сонысымен қымбат, – деді. Дәл қазір немересін құшақтап отырып, сондағы айтқан сөзін есіне алды. Есіне алып «е, лағып кеткен екем» деді ішінен. Тілшіге берген жауабына көңілі толмай. Өмір – отбасыңмен, бала-шағаңның қуанышымен, солардың шаттыққа толы күлкісімен қымбат екен. Барды бағалағанға не жетсін. Осы құрылыс-

ты бітірген соң бәрін тастап, сендердің қастарында боламын. Қалған өміріме зейнетақым да жетеді деп соған өзі іштей бекінген-тін.

Сол жолы ол Әлібекке кездесіп қалды. Әкімдіктегі бір жиналыстан шыққан беті екен.

– Әбсадық Әйтенұлы, сіз қайда кетіп қалдыңыз? Сізді тіпті көрмейтін болдық қой? – деді Әлібек жарқын-жарқын сөйлеп.

– Ой, қайда болушы еді, жүрміз ғой.

– Дегенмен не жағдай, құпия болмаса айтсаңызшы? «Естіген құлақта жазық жоқ», сіздер жаңа технология өндіретін бір керемет зауыт салып жатыр дейді. Барып көрейік, бір жақсы репортаж жазайық.

– Өне сендерден не жасырамыз, бәрін біліп алып, содан кейін сұрайсындар.

– Құдай ақына, Әбсадық Әйтенұлы, анық ештеңе білмейміз.

– Енді өзің айтып тұрсың ғой «жаңа технология өндіретін зауыт салып жатыр» деп. Олардың не шығаратынында біздің шаруамыз жоқ, біздің міндет – құрылысын бітіріп берсек болды.

– Әбеке, неге оны құла түзге салып жатырсындар?

– Ол жағын білмейміз, сал деген жері сол ара. Қазақстанның байлығы жетеді, даласы кең, қайда не салам десе. Қазір ешкім бармайтын жапан түзге қоғамдық дәретхана салып қойса оған таң қалма! – деп Әбсадық қарқылдап күліп алды.

– Солайы солай-ау, дегенмен құпия болмаса, салынып жатқан құрылыс туралы ақпарат беруге болатын шығар? Оған қарсы емессіз ғой? Іргемізде не болып жатқанын білмегеніміз тіпті ұят екен.

– Әлібек, мен өзіме қатысты шаруаны айтайын, – деп Әбсадық ыңғайға көнгендей болып: – Сен оданда мынаны біліп ал, тапсырыс беруші әлгі өзіңнің ағаң Тыныс Мәлінұлы, – деді Әбсадық күле сөйлеп.

– Құдай сақтасын! Сіз де айтады екенсіз, маған оның үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Біреу-міреу мынаны естісе «шын» екен дер.

– Қалжың ғой, – деді ол Әлібекті қолтықтап алып, бәсең дауыспен:

– Білесің бе, бұл сұмдық адам екен, қадалған жерден қан алатын бір дөкір. Маған жабысып, соңымнан қалмай қойды. Көнбеске лажым болмады. Енді осы бәледен тезірек, аман-сау құтылсақ деп жанталасып жүрмін. Жазам десең қарсылық жоқ, кел күтеміз.

– Әбеке, мен сіздерді қайдан табамын, қайдағы бір құла түзге құрылыс салып жатыр дейді? Оның сөзіне миығынан жымиған Әбсадық:

– Мен өзім көлік жіберейін, күнін айт.

– Олай болса, көлікті осы жұмаға жіберіңіз, оны несіне созамыз. Тіпті жақсы болды! Телефон бар, хабарласып отырамыз, – деді Әлібек. Осылайша, олар сөз байласты.

Әлқисса, Әлібектің ойына баяғы балалық шағы орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Әлібек тоғызыншы класқа өткен жылы жазда әкесі қарауындағы ақтылы қойды өткізіп, өздері совхоз орталығы Аршалыға көшіп келген-тін. Жаңа

қоныс жаман болған жоқ, Әлібектің өзі де, өзінен кейінгі бауырлары да орталықтағы орта мектепте оқи бастаған. Қыс кетіп көктем туған кез. Жер ана бусана тершіп, көктем шуағымен дүние ебіл-дебіл елжіреп, тіршілік тамырына нәр жүгіріп, жасыл желек бүр жара бастаған шақ. Малдың төлдеп жатқан қарбалас кезі де осы уақы-тын.

Бір топ бала бөлімше орталығына келіп қорапты машинаның үстінен түсіріп жатты. Бұлар сақпанға келген тоғызыншы класс оқушылары болатын. Іштерінде Әлібек пен Жақан бар. Жақан өзінің туысқаны Нұғыман шопаның ауылына кетті де, Әлібек өздерінің жама ағайыны Әнтай шопанның қыстағына баратын болды.

Соңғы жылдары тоғызыншы класс оқушылары көктемгі мал төлдету науқанына қатысып, еңбек мектебінен өтетін болған. Бір жағынан бұл балаларды жұмысқа баулу болса, екіншіден, болашақта жастарды малшаруашылығына тарту. Түпкі мақсат сол болса керек. Мұнымен қоса, мектеп бітірген түлектерді екі жыл қой бағуға міндеттейтін үрдіс пайда болған-тын.

Бөлімше бастығы келген оқушыларды қыстақ-қыстаққа бөлген кезде қайсасының қайда баратынын өздерінен сұрап жатты, бәрі де туыстарын, таныстарын сағалауда. Кезек Әлібекке келгенде бөлімше басшысы «Әнтайдың ауылына барасың ба?» деп сұрады. Әлібек үнсіз келісті, себебі не әкесі, не шешесі қайда баратыны туралы ештеңе айтпаған еді.

Сонымен Әлібек туысқанның ауылына келді. Бұл келгенде қыстақтағы тоқал тамның терезелері жаңқа-жаңқа болып сынып, үңірейіп тұрған. Құдды

бір жойқын дауыл жүріп өткендей ме, әлде қырғын шайқас болғандай ма, қалай екені қайдам, үйдің іші шат-шәлекей еді. Екі бөлмелі қоржын үйдің құты қашып, жұтап, жүдеп қалған. Үйдегі бар мүліктің көзге ілінері үстіне көрпе-жастық жиналған жалғыз темір кереует, еденде шет-шеті жырымдалған ескі сырмақ, оның үстіне бір-екі құрақ көрпе, төселген. Сырттан лақтырған кесектің екпінімен терезе әйнегінің сынықтары төрге дейін шашылып, әлдебір ауыр айқастың болғанын үнсіз мәлімдеп тұрғандай.

Әнтайдың әйелі Ұлбала толықша келген ұзын бойлы адам еді. Үйге кірген Әлібек амандық саулықтан соң:

– Жеңгей, терезелеріңізге не болған?

– Ой, Әлібек, қарағым сен сұрама? Әлгі жынды Сейіттің ара-тұра өстіп құтыратын ұстамасы бар. Ағаң екеумізді сабап кетті, тіпті бар ғой, өлтіре жаздады. Үйге тығылып жанымыз қалды. Көргенсіз, аға-жеңгесіне қол көтерді деген не сұмдық!-деп бұрқылдап сөйледі.

Айтысына қарағанда оқиға күтпеген жерден, қауға тиген оттай лап ете қалған. Бәле қайдан деуге бола ма, шатақ былай болған екен:

Мал төлдей бастаған алғашқы күні, сексенге жуық қой қоздапты, алдын ала келісім бойынша бірінші күні төлдеген қойды түгелдей Сейіт қабылдап алған. Келісім солай, кезек соныкі. Жас қоздаған қойларды шарбаққа бөлек қамаған Сейіт, шатаспас үшін жас қозыларды енесімен табыстырып, құлақтарына белгі тағып арпалысып жүргенде шарбақтың ішіне шопанның үйелмелі-сүйел-

мелі екі кішкентай баласы кіріп алып, жас төлмен ойнап, табыстырып қойған қозыларды үркітіп, шастастырып жібереді. Енесінен адасып қалған жас қозылар маңырап, ана саулыққа бір, мына саулыққа бір түргінектеп араласып кетеді. Сәбилердің шарбаққа кіргенін қойлардың тасасынан байқамай қалған Сейіт енесінен адасқан қозыларды қайта-қайта табыстырып, соған ыза болып тұрғанда екі кішкентай бүлдіршіндердің қылығын көріп, ашуы қабаған иттей қозып: «иттің балалары, сендер жетпей тұр едіңдер» деп екі баланы желкелерінен бүре ұстап, иттің күшігі құрлы көрмей шарбақтың сыртына, доп лақтырғандай лақтырып, лақтырып жібереді.

Шырылдап жылаған балалардың даусын естіген әке-шешесі «бұларға не болды» деп жанұшырып жүгіреді. Олар да жаңа туған төлмен алысып жүріп, сәбилердің не істеп жүргенін, тіпті естен шығарса керек. Шырылдаған кішкентайлардың даусын естіген шешесі қотанның ортасындағы малдың қалың қордасына мұрындарымен сүзе құлаған кішкентай ұл мен қызды «бісмиллә, бісмиллә» деп жерден көтеріп алып:

– Ей, көгермегір, мұның не? Есің дұрыс па, бір жерлері майып болса қайтесің, ана қозы екеш, қозыны да бүйтіп лақтырмайсың ғой!? – деп қайнысына дауыс көтереді. Оған күйеуі қосылып:

– Жын қаққан неме, мойныңды үзейін бе? Ит, шошқа! – деп інісіне қамшы үйіреді.

Сол-ақ екен, Сейіт жынды көзі ақшырандап өзіне тап берген ағасын қақ мандайдан бір қойып ұшырып түсіреді, оған ара түсіп ұмтылған жеңгесін де желкеден және бір түйіп, екеуін сабауға айналады.

Содан қорыққан аға-жеңгесі кішкентай сәбилерді құшақтап, «бәледен машайық қашыпты» демекші тоқал тамға қашып кіреді.

Қашып кіріп, жасырынып отырса жақсы ғой, ыза қысқан жеңгесі Ұлбала терезеден айғайлап, Сейітті: – Көгермегір, қансүрек! Осы шошқа мінезіңнен табасың әлі, оңбаған! – деп жағы сембей тілдейді. Мұны естіген Сейіттің жыны одан әрі долданып, көзі қанталап жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Сол сәтте көзі аулада жатқан қызыл қыштың сынығына түседі. Бұрқыраған ашу алды-артына қарата ма, әлгі кесекті алған бетте терезеге қарай атып жібереді. Кесек тиген соң терезе әйнегінің не жаны қалсын, шатыр-шұтыр сынып үңірейіп қалады. Бажылдаған әйел баласын алып төргі бөлмеге тығылады. Онда да жай тұрмаса керек, тағы да терезеден шашы жалбырап:

– Жетпегір, атың өшкір, қаситесіз, әбілет басқыр!– деп әлгі сөздерін қоймай-қоймай айтып, қайнын тілдеп, қарғай бастады. Соған шыдамаған Сейіт екінші кірпішті төргі бөлменің терезесіне зу еткізеді. Алақандай терезенің әйнегі күлпарша болып, іштегі әйелдің шыңғырған даусы, оған балалардың шырылдап жылаған үні қосылып азан-қазан... Қаны басына шапқан Сейіт оған қарап жатқан жоқ, қолына іліккен тағы бір-екі кесекті үңірейіп қалған терезеге қарай атқылап, құдды оқ жаудырғандай майдандасқан. Аға-жеңгесінің зәресі ұшып, «мына қансүрек бізді тірідей өлтіреді екен» деп балаларын бауырларына қысып, дымдарын шығармай, үйдегі жалғыз кереуеттің астына тығылады. Содан біршама уақыт бұлар қарасын көрсетпей,

үндері өшіп бұғып отырады. Әлден уақытта төңірек тынышталып, қоздаған қойдың шулаған даусы ғана естіліп, шопан кісі де содан есін жинап, еңбектеп барып үңірейген терезеден сығалайды. Сыртта ешкім жоқ сықылды. Ақыры, әупірімдеп, әуелі Әнтай шопанның өзі тысқа шығады. Жан-жақты барлап, алыс-жақынды шолады. Бүлікшіл бауыры көрінбейді.

«Қараң өшкір, жоғалса мүрдем кетсін!» дейді жеңгесі.

Сейіт сол кеткеннен екі күн жоқ боп кетті. Қарауындағы жас төлдеген сексен қой азан-қазан маңырап қамауда қала берді.

– Міне, қарағым, жағдай осындай, қырып кете жаздады, аяқ-қолымыз дірілдеп есімізді эзер жинадық! Құдай салмасын, – деп шопанның әйелі болған жағдайды баян қылды.

– Әлібек, – деді ол бөлменің ортасында состиып тұрған бұған, – өзің ана жерге отырып шай құйып іше бер, мен мына сынған әйнекті жинайын, балалар ұстап қолдарын кесіп алар, – деп сөйлеп жүріп шыны сынықтарын жинады. Әлгі жағдай ойына түсіп кетсе өзін ұстай алмай:

– Осы жындының керегі жоқ, келмей-ақ қойсын деп, Құдайдың зарын қылдым, тындады ма?! Тыңдамайды ғой, мынаны қарашы, – деді ол. – Қызыл қыштың сынығын қолына ұстап, – әгәрәки басымызға тисе не болады, таза тірідей көрге тыққалы жүр. Айттым анаған «келтірме оны, жолама оған» деп, тілді алды ма... Ей, қараң өшкір! Мына біздің Әнтайда бір шөкім ақыл жоқ. Осыдан аузы күймей-ақ қойды, Құдай-ай, қайтейін! – деп күйіне сөйледі.

* * *

Әлібек алғашқы күннен бастап өріске мал бағысуға шықты, түске дейін де, түстен кейін де аттан түспей мал соңында жүріп төл тасыды. Қой қауырт қоздап жатқан кез, Әлібек өрісте жүріп жаңа туған қозыларды қоржынға салып алады, түсте мал өрістен оралғанда жас төлді сақманшыға тапсырып қозының енесін көрсетеді. Күндегі жұмысы сол, ертеден кешке дейін мал соңында. Ең қиыны тамаққа тоймайтын болғаны, себебі үш мезгіл тамақ ішсе соның бәрі шай мен нан, қант, тіпті сарымайдың өзі бір де бар, бір де жоқ. Баз-базда шопанның әйелі бауырсақ пісіреді, сол күні бауырсаққа бір тояды бұлар. Оның өзін дастарқанға толтырып салса қуанасың ғой, шымшып, дастарқанға қадау-қадау тастайды. Сондай кезде Сейіт атып тұрып тегенеді толып тұрған бауырсақты үстелдің үстіне уыстап-уыстап шаша салатыны бар. Одан әріге бармайды, әлгі терезені сындырып қашып кеткеннен кейін сәл де болса жыны басылып қалғандай ма, әйтеуір, бұрынғы өкірендеген мінезі саябыр тапқан.

Шопанның бүлікшіл бауыры ауылдан құйын-перін қашып кеткен соң, екі күннен соң оралған еді. Онда да Әнтайдың қайын ағасы Қапсәлімнің өзі келіп, Әнтай мен қарындасы Ұлбалаға: «Бұларың не, елден ұят емес пе, ағалы-інілі екеуіңнің бастарың сыйыспай шуласып жатқандарың. Ұлбала саған не жоқ, қой деген соң, қойындар» деп басу айтып, татуластырып кеткен.

Сол оқиғадан кейін Сейіттің жыны басылды ма, қайдам, әйтеуір мүлде мылқау адам дерсің, күні

бойы бірауыз сөз айнапайды ғой. Дастарқан басында да үнсіз.

Күн сайын қозылы қойын бағып, ауыл іргесіндегі белден асып кетеді. Бір күні түскі шай үстінде аға-жеңгесіне айтып отырды:

– Осы ауылда қозы жейтін бір ит бар, қайсысы екенін білмеймін, әйтеуір біреуі жаңа туған жас төлдің ішін жарып, ішек-қарнын ақтарып жеп кететін болды. Соған ауызданып алған, – деді. Бұл оның әлгі бүліктен соңғы алғашқы тіл қатуы болатын. Ағасы оған көзін адырайтып:

– Алдындағы он қойға жөндеп қарамайсың ба? Ит жегенін қайдан білесің? – деді. Бірақ Сейіт оған жауап бермеді.

– Қай жақтан қақшып кететінін білмеймін, – деді Сейіт шайдан соң далада Әлібекпен оңаша сөйлесіп тұрып.

– Қайдам, – деді Әлібек. – Ана үлкен төбеттер малға тиспейді, не келсе де ана бір тазысымақ қара күшік жүр ғой, содан сақ бол. Өткенде Әнтай аға: «бұл таза қанды тазы, бір қар басқан, Құдай қаласа қасқыр алады» деп аяғын жерге тигізбей мақтап отырған.

– Әлібек, ей, сенің сөзіңнің қисыны бар.

– Оған таңырқайтын ештеңесі жоқ, – деді Әлібек. – Біздің әкей айтатын «күшігінен малмен бірге өскен ит малға шаппайды» деп. Мына тазысымақты Әнтай аға аудандағы бір атқамінерден ат-түйедей қалап алған екен. Соған қарағанда ол малды ауылдың иті емес, – деді. Сейіт болса бала жігіттің байсалды сөзіне құлақ түріп ойланып қалған.

– Дегенмен итті ондай жаман әдеттен арылтуға болады екен.

– Қалай, ақыл айтасың ба? – деп Сейіт кеңкілдеп күлді.

– Итті қозылы қойға қосақтап қойып сабайды, сабағанда өлімші қылып ұрмайды, жанына батырып шошытады. Содан кейін ол малға жоламайды екен.

– Өй, қойшы! Ит не түсінеді дейсің, біреудің шығарып алғаны да, – деп Сейіт қолын бір сілтеді.

– Содан кейін, сіз білесіз бе, – деді Әлібек сөзін жалғап, – заты бұл ауылда итке тамақ бермейді екен, беретіндері кәкір-шүкір, жуынды-шайынды. Байқайсыз ба, иттің бәрі жүдеу, тіпті өлі жүндері түспеген. Бұрын малда отырғанда біздің үйде екі дәу төбет болатын. Апам соларға ерінбей, жалықпай бір шелек ботқа пісіріп, итаяқтарын толтырып күніге тамақ беретін еді. Солардың түгі жылтырап тұратын. Ал мыналар, тура бұралқы иттер сықылды, әлі өлі жүндері түспеген. Қара тазы аш, аш болған соң қозыға ауыз салып жүр.

Сейіт Әлібекті жаңа көргендей қадала қарап, «мұның айтып тұрғаны шындық» деп ызалана мырыс етті. Артынша темекісін сөндіріп жатып:

– Бұлар ит тұрмақ адамды сыйлап үйренсе болар еді, – деді дауысында зілді кекесін бар. – Дегенмен сенің сөзіңнің қисыны бар, әлгі қара тазы бар ғой, сол кейде маған ілесіп өріске барады. Атаңа нәлет, біраздан кейін жоқ боп кетеді. Науқан басталғалы екі қозымды жеп кетті. Енелері болса төлін іздеп, желіндері сыздап, маңырап жүр. Енді бар ғой, ол қара тазыдан көз жазбай аңдимын, – деді Сейіт темекісінің тұқылын аяғымен қатты-қатты мыжғылап тұрып.

– Секе, – деді Әлібек, – дегенмен, ана қара тазының аузының салымы бар екен, бізге қарағанда.

– Неге? – деді Сейіт Әлібектің әзілін онша түсіне алмай.

– Енді күнара бір қозының жылы-жұмсағын тісіне басып жүрсе, олжалы болғаны да.

Сөз төркінін енді түсінген Сейіт бар даусымен қарқылдап күліп алды. Оның қатты күлгені сонша тоқал тамның жамау-жамау терезесінен Әнтай шопанның басы қылтиып көрінді, шамасы «несіне жетісіп тұр» деген тәрізді.

Сол күні кешкілік мал өрістен келіп, ауыл үсті азан-қазан шуға тұнып тұрған. Әлібек атының ертоқымын алып, отқа қояйын деп ойлаған. Сонсоң шопанды іздеп баз қораға кіргені сол еді, Әнтай шопан әйелі екеуі жаңа туған қозының аузын үріп, соның қасында сөйлесіп отыр екен. Шопан айтады:

– Мына Әлімнің баласының келгені бәле болды, – деді әйеліне.

– Неге? Келгеннен бері сенің қасыңнан қалмай, төл тасып жүр ғой.

– Әй қойшы, тауықсыз да таңым атқан.

Үстеріне кіріп келген Әлібекті енді байқаған, шопан үндемей қалды.

Әлібек те ләм деместен сыртқа шығып кетті. Әкесі осы кісіні, неге екенін қайдам, ылғи «әңгі» дейтін. Әлібек сол сөзге еш уақытта мән бермеген екен. Неге олай деді екен деп ойға қалған.

Кешкілік дастарқан басында төртеуі үн-түнсіз құр шайды сораптап, қара нанды көмейлете соғып, соны қанағат тұтқан болды. Шайдан соң есік алдына шыққан Сейіт шылымын тұтатып өші кеткендей

көк түтінді көмейлете жұтты. Өңінде реніш бар. Тіпті әлденеге ашулы сықылды. Бірденені айтқысы келді бірақ айта алмады. Қотандағы қой мен қозының маңыраған дауыстары шулап естіледі. Шарбаққа сүйеніп тұрған Әлібек:

– Енді бір-екі күннен соң қайтамын.

– Е, тезірек қайтқаның жөн, аштан қатпай тұрғаныңда, – деді Сейіт. Оның ішіндегі қыжылды Әлібек те түсініп тұр, бірақ бұл оған не дейді, жаман болса да, жақсы болса да бұлар ағайынды ғой деп ойлаған.

Күні бойы аттан түспей изендеп мал соңында жүрген Әлібектің басы жастыққа тиісімен қатты ұйқыға кеткен екен, шопанның дауысынан оянды. Осы төлге келгеннен бері ұйқысы бір қанбай қойды. Қазір жатса, қазір тұратын сияқты, күн ерте шыға ма, әлде түн қысқа ма, белгісіз. Міне, қазір де төсегінен ұшып тұрған ол тез-тез киініп, беті-қолын қолжуғыштағы сумен шайып, күндегі дағдысымен малға мініп жүрген ала құнанға ер салды.

Сол күні мал өріске шығайын деп жатқанда ауылға Қапсәлім келді. Жайлауға көшіп барады екен соған мал айдауға көмектес деп Әлібекті бір-екі күнге сұрай келген. Әнтай не десін, барсын дейді де. Қапекен ерттеулі торы аттың шылбырын Әлібекке ұстатып жатып:

– Әлібек, мына торы ат өзі жуас, әрі жүрісті жануар, жаныңды қинамайды осыған мін, – деді. Торы атқа мінген Әлібек Қапсәлімнің отарына жол тартты. Бұл шақта малдың төлдеуі саябырсып қалған кез, күніге бірлі-жарым қой қоздаса қоздады, болмаса о да жоқ. Әнтай шопан сонда да мұны аттан түсірмей жүрген. Сол күні Әлібек Қапсәлімнің ота-

рын айдасып жайлауына құс қона жеткен. Келісімен бір тостаған айран ішуге шамасы жетіп жатып қалды Әлібек. Жастыққа басы тиісімен тұяқ серіппей ұйықтаған ол таңертең ерте тұрды. Бұл тұрғанда Қапекен бір-бір нән тоқтыны сойып, бас-сирағын үйітіп жатыр. Түнімен ұйықтамаған тәрізді.

– Өй, Әлібек, неге ерте тұрдың? Мал айдасып шаршаған боларсың, жата тұрмадың ба? – деді.

– Жок. Аса шаршамадым.

– Сен тамақ ішіп кетсін деп мал сойып жатырмын. Тәтең бас-сирағын ұйытқанға қарамай, қазанға ет салып қойған. Ендігі піскен де шығар, – деп даңғырлап сөйлеп, күйген сирақтарды күйелеш-күйелеш пышақпен тез-тез қырып тазалауда.

Әлібек жуынып-шайынып, үйге кіргенде дастарқан да дайын тұр екен. Бәтес тәте:

– Әлібек, айналайын, жоғары шық. Шаршаған шығарсың, қарның да ашқан болар, – деп тез-тез шыны-аяққа қызыл қоңыр шай құйып: – Кел, айналайын, ағаңа қарама іше бер, ол шаруасын жайғап қазір келеді. Ет те пісіп қалды, – деді.

Дастарқанды толтырып бүйірі дөңгеленген қызыл қоңыр бауырсақ, жаңада қайнатқан балқаймақты, кепкен ірімшік, сарымай дейсің бе бәрі жайнап тұрғандай. Бәтес тәте қаймақты Әлібектің алдына жақындатып:

– Ұялма, тамақ ал. Түнде асқа қарамай жатып қалдың, – деп жік-жапар болуда.

Сөйткенше ет те пісті. Сәлден соң дәу табақ ет дастарқанға келді. Үстел басына отырған Қапекен:

– Әлібек, саған бәрібір бас ұстауға болмайды, оны кейін өзіміз жейміз, тәтең саған арнап барлық

жылы-жұмсағын түгел салды. Ал енді бісміллә деп кірісе бер, – деп кеңкілдеп күліп алды.

– Түстен кейін қайтасың ба, – деді ол майлы еттен бір-екі қарпып алған соң. Әлібек Қапекеннің сөзіне жауап қайырмады. Сөзге Бәтес тәте араласып:

– Асықтырма баланы, қайтқысы келсе қайтады.

– Мен асықтырам ба, ана күйеу ренжиді ғой, – деді Қапсәлім.

– Ренжи берсін, оның жұмысы немене, осы оқушы балаға қарап тұр ма?! – деп «айта берсін» дегендей Бәтес тәте Әлібекке күлімсiрей қарады.

– Мақұл, мақұл. Онда Әлібек өзің біл. Қайтсаң кешегі торы атты мінесің, бір-екі күннен соң өзім барып алып қайтамын, – деп бұл әңгімеге ол қайта оралмады.

Әлібек сол күні Қапсәлімнің аулынан түс ауа бірақ қайтты. Кетерінде Бәтес тәте: – Әлібек, аман-сау жет, үй-ішіңе бізден сәлем айт, – деп қоштасып қала берген еді.

* * *

Бұл уақытта көк құрақ қаулап, даланың жүзі қызылды-жасылды гүлге оранған. Сейіт жаңа төлдеген саулықтарды шарбаққа қалдырып, қалған қозылы қойды иіріп күндегідей ауыл сыртындағы беткейге өрістетіп бел асып бара жатты. Қозысын ерткен саулық қойлар көк қуалайтын емес, әлі оттықпаған төлін ертіп, қаулап өскен көк шөпке кенеше жабысып жайылып жүрген.

Сейіттің үнемі етігінің қонышында жүретін жалғыз жорналы бар еді соны суырып алып, ежіктеп

оқуға кіріскені сол, кенет қозылы қойдың бір шеті дүр ете қалды. Әуелгіде сақманшы жігіт оны түсінбеген. Артынша қалың тобылғы тасасынан иттің құйрығы секілді бірдеңе бұлғаң-бұлғаң ете қалғаны. Соны көзі шалып қалған Сейіт орнынан жылдам тұрып, солай қарай жүрді. Сол-ақ екен, қауіпті сезіп қалған қара тазы аузын жалап, әлгі арадан атып шығып, зытып бара жатты. «Бұл не жеп жүр» деп дәркүмән болған Сейіт тазы тұрған жерге келсе, кеше туған жас қозының ішек-қарны ақтарылып жатыр. Сұғанақ ит қозының ішін жарып, өкпе-бауырын жалмап кеткен. Мұның алдындағы қозыларды да тура осылай ішін жарып, өкпе-бауырын жеген.

Ол күні қара тазы үй маңына жоламай қашақтап жүрді. Тіпті шақырса да келмей, көпке дейін сырғақтады. Сейіт те оны андуын қоймай, ақыры кешкілік алдап-арбап қолға әзер түсірді, содан соң итке ептеп тамақ берді, артынша әлгі қозының өлексесінің қасына апарып байлады. Ит бейшара бірдеңені түсінді ме, кім білсін, қыстыға қыңсылады. Сол күні қара тазы түнімен бір түп тобылғының тасасында байлаулы тұрды. Қасында күндіз өзі жарып жеген қозының өлексесі жатты. Келесі күні Сейіт қозылы қойларын солай қарай жайып, өріске шығарды.

Сейітті көрген қара тазы оған еркелеп, құйрығын бұлғап, «жаздым, жаңылдым» дегендей қыстыға қыңсылады. Иттің қасына келген Сейіт кешегі қозының өлексесінен түк қалмағанын, тек қара тұяғы ғана жатқанын көрді.

– Қайтеміз, қара тазы, енді сенімен қоштасамын. Аңға түсетін иттің қорадағы малға шапқаны жақсы ырым емес, он жерден қасқыр алсаң да көзіңді жоя-

мын, – деді. Сөйтті де үй жақтан ала келген темір қазықтарды екі жерге қиғаштай бойлата қағып, асықпай жүріп иттің мойнына салған тұзақты темір қазыққа қазықбау шалып байлады. Қара тазы басына төнген қауіпті сезгендей Сейіттің аяғына оралып, етігін жалап, жалына қыңсылап, көзі мөлдіреп жалбарына қарауда. Оған қарап жатқан Сейіт жоқ, артынша тұзақтың екінші басын иттің тура ашбеліне салып оның ұшын келесі темір қазыққа іліп иттің денесін екі қазықтың арасына ышқына тартып керіп тастады. Қара тазының жанұшыра қаңқ етуге ғана шамасы келді. Екі қазықтың арасында иттің керілген денесі сымдай боп созылып, аяқтары жанталаса тырбаңдап ауа қармап, көпке дейін тазының жаны шықпай бұлқынып, ышқынып, ақыры селт етпей серейіп қимылсыз қалған. Шарасынан шыға бақырайған екі көзі мұздап қатып қалғандай. Сол күні ол иттің өлі денесін жерге көміп, үстін тұрып кетпесін дегендей үлкен жалпақ таспен бастырып тастады.

Бірақ ол бұл жағдай туралы тірі жанға тіс жармады.

Екі күннен соң Әлібек үйіне қайтатын болды. Сол күні шопан:

– Қара тазы кешеден бері көзге түспеді, көрмедіндер ме? – деді. Ешкім ештеңе демеді. Әлібек, Сейіттің тазыны қатыгездікпен өлтіргенін білген жоқ, әйтсе де бір сұмдықтың содан келгенін сезді. Ішінен «ит иттігін жасайды» деді кімге бағыттағаны белгісіз.

Аршалыдағы үйіне келгенде Әлібекті көрген шешесі:

– Үйбай, құлыным-ау, ауырғаннан саумысың, көзіңнің алдына көлеңке түсіп, неге сонша жүдегенсің, – деді.

Әлібек ақырын жымып:

– Апа, өздеріңіз амансыздар ма, әкем қайда?

– Аманбыз, айналайын-ау, әкең қазір келеді, бір жерге шығып кеткен.

– Апа, мен су ысытып жуынып-шайынып алайын, бір ай болды денемізге су тимегелі. Апа, деймін, апа, оғанша бір қазан ет асыңызшы, – деді.

– Ойбу, құлным-ай, қайтейін! Ана жарымағандар, баламды аштан қатырған екен ғой! Құдай-ай, қайтейін! – деп шешесі қазан көтеріп, баласына тамақ істеп, әбігер болып жатты.



ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

ТОПЫРАҚТЫҢ ЗАРЫ

XV тарау

ӨЛІАРА

БҮГІНДЕ:

...Үлкен қалаға қоныс аударғаннан соң Тыныс Мәлінуұлының айы оңынан туды. Осыдан біраз жыл бұрын бәйбішесі бақилық болып, абыройы артып, қызметі өскен кезде соқа басының сопиып қалғаны, сол ғана жанына батып күйзелетін. Дегенмен жұмыстың қызығына кірген ол бәрін тез ұмытты. Үйге де сирек бас сұғады, ер жеткен қыздары өзді-өзі үй болып, әкеге иек артуды қойған. Ертелі-кеш шай-пайын әзірлеп, үй-жайын тап-тұйнақтай ұстап отырған үй қызметкері бар. Өзі болса алаңсыз жұмысқа құлақкесті кіріскен. Өзімен бірге ел жақтан ерте келген Рақыш Құлтаев деген көмекшісі жанып тұрған епті жігіт. Қызметте де, үйде де бастығының емеурінін айтқызбай сезіп, бабын табатын, адал атқосшы болып жолықты. Бәрінен де оның келіншегін айтсайшы... Беу, шіркін, ұрғашы біткеннің керімі! Жас келіншекті алғаш көргенде-ақ, Тыныс Мәлінуұлының жүрегі еріп, құмары қозып жүре берген. Ару әйелдің ай мүсінінен көз ала алмай,

тілі байланып, тынысы бітіп қалғанын қайтерсің. Қатыны өліп, қамкөңіл болып жүрген адамға солай көрінді ме, сол күннен бастап Мәлінұлының әукесі қышыды. Тіпті қарадай қағынып, сол келіншектің бейнесі көз алдында көлбеңдеп тұрып алатынын қайтерсің.

Рақыш пен Сәния алтын асықтай екі баласы бар, тірлігі жарасқан үлбіреген отбасы. Келіншегі балаларын аялап, отбасының берекесін кіргізіп отырған, көрсе көз тоятын инабатты жан. Мәлінұлы аз күнде-ақ Рақыштың жанұясына да, баласына да бауыр басып алды. Бәріне мейірбан. Рақыштың баласына ата, келіншегіне қайынаға болып, достығы туыстыққа ұласып, Мәлінұлы үшін ғайыптан жұмақ өмір басталған. Бір күні ол Рақыш Құлтаевтың келіншегі Сәнияға: «Қалқам, менің үйімді барып көре салшы, үй қызметкері мен келмегенге алаңдап жүрген шығар» деп өтініш айтқан. Сөйтті де өзі асығыс жұмысына кетті.

Үлкен ағаның айтқанын жерге тастамауға бекінген Сәния балаларына «өздерің отыра тұрыңдар, мен қазір келемін» деп үйден шыққаны сол еді, Мәлінұлының жүргізушісі келе қалғаны.

– Жеңгей, мені бастық жіберді, «көлік іздемесін, машинамен барсын», – деді. Тыныстың ықыласына тәнті болған Сәния:

– Рақмет, неге әуре болды, мен өзім де баратын едім, – деп ыңғайсызданып қалған. Бірақ жүргізуші жігіт:

– О не дегеніңіз, жеңгей? Көлікке мініңіз, болмаса таяқты мен жейтін боламын, – деп әйелді машинаға мінгізіп, заулап жөнелген-ді.

Қаннен-қаперсіз зәулім коттеждің алдына келіп тоқтаған Сәния есікті бағана Тыныс Мәлінулы берген кілтпен ашып, ішке өтті. Атшаптырым бөлмелер. Көз жауын алатын қымбат жиһаз. Күн сәулесімен көз қысқан люстралар. Мұншалықты аста-төк дүниені көрмеген, жас келіншек аузын ашып қызықты. Сол екі арада сыртқы есік сылдыр ете қалды. Сәния дереу ауыз бөлмеге ұмтылды. Есікті ашқан үй иесінің өзі екен.

— Ә, Сәнияжан, келіп қалдың ба? Менің бір құжатым үйде қалып қойған екен, соған келгенім. Мұны білгенде сені әуре қылмайтын едім, — деп асыға басып үйге кірді.

— Сен біздің үйге бірінші рет келдің ғой, төрлет, жоғары шық, — деп келіншекті қолтықтап қонақ бөлмеге алып өтті.

— Ұялма, бұл да сенің үйің «қуыс үйден құры шықпа» деген, — деп, Сәнияны өзінің әбжіл қимылымен иіріп әкеткені. Тіпті бәрі дайын тұрғандай, неше түрлі жеміс-жидек, жүзім, ішімдіктің түр-түрі жұтынып көзді арбайды.

Бәрі сол күннен басталды. Келіншектің «ағатай» дегеннен басқаға шамасы келмеді. Өзінен үлкен, әрі атағы жер жарған адамның алдында қолға түскен қоянның көжегіндей дірілдеп, көзі боталап, ығына көне берді. Ерніне кенеше жабысып, одан соң аппақ тамағын армансыз аймалап жатқан тығыз денелі алпамсадай еркектің астында тұншыға өксіп, үнсіз жылады. Сол күннен бастап ақылынан адасқан жандай азап шекті Сәния. Оның жан азабын Тыныстың сезгісі жоқ, бар білетіні өзі осы әйелге өлердей ынтық. Соңғы кезде өзін ұстай алмай қала-

тын болған. Қалайда Сәнияны қолына қондырғысы келді. Қайтпек керек? Қандай айла-шарғы жасаймын деп соған басы қатып жүрді.

Үйіне кеш келген Тыныс Мәлінұлы тамаққа қараған жоқ, бірден жастыққа бас қойды. Соңғы уақытта жұмыстың қиюы қашып мазасы болмай жүрген. Оның үстіне Сәния есінен шығар емес. Сол ғана оның ақыл-есін шырмап алған. Жас келіншекті ойлап жаны біресе түлеп, біресе жүдеп, көңілі алай-түлей сарсаңға түсіп, аунақшып жатып ұйықтап кеткен екен, түс көрді. Түсінде иен түзде жалғыз келе жатыр екен. Аяғының астында көздері мөлиіп, тырнақтары тырбиып қасқыр терілері жатыр. Бұл болса әлгі терілерді жалдап, маңайына мұрнын шүйіре қарап, тура ана жылғыдай, алшаң басып алға ентелейді. Төбесінен көк аспан түнере төніп, ызғар шашып тұрғандай ма, қайдам, оған да қарап жатқан жоқ, адымдап алға ұмтыла бергенде әлгі қу терілерге кенеттен жан бітіп, қанжардай азулары ақсиып, көздері от бүркіп көкбөрілерге айналып шыға келгені. Қасқыр емес, киелі көкбөрі. Түс-тұсынан атылып тарпа бас салған дүлей күшке төтей алмаған Тыныс Мәлінұлы қолын сермеп, тамағына жармасқан бөрілерден құтыла алмай, үсті-басын қан жуып, тынысы тарылып, жанталаса айғайлап жатып эзер оянды. Қарасуға түсіп терлеп жатыр екен. «Аһылеп, уһілеп» есін зорға жиды. Содан кейін ұйқысы келмей, көрген түсіне таңырқап, шылым шегіп ұзақ отырды.

...Құла түзге салып жатқан құрылыс жұмысы қаржыдан тапшылық көріп, Әбсадық жер-көкке телефон ұрып: «Қаржы болмаса біз құрылысты до-

ғарамыз, тек жұмысшылардың соңғы айлардағы жалақсын төлеңдер!» деп дабыл қағуда.

Мәселенің мән-жайын тексеруге арнайы комиссия бармақшы. Осыдан бастап Тыныс Мәлінулының мазасы қашты. Себебі бөлінген қаржы құлқыннан өтіп «құмға» сіңген. Сәнияға әукесін созып жүргенде бұның жағдайы күтпеген арнаға ойысқан еді. Дереу тәуекелге бармаса қасықтап жинаған қазынасы құрдымға кетпек.

Содан соң «бір оқпен екі қоянды атып алса» деген тосын әрекетке бел буды. Оның арты қалай болады дегенді ойлағысы да келмеді.

Әуелден айла мен қулық-сұмдыққа келгенде Тыныс Мәлінулы дегеніңіз алдына жан салмайтын зымиян болатын. Осындай жұмысты ың-шыңсыз тындыратын алаамандарына белгі беріп, шұғыл іске кірісті.

* * *

...Әбсадық Әйтенұлының Әлібекке көлік жіберемін деген жұма күні құрылыс нысанының бірінші қабатындағы шағын бөлмеде, басқармадан келген жауапты адамдардың қатысуымен маңызды жиналыс өтіп жатты. Құрылыстың қарқыны, қаржының қамы қаралып, қаржы бөлімінің жауапты адамдары мен қабырғалы мамандар тығырықтан шығар жол іздеп кеңесіп отырған.

Тыныс Мәлінулының тапсырмасымен осы жиынға Құлтаев та келген-тін. Бірақ ол әдеттегідей емес, қалыпты жағдай болса мұндай жиынды өзі басқарып, бәрін бір өзі иіріп отыратын. Ал бүгін...

Бүгін ол мүлде үнсіз, тіпті мына жауапты жиынға қатысы жоқ дерсің.

Бұған дейінгі өміріне Құлтаев разы-тын. Жұмыс орны бар, астында көлік, басында үй-жайы, бәрі-бәрі жақсы-тын. Мәлінұлына ол бар ниетімен адал болды. Оған құлай сенді. Ана жылы әлгі Өзтемір Темірболатов бұған: «Сен алып кел, шауып келде жүрген қолбаласың, бастыққа жағам деп тыраштанба, елге жағамын деп еңбек ет» деп бұл үшін ауыр сөз айтып еді. Сол сөз зәуеде бір Құлтаевтың алдына шығатын. Шынында да, жасы қырықтан асқанша біреудің атшабары болып, «бастыққа жағамын» деп алып кел, шауып келде жүріпті. Бүгін Рақыштың іші соған удай ашыды. Негізгі күйік ол да емес-ті. Айтуға аузы бармайды, алайда сол сұмдық сурет ойына оралған сайын, жанын жегідей жеп, тамағына ащы өксік тіреледі. «Тыныс аға, неге олай жасадың, Сәния сіздің қызыңыздай, қызыңызбен жасты еді ғой!» деп жүрегі езіліп кетеді. Біреу айтса сенбес еді. Өзі сезді, шыққыр көзі көрді, содан бастап жан дүниесіне у тарады. Сол күндері Сәнияны өлтіріп сабағысы келді, бірақ өйте алмады. Оның кінәсі не? Ол бұған айтты ғой, ескертті ғой, бұл адамнан іргенді аулақ сал дегенге дейін айтты емес пе?! Мұның өзі, өзі шайтанның көлеңкесіне айналған. Ендеше өзіне обал жоқ! Осылайша, өзегін өртеген уайымнан езіліп, есеңгіреп отырды ол.

Жиналыс болса Әбсадықтың есебін тыңдап, жалақы мәселесіне келгенде басқармадан келген мамандармен Әбсадық тіл табыса алмай бір-біріне дауыс көтеріп, бөлменің іші айғай-шу боп кетті. Осы кезде оқыстан бірдеңе гүрс ете қалды. Жиын-

да отырғандар ес жиып үлгергенше құлақты жарған алапат дүмпу бірінен соң бірі «гүрс, гүрс» етіп, табан астында жер аунап бара жатты. Қас қағып үлгергенше Әбсадықтың денесін әлдебір жойқын күш қаңбақша атып жібергені. Қайда соғылғаны белгісіз, тұла бойын от қарып өткендей болды. Содан арғысы... Содан арғысы есінде емес, тек жаны жеңілдеп, ұшып жүр. Жексұрын Құлтаевтың бір иығы мұның мылжа-мылжа болған оң иығына жабысып қалған, соны көрді. Сол сәтте «Әке, Ата» деген баласы мен немересінің даусы қосарлана естілгені. Әбсадық соған жалт қарамақ еді, бірақ артына бұрыла алмады. Тұла бойы бұлқынып, ана Құлтаевтан шыға алмай арпалысып жатқандай ма, қалай?

«Өттеген-ай!» деді ол жаны күйзеле өкініп, соны айтуы мұң екен: «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі, ол сонысымен қымбат!» деген сөз, сөз емес-ау лапылдаған от бетін шарпып, құшағына тартып бара жатты.

* * *

Сиыр таңдайланып ұзыннан-ұзақ ирелеңдеген адырлы даланы қақ жарып күнбатысқа қарай қасқая тартатын тасжолмен жүріп кетсеңіз, сол капталыңызда сағым ойнаған алыс көкжиекте көзге үнемі шалына бермейтін, көрінсе де боз мұнарға бөгіп тұратын, сол бір жұмбақ ғимарат уақыт өте келе көзден де, көңілден де көмескілене берді. Бажайлап қараған жан сағым теңіздің арасынан әлдебір биіктің сұлбасын байқар еді, содан соң «Анау

не нәрсе екен?» деп төңірегіндегілерден сұрастырар еді. Алайда бұл сұраққа үнемі жауап бола бермейтін.

Елсіз өңірде алыстан бұлдырап көрінетін әлгі жұмбақ нысанның аумағы атшаптырым жерді алып жатқан, көп қабатты, аяқсыз қалған құрылыс ғимараты екенін біреу білсе, біреу білмес.

Әу баста, бұл жерден аудио техникалар өндіретін үлкен зауыт салу жоспарланған. Мемлекет тарапынан мол қаржы бөлінген. Қомақты инвестиция құйылған. Құрылыс жұмысын екі, екі жарым жыл ішінде бітіруге пәрмен алған. Әлібектің білетіні, ғимаратың бас құрылысын құрастыру жұмысы бітіп, соған жалғастыра салған екінші құрылыс ірге тебе бастайды. Ол әлеуметтік нысан болса керек, соны салып бітуге жақындағанда құрылыста жойқын апат болған. Апат болғанда, жан шошырлық жарылыс. Одан ешкім аман қалмаған. Бірді-екілі сыртта жүрген жай жұмысшы адамдар ғана тірі қалған. Әлбетте, олардың өздері ештеңе біліп жарытпаған. Ең кереметі ғимарат туралы бірде-бір дерек, күдікті сейілтер айғақ қалмағаны. Өртеніп кеткен. Сұмдық! Апаттан соң жоғарыдан жеткен тексерушілер оқиғаны оңды-солды қарап, оның себеп-салдарын анықтаумен ұзақ шұғылданған, бірақ бәрі бекер. Белгілісі бөлінген қаржы түгел жұмсалып, көздеген жұмыстың үштен бірі ғана тамам болған. Осының өзі апаттың себебін әйгілеп тұрғандай-тын. Бірақ шот арқалаған да, мөртабан ұстаған да, жалпы құрылысқа жауапты жандардың бәрі апаттан көз жұмған. Тексерушілер тұйыққа тіреледі. Олардың бар тапқаны жертөледе тұрған газ

қоймасының атылғаны. Бұл түйінді шешуге білек сыбана кіріскен тексерушілер шөмеледен тебен іздегендей күй кешкен. Бәлкім, олар бірденені тапқан да болар, егер табуға мүдделі болса. Ұзақ жылдарға кеткен тергеп-тексеріс еш нәтиже бермеген. Қалай дегенмен айран ішкен құтылып, шелек жалағандар шейіт болған секілді. Былайғы елге солай көрінеді.

Мұны бүгінгі күннің жұмбағы дерсің. Сол жұмбақтың соңғы түйіні Тыныс Мәлінұлы еді, ол да бақиға аттанды.

Сол күні Алматы бағытындағы күре жолмен Тыныс Мәлінұлы заулап келе жатты. Қасына аққудай болып Сәния ару жайғасқан. Көлік тізгіні Тыныс мырзаның өзінде. Құм қаладан кештетіп шыққан олар Ақсүйектің тұсынан өтіп бара жатты. Күн батып, маңайды қараңғылық торлаған кез. Сәния әңгіме айтып көпке дейін ерінің көңілін аулап отырған, маңайды қараңғылық тұмшалаған кезде ол да шаршады ма қалғып кеткен. Кенет гүрс-гүрс еткен алапат үннен көзін ашып алғанда әлдебір түпсіз шыңырауға құлап бара жатқандай шыңғыра айғайлаған даусы күрт үзілген. Тастай қараңғы түн. Өліара. Қара жолдың бойы қара жамылғандай қарауытып, үрей шақырып тұрды.

Сәния есін жинағанда, біреулер сөйлеп жүр екен:

– Мына кісі де тірі секілді, – деген дауысты ол анық естігендей болған. Басын көтерген әйел жанжағына үрейлене қарап, өздеріне не болғанын түсіне алмай:

– Тынеке, біз қайдамыз, бізге не болды деп, апақтап тұра ұмтыла беріп құлап түсті.

Үсті-басы су ма, лай ма, түсініп болатын емес. «Біз қайдамыз?» деп тағы да жан-жағына жаутандады. Сөйткенше болған жоқ, Тынысты зембілге жатқызып, жедел жәрдем көлігіне салған дәргерлер Сәнияны да күйеуінің қасына жайғастырды. Әсіресе Тыныстың жарақаты ауыр болса керек есін көпке дейін жимады. Дәргерлер жүрек соғысын тексеріп, жанталаса көмек көрсетуде. Құстай ұшқан жедел жәрдем көлігі қараңғы түнді қақ жарып заулап келеді.

Әлден уақытта сәл-пәл есін жиған Тыныс қасында отырған Сәнияны көріп қуанғаны да, қорыққаны да белгісіз көзі шарасынан шыға бақырайып:

– Сәния жан, қалай...сың, амансың ба? – деді, ерні кеберсіп, даусы солғын тартып.

– Аманбыз, аманбыз, Тынеке, уайымдама, – деді Сәния.

– Содан кейін оның даусы тағы да үзіліп, тынысы тоқтағандай болған, дәрігерлер арпалысып қалай да аман алып қалуға жанталасты. Сол мезет ол тағы да көзін ашып, Сәнияға қарап оны қолынан ұстап:

– Сәния, деді, менің алаңдайтын ештеңем жоқ, балаларым өсті, сенің балаларың да ер жетті, бір ғана тілегім бар, – деп даусы сәл үзіліп барып қайта жалғанды.

– Сен мені екі дүниеде де кешір... кешір, айналайын, – деп көзін алайта ашып талықсып кетіп қайта есін жиғандай болды. – Дүние қандай кең еді... Қандай таза еді... Әттең, шіркін, сондай болғанда ғой, – деп даусы тағы да үзіліп кетті.

Сәния күйеуінің сұп-суық қолын ұстаған күйі егіліп жылап, Тынеке уайымдамаңыз, бәрі жақсы болады, Құдай сақтайды... Жаратқан өзің жар бола

гөр! Тынеке, Тынеке, көзіңді ашшы, – деп жалына жалбарынды.

Осы кезде Тыныс көзін алайта ашып:

– Сәния, мені кешір, бәрін... деп иегі оқыс көтеріліп, демі үзіліп кетті.

Өмір деген сол, бүгін барсың, айдарыңнан жел есіп жүрген нәнсің, бірақ сенің де баратын жерің жер бесік екен. Мына қу тірлікте жарық дүниені бағалай алдың ба, әлде былғадың ба, соның бәрі үшін ертең ар алдында есеп береді екенсің.

Сәния күйеуінің үзілер шақта бұдан не үшін кешірім сұрағанын түсіне алмады, көлік апатына ұрынғаны үшін бе, ол енді жазмыш қой, Құдайдың жазуы деп ойлаған.

Солай, адам пақыр тіршілікте өлемін демейді екен, әсіресе ақша мен биліктің буына желігіп көзін шел қаптаса. Міне, күні кеше жалғанды жалпағынан басқан, алдына жан шықпаған Мәлінұлы да келмесе кетті. Өлді. Өлмейтін пенде бар ма?! Мына жарық дүниеден еншілегені біруыс топырақ пен үшкілдеп киген көйлек. Шын-өтірігін қайдам, мұндайлардың мәйітін «имансыз» деп қара жер де қабылдамай топырақтың өзі зар илейді екен. Құдай содан сақтасын!

Әлқисса, Әлібектің ойына баяғы бір оқиға орала берді.

* * *

БАЯҒЫДА:

Әлібектің әскерден келген беті. Желтоқсан айының соңғы күндері болатын, күн аяз еді. Ерте түскен қиыршық қарды шақыр-шұқыр басып, ауылға

деген сағынышын сарқа алмай, аядай Аршалының жалғыз көшесін оңды-солды шарлады Әлібек. Ауыл адамдарының бәрі таныс.

– Ой, Әлібек, аман-есен келдің бе? – деп кімді көрсе де бәрі құттықтап, қошемет танытуда.

Сол күні Әлібек арсалаңдап ауылдың аядай клуб үйіне келіп кірді. Кешкі мезгіл еді. Экранда әлдебір кино жүріп жатыр екен. Алакөлеңке тартқан клубтың ішінде Әлібек бір сәт состиып тұрып қалған, көзін қараңғыға үйрете алмай жан-жағына үңіле қарады. Осы кезде дәл қасына келген бойжеткен қыздың:

– Әлібек! – деп сынғыр еткен дауысын естіп, жалт қарағанда өзіне күле қарап тұрған Сәнияны көрді.

– Сәнди, сенбісің!? – деп екеуі бір-бірімен құшақтаса кететіндей ұмтылып барып, кілт тоқтай қалған.

– Сәнди, сен ауылдамысың? – деді Әлібек баяғыша ашық-жарқын сөйлеп.

– Бүгін келдім, – деді қыз сыбырлай тіл қатып.

Мектеп бітіріп кеткеннен соңғы үш жылға жақындап қалған екен. Содан бері бір-бірін көрмеген сыныптастар күтпеген жерден кездесіп, клубтың ең артқы бос орнына жайғасып алған екеуі сыбырласып сөйлесіп отырды. Дырылдаған кино бітер емес, әлі жүріп жатыр. Екеуі ара-тұра экранға қарап қойып бірге оқыған сыныптағы балалар туралы, кімнің қайда жүргенін айтып отырды.

Бір кезде Әлібек «жүр далаға шығып кетейікші» деді.

Сөйтіп екеуі клубтан шығып, шағын ауылдың көшесімен ұзақ жүрді. Екеуі де денелерін аяз со-

рып тоңған секілді. Бір заматта қолтықтасқан қызбен жігіт Әлібектің үйінің тура алдына келді.

– Сәнди, қарсы болмасаң үйге кірейік, ептеп жылынып аламыз, – деді Әлібек қыздың тоңған денесін қаусыра құшақтап тұрып.

– Ұят болмай ма? – деді ол сыбырлай сөйлеп.

– Үйдің іші ұйықтап қалған шығар, дыбысымызды білдірмей менің бөлмеме өтіп кетеміз.

– Апаң оянып кетіп: «Сендер не істеп жүрсіңдер?» десе не дейміз?

– Онда ма, онда: «Апа көріңізші мына бойжеткеннен жақсы келін шыға ма?» – деп сұраймыз.

– Қойшы, Әлібек, шын айтам, апаң мен туралы жанман ойлап қалса... Кірмей-ақ қояйықшы, ұят болады.

– Сәнди, жаным-ау, маған сен, ұялма. Мені қойшы сен қатты жаурап қалдың, жүр тым болмаса жылынып шығамыз, – деп қоярда-қоймай Сәнияны көндіріп, екеуі үйге кірді. Табалдырық аттағанда Сәния «бісіміллә» деді ішінен өзіне беймәлім үйдің табалдырығын имене аттап.

Мезгіл түн жарымы. Үйдің іші жатып қалғанға ұқсайды. Әлібек аяқкиімін шешіп, дыбысын білдірмей ауызғы бөлмеден өте бергенде апасы:

– Әлібек, сенбісің, түн жарымына дейін... деп күбірледі.

– Апа, мен ғой, алаңдамай жата беріңіз, – деп Сәнияны қолынан жетектеген қалпы өзінің бөлмесіне өтіп алған екеуі сырт киімдерін шешіп тастап, бұрышта тұрған диванға отыра кеткен. Суық сорған денелері жылы үйге кірген соң бірден жылына бастаған. Біраздан соң қараңғыға көзі үйренген қыз бөлменің ішіне көз жүгіртті. Даладағы электр жа-

рығының сәулесімен үйдің ішіне ала көлеңке тартып тұрды.

Сәния тұңғыш рет өзі сүйген жігіттің құшағында отырды. Тірі жанның қолы тимеген балғын денесіне алғаш рет Әлібектің ып-ыстық алақаны тигенде тұла бойы алау-далау өртеніп бара жатқандай еді. Лапылдап жанып тұрғандай ма, әлде екеуінің демінен бөлменің іші ысып кетті ме, бір сәт бойы балқып, көңілі шалқып, қып-қызыл қызғалдақтың арасында ұшып жүргендей-тін. Бұл бір өтпейтін, таусылмайтын түн болсашы, осы бір бақытты сәттің тұрып қалғанын қалағандай ма, қалай, Әлібектің қасында осылай отыра бергісі келген.

Сондай қимас сәттің жібек пердесі:

– Сэнди, апам оянбай тұрғанда үйден шығайық, – деген Әлібектің сөзі бөлді. Сонда ғана Сәния өзінің қайда келгенін, неге отырғанын сезген бойда есін тез жиып алған. Тіпті тал бойын аяз қарығандай денесі дір ете қалды. «Мен не істеп отырмын?» деген мұздай суық сөз бойын шарпып өткен-тін.

Әлібек соны сезгендей, бәлкім, сезген де болуы мүмкін:

– Сен ренжіме, Сэнди, бәрі жақсы болады, сен ойлағандай болады. Тек саған айтарым: екеуміздің мақсат-мүддеміз бір, сенің оқуың бар, мен болсам оқуға түсуім керек, солай ма, Сэнди? Қалғаны бола жатады. Айтшы өзің.

Қыз болса Әлібектің тұспалдап айтқан сөзін түсінгендей қинала басын изеді. Сол жолы Әлібек Сәнияны Алматыға өзі шығарып салды.

Жазда олар кездесеміз деп уәделесті, бірақ Әлібек оқуға түсемін деп жол жүріп кетті де, содан

күзге қарай туған үйіне бір-екі күнге ғана келіп қайтты. Одан кейін, иә, одан кейін олар кездеспеді.

XVI тарау

КӨП ЖЫЛДАН СОҢ

БҮГІНДЕ:

Сәния үлкен жекежайда тұрады екен. Мәлінұлының бар кезінде бұл мекенжай тұздың орындай қонақ арылмаған, дәулеті шалқыған үлкен ордалы үй болғанға ұқсайды. Маңайын жасыл құрақ көмкерген ғажайып кішкентай жұмақ аралы дерсің.

Әлібектің келетінін Сәния тіпті де күтпеген-тін. Оны ұмытқалы қашан. Жоқ, ұмытқан жоқ, Рақыш қайтыс болғанда келетін шығар, қазаға көңіл айтатын шығар деп ойлаған. Бірақ, бірақ ол келмеді. Енді міне, сол Әлібек есік қағып үйге кіріп келгенде, Сәния асығыс шеткі орындыққа тізе бүгіп, даусын шығарып сыңсып жылады. Одан соң біразға дейін үнсіз қамығып отырды.

Әлібек Тыныс Мәлінұлының қазасына көңіл айтып: – Уағында келе алмай қалдым, айыпқа бұйырма, – деп амандық-саулық сұрасты. Сәлден соң Сәния «шай қояйын деп асүйге шықты». Жайланып отырған Әлібек бөлменің ішіне көз жүгіртті, бір қабырғаны алып қымбат ыдыс-аяқтар мен түрлі сувенирлер қойылған қанкүрең шкаф жалт-жұлт етіп көз ұялтады. Төрде Тыныс Мәлінұлы мен Сәнияның (шамасы, үйленген кезде түскен суреттері) үлкейтілген портреті ілінген. Суреттегі Сәния

күйеуінің жанында тіптен жап-жас, өрімдей қыз. Шынында да, Тыныс Мәлінұлы Сәниядан бақандай он төрт жасқа үлкен. Әлібек осылайша әрнені бір ойлап отырғанда Сәния дастарқан жасап, мейманды шайға шақырды. Қол шайып үстел басына жайғасқан Әлібек:

— Сәнди қыз! Сізбен отыз жылдан соң кездестік пе?

— Сен ұмытпаған екенсің, мектепте жүргенде мені солай атаушы ең ғой.

— Е-е-е, біз сені қалай еркелетпедік. Айтпақшы, мен сені ертеректе бір аста көрдім, көз алмай қарағаным есімде, – деп Әлібек өткен күндердің үзік елесін еске алғандай болды.

— Білеміз ғой, қалай еркелеткенінді, алдап-сулап ертпей кеткенінді...

— Жо...жок, Сәнди қыз, менде зәредей де жазық жоқ, – деді Әлібек күле сөйлеп.

— Айта бер, айта бер, менікі әншейін әзіл ғой. Мен де сені көргем, Тынекеннің әйелі Шырын марқұмның қонағасында. Сен келіп маған амандаса ма деп ойладым, күттім, бірақ сен келмедің. Тым құрмаса басыңды да иземедің.

— Бәрекелді! Мен қалай барамын, қасыңда («белсендінің бөлтірігі» деп айтқысы келді де) Құлтаев тұрды ғой, – деді. Мұның сөзіне онша мән бермеген Сәния әңгіме ауанын басқа жаққа бұрып:

— Ал мен болсам сені жиі көретінмін.

— Қайдан?!

— Үйдегі көк жәшіктен.

— Е-е, деді Әлібек даусын соза. – Көк жәшікке салып қойып сағынғанда көріп жүрдім десейші.

– Кім айтты «сағынды» деп, жай әншейін, сенің теледидардан сөйлегеніңді қызық көріп қарап отыратын едім, – деді ол көзі күлімдеп. Соны айтқан ол тез тұнжырап: – Жас кезімізде бәрі қызық еді ғой, өмір өтпейтін секілді, қызыққа толы күндеріміз таусылмайтын тәрізді... Мен баяғы ауылды да, елді де, достарымды да қатты сағынам. Тұрмысқа шыққан соң ешқайда мойын бұра алмадым. Үнемі күйеуімнің жұмысы, балалардың қамы деп, солармен алашапқын болып жүргенде уақыттың да қалай өткенін білмей қалдым, – деп Сәния сәл күлімсірегендей болған. Күлімсірегенде көзінің төңірегін өрнектеген майда әжімдер байқалды. Баяғы тал шыбықтай Сәнияның орнында денесі толығы бастаған ақсары өңді әйел отыр еді.

– Жақан, жарықтық ерте қайтыс болып кетті ғой. Біреулер қастық жасаған, өртеп жіберген деп естідім, рас па?

– Рас. Көзін шел басқан, оңбағандар бизнесін тартып алу үшін солай шабуыл жасап, өлтіріп кеткен, – деді Әлібек күрсіне сөйлеп.

– Кімдер қастандық жасаған, тапты ма?

– Жооқ, таппады. Ондайлар таптыра ма? Бірақ біз білеміз кімдердің ісі екенін. Бәрі де Құдайдан жазасын тартуға тиіс, тартып та жатқан болар деп ойлаймын.

– Келіншегі мен бала-шағасына қиын болған екен, – деп Сәния терең күрсінді.

– Әрине, онай емес, қайта Күләйша қайратты екен, балалары да ержетіп қалды. Алла оларға қуат берсін!

– Әлібек, сенің жолдасыңның аты кім, қай жақтың қызы?

– Менің жарым ба, о кісі Жетісудың қызы. Есімі – Айкөркем.

– Аты жақсы екен, өзі қандай, әдемі ме? – деді ол Әлібекке сәл жымия қарап.

– Ай десе аузы, күн десе көзі бар. «Сүйген-сұлу» деген емес пе! Неге сұрадың оны? – деді Әлібек әзіл-шыны аралас күле сөйлеп.

– Жай әншейін, – деді Сәния шай құйған жиегі зерлі кесені Әлібекке ұсынып жатып. – Оқып жүргенде таныстыңдар ма дегенім ғой.

– Иә, солай, ғұмырлық музаммен студент кезімізде танысып, төрт жыл қыз бен жігіт болып бірге жүріп, соңғы курста үйлендік. Сәнди, сенен бір нәрсе сұрасам бола ма? – деді Әлібек.

– Не сұрайын деп едің, сұра, – деп Сәния Әлібекке иегін көтеріп күлімсірей қарады.

– Мен Тынекенді де, Рақышты да жақсы білетін едім. Енді Алланың жазуы ғой, иманы саламат болсын. Өздерің аман болыңдар, – деп Мәлінұлы туралы сұрайын деген ойынан лезде айнып қалғаны. Содан кейін Сәнияның бала-шағасын, туыскандарымен хабарласып тұрасың ба? – деп өткен-кеткенді әңгімелеп, сыныптас достарын еске алысып, сөз арасында баяғы Гүлмайра мұғалімнің де есімін айтып қалды. Жастай марқұм болған сүйікті ұстазының аты аталғанда, неге екенін қайдам, Сәнияның көзіне жас іркілді. Кім біледі, өз тағдырын да соған ұқсатты ма, қайдам. Осылайша, бірқауым отырған Әлібек қайтып келе жатып Сәния туралы ойлады: «Не деуге болады? Адам деген маңдайына жазғанды көреді, демек пешенесіне сондай тағдыр бұйырған шығар» деп Сәнияны іштей аяған-тын.

* * *

Сәния үшінші курсты бітірген жылы өзімен бірге оқитын жақын құрбысы тұрмысқа шығып, ол соған қыз жолдас болды. Құрбысы үшін қуанды, олар өте жарасымды жұп еді. Тойлары да ырғын боп өткен-тін. Сол тойда Сәния жігіт жолдас болған Рақыш деген азаматпен танысты. Әжептеуір көрікті көркем жігіт, тек орыс тілді, әрі тым менмен, өркөкірек пе деп ойлаған Сәния. Қызға жігіттің сонысы ұнамады. Алайда ол болса Сәниядан көз алмай, үзілісте қайта-қайта биге шақырып, қызды үйіріп әкеткен. Тойдың келесі күні бір топ жастар бой жазып қыдырып келеміз деп екі машинамен улап-шулап табиғат аясына серуенге шығып кетті. Сол күні кешкілік Рақыш дегеніне жетіп, Сәнияны алып қашты. Тағдырдың жазуы, қыз қанша бұлқынғанмен бәрі кеш еді. Тура баяғы Гүлмайра мұғалім секілді, танымайтын, білмейтін жанға қосақталып кете барды. Алғашқы жылдары көзінің жасы құрғамады, түн баласында жастығы шылқып шығатын. Өмірін өгейсіп, үйрене алмай торығып, торға түскен тотыдай көп бұлқынды.

Бір жылдан асқанда сәби сүйді, тек сол ғана жанына жұбаныш, көңіліне тыныштық бергендей... Кішкентай Әділет күн санап өсіп, Сәнияның бар қайғысын ұмыттырғандай-тын. Ойлап отырса өмір деген қызық, үміт, күдік, қуаныш, қайғы жылдың төрт мезгілі секілді алмасып, кезек-кезек алдыңнан шығады екен. Қуанасың, қайғырасың, бірденеден үміттенесің, әлденеден күдіктенесің, солай арпалысып өмір деген сынаптай сырғи берді, сырғи берді...

Тұңғышы туғаннан соң араға бес жыл салып өмірге тағы бір сәби келді. Оның есімін Гүлмайра деп өзі қойды. Баяғы Гүлмайра мұғалімі секілді инабатты, мейрімді, ақылды болса екен, тек тағдыры оған ұқсамаса екен деп тілеген. Сол күндері Сәния өзін әлемдегі ең бақытты әйел сезінген-тін.

Күйеуі Рақыш орыс тілді өзімшіл, өркөкірек-теу болатын. Оның өзінің қатып қалған қағидасы, сызып қойған жоспары бар, ол сонымен жүретін. Айыбы сол. Сөйтсе де, Рақыш Сәнияға ерекше мейірбан болды, тіпті ренжіткен күні болмаған. Балаларына да қамқор-тын. Бірте-бірте Сәния соған үйренген тәрізді, солай болуы керек сықылды, әйтеуір, «кіммен қарайсаң сонымен ағар» дегендей, Рақышқа адал жар болуға тырысты. Отбасының бақытын өз бақытым деп есептеген-тін.

Соңғы жылдары Рақыш Тыныс ағаның көмекшісі болды. Астанаға көшіп келіп, зәулім үйге қоныстанды. Тұрмысы жақсарды, не ішемін, не киемін дейтін емес, молшылық. Балалары талпынып өсіп, өмірінің шуағына айналған. Солардың қызық қуанышымен таңды атырып, күнді батырып дегендей жүріп жатты.

Бірде осы Астанада ұл мен қызын ертіп Есілдің жағасында қыдырып жүрген, кенет қайдан сап ете қалғаны белгісіз бір сыған әйел:

– Қызым, сенің тағдырыңды екіауыз сөзбен айтпайын алақаныма алтын жалат, – деді. Сәния осындай көріпкел дегендерді аса ұнатпайтын, мына сыған қатын мұның келісімін күтпей-ақ, балаларына қарап тұрып: балаларың бақытты болады екен, тіл көзім тасқа. Ал өзіңе келсек, көзінде мұң бар, көкі-

регіңе шер тұнған, – деді. Сығанның сөзі ұнады ма, әлде сикыры арбады ма, өзі де ойлап үлгермей сөмкесінен екі мың теңге алып әйелге ұстата берді. Ақшаны төстартқышының астына жасырған сыған қатын:

– Өзің қаламаған адамға тұрмысқа шыққаның, – деді соны айтты да көзі алақтап:

– Ой, Құдай сақтасын! Үлкен, лапылдаған от көріп тұрмын, екі күйеуің болады, ұзамай екеуінен де, екеуінен де азат боласың, – деді де ішінен бірденені күбірлеп теріс айналып жүріп кетті.

Мына сандырақты естіген Сәния:

– Басыңа көрінгір! – деді. Соны айтуы мұң екен ұзап кеткен әлгі сыған қатын қайта оралып:

– Мені қарғама, қарғысың қарға адым жерде қалсын. Өзің өмір бойы бірденеге өкініп жүресің, соны ойыңа түсір, бақытың сонда қалған, – деп кетіп қалды. Сол сыған қатынның күреңіткен өңі, қадалған көзі көпке дейін есінен шықпай жүрді Сәнияның. «Екі күйеуі несі, азат болғаны қалай, сандырақтай береді», – деп жүрді.

Рақыш екеуінің өміріне араласқан Тыныс Мәлінович деген жүрегі жомарт адам еді, әуелде солай-тын. Келе-келе оның зәлімдігін Сәнияның іші сезе бастаған. Содан бастап одан жасқанып, аяғын тартып басатын болды. Құдайдың күдіреті, Рақыш соны қалай түсінбейтінін қайдам, әйтеуір, бастығы айтса болды күн демей, түн демей ішіп отырған асын тастап, қатын-балаға да қарамай жүгіре жөнелетін. Сәния күйеуінің осы мінезіне, тіпті ақылы жетер емес, соншалықты сол кісіге неге кіндігінен байланғанын түсіне алмады. Бір-екі рет Рақышқа

тіпті ренжіп айтты «сен немене, со кісінің құлымысың, таста оны, басқа жұмысқа ауыс» деді. Осы сөзін Сәния күйеуіне ренжіп те айтты, жалынып та айтты. Бірақ оған Рақыш мән берсе, қане!? Айта-тын уәжі: басымыздағы үй, астымыздағы қымбат көлік со кісінің арқасында келген игілік деп қатын сөзін қаперге ілмеді. Кейінірек әйелінің үздігіп айтқан тілегін түсінген де шығар, іші күйген де шығар, бірақ ол кез тым-тым кеш еді.

Тыныс Мәлінұлы болса Рақышты анда-мұнда жұмсап, тіпті үйде отырғызбайтын болған. Сөйтіп жүргенде Рақыш кенеттен өндірісте болған апаттан көз жұмды. Рақыш өлген соң Мәлінұлы Рақыштың отбасының ең жақын жанашыры секілді, үнемі Сәнияның қасынан табылып қорғаны болып алды. Не керек «андыған жау алмай тынбайды» демекші ақыры Тынекең Сәниядай сұлу келіншекке үйленіп тынды. Уақыт өте келе Сәнияның бұған да бойы үйренгендей. Қорлықтан құтылған секілді ме, әлде өз басында болып жатқан кепті жете түсінбеді ме, қайдам, түсінде үнемі бір көк тұманның ішінде адасып, содан шыға алмай қансорпа болып оянады. Ұйықтаса көретін түсі сол.

Енді мінеки екеуі де жоқ. Өлгі сыған қатынның айтқаны айна қатесіз келді. Тыныс Мәлінұлы өлерінде «мені екі дүниеде кешір, кешір айналайын!» деп жаны қиналып кешу сұрағаны көз алдында тұрып қалған.

Бұл уақытта Әлібек кетіп қалған. Үлкен дәмге қарамады, шай ішіп, бала күннің қызықтарын айтты, түс ауа аттанып кетті. Айтқандай, ол үйден шығар алдында әлденені ұмытқандай:

– Сэнди, сен Рақышқа қалай тұрмысқа шықтың? – деді дәл осы сұрақты қашан сұрар екен деп Сэния да күтті ме екен, құралай көздері мұңая мөлдіреп:

– Менің тағдырым, білесің бе, тура Гүлмайра мұғалімдікіндей, соған ұқсас, айырмашылығы менің тірі жүргенім ғана, – деді. Соны айтқанда келіншектің көз шанағына лықсып жас тұнды.

– Кешір, кешір, Сэнди, сұрамағаным жөн еді, ренжіме, – деді Әлібек, оны біртүрлі аяп, жүрегі толқи сөйлеп. – Балаларың аман болсын, соларды ойла, солардың жақсылығын көр, – деп жұбатқан болды.

Сол күнгі әңгіменің бәрін ой елегінен өткізген Сэния қатты толқып, ауыр ойдан әзер айықты.

Сонда барып түсінді. Әлібек, тіпті де мұны іздеп келмеген екен, оның діттегені Рақыш пен Тыныс қалай өлген, неден өлген, сол екен. «Оны неге «зерттеп» жүр?» деп ойлаған ол:

«Беу, Әлібек-ай! – деді ішінен не іздеп келсең де сені көргеніме қуандым. Аман жүр, жаным, аман жүрсең болды! Бала-шағаң да, Айкөркемің де аман болсын!» деп көзінен мөлт-мөлт еткен тамшылар үзіліп-үзіліп түсті. Сол-ақ екен кеудесіне өксік толып қамыққаннан ба, сағынғаннан ба жылағысы келді. Есіне жеті түнде Әлібектің үйінің табалдырығын «бісміллә» деп оң аяғымен аттаған сәті есіне түсіп, дыбысын шығармай өксіп жылады.

XVII тарау

БЕЙШАРА

Бәйбішесі қайтқаннан кейін Қапсәлімнің өмірі ойпы-тойпы болып, тіпті кісі танымастай өзгерген. Ұл болса бір шүйкебастың жетегінде кетті, қыздары бір-бір жігіттің етегінен ұстап, олар да өз жолдарын тапқан. Әрине, балалардың аяғынан тұрғаны жақсы-ақ, тек Қапекеннің жағдайы мәз емес. Кемпірі қайтқаннан кейін жетімсіреді ме, кім білсін, қолдағы аздаған малын айдап Қаработаға қоныс аударды. Бұл жер қалаға жақын, әрі ерте заманда әке-шешесі осы арада от жағып, түгін түтетіп, іргедегі үлкен өндірістің подхозында еңбек етіп, ұзақ жылдар осы өңірді армансыз жайлаған. Бүгінде анау үлкен таудың етегіндегі қорымда мұның әке-шешесі де бір-бір төмпешік болып жатыр. Қаработаға көшіп келген күні соларға арнап мал шалып, құран оқытып, ас берді. Сонда Қапекеннің кәрі жанары суланып: «ей менің асылдарым, мен де сендерге жақындап келдім, немерелеріңді аяқтандырдым, енді солардың тілеуін тілеп, сендерге шырақшы болып отырамын» деп дымданған жанарын сүрткен-тін.

Осы өлкеде Қапсәлімнің балалық, жастық шағы өтті. Қазір бұл маңда Қапсәлімді танитын ешкім жоқ. Ескі көздің көбі келмеске кеткен. Тек өзінің бала күнгі досы Мейірбек қана осы атақоныстан ірге аудармай, әлі күнге ат жалында жүр. Бұл арада оның үлкен шаруашылығы бар, балық өсіреді, жол бойында күндіз-түні тынбай жұмыс жасайтын асханасы бар, оған қоса осы арада шағын демалыс үйі

елге қызмет көрсетеді, әйтеуір қайнап жатқан өмір соныкі. Тіпті Қапекең сол Мейірбек досын сағалап келген сыңайлы. Обалы қане, ол да ескі досына қол ұшын созып, жаны қалмай көмектесті. Жасында ол мұны Қапан дейтін, әлі де солай. Сол аңқылдаған досы бұған:

– Қапеке, сен бізге күзетші болып жұмысқа тұр, керек десең демалыс үйінің бір бөлмесін босатып берейін, сонда жайғас, – деп шын көңілден ұсыныс жасаған. Бірақ Қапекең оған келіспеді. Басы бүтін біреуге кіріптар болып, қадірімді кетірмейін деді. Әрі-беріден соң жан-жақтағы бала-шағам әкелерін іздеп келсе өзім жеке шаңырақ болып отырайын, шешелерінің орнын жоқтатпайын деп ойлаған.

Жалғыз ұлы Жақыбай қаладан үй аламын деген соң қолдағы екі құлынды биені, жабағы, тайымен сатып, балаға пұл қып берген-ді. Енді қолда қалғаны екі бұзаулы сиыр, бір-екі баспақ пен оншақты жантық. Өзіне сол ермек. Е, айтқандай мұнда келерден бұрын тұрақты баспана іздеп, соның жырымен біраз бөгелген. Лайықты үй бола қоймаған соң осында көп жылдан бер ешкім тұрмаған біреудің ескі қонысын паналамақ болған, онысы көптен күтімсіз тұрып іші, тысы азып-тозып кеткен үй. Қапекең жаздай сонымен алысты. Кісі жалдаған жоқ, бәрін өзі жасады, екі сиырдың бірін сатып, ақшасына құрлыс материалдарын қаладан алдырды.

Әйтеуір жанталасып жүріп үйдің шаруасын қысқа жеткізбей шатыры жоқ тоқал там тұрғызып, көңірсітіп от жағып үйге кірді. Ол біткеннен кейін сиыр мен ұсақ малға арнап лапас жасап алды, биылға осы да жетер, қалғанын келер жылы көрермін,

оғанша қаладағы ұл да келіп қол ұшын берер деп ойлаған.

Мейірбек досының демалыс үйіне демалушылар қаптап келмесе де, қысы-жазы қараң-құраң кісі үзілмейді екен. Әсіресе жаз айларында қымыз бен саумалға сұраныс жетіп артылады. Мекеңнің сауын биелері де көп. Кейде Қапекең отырып алып ойға батады, мен болсам өмір бойы ортаның малын бақтым, маңдайыма біткені екі бие мен екі сиыр, он — он бес ұсақ мал, бары сол. Жылына бір тай сойып жегенге мәз болып жүре бергем. Мына Мейірбекті қарашы, баяғы Қаработадан ірге аудармаған. Сөйте тұра малды қисапсыз өсірген, малының дені жылқы мен қой, сиыр ұстамайды екен деп досының тірлігіне бас шайқап таңдай қағады. «Жо-жоқ!» дейді ондайда өз ойынан өзі шошығандай. Күндегенім емес, Құдай ісіне береке берсін. Әншейін, істің ығын білгеніне сүйсінгенім дер еді.

Қапекең ара-тұра Мейірбектің қымызханасына кіріп, бір тостаған салқын қымыз ішіп, шөл басыны бар. Сөйтіп жүріп бір күні саумал ішуге келген демалушы әйелмен танысты. Аты-жөні Мина Жамшитовна екен. Шын аты Мүнзила болса керек, көпшілік оны Мина деп атап кеткен дейді. Әйел адам өзін солай таныстырды, Қапекең де оны содан бастап әкесінің атымен қосақтап айтуды дағдыға айналдырған.

Минаның (Мүнзила) бұрын тұрмыста болған болмағаны белгісіз, әйтеуір зейнет жасындағы жалғызбасты әйел. Заманында көрікті жан болса керек, әлі де сынын жоғалтпаған, тал бойы толықсып көз тартады. Ақсары өңді, жирен шашты, жылы жүзді

жанға Қапекен үйірсектеп қалғаны. Әйел екі тілге бірдей, ұшқыр аттай көсіледі. Оншақты күнге сау-мал ішіп таза ауада жүрем деп келген екен, онысына қарай Қапекене жолығып, бірінші күннен бастап екеуі әмпей-жәмпей сырласып жүре берген-ді. Өзі де бір әңгімені келістіріп айтатын, ақжарқын жан сыңғыр-сыңғыр күліп алады. Ондай кезде Қапекеннің бойы балқып, аузын ашып, көзін жұмып ұйып қалады. Мина бір-екі рет Қапекеннің үйіне келді. Сонда ғой Қапекеннің жаны қалмай, қонақтың астына төрт қабат көрпе салып, қаймақ қайнатып, шай қойды. Үстелге қойған шыны-аяқтардың сиқын көрген Мина Жамшитовна «қайда келдім» дегендей қозғалақтап қалған. Кеселердің бірінің шеті кетік, іштеріне шайдың сарғайған дабы тұрып қалған. Қалайы қасықтардың да оңып тұрғаны шамалы. Қапекеннің өзі де соны сезді ме, қайдам «Әйел қайтқаннан кейін бұл үйдің ыдыс-аяғы да осындай жүдеп қалды», – деді.

Қапекеннің ыңғайсызданғанын сезген Мина Жамшитовна орнынан лып етіп тұрып:

– Сіз әбіржімеңіз, мен өзім дастарқан жасайын, тек ыдыстардың қай жерде тұрғанын көрсетсеңіз болғаны.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз, Мина Жамшитовна, еркек болсам да бір шай беретін қауқарым бар, – деп Қапекен де сасқалақтады.

Мина Жамшитовна Қапекеннің қарсылығына қарамастан бірден жұмысқа араласып кетті. Лезде кеселерді де, қалайы қасықтарды да жарқыратып жуып, ат-көпір болып жатқан ыдыстарды тазалап, реттеп берді.

Қапекеннің көзі күлімдеп: – Әйел деген үйдің берекесі ғой, мынаны қарашы, айналайын, Мина Жамшитовна, мың жасаңыз. Сіз қандай жайдары адамсыз! – деп риясыз мәз болған.

Мина Жамшитовна Қапекеннің жұпыны тірлігін көріп: – Балаларыңыз келіп тұра ма? Немерелеріңіз бар ма? – деп сыр суыртпақтаған. Ағамыз өзінің аңкылдаған ақ көңіліне басып, бар сырын бірден қотара салды.

– Балалардың өзді-өзімен тұрғаны жақсы, әрине, дегенмен анда-санда немерелеріңізді көруге барып тұрмайсыз ба? – деді Мина Жамшитовна сызыла сөйлеп.

– Ойбай-ау, мына бес-алты қойды кімге тапсырамын. Сиыр бар сауатын, – деп кәдімгідей шаруа камына алаң екенін білдірген.

Сол жолы Қапекен Мина Жамшитовнаға өзінің ақ адал көңілін білдірді, яғни «екі жарты бір бүтін болайық» деді. Сөздің тоқетері сол. Әйел Қапекеннің ұсынысына бірден жауап бермей, үнсіз отырып қалды. Одан жауап болмаған соң Қапекен мазасызданып:

– Мина Жамшитовна, сіз ренжіп қалдыңыз ба, Құдай үшін, ренжімеңізші. Мен шын ниетіммен айтып отырмын, ренжісеңіз сөзімді қайтып алайын, – деді даусы тарғылданып, әлгі сөзіне өкінген сыңайлы.

– Сіз алаңдамаңыз, Қапекен, мен қайтайын, – деген әйел орнынан тұра берді.

Қапекен қалбалақтап әйелді демалыс үйінің табалдырығына дейін шығарып салып, ертең саумал ішуге барсаңыз мен ертерек барып сізге кезек алып

қояйын, — деп әйелдің жүзіне жалтақтаған. Ол басын изеп «сау болыңыз» деп топлиының өкшесі тықылдап кетіп бара жатты.

Баяғыда бәйбішесі Бәтестің бар кезінде Қапекеннің өмірі анағұрлым жақсы еді, тұрмысы да анағұрлым қотты еді. Қонақ деген келіп те жататын, кетіп те жататын үйде не бар, не жоқ деген мәселе Қапекенді мазалаған емес. Дастарқаны асқа тіреліп тұратын. Сөйтсе берекенің бәрі әйелі Бәтестің қолында екен-ау! Ол қайтқаннан соң, көрдің бе, бар нәрсенің өзі көзге көрінбей, кетеуі кеткен.

Ол кезде Қапекен де қазіргідей емес, анағұрлым салмақты, анағұрлым сабырлы, ажары таймаған нарттай болатын. Ал қазір ше? Әсересе мына Мина Жамшитовна деген әйелді жолықтырғаннан бері, шынын айтқанда, Қапекен өзін-өзі танымайтын жағдайға жеткен. Есіл-дерті сол әйел, екі сөзінің бірі «Мина Жамшитовна, Мина Жамшитовна» одан басқа әңгіме жоқ. Құдай біледі, бұл бұрынғы Қапекен емес, құдды әпсүн оқып, көзін байлап тастаған дерсің.

Айтқандай, Әлібек жақында Қапекенді көрді. Тура мына тәуелсіздік алаңында. Еңсесі еңкіш тартып, ентелей басып кетіп барады екен, жан-жағына мойын бұруға дәрмені жоқ, күбірлеп өзімен-өзі сөйлеп, біреуге бірдене айтып бара жатан сықылды. Қасынан өте бергенде Әлібек:

— Ассалау, — деп сәлем берді. Қапекен қалт тоқтай қалды, көзін сығырайтып жас жігітке тесіле, сүзіле қарады:

— Өй, Әлібекжан, сенбісің!? — деді таңырқаған сыңайлы.

– Иә, иә, ме ғой, Қапекел! Қал-жағдайыңыз жақсы ма? Бала-шағаңыз аман ба? – деп бұл да жағдайын сұрап жатыр. Бәтес тәте қайтқаннан кейін қалаға жақын қоныс аударғанын, осындағы бір әйелмен көңіл жарастырғанын, таныс-білістерден естігені бар.

– Жай жүрсіз бе? Мұнда қашан келдіңіз? – деді.

– Ой, Әлібек-ау! Қазір қалаға жиі келемін, не ғой... Осында Мина Жамшитовна тұрады. Соған келіп-кетіп жүремін. Екі-үш күн болған келгеніме, енді қайтып барамын. Ара-тұра ол да ауылға келіп тұрады, – деп даңғырлап сөйледі. Сөйлеген сайын қолындағы қара дорбасын біресе алдына, біресе артына ұстап, сипақтап, қипақтап тұр.

Бұрынғы нарттай қызыл жүзі жүдеу тартып, жағы сопайып, көзінің оты азайған ба қалай? Әлібекке солай көрінді.

– Ағасы-ау, неге бір-ақ жерде тұрмайсыздар. Ол Мина жеңгейді біражола ауылыңызға алып кетпейсіз бе, екі арада салпақтап шаршағанша.

– Әлібек-ау, өзің білесің ауылдағы менің жаман лашығыма үздіксіз келіп тұрған ыстық су жоқ, оты, суы ішінде емес, сонан кейін әлгі ванна дегені де жоқ. Мина Жамшитовна оқыған адам, ғұмыр бойы осы қалада тұрған, қызмет істеген әйел адам. Онда барғанда жағдайы болмайды ғой. Әйтпесе ол кісі менімен бірге тұруға еш қарсы емес. Менің өзім де осында келіп тұрар едім, оған ана жақта оншақты ұсақ мал бар, сауып отырған сиыр бар, сол ғой мешайт болып тұрған. Жоғалып кете ме, ұрлап кете ме кім біледі екі көзіңнен басқаның бәрі жау. Онсыз да Мина Жамшитовна баз-базда келіп, ауылдағы үйге

екі-үш күн түнеп кетеді, ондай кезде Мейірбектің демалыс үйіне барып, соның душойына жуынып-шайынып тұрады. Мейірбек досқа өзім арнайы тапсырып қойғам, – деп не істеп, не қойғанын күбітіп тұр еді не алдына, не артына сыймай тұрған қолындағы дорбасынан шыны ыдыстың салдыр-күлдір ете қалғаны естілді. Соны меңзеген ол:

– Ой, мынау әлгі не ғой... Мина Жамшитовнаға әкелген қаймақ пен сүттің ыдысы. Бар болғырды жөндеп орамадым ба, шағылып қалмаса жарады, – деп қорбандап, дорбадағы ыдыстарын жөндеген болды.

– Ағатай-ау, ол жеңгеміз өзі сізге шай-пай қайналып беріп, жаныңызға сырлас, серік болу үшін керек пе, әлде біз білмейтін басқадай шаруа бар ма? – деді Әлібек, Қапекеннің мына тірлігіне қарадай қынжылып.

Қапекен оның сөзіне титтей де қымсынған жоқ: – Оған да, оған да керек, – деп жасаураған көзі жылт-жылт етіп, екі езуі жайылып еріген мұз сықылды сиықсыз жымиған болды.


– Е-е-е, солай ма, онда әңгіме жоқ, – деп Әлібек те онымен қоштасып, жөніне кетті.

Әйтсе де Әлібектің көңілі біртүрлі алабұлттанып, ойына баяғы Бәтес тәте оралды. Ол кісі аққұба өнді, қой көзді, дөңгелек жүзді бәденді жан еді. Қашан барсаң да жарқылдап «айналайын» деп дастарқанын жасап, дастарқанымен қоса көңілінің шуағын сыйлап тұратын. Ол кезде Қапекен де қазіргідей емес, салмақты, сабырлы жүзі нарттай құлпырып, төрде төбедей болып отыратын. Енді ойласа оның есіктегі басын төрге сүйреп жүрген Бәтес тәте екен-ау!

– Беу, дүние-ай! – деп өзін-өзі бейшара қып жүрген Қапекенді аяды ма, кімді аяғаны белгісіз Әлібектің іші уылжып сала берген.

* * *

Қапекен Мина Жамшитовнаға кеткен күні қалада тұратын ұлы Жақыбай бала-шағасымен ауылға келген болатын. Олар екі күн бойы көздері төрт болып, көрінген көлікке қарап, әкелерін тосып жүрді.



СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ

СОҢҒЫ СОҚПАҚ

немесе

ЖҮЗ КҮН

БҮГІНДЕ:

Иә, осыдан тура жүз күн бұрын Ерғалы Шәкенұлы Жарықбасов деген азамат шаһарға жаһадан әкім болып тағайындалды. Бұның алдында қызметтен босаған Бекмұрат Сәбеновичті ел «анда барады екен, облыстағы бір департаментке барады екен» деп сыртынан бал ашып, тон пішіп жүрген. Алайда ол ешқайда кеткен жоқ, кәсіпкерлікке бет бұрды. Баяғы Әбсадық Әйтенұлы секілді билік қолында тұрғанда қонышынан басып, біраз шаруаны өзіне икемдеп, меншіктеп алған, кенейі түгел. Өзі де тақыр жерден шөп шығарған, зәндем адам еді, басына қарға бекер саңғымаған екен. Аз уақытта-ақ асығы алшысынан түсіп, әлеуеті артып, дүрілдеген кәсіпкер болып шыға келді.

Ал мына жаңа келген мырза осы қаланың төл перзенті. Ол біраз жылдардан бері шаһардағы әртүрлі мемлекеттік мекемелерді тізгіндеген, іскер, өжеттігімен көзге іліккен азамат. Әлібек онымен ертеден таныс-біліс болатын.

Дүйсенбіде өткен әкімнің жедел отырысында жаңа басшы қалалық биліктегі ішкі ауыс-түйісті айтты, бәлендей өзгеріс жоқ, орынбасарлардың

дені бұрынғы, тек жаңадан тағайындалған орынбасар Кертай Құлатаевич екен, ол да таңданатын шаруа емес, бәрі заң аясында. Тек Әлібек қана әлденеге іштей таңырқап «қиқар шалдың айтқаны келді ғой» деп дәптерінің шетіне жазып отырды.

Одан әрі басшы: «Әр аптаның бейсенбі күндері тек мемлекеттік тілде сөйлейміз. Сол күнгі жиналыстар мен қабылдаулар, жан-жаққа кететін хат-хабарлар бәрі-бәрі мемлекеттік тілде болады» дегенді айтты. Сол ғана жұртты елең еткізген жақсылық нышанындай еді.

Әкімнің мына әрекетіне Әлібектің де іші жылып сала берген. «Бұл азамат негізі орыс мектебін бітірген, ауыз-екі сөзге сүріншек аттай шорқақ демесең, мемлекеттік тілге деген ұстанымы көңілге қонып тұр» деп ойлаған. Келе-келе әкімнің образына біржола енген ол, кейде арнасынан асып-тасып, аңдамай, оғаш мінездің шетін байқатып алатын.

Қаладағы салмақты саланың бірі денсаулық бөлімі. Оның бастығы өзімен кұралыптас Еділ Саятұлы бірнеше жылдан бері қалалық денсаулық бөлімінің ыстық-суығына күйіп, алғыс та арқалап, сүрініп сөзге де қалып жүрген азамат еді. Сауатты маман, білікті басшы десек те, әрқилы жағдайларға тап болатыны бар. Етектен тартып түберкулез деген дерттің саны кемімей, оған ЖИТС деген (иммун тапшылығының синдромы) қосылып, қаланың шырайына шіркеу, көрсеткішіне көлеңке түсіріп тұрған.

Тоқсан аяқталуға жақындағанда әкімнің әңгір таяғы Еділ Саятұлының төбесінде ойнады.

«Сен екеуміз осы қалаға бір уақытта келдік, екеуміз де қатардағы қызметтен бастадық, солай

ма? Ал бүгін ше? Бүгін мен қайдамын, сен қайдасың?» деп табалағандай тарпа бас салды. Еділ Саятұлында үн жоқ. «Бастықпен жағаласып абырой таппаймын» дей ме, әйтеуір, осындай тосын шабуылдан ол үнемі үндемей құтылатын.

Сол күні Әлібек әкіммен кездесуге келді. Айтылған уақытта артық та емес, кеш те емес, тура сағат үште әкімнің қабылдауында отырды. Сағат тілі үшті ұрып төмен сырғыды, сол мезет қабылдау бөлмесіндегі телефон «шар» ете қалды. Ізінше хатшы қыз:

– Сізді Ерғалы Шакенович тосып отыр, – деді.

Қала әкімінің кабинеті. Тәуелсіздікке дейін осы атшаптырым кабинетте қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Нүсіп Нүркенович отыратын. Бұрын да талай келген, тіпті партияның кезінде де бірінші хатшының қабылдауында болған Әлібек кең кабинеттің ішіне көз жүгіртіп, әлдебір өзгерісті сезгендей болды.

Ерғалы Шакенович орнынан тұрып Әлібекке қарсы жүріп амандасты. Бұның алдындағы шаһардың әкімі Бекмұрат Сәбенович орнынан тұрмайтын, тіпті бұған қол бермейтін. Ерғалы Шакеновичтің ілтипатына риза болған Әлібек қысқа қайырым сәлемнен соң:

– Кабинетіңіз өзгеріп кеткен бе, қалай? – деді.

– Иә, тез аңғардыңыз. Баяғы Нүскеңнің кабинетін өзгертіп жатырмын, мына жағынан, – деді ол өзінің арқа тұсын қолымен нұсқап. – Дем алатын кішірек бөлме жасаттым.

– Оныңыз дұрыс екен, баяғы компартияның елесіндей болып, көзді арбап тұрушы еді, – деп кабинеттің ішіне көз жүгірткен Әлібек:

— Ерғалы Шакенович, шаһарға әкім болып жұмысқа кіріскеніңізге ЖҮЗ КҮН болды. Жаңа келген әкім қызметке кіріскеніне жүз күн толғанда одан сұхбат алатын дәстүріміз бар еді, әуелі соған келіскеніңізге рақмет айтамын. Иә, кабинеттің өзгергені жақсы, әрине, өткен жүз күнде «бұдан басқа» қандай жаңалықтарыңыз, қандай жоспарларыңыз бар? — деді. Сұрақтың төркінін тез аңғарған әкім:

— Кабинетке жасалған жөндеу ол ұсақ-түйек, оны жаңалық деп айтуға келмес, бірақ сіз оны «компартияның елесіндей болған» деп атап кеттіңіз. Солай да шығар, дегенмен бәріміз сол компартияның шекпенінен шықанымызды мойындауымыз керек, — деп негізгі мәселеге тез ойысты. Одан әрі ол қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы көптеген мәселелердің орындалысын жіпке тізді. Ойға алған мақсаттарын да ұмытқан жоқ.

— Ең бастысы, біздің қала халқы ерекше еңбекқор, мен осы қалада туып-өскендіктен мұндағы адамдардың көбін білемін. Бұл қаланың іргетасына біздің әкелеріміздің, аталарымыздың, аналарымыздың маңдай тері тамған, сонысымен де туған шаһарымыз маған ыстық. «Мұндағы елдің көбін танимын» дедім ғой, содан да болар кездескен жерде көп адам көкейінде жүрген сауалдарын да, алғыстарын да бүкпесіз айтып жатады. Бұл бір жағынан жақсы. Кейбір мәселелерден құлағдар боласың, соны дер кезінде шешуге араласасың. Солай ғой. Жақында қаламыздың үлкен ақсақалы Әкімқожа қарияға сәлем бере бардым. Шау тартып қалған

екен. Сол кісі маған бірауыз сөз айтты: «Қарағым, жаныңа жағымпаздарды жинама, басыңа қиындық түссе олар өзінді жарға жығады, менің саған берер ақылым да, батам да осы, қалғанын өзің білесің», – деді. Үлкен адам ғой пейіліне рақмет.

– Қабыл болсын, ақыл болса да, бата болса да жақсы айтқан екен!

– Сіз солай ойлайсыз ба?

– Әрине. Әкімқожа ақсақал бетің бар, жүзің бар демей турасын айтатын адам. Әлгі сөзді жанашырлықпен айтты деп ойлаймын, – деді Әлібек.

– Түсінікті, – деді әкім, жұмсақ креслоға шалқая отырып. – Ол әңгімені кейінге қалдырайық, әуелі сіздің сұрағыңызға жауап берейін, – деп негізгі тақырыпқа оралып, өткен жүз күн ішінде атқарған шаруаны қадау-қадау атап өтті. Сөйлегенде орысша сөздерді жиі қолданғаны болмаса, қазақша сөйлеуге қинала күш салып отырғаны байқалады.

– Жалпы қала дегеніміз біртұтас жанды дене тәріздес, оның бойындағы су мен жылу құбырлары, электр желілері, кәріз жүйесі соның бәрі қаланың қан тамыры іспеттес. Оларды уақытында тексеріп қысқы, жазғы жөндеуден өткізіп отырмасаң, бір-ақ күнде апатты жағдайдың орнауы бек мүмкін. Сондықтан да әкім ретінде бұл мәселені ұдайы бақылауда ұстап, күн құрғатпай қадағалаймын. Сіз білуге тиіссіз, біздің қалада апатты жағдайда тұрған тұрғын үйлер бар, арыз-шағым да сол жақтан жиі түседі. Міне, осындай мәселелерді қысқа қалдырмай, күннің жылы кезінде ретке келтірсек деген алдымызда үлкен жұмыс тұр.

— Ал енді «сыбайлас жемқорлықты қалай жоямыз?» деген сұрағыңызға келер болсақ, онымен құзырлы орындар, яғни жемқорлыққа қарсы күрес қызметі айналысады. Жалпы жемқорлық деген менің жеке түсінігім бойынша бұл бір жұқпалы дерт. Олай болды екен, бүкіл қоғам болып адамның санасын осы індеттен тазартуымыз қажет деп ойлаймын.

— Дұрыс айтасыз, гәптің бәрі санада. Сана түзелмей, қоғам түзелмейді, онымен жүз пайыз келісемін. Ерғали Шакенович, сізге қоятын соңғы сұрағым: Бізді алаңдататын мәселенің бірі – мемлекеттік тіл. Біз оны ұдайы айтамыз, айтқан сайын көрінбейтін қарсылыққа тап боламыз. Жалпы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге арналған жоспарыңыз бар ма, бар болса сонымен бөліссеңіз? Ресми орындар қашан мемлекеттік тілде сөйлейді?

Бұл сұраққа жауап бермес бұрын әкім мырза сәл ойланып отырды, бет-әлпетінен еш белгі білдірмесе де осы бір сұраққа ол үнемі сақтықпен қарайтын, неден жасқанатынын қайдам, әйтеуір бір сенімсіздікке бой алдыратын. Қазіргі сәтте де айтар сөздің ретін топшылап:

— Мен өзім орыс мектебінде оқыдым. Қазақшамды көріп отырсыз, соншалықты жақсы дей алмаймын. Бірақ қазақша әдебиеттер мен газеттерді оқып, тілімді жетілдірумен ұдайы шұғылданамын. Сіздің сұрағыңызға былай деп жауап берейін: Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтуге қолдан келгенше көмектесемін. Тілімізге қатысты қандай да

бір жақсы бастамалар болса мен оны қолдаймын. Ол менің міндетім, парызым. Осы өткен жүз күн ішінде біз «әр аптаның бейсенбісі мемлекеттік тіл күні» деп жарияладық. Яғни бейсенбі күні әкімдікте өтетін жиналыстар мен қабылдаулар, хат-хабарға жауап беру тек мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бұл шараны мен өзім бақылауда ұстаймын. Ол туралы өзіңіз білесіз. Тағы бір айтарым, тіл үйрену деген өте күрделі мәселе, меніңше оны бір айда немесе бір күнде үйрену мүмкін емес. Сондықтан да бұған шыдам керек, сабыр керек, қамшылай бергеннен ұтарымыз шамалы.

— Ерғали Шәкенұлы, сіз дұрыс айтып отырсыз, әрине, тілді бір айда немесе бір күнде үйренуге бола қоймас. Алайда бір жылда тіл сындыруға болады ғой, егер адамда «үйренем» деген ынта болса. Ал біздің тәуелсіздік алғанымызға жиырма жылдың жүзі болды. Ойлаңызшы, жиырма жыл! Тіпті құстың тілі болса да үйренетін уақыт болған секілді. Әңгіме басқа ұлтта емес, қазақтардың өздері қазақша сөйлеуге құлықсыз. Сондықтан да осы бір жаман дағдыдан қашан арыламыз, қалай арыламыз? Қашан қазақ тілі қалпына келеді, осы туралы не айтар едіңіз?

— Әрине, әрине, бұл пікіріңізбен келісемін, – деп ол айтуын атқанмен: «Біз осы өз тілімізден қалай ажырап қалдық, енді оны қалай қалпына келтіреміз?» деген кірпияз сұраққа жөпелдемеде тұщымды жауап таппай қиналды. Орысша сөйлесе ойы ұшқыр-ақ еді, ал мына жағдайда тасырқаған ат құсап, кібіртіктей беретіні қалай? Алысқа бар-

май-ақ, мына өзін алшы, өзінің тілі неге жетілмей келеді. Сөйтсе бәрі өзінен екен, өзі құнттамайды екен, орыс мектебінде оқыдым дегені әншейін сылтау екен. Соны түсінгендей болған ол өзін тосып отырған тілшіге: – Болашақта бұл мәселені бақылауда ұстайтын боламын, – деді аса бір шешімтал кейіпке еніп.

Бұл енді әкімнің жаттанды сөзі, жауаптан жалтарғаны, оны жорналшы да түсініп отыр. Неге түсінбесін, ол мұның ішіндегісін қас-қабағынан оқып отырғандай-тын.

Сұхбаттан соң Әлібек Ерғали әкіммен бұрыннан таныс-біліс болғандықтан қаланың тазалығы мен қаптаған дүкендердің маңдайшасындағы әлем-жәлем жазулар туралы пікір алысқан болды. Сөзінің арасында Әлібек:

– Ереке, сіздер сол бұрынғы үйде тұрасыздар ма? – деді.

– Жоқ, ол үйді айырбастап, жер үй алғанбыз, төрт-бес жыл бұрын. Қазір мына жаңа ықшам-ауданнан котедж салдырып жатырмын. Күзге дейін сыртын бітірсек, қыста ішкі әрлеу-сылау жұмысы қалады. Құрылыс материалдарын Алматыдан алдырып отырмын.

– Е-е, оныңыз да дұрыс екен, – деді Әлібек сөздің ретіне қарай.

– Иә, – деді ол, – пока мүмкіндік барда, – деп сөзінің аяғын тез қайырған әкім: – Әлібек, келгеніңе рақмет, – деп қол беріп қоштасты.

Әлібек те оның «пока мүмкіндік барда» деген сөзінен көңіліне күмән алып қалған. «Бұл енді

түсінікті жағдай. Қазір ол өзі айтқандай «компартияның шинелінен шыққан, санасы толық тазармаған» әкім, қолы ұзын. Әлібектің ойына «жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» деген қазақ мақалы орала берді. Абай хакім бұл туралы «...Диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?» деп сынаған еді-ау. Ал біздің азаматтар қолына билік тисе бір күн бура болғысы келеді, содан кейін тәңір атып, жел қуған ебелектің кебін кешеді.

Әлқисса, баяғыда Әлібектер Құм шәрге көшіп келгенде қалай еді?..

* * *

БАЯҒЫДА:

Онда бәрі жақсы еді. Ен дүние тап-таза болатын. Рауандап таң ататын, жарқырап күн шығатын. Аспан да нілдей көкпенбек, мөп-мөлдір еді. Ал қазір ше? Қазір бәрі басқаша, бәрі асығыс, қарбалас, жанталас. Екі бүйіріңді соғып бірдеңеге жетем дейсің, оған қолың іліккенде тағы бір «қызыл түлкі» көзді арбайды, енді соны қуасың, әйтеуір таусылмайтын, жеткізбейтін сағым дүние. Қанша жыл оқу, оқу деп жүгірді оған жетіп еді енді қызметке тұрсам деп үздігуде. Қысқасы, соның бәрі уайым. Бұған да қол жетер, бірақ онымен өмір шектелмек емес, одан кейін де кеуделеп талай кедергі кездесері анық. Өйткені өмір – ағысқа қарсы жүзу, қиындықты жеңе білу деген сөз. Ал уайым – ер қорғаны.

...Бұдан көп, көп жыл бұрын Әлібек оқу бітіріп, отбасымен Құм қалаға келгенде осылай ойлайтын. Әлі де солай, әрине, өзгерген дүние көп, өмір бір орында тұрмақ емес. Бірақ басты ұстаным – өмірдің күрес екені. Әрине, жақсы мағынада.

Құм қалаға келген соң келіншегі Айкөркем мектепке орналасты да, Әлібек қаладағы теле-радио орталығына жұмысқа тұрмақшы болып екеуі телестудияның ғимаратын бетке алды. Сонда Әлібек жүрексініп жұмысқа қабылдар ма екен, қалай болады екен... Өйте ме екен, бүйте ме екен, ешкімді танымаймыз деп күдікке бой алдырған. Соны сезген келіншегі Айкөркем:

– Әлібек, сен тіпті де уайымдама! Жолың болады, ең бастысы, өзіңе-өзің сенімді бол, – деп жігерлендіріп, студияға қоса келген. Осылайша, жігерін жаныған қолдаушысы бар Әлібек директордың кабинетіне имене кіріп:

– Ассалаумағалайкүм, – деп сәлем берді.

Директор ештеңе деп жауап қайырмады, шаршаған адам сықылды, тек иегімен орындықты еріне нұсқап, отырыңыз деген ишара жасады. Әлібек қатар-қатар қойылған жұмсақ орындықтардың біріне тізе бүгіп, бірден келген шаруасына көшті. Мұның сөзін байыппен тыңдаған директор Өзтемір Темірболатов әуелі Әлібектің ұсынған құжаттарын асықпай қарап шығып:

– Теледидардың жұмысы газеттікіндей емес, өзіндік ерекшеліктері бар, – деп көзәйнегін алып Әлібекке байыппен қараған ол: «Жұмыстың оңайы жоқ, бәрі өзіңнің шығармашылық қабілетіңе

байланысты» деп бірсыпыра кеңес берді. Содан соң телефон соғып, біреумен хабарласты. Сәлден соң көзәйнегі мұрнының ұшына түскен қағылез қария кабинетке кірді. Қабырғадағы ұзын орындықтардың біріне жайғасқан ол иегін көтеріп, көзәйнегінің әлде үстінен, әлде астынан екені белгісіз бастыққа бір, Әлібекке бір, көзін сығырайта қарады. Соны күтіп отырғандай Өзтемір Темірболатов:

– Мақа, мына жігіт оқу бітіріп келген екен, бізге жұмысқа тұрғысы келеді, құжаттарын көрдім, қызметке алайық. Сен бұл азаматты ана Тәңірбергеннің қасына қос, сол бөлімнен бастасын.

– Жақсы, жақсы, ақпарат бөлімінің қазанында қайнағаны жөн, – деді Мақан атанған кісі. Сірә, елгезек адам болса керек, директордың сөзін аузынан іліп алып, жалғап әкетіп отырды.

– Әлібек, – деді директор, – мына ағаң Мақан Мақсатұлы осындағы қазақ редакциясының басшысы. Ал енді еңбегіңе сәттілік тілеймін, – деді.

Мақан Мақсатұлы Әлібекті бірінші қабаттағы саяси қоғамдық бөлімінің меңгеушісі Тәңірберген Таукин деген азаматпен таныстырып, осы бөлімде жұмыс жасайтынын, отыратын үстелін көрсетіп, ертеңнен бастап жұмысқа шығасың деді.

Студияның ұзын дәлізінде тосып тұрған Айкөркемге:

– Жұмысқа қабылдады, ертеңнен бастап жаңа қызметке кірісетін болдым, – деп Әлібек қуанышы қойнына сыймай шықты.

Айкөркем екеуі есік алдына шыққанда:

– Көркемқыз, жұмысқа тұрғаныма көрімдік бермейсің бе, – деді Әлібек келіншегіне жымындап. Айкөркем оны бетінен сүйіп:

– Бола ма осындай көрімдік.

– Е-е, кішкене аздау болып тұр, – деп даусын құбылтып, мұрнын тыржитқан Әлібек жарының бетінен өзі сүйді.

– Жан-жағымыздағы адамдардан ұят болмай ма, көшеде...

– Мұнда әзірге бізді ешкім танымайды, енді біраз жылдан соң Әлібек Әлімұлы дегенді бәрі білетін болады, – деп Әлібек маңайына масаттана қараған.

– Ой, ой, о-ой, мақтаншақ! Кішкене жерге түс, – деді Айкөркем сыңғырлай күліп.

Бұл олардың Құм қаладағы ең алғашқы қуанышты күні еді. Ұзақ өмірдің баспалдағы секілді, сол бір тамыздың тамылжыған күні орталық саябақта екеуі ұзақ серуендеп, «енді шіркін, тым болмаса екі бөлмелі үйіміз болса» деп, таусылмайтын арман жетегіне ерген-тін.

Ал бүгін ше? Бүгін екеуінің қол ұстасып Құм қалаға келгендеріне де ширек ғасырдың жүзі болған екен. Ол кезде сексеннің сегіріне шыққан әкесі Әлім ақсақал бар еді. Сонда қарт әке баласына «жортқанда жолың болсын, үбірлі-шүбірлі бол, арлы бол, абыройлы бол» деп бата берген-тін.

«Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер» деген ғой, қарт әкенің сол бір тілек-батасы қабыл болса екен деп біз де хикаямыздың соңына жеттік.

* * *

...Баяғыда бәрі жақсы еді. Ен дүние тап-таза болатын. Рауандап таң ататын, жарқырап күн шығатын. Аспан да нілдей көкпеңбек, мөп-мөлдір еді. Ал қазір ше?..

27.07.2023 ж. – 14.03.2024 ж.



МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Бірінші бөлім. Тілдің зары	5
Екінші бөлім. Қой жылы	60
Үшінші бөлім. Жабайы нарық	90
Төртінші бөлім. Шырмауық	135
Бесінші бөлім. Құстың зары	173
Алтыншы бөлім. Бұлбұлдар сайрағанда	221
Жетінші бөлім. Топырақтың зары	249
Сегізінші бөлім. Соңғы соқпақ немесе жүз күн ...	281

ексуі ұзақ серуенден, көпті шіркін, тым болмаса екі бөлмені үйіміз болса» деп тәусымалығын арман жеткізіп ерген-ті.

«Ал бүгін ше? Бүгін екеуінің қол ұстасып Құм қалыңа көлдендеріне де шіррек тасырады жүзі болған екен. Ол жерде сөзсізін сөздіріне шыққан әкесі Әлім ақсақал бар еді. Сонда қарт әке биласын іт «жорықанда жолың болсын, үбірлі-шүбірлі бол, арты бол, абыройы бол» деп бата бөрген-ті.

«Жаңбырмен жер көгерер, бағамен ел көгерер» деген қой, қарт әкенің сол бір тілек-бағасы қабыл болса екен деп біз де аңсамауымыз соңыма жетті.

ЖАЗБА ҮШІН

ЖАҢЫМАТ БАШАР

«АР МЕН ЗАР»

Үлкен

Қорғаныс Қ. Әбдіманов

Бастық Д. Оспанов

Бүгінгі күні 10:30-ға дейін, Пешен 84x108 №
1-ші каттау 18-5. Оффистік баспа
Түркістан қаласы, Ташкент 7001 жана
Телефон: 965202.

ISBN 978-99-53-02-02-2



МАЗМҮНІ

1-ші бөлім. Тиянның зары	3
2-ші бөлім. Қой жылы	60
3-ші бөлім. Жабайы парыз	90
4-ші бөлім. Шыршауыз	135
5-ші бөлім. Құстың зары	173
6-ші бөлім. Балбылдар сайрағанша	221
7-ші бөлім. Топырақтың зары	249
8-ші бөлім. Солтүстік күз күні	281

ЖАНБОЛАТ БАШАР

«АР МЕН ЗАР»

Роман

Корректоры *Қ. Әбдіраман*
Беттеген Е. Оғурцова

Басуға 10.10.2024 ж. берілді. Пішімі 84x108 ¹/₃₂.
Баспа табағы 18,5. Офсеттік басылым.
Гарнитурасы «Times New Roman». Таралымы 500 дана.
Тапсырыс №8505.

ISBN 978-601-7365-63-9



9 786017 365639



Жанболат Башар – жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қазақстанның құрметті журналисі.

1949 жылы 25 қарашада Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, қазіргі Сарытерек ауылының Кенелі бөлімшесінде дүниеге келген.

«Шашубай» (1990 ж.), «Үкілі үміт» (1999 ж.), «Далам менің, кием менің» (2001 ж.), «Көкше көлдің самалы» (2004 ж.), «Самғау» (2006 ж.), «Үркер туғанда» (2009 ж.), «Шандоз» (2011 ж.), «Пешене» (2012 ж.), «Кебиет» (2014 ж.) «Қабір үстіндегі зұлмат» (2016 ж.) атты повестер мен әңгімелер жинағы және «Жалғанның жүзі» (2019 ж.), «Абыз бен Аңыз» (2021 ж.) атты романдары жарық көрген.